

ISSN 2306-7365

Индекс 75637

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ

HOCA AHMET YESEVI  
ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK ÜNİVERSİTESİ



**YESEVI**  
**ÜNİVERSİTESİ**  
**HABARŞISI**  
**Bilimsel Dergisi**

**ЯСАУИ**  
**УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**  
**ХАБАРШЫСЫ**

*ғылыми журналы*

**№1 (111) 2019**

қаңтар-ақпан-наурыз

---

**БАС РЕДАКТОР**

биология ғылымдарының докторы, профессор  
**АБДРАСИЛОВ БОЛАТБЕК СЕРІКБАЙҰЛЫ**

---

- |                 |   |  |
|-----------------|---|--|
| Беркимбаев К.М. | - | Бас редактордың орынбасары, пед. ғ.д., профессор |
| Пилтен П.       | - | Бас редактордың орынбасары, доктор, профессор    |
| Балтабаева А.Ю. | - | Жауапты хатшы, филос.ғ.к., доцент                |

**YAYIN YÖNETMENİ**

Prof. Dr.

**ABDRASILOV BOLATBEK SERIKBAYULI**

---

- |                   |   |  |
|-------------------|---|--|
| Berkimbayev K.M.  | - | Yayın yönetmen yardımcısı, Prof.Dr.        |
| Pilten P.         | - | Yayın yönetmen yardımcısı, Dr.öğr üyesi    |
| Baltabayeva A. Y. | - | Yayın kurulunun sorumlu sekreteri, Doç.Dr. |

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

доктор биологических наук, профессор

**АБДРАСИЛОВ БОЛАТБЕК СЕРІКБАЕВИЧ**

---

- |                 |   |   |
|-----------------|---|---|
| Беркимбаев К.М. | - | Заместитель главного редактора, д.п.н., профессор |
| Пилтен П.       | - | Заместитель главного редактора, доктор, профессор |
| Балтабаева А.Ю. | - | Ответственный секретарь, к.филос.н., доцент       |

**CHIEF EDITOR**

Professor, doctor of biological sciences

**ABDRASILOV BOLATBEK SERIKBAYEVICH**

---

- |                   |   |  |
|-------------------|---|--|
| Berkimbayev K.M.  | - | Deputy chief editor, Professor, doctor of pedagogical sciences |
| Pilten P.         | - | Deputy chief editor, doctor, Associate Professor               |
| Baltabayeva A.Yu. | - | Responsible secretary, Associate Professor, Ph.D.              |

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

### Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің №232-Ж куәлігі берілген.

Шығу жиілігі: 3 айда 1 рет. МББ тілі: қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша. Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шетел. **Индекс №75637**. Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы ISSN орталығында тіркелген. **ISSN 2306-7365**.

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2018 жылдың 11 желтоқсандағы №1945 және 14 желтоқсандағы №1992 бұйрықтарымен журнал Комитет ұсынатын ғылыми басылымдар тізіміне Философия, Тарих және Педагогика, Филология ғылымдары бағыттары бойынша енгізілді.

## KURUCU:

### Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

Dergi 8 Ekim 1996'da Kazakistan Cumhuriyeti Basın ve Medya İletişim Ajansı tarafından tescillenmiş, Kazakistan Cumhuriyeti Yatırım ve Gelişim Bakanlığı İletişim, Bilişim ve Bilgilendirme Komitesinin 232-J numaralı kimliği verilmiştir. Yayın Süresi: 3 ayda 1 defa Süreli Basın Yayın Dili: Kazakça, Türkçe, İngilizce, Rusça Dağıtım Bölgesi: Kazakistan Cumhuriyeti, Uzak ve yakın yabancı ülkeler **İndeks: 75637**. Dergi Ocak 2013'ten bu yana Paris'teki ISSN Merkezi'nde kayıtlıdır. **İSSN 2306-7365**.

Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı'nın 11/12/2018 tarih ve 1945 sayılı kararı ve 14/12/2018 tarih ve 1992 nolu kararıyla bu dergisi Felsefe, Tarih, Pedagoji ve Filoloji alanlarında KC EBB tarafından tavsiye edilen bilimsel dergiler listesine dahil edilmiştir.

## УЧРЕДИТЕЛЬ:

### Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави

Журнал зарегистрирован в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан 8 октября 1996 года. Комитетом связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан выдано свидетельство №232-Ж.

Периодичность издания: 1 раз в 3 месяца. Язык ППИ: казахский, турецкий, английский, русский. Территория распространения: Республика Казахстан, дальнее и ближнее зарубежье. **Индекс №75637**. Журнал января 2013 года был зарегистрирован в Центре ISSN в городе Париже. **ISSN 2306-7365**.

Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан от 11 декабря 2018 года №1945 и от 14 декабря 2018 года №1992 журнал включен в перечень научных изданий в области Философии, Истории, Педагогике и Филологии, рекомендуемых Комитетом.

## FOUNDER:

### Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

The Journal was registered by the Communication, Informatization and Information Committee Periodical press and information agency of the Republic of Kazakhstan on October 8, 1996, Ministry of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan issued a certificate. № 232-G Publication: 1 time in 3 months. Language PPP: Kazakh, Turkish, English, Russian. Territory of distribution: the Republic of Kazakhstan, near and far abroad. **Index №75637**. The journal has been registered since January 2013 at the ISSN Center in Paris.

**ISSN 2306-7365**.

Pursuant to the Order of the Committee for Control in Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated December 11, 2018 №1945 and December 14, 2018 №1992, the journal is included in the list of scientific publications in the field of philosophy, history, pedagogy and philology, recommended by the Committee.

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Томар Женгиз	- профессор, доктор /Түркия/
Умбетов Өмірбек	- тех.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Есімова Шолпан	- э.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Ақбасова Аманкүл	- техн.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Абуов Әмірекүл	- филос.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Ақйол Хаяти	- доктор, проф. /Түркия/
Бүлбүл Ибрагим	- доктор, проф., /Түркия/
Булуч Бекир	- доктор, проф. /Түркия/
Бөлеев Талант	- п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Гржибовский Андрей	- м.ғ.д., проф. /Норвегия/
Гелишли Юджел	- доктор, проф. /Түркия/
Демиркөз Мелахат Білге	- доктор, проф., /Түркия/
Жетпісбаева Бахытгүл	- п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Корнилов Виктор	- п.ғ.д., проф. /Ресей/
Ланди Лиан	- доктор, проф. /Ұлыбритания/
Мейер Бургхард	- доктор, проф. /Германия/
Мырзақұлов Рәтбай	- ф.-м.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Мырзалиев Бораш	- э.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Петрова Луиза	- ф.ғ.д., проф. /Ресей/
Ташпынар Мехмет	- доктор, проф. /Түркия/
Турметов Батирхан	- ф.-м.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Ұзақбаева Сақыпжамал	- п.ғ.д., проф. /Қазақстан/

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Жұрынов Мұрат	- ҚР ҰҒА президенті, академик
Йылдыз Мұса	- доктор, проф. /Түркия/
Агаева Файза	- ф.ғ.д., проф. /Әзербайжан/
Атемова Қалипа	- п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Батырбаев Нұрлан	- з.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Байсалов Жомарт	- п.ғ.д., проф. /Қырғызстан/
Ергөбек Құлбек	- ф.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Еркибаева Гульфайруз	- п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Григорьев Сергей	- п.ғ.д., проф. /Ресей/
Жетібаев Көпжасар	- т.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Капилла Хосе Э.	- док., проф. /Испания/
Кенжетай Досай	- филос.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Молдалиев Ықылас	- м.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Накипов Балғабай	- з.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Ниязов Талғат	- э.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Перленбетов Мұқан	- психол.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Сагироғлу Шереф	- профессор, доктор /Түркия/
Торыбаева Жәмила	- п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Ыдырыс Серікбай	- э.ғ.д., проф. /Қазақстан/

## DANIŞMA KURULU

Tomar Cengiz	- Prof. Dr. / Türkiye/
Umbetov Ömirbek	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Esimova Şolpan	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Akbasova Amankül	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Abuov Amrekul	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Akyol Hayati	- Prof. Dr. /Türkiye/
Bülbül İbrahim	- Prof. Dr. / Türkiye/
Buluç Bekir	- Prof. Dr. / Türkiye/
Böleyev Talant	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Grjibovskiy Andrey	- Prof. Dr. / Norveç/
Gelişli Yücel	- Prof. Dr. / Türkiye/
Jetpisbayeva Bahtıgül	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Demirköz Melahat Bilge	- Prof. Dr. / Türkiye/
Kornilov Viktor	- Prof. Dr. / Rusya/
Lundy Lian	- Prof. Dr. / Birleşik Kırallık/
Meyer Burghard	- Prof. Dr. / Almanya/
Myrzakulov Ratbay	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Myrzaliyev Boraş	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Petrova Luyiza	- Prof. Dr. / Rusya/
Taşpınar Mehmet	- Prof. Dr. / Türkiye/
Turmetov Batırhan	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Uzakbayeva Sahıpjamal	- Prof. Dr. /Kazakistan/

## EDİTÖR KURULU

Jurnov Murat	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Yıldız Musa	- Prof. Dr. / Türkiye/
Agayeva Fayza	- Prof. Dr. / Azerbaycan/
Atemova Kalipa	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Batirbayev Nurlan	- Prof.Dr. /Kazakistan/
Baysalov Jomart	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Ergöbek Kulbek	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Erkibayeva Gulfayruz	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Grigorev Sergey	- Prof. Dr. / Rusya/
Jetibayev Köpjasar	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Kapilla Jose E.	- Prof. Dr. / İspanya/
Kenjetay Dosay	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Moldaliyev İkilas	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Nakipov Balgabay	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Niyazov Talğat	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Perlenbetov Mukan	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Sağıroğlu Şeref	- Prof. Dr. / Türkiye/
Torbayeva Jamila	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Idırıs Serikbay	- Prof. Dr. /Kazakistan/

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Томар Женгиз	- доктор, проф. /Турция/
Умбетов Умирбек	- д.тех.н., проф. /Казахстан/
Есимова Шолпан	- д.э.н., проф. /Казахстан/
Акбасова Аманкул	- д.техн.н., проф. /Казахстан/
Абуов Амрекул	- д.филос.н., проф. /Казахстан/
Акйол Хаяти	- доктор, профессор /Турция/
Булбул Ибрагим	- доктор, проф. /Турция/
Булуч Бекир	- доктор, профес. /Турция/
Болеев Талант	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Гржибовский Андрей	- д.м.н., проф. /Норвегия/
Гелишли Юджел	- доктор, проф. /Турция/
Жетписбаева Бахытгул	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Демиркоз Мелахат Билге	- доктор, проф. /Турция/
Корнилов Виктор	- д.п.н., проф. /Россия /
Ланди Лиан	- доктор, проф. /Великобритания/
Мейер Бургхард	- доктор, проф. /Германия/
Мирзакулов Ратбай	- д.ф.-м.н., проф. /Казахстан/
Мырзалиев Бораш	- д.э.н., проф. /Казахстан/
Петрова Луиза	- д.ф.н., проф. /Россия /
Ташпынар Мехмет	- доктор, проф. /Турция/
Турметов Батирхан	- д.физ.-м.н., проф. /Казахстан/
Узакбаева Сахипжамал	- д.п.н., проф. /Казахстан/

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Журинов Мурат	- президент НАН РК, академик
Йылдыз Муса	- доктор, проф. /Турция/
Агаева Файза	- д.ф.н., проф. /Азербайджан/
Атемова Калипа	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Батырбаев Нурлан	- к.ю.н, доцент /Казахстан/
Байсалов Жомарт	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Ергобек Кулбек	- д.ф.н., проф. /Казахстан/
Еркибаева Гульфайруз	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Григорьев Сергей	- д.п.н., проф. /Россия/
Жетибаев Копжасар	- к.и.н., доцент /Казахстан/
Капилла Хосе Э.	- доктор, проф. /Испания/
Кенжетай Досай	- д.филос.н., проф. /Казахстан/
Молдалиев Ыкылас	- д.м.н., проф. /Казахстан/
Накипов Балгабай	- д.ю.н, проф. /Казахстан/
Ниязов Талгат	- д.э.н., проф. /Казахстан/
Перленбетов Мукан	- д. психол.н., проф. /Казахстан/
Сагироглу Шериф	- доктор, проф. /Турция/
Торыбаева Жамила	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Ыдырыс Серикбай	- д.э.н., проф. /Казахстан/

## EDITORIAL BOARD

Tomar Cengiz	-Doctor, prof. /Turkey /
Umbetov Omirbek	-Doctor of Technical Sciences, prof. /Kazakhstan /
Essimova Sholpan	-Doctor of Economics, prof. /Kazakhstan /
Akbasova Amankul	-Doctor of Technical sciences, prof. / Kazakhstan /
Abuov Amirekul	-Doctor of Philosophy, prof. /Kazakhstan /
Akyol Hayati	-Doctor, prof. /Turkey/
Bulbul Ibrahim	- Doctor, prof. /Turkey /
Buluc Bekir	-Doctor, prof. /Turkey /
Boleyev Talant	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Grjibovsky Andrey	-Doctor of Medical Sciences, prof. /Norway/
Gelisli Yucel	-Doctor, prof. /Turkey/
Zhetpisbayeva Bakhytgul	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Demirkoz Melahat Bilge	- Doctor, prof. /Turkey /
Kornilov Viktor	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Russia /
Lundy Lian	-Doctor, prof. /United Kingdom /
Meyer Burghard	-Doctor, prof. /Germany /
Myrzakulov Ratbay	- Doctor of Physical and Mathematical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Myrzaliyev Borash	-Doctor of Economics, prof. /Kazakhstan/
Petrova Luiza	-Doctor of Philology, prof. /Russia /
Taspinar Mehmet	-Doctor, prof. /Turkey /
Turmetov Batyrhan	-Doctor of Physical and Mathematical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Uzakbayeva Sakhiphzhamal	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. /Kazakhstan /

## EDITORIAL COUNCIL

Zhurynov Murat	-President of the National Academy of Sciences of the - Republic of Kazakhstan, academician
Yildiz Musa	-Doctor, prof. /Turkey /
Agayeva Faiza	-Doctor of Philology, prof. /Azerbaijan /
Atemova Kalypa	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Batyrbayev Nurlan	-Candidate of Law, associate professor / Kazakhstan /
Baysalov Jomart	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Yergobek Kulbek	-Doctor of Philology, prof. /Kazakhstan /
Yerkybayeva Gulfayruz	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Grygoriev Sergey	- Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Russia /
Zhetibayev Kopzhasar	-Candidate of Historical Sciences, associate prof. /Kazakhstan /
Kapilla Hose	-Doctor, prof. /Spain /
Kenzhetay Dosay	-Doctor of Philosophy, prof. / Kazakhstan /
Moldaliyev Ykylas	-Doctor of Medical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Nakipov Balgabay	- Doctor of of Law Sciences. Prof. / Kazakhstan /
Niyazov Talgat	-Doctor of Economics, prof. / Kazakhstan /
Perlenbetov Mukan	-Doctor of Psychology, prof. /Kazakhstan /
Sagiroglu Sheref	- Doctor, prof. /Turkey /
Torybayeva Zhamilya	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. /Kazakhstan /
Ydyrys Serikbay	-Doctor of Economics, prof./ Kazakhstan /

ӘОЖ 930.1

МҒТАР 03.41.91

**С.Ж.ЖОЛДАСБАЕВ, К.М.ЖЕТИБАЕВ, М.М.БАХТЫБАЕВ, Қ.С.АРЫНОВ**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: kopzhasar.zhetibaev@ayu.edu.kz)*

### **СЫҒАНАҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ**

Мақалада Сығанақ қалашығындағы 2018 жылы жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері баяндалады. Қазба кезінде ашылған құрылыс нысандарының толық сипаттамасы берілген. Ортағасырлық Сығанақ қаласы қазбасының солтүстік-батыс жиегіндегі ошақ бөлмесі және оның сақталу мерзімі мен бұзылу нәтижелері туралы айтылады.

Мәдени қабаттың 3-ші құрылыс кезеңі туралы мағлұматтар беріледі. Сол жақ қорған қабырғасында табылған құрылыс нысандары туралы деректер береді.

**Кілт сөздер:** ортағасыр, қақпа, қазба, кесік, қорған, керамика, ташнау, ошақ.

**С.Ж.Жолдасбаев, К.М.Жетибаев, М.М.Бахтыбаев, К.С.Арынов**

### **Проведение археологических раскопок на восточном въезде городища Сыганак**

В статье рассматриваются результаты археологических раскопок, проведенных на городище Сыганак в 2018 году. Досконально описаны все объекты, вскрытые при археологических раскопках. Определены возраст и причины разрушения помещения, вскрытого в северо-западной части раскопа, заложенного на средневековом городище Сыганак.

Приводятся данные об объектах, прилегающих к крепостной стене, расположенных в левой части от ворот и о 3-м строительном горизонте культурного слоя.

**Ключевые слова:** средневековье, въезд, раскоп, разрез, крепостная стена, керамика, ташнау, очаг.

**S.Zh.Zholdasbayev, K.M.Zhetibayev, M.M.Bakhtybayev, K.S.Arynov**

### **Archaeological excavations on the eastern gate of the ancient Syganak settlement**

The article discusses the results of archaeological excavations conducted on the site Syganak in 2018. A thorough description of all objects uncovered during archaeological excavations. The causes of the destruction of the premises, revealed in the northwestern part of the excavation, laid down on the medieval settlement Syganak are determined. The data on objects adjacent to the fortress wall located in the left part of the gate and on the 3rd construction horizon are given.

**Keywords:** Middle Ages, entrance, excavation, section, fortress wall, ceramics, tashnau, hearth.


2018 жылы «Қызылорда облысы, Жанакорған ауданындағы Сығанақ қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу» атты ғылыми жобаны орындау барысында тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Ж.Жолдасбаевтың жетекшілігімен Қ.А.Ясауи

атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Археология ғылыми-зерттеу институтының Сығанақ археологиялық экспедициясы қаланың солтүстік-шығыс қақпа кешеніне кіретін қорған қамалы қабатында салынған 10-шы қазбадан 5 м солтүстік-батысында орналасқан төбеде зерттеу жұмыстарын жалғастырды.

Далалық зерттеу жұмыстарына және ғылыми есепті дайындауға Археология ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері т.ғ.д., профессор С.Ж.Жолдасбаев, т.ғ.к., профессор К.М.Жетібаев, М.М.Бахтыбаев, С.С.Мургабаев, Л.Ж.Малдыбекова, М.Қ.Амантуров, Қ.С.Арынов, М.Гурсой және Б.С.Сиздиқов қатысты. Далалық зерттеу жұмыстарының атқару барысын жазу, табылған жәдігерлердің суреттерін салу жұмыстарын экспедиция мүшелері атқарды. Зерттеу жұмыстары есеп авторларының қатысуымен және тікелей бақылауымен жүргізілді [1].

Зерттеудің негізгі мақсаты, ортағасырлық Сығанақ қаласында зерттеу жүргізіп, материалдық және рухани мәдениетін, шаруашылық дәстүрін, әлеуметтік-экономикалық ахуалының негізгі элементтерін қалпына келтіру болып табылады [2, 3].

Сығанақ археологиялық экспедициясы 2018 жылғы қазба жұмыстарын шығыс қақпаның оң жақ бөлігіндегі 2016-2017 жылдары [4, 5, 6, 7, 8, 9] қазылған аймаққа 15x7 м көлемде қазба жұмыстарын жүргізді. Солтүстік бөлігі 1 м тереңдікте, оңтүстік бөлігіндегі қазба жұмыстары 40 см тереңдікте қазылды. Бұл алдында қазылған екі жылғы қазбаның ортасын қосу бағытында жалғастырылды. Қазбаға дейінгі фото суреті түсіріліп, осы жылы қазылатын аймақтардың жобалары есепке алынды. Қазба жұмыстары төменнен жоғары қарай салынып, белгілі бір аймақ толығымен тазаланды. Қазба жұмыстары соңында ашылған нысандардың жобасы сызылып, әуеден суретке түсірілді. Бұл аймақтан тек бос топырақтар мен ыдыс сынықтары теріліп алынды (1-сурет).



Сурет 1 – Қазба алаңының 2018 жылғы сызбасы.



Осы қазба алаңының солтүстік бұрышынан 1 м тереңдіктен шағын асхана бөлмесі ашылды. Бөлменің оңтүстік-батыс бөлігінде ошағы және ернеуі төмен қаратып қойылған хум орналасқан.

**Асхана бөлмесі.** Бөлменің сақталуы өте нашар. Бұл бөлмеде тандыр, ошақ, ташнау және хум сынығы орналасқан. Тандыр қазба жиегінің шетінде орналасқан, оның сақталған ернеуінің аумағы 40 см. Тандырдың сақталуы нашар болғандықтан іші мен сырты тазаланған жоқ. Тандыр бөлмесінің солтүстік қабырғасы ашылған жоқ, себебі қазба жиегінің астында болғандықтан, бөлме еденіне сынған қыштарды төсеп шыққан. Батыс қабырғасының қазба жиегінен шығып тұрған ұзындығы 40 см, ені 20 см, биіктігі 30 см. Бұл қабырға солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Қабырға 4 қатар қышпен өрілген. Оңтүстік қабырғасы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Оның ұзындығы 1,2 м, ені 25 см, биіктігі 30 см.

Қабырғаның 4 қатар қыш қаландысы ғана сақталған. Осы қабырғаның оңтүстік-шығыс бұрышында ташнауға қойылған құмыра сынығының сыртын сынық қыштармен қалап шыққан. Қаландының биіктігі 40 см. Сонымен қатар, ташнауға жанаса кеткен хум сынығы орналасқан. Хум ернеуімен төңкеріліп қойылған, түбі жоқ. Осы қазылған бөлменің ошағы оңтүстік бөлігінде орналасқан. Ошақ құрылысына да сынған жарты қыштарды пайдаланған. Оның сақталған биіктігі 20 см, аузының аумағы 30x30 см, ішкі жағының тереңдігі 40 см. От жағатын аузы солтүстікте орналасқан, ені 15 см. Ошақ алдына сынық қыштармен еден төселген және толық сақталмаған.

Қазба алаңының орталық бөлігінен 0,7-0,8 м тереңдіктен екі кейінгі жерлеу орны ашылды. Адам сүйектері қазылып алынып, ауыл зиратына қайта жерленді. Сонымен қатар, осы бөлмеден 2 м оңтүстік-шығыста жер ошақ және 2 м шығыста 2 қоқыс шұңқыры анықталды. Қоқыс шұңқырлары толығымен табанына дейін тазаланды. Тазалау барысында ішінен күл аралас бос топырақ, ұсақ мал сүйектері мен ыдыс сынықтары шықты.

**Жер ошақ.** Асхана бөлмесінен 2 м оңтүстікте, 50 см тереңдіктен нашар сақталған ошақ орны табылды. Ошақтың алдын бүтін және сынған қыш сынықтарын еден ретінде төсеп шыққан. Еден толық сақталмаған, солтүстік-батыс бөлігінің қыштары бұзылып кеткен. Сақталған еденнің аумағы 1x1,2 м. Ошақ еденнің оңтүстік бұрышында орналасқан. Ошақтың бір қатар қыштары ғана жақсы сақталған. Құрылысқа сынған жарты қыштарды пайдаланған. Жалпы аумағы 50x50x5 см. Ошақтың от салатын аузы оңтүстігінде орналасқан. Оның ені 15 см. Бұл ошақ бөлмесінің қабырғалары сақталмаған.

Қазбаның екінші кезеңінде 2017 жылғы қазылған қазба алаңын толық тазалау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар қазба аумағы оңтүстік-батысқа қарай 15 м ұзартылды. Тазалау жұмыстары солтүстік бұрыштан басталды. Соның нәтижесінде 2017 жылғы анықталған жоғарғы мәдени қабаты құрылыстары мен қоқыс шұңқырлары толығымен алынып тасталды [4].

**Қазбаның солтүстік-батыс жиегіндегі ошақ бөлмесі.** Бұл бөлменің ошағы қазба жиегінің астында болуы мүмкін. Бөлменің солтүстік-батыс бөлігі қазба жиегінің астында қалғандықтан ашылған жоқ. Бұл бөлмені шартты түрде бөлме 1 деп белгіледік. Бөлме 1 жалпы аумағы 0,8x1x0,2 м. Бөлменің шығыс, оңтүстік және батыс қабырғалары қышты жалпағынан қалау арқылы жасалған. Ал, солтүстік қабырғасында қышты тігінен қалаған. Тігінен қаланған солтүстік қабырғасы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағыттталып орналасқан. Қабырғаның ұзындығы 0,8 м, ені 0,5 м, биіктігі 20 см. Бұл қабырғаға 3 дана бүтін қышты тігінен қойған және солтүстік-батыс бұрышы бұзылып кеткен. Бөлменің батыс қабырғасы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Бұл қабырғаның ұзындығы 0,9 м, ені 25 см, биіктігі 7 см. Қабырғаның солтүстік бұрышы бұзылып кеткен. Сонымен қатар, қабырға қыштары жалпағынан қаланған. Сақталған

қаланды қыштарының саны 4 дана. Бөлменің оңтүстік қабырғасы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Қабырғаның ұзындығы 1 м, ені 25 см, биіктігі 6 см.

Қабырға жалпағынан 4 дана қышпен қаланған. Батыс бөлігіндегі 2 дана жарты қышпен ал, шығыс бөлігіндегі 2 дана қыш бүтін қалпында шықты. Бөлменің шығыс қабырғасы оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағыттталып орналасқан. Оның ұзындығы 75 см, ені 25 см, биіктігі 7 см. Бөлме есігі шығыс қабырғаның солтүстік бұрышында орналасқан. Есіктің ені 30 см. Қабырға 3 дана қышты жалпағынан қалау арқылы жасалған. Қабырғаның ортадағы 1 дана қышы ғана бүтін, қалған екі жағындағы қыштар жартылай сынған. Бөлменің табанына бүтін 9 дана қыш төселген. Олардың көлемдері 25x25x5 см. Бөлменің оңтүстік қабырғасынан 23 см солтүстікте ташнау орналасқан. Ташнаудың бетіне бүтін қыш қойылған. Қыштың ортасында шағын тесігі бар және төрт бұрышынан сол тесікке қарай ойылып сызылған сызықтар бар. Бұл сызықтар суағар ретінде ойылған болса керек. Осы аумақты тереңдету барысында қазбаның солтүстік бұрышынан асхана бөлмесі ашылды. Сонымен қатар, бөлменің оңтүстік бұрышынан тандыр ашылды. Тандырдың түтіндігі солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, аумағы 20 см. Қазба алаңы 2 м тереңдікке дейін қазылды.

Қазба алаңының солтүстік бұрышынан 2 м тереңдіктен еденге төселген қыш қаландылары шықты. Бұл қаланды қазба жиегіне кіріп жатқан ошақ құрылысының едені болса керек. Ошақ құрылысы қазба жиегінің астында болғандықтан толық ашылған жоқ. Ошақ бөлмесінің ашылған ұзындығы 1 м, қазба жиегінен шығып тұрған ені 25 см, биіктігі 7 см. Осы құрылыстың шығыс бөлігінде 2,5 м қашықтықта ернеуі жоқ хум жартылай шықты (2-сурет).



**Сурет 2 – Бөлменің жалпы көрінісі.**

Қазбаның орталық бөлігінен осы тереңдіктен қам кесектен қаланған бөлменің үш қабырғасы ашылды. Ашылған қабырғаның көлемі 4x6 м, сақталған биіктігі 30 см. Бұл аумақтағы қоқыс шұңқырларының көптеп шығуына байланысты құрылыс орындарын анықтау мүмкін болмады. Қоқыс шұңқырлары толығымен табанына дейін тазартылды. Бұл аймақтағы қазба жұмыстар толығымен тоқтатылды. Қазба алаңын кеңейту мақсатында оңтүстік-батыс бөлігінен 15x17 м көлемінде қазба жұмыстары жүргізілді. Яғни, қазба

жұмысы қаланың көше бағытына қарай ауысып, 1,2 м тереңдіктен ұзындығы 6 м болып келетін қам кесектен қаланған құрылыс анықталды. Бұл тереңдіктен қазба алаңының барлық бөліктерінен қоқыс шұңқырлары шықты. Бұл шұңқырлар толығымен табанына дейін тазартылды. Сонымен қатар, қазбаның оңтүстік-батыс бөлігінен 1,3 м тереңдіктен кейінгі жерлеу орны шықты.

Екінші құрылыс кезеңі осы белгіленген аумақты тереңдету мақсатында жалғастырылды. Бірінші құрылыс кезеңінің бірқатар бөліктері толығымен алынып тасталды. F4-5 шаршыларынан 1,5 м тереңдіктен солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатқан қорған қамалы аршылды. Қамал қабырғалары көлемдері 46x17x16 см, 48x20x18 см болып келетін қам кесектерден қаланған. Анықталған қамалдың ұзындығы 18 м, F4-5 шаршыларындағы биіктігі 0,5 м, А3 шаршысындағы биіктігі 1,8 м. Қалыңдығы: F4-5 шаршыларындағы 2,5 м, А2 1,8-2,5 м, А3-4 2,8 м. Осы қамал қабырғаның батысы жиегінде ұзындығы 11,8 м, қалыңдығы 1,8-2,5 м, биіктігі 1 м болып келетін жанама қаланды анықталды. Бұл қаландының батыс жиегін көлемдері 30x15x8 см болып келетін қам кесектерден қалаған. Ортаңғы бөлігін ретсіз кесектермен толтырған. Бұл құрылыстың батыс бұрышында көлемі 1,1x1,2 м болып келетін ташнау орналасқан. Ташнаудың табанына көлемдері 25x25x5 см қыштар төселген. Ортасына тесігі бар қыш қойылған. Жиегінде ешбір қаланды қойылмаған. F5 шаршысында шағын бір бөлме мен екі ұра орны ашылды. Бөлменің анықталған көлемі 1,5x0,5-0,6 м. Солтүстік қабырғасы қазба жиегінің астында қалғандықтан анықталмады. Шығыс қабырғасы қорған жиегімен байланысып жатыр. Бір қатар етіліп қаланған қабырғаның ұзындығы 0,5 м, биіктігі 0,2 м. Оңтүстік қабырғасы екі ұрамен байланысып жатыр және бір қатар қам кесекпен қаланған. Қабырғаның ұзындығы 1,5 м, қалыңдығы 0,3 м, сақталған биіктігі 0,2 м. Батыс қабырғасы F6 шаршысында анықталған бөлмемен ортақ. Қабырғаның қалыңдығы 1,5 м, ашылған ұзындығы 0,6 м, сақталған биіктігі 0,2 м. Анықталған екі ұраға шығыстан батысқа қарай 1 және 2 деп реттік саны қойылды.

Бірінші ұраның жалпы аумағы 0,5x0,6 м. Солтүстік қабырғасы шағын бөлмемен ортақ байланысқан, ұзындығы 0,5 м, қалыңдығы 0,3 м, тереңдігі 0,3 м. Шығыс қабырғасы қорған жиегімен жанасып жатыр, ұзындығы 0,6 м, сақталған биіктігі 0,3 м. Оңтүстік қабырғасының ұзындығы 0,6 м, қалыңдығы 0,3 м және сақталған биіктігі 0,3 м. Екінші ұра бірінші ұраның оңтүстік-батысында орналасқан. Анықталған жалпы аумағы 0,3x0,7 м, тереңдігі 0,3 м. Солтүстік қабырғасы шағын бөлмемен ортақ жапсырылып салынған. Шығыс қабырғасы бірінші ұрамен жанасып жатыр, оңтүстік қабырғасының ұзындығы 0,3 м, қалыңдығы 0,3 м, сақталған биіктігі 0,2 м және солтүстік қабырғасы F6 шаршысында анықталған бөлмемен ортақ. Қабырғаның қалыңдығы 0,3 м, сақталған биіктігі 0,2 м. Осы анықталған екі ұраның ішін тазалау барысында солтүстік бұрыштарынан 5 см тереңдіктен қой сирақтарының бақайшықтары шықты.

E5 шаршысынан 1 м солтүстікте қазба жиегінен 0,3 м оңтүстікке шығыңқы бетіне үлкен тау тасы қойылған құрылыстың бір бөлігі ашылды. Тастың көлемі 30x50 см. Астыңғы бөлігінде көлемдері 25x25x5 см болып келетін қыш қаландысы бар. Бұл құрылыс қаландысы бес қатар етіліп қыштан өрілген. Қазба жиегінен оңтүстікке қарай 20 см шығыңқы, биіктігі 45 см, қалыңдығы 40 см.

F7 шаршысының орта тұсында пішіні сопақтау болып келетін жер ошақ орналасқан. Шығыстан батысқа қарай бағыттталып жатқан ошақтың ұзындығы 1,2 м, ені 0,6 м. Батыс бұрышы тік, ал, шығыс бұрышы доға тәрізді қаланған. Ошақтың жиегінің көлемі 25x25x5 см қыштан тігінен қалаған. Осы ошақтың солтүстік бөлігінде жақсы сақталған екі құмыра табылды. Біреуі ошақ жиегіне жақын орналасқан, ал екіншісі соның қабатына тігінен қойылған. Ошақтың ішінде шығыс бөлігінің ортасында ойығы бар қыш қырынан құлап жатыр. Бұл ташнаудың ортасына қойылатын қыш. Ошақтың батысынан аумағы 1,7x1,7x0,5

м, қыштан қаланған шағын бөлме ашылды. Бөлменің жалпы аумағы 1,7x1,5 м, солтүстік қабырғасының ұзындығы 1,7, қалыңдығы 0,25 м, биіктігі 0,2-0,5 м. Осы солтүстік қабырғаның ортасынан солтүстік-шығысқа қарай бағытталған ошақ анықталды. Ошақ өте нашар сақталғандықтан көлемдері анықталмады. Ошақтың түтіндік құбырының ұзындығы 1,5 м, ені 0,25 м, 0,2 м. Түтін құбырының беткі көлемдері 25x23x5 см болып келетін қышпен жапқан.

F6-7, H6 шаршыларындағы бөлмеге кіретін есік шығыс қабырғада орналасқан, ені 0,7 м. Шығыс қабырғасының ұзындығы 1 м, қалыңдығы 0,4 м, биіктігі 0,5 м. Осы қабырғаға қабаттас екінші қабырға орналасқан. Бұл бөлме арасындағы дәліз болуы мүмкін. Қабырғаның ұзындығы 1,6 м, қалыңдығы 0,6 м, биіктігі 0,5 м. Дәліздің солтүстік бөлігіндегі ені 0,3 м, оңтүстігіндегі ені 0,5 м. Бөлменің оңтүстік қабырғасы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Ұзындығы 1,7 м, қалыңдығы 0,25 м, биіктігі 0,5 м. Бөлменің шығыс қабырғасы ашық. Солтүстік бұрышында ұзындығы 0,5 м, ені 0,3 м, биіктігі 0,4 м болатын шағын құрылыс орналасқан. Жалпы бөлменің едені мен қабырғалары көлемдері 25x25x5, 24x23x5, 25x13x5 см болып келетін күйдірілген қыштардан қаланған. Осы бөлменің батыс, солтүстік-батыс бөлігінен аумағы 5,9x4,9 м болып келетін еден анықталды. Еденде көлемдері 25x25x5, 24x23x5, 25x13x5, 13x12x5 см болып келетін күйдірілген қыштар төселген. Еденнің оңтүстік, солтүстік бөліктері жақсы сақталған, ал қалған бөліктерінің біршама жерінің қыштары алынып тасталған. Еденнің оңтүстік бөлігінде ортасынан 0,5 м сыртқа шығыңқы болып келген қаланды орны анықталды.

Қаландының ұзындығы 1 м, қалыңдығы 0,5 м, биіктігі 0,2 м. Астыңғы екі қатарының көлемдері 25x25x5 см күйдірілген қышпен қаланған, бетіне көлемі 60x25x8 см тау тасы қойылған. Еден E6-7, F7 шаршыларында орналасқан. Еден бетін тазалау жұмыстары барысында орта тұсынан қосарланған екі ташнау және бір жер ошақ орны анықталды. Алғашқы ташнау ошақтың батысында орналасқан. Екінші ташнау соның қабатында, яғни оңтүстік-батысында орналасқан. Екінші ташнаудың шығыс бұрышына ортасында ойығы бар жалпақ тас сынығы қойылған. Шамасы бұл қолданыстан шығып қалған диірмен тасының сынығы. 1-ші ташнаудан 1 м солтүстікте еден бетінен 10 см биіктікте аумағы 20 см болып келетін қамал бұзатын ядро табылды. Сонымен қатар, аумағы 40x20x20 см болып келетін жалпақ тас сынығы анықталды. Анықталған ошақтың аумағы 0,5 м, биіктігі 0,1-0,4 м. Ошақтың от жағатын аузының ені 0,3 м және солтүстік-батысқа қаратылған. Жер ошақ күйдірілген қыштарды тігінен қою арқылы жасаған. Артқы шығыс бөлігіне жартылай сынған хум қойылған.

**3-ші құрылыс кезеңі.** A5 шаршысындағы екінші құрылыс кезеңінде анықталған екі ұраның оңтүстік сыртқы қабырғасын тереңдетіп қазу барысында, астыңғы үшінші құрылыс кезеңінің қабырғалары анықталды. Екінші құрылыс кезеңдерінің бірқатар бөліктері сол күйінде қалдырылды. Осы аймақтан үшінші құрылыс кезеңінің бірінші бөлмесі мен ташнауы анықталды. Бөлме 1 жалпы аумағы 2,5x1 м. Солтүстік қабырғасы солтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Қабырғаның ұзындығы 1 м, қалыңдығы 0,3 м, биіктігі 45 см. Шығыс қабырғасы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Анықталған қабырғаның ұзындығы 2,5 м, қалыңдығы 0,2 м, биіктігі 0,2 м. Батыс қабырғасы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағытталған.

Қабырғаның ұзындығы 2,5 м, қалыңдығы 0,2 м, сақталған биіктігі 0,2 м. Осы анықталған үш қабырғаның көлемдері 30x18x8, 28x15x8 см болып келетін қам кесектен қаланған. Оңтүстік қабырғасында аумағы 1,2x1,4 м болып келетін ташнау орналасқан.

Ұзындығы 1,2 м, қалыңдығы 0,25 м, биіктігі 0,15 м ташнаудың солтүстік, шығыс қабырғаларының көлемдері 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қыштан үш қатар

қаланған. Ал, қалған батыс және оңтүстік қабырғалары сақталмағандықтан еден деңгейіне дейін ашылды. Ташнаудың табанына көлемдері 25x25x5, 25x20x5, 25x10x5 см болып келетін бүгін және жартылай сынған күйдірілген қыштардан төселініп, ортасында ойығы бар қыш қойылған. Осы анықталған бөлменің батыс бөлігінен шағын екі ұра орны анықталды. Солтүстік бөлігіндегі бірінші ұраның көлемі 0,7x0,7x0,3 м, екінші ұраның көлемі 0,5x0,5x0,3 м. Ұраның шығыс қабырғасының қалыңдығы 0,2 м және бір қатар қам кесекпен қаланған. Қаланды қамал қорғанымен қабаттас орналасқан және солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Қабырғаның ұзындығы 3,3 м, биіктігі 0,4 м дейін қам кесекпен қаланған. Қалған бөлігі 6,25 м екі қатар кесекпен қаланған, бұл аралықтың биіктігі 1 м.

Қазба алаңының Н6-7 шаршыларында 2-ші бөлме ашылды. Бұл бөлме ас дайындайтын шағын бөлме болуы мүмкін. Себебі, бұл бөлмеге кіретін есік оңтүстік-шығыста, кіреберіс оңтүстігінде тандыр ошақ орналасқан. Ошақтың биіктігі 0,4 м, ені 0,6 м. Ошақтың от жағатын аузы солтүстікке қаратылған, ені 0,3 м. Бөлменің солтүстік қабырғасы жалпағынан 5 қатар қышпен қаланған, қабырғаның ұзындығы 1,85 м. Бөлменің есігі шығыс қабырғада орналасқан, ені 1,15 м. Есік табалдырығы еден деңгейінен бір қыш бойы төмен орналасқан. Оңтүстік қабырғасын тандыр мен суфа алып жатыр. Суфаны қыш және кесектен өрген. Көлемі 0,7x1 м. Батыс қабырғасы келесі бөлмемен байланысып жатыр. Қабырға екінші құрылыс деңгейінің астында қалғандықтан толығымен ашылған жоқ. Бөлме қабырғаларының көлемдері 25x25x5, 25x20x5, 25x10x5 см болып келетін қыштармен қаланған.

Қазбаның батыс бөлігінің F7-8, H7 шаршыларынан екінші бөлменің орны анықталды. Ашылған бөлменің жалпы аумағы 5,5x2,4 м. Бөлменің солтүстік және батыс қабырғалары анықталған жоқ. Себебі, солтүстігінде екінші құрылыс кезеңінің қыштан төселген едені болғандықтан қазылмады. Сонымен қатар, батыс бөлігі қазба жиегінің астында қалғандықтан анықталмады. Бөлменің шығыс қабырғасы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Оның ұзындығы 2,5 м, қалыңдығы 1,1 м, сақталған биіктігі 1 м. Оңтүстік бөлігінің қабырғасы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Ашылған қабырғаның ұзындығы 5,5 м, қалыңдығы 0,7-0,8 м, сақталған биіктігі 0,5-0,7 м. Қабырғаның орта тұсында бөлмеге кіретін есік орналасқан. Есіктің ені 1,4 м. Қабырғаның батыс бөлігін 1 м шамасында жоғарғы құрылыс кезеңінің қоқыс тастайтын шұңқыры бұзылып жатыр. Осы қабырғаға жанама аумағы 0,8x0,5 м болатын шағын дәліз ашылды. Солтүстік қабырғасы осы бөлмемен ортақ, шығыс қабырғасының ұзындығы 0,5 м, сақталған биіктігі 0,7 м, қалыңдығы 0,6-0,7 м. Дәліздің оңтүстік қабырғасы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Ұзындығы 0,8 м, қалыңдығы 0,7 м, сақталған биіктігі 0,7 м.

E12, F11 шаршыларында қазба жиегінің оңтүстік бөлігінен ұзындығы 8,9 м болып келетін еден төсендісі шықты. Еден көлемдері 25x25x5 см бір қатар қыштан қаланған. Бұл қаланды оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Бұл құрылыстың оңтүстік-батыс бөлігі қазба жиегінің астында болғандықтан ашылған жоқ. Еденнің ашылған ені 0,3-0,8 м. Жартылай ашылған бұл құрылыс жоғарғы құрылыс кезеңінің едені болып табылады.

Жолдың жиегін анықтау мақсатында қазба алаңының орталық бөлігіне қазба салынды. Қазба шығыстан батысқа қарай 20 м ұзындықта қазылды. Шығыс бөлігі 0,6 м, батыс бөлігі 0,3 м тереңдікте қазылды. Ашылған жолдың батыс бөлігіндегі ені 4 м, шығыс бөлігіндегі ені 6 м. Жолдың солтүстік бөлігі 0,5 м қалыңдықта бос топырақтан тазартылды. Жолдың солтүстік жиегінен қыш және кесек қаландысы ашылды. Қаландының шығыс бөлігі көлемдері 25x25x5 см болып келетін қыштан қаланған. Оның ұзындығы 4,5 м. Бұл қыш қаландының бетіне бір қатар қам кесек қаланған.

Қаланған кесектердің сақталуы нашар болғандықтан алынып тасталды. Жолдың батыс бөлігі көлемдері 20x20x40, 10x20x40 см болып келетін кесектен қаланған. Оның ашылған ұзындығы 6 м, ені 0,3 м, сақталған биіктігі 0,3 м. Ашылып отырған жол жиегіндегі құрылыстың енін анықтау мақсатында шығыс бөлігі солтүстікке қарай қазылды. Қазба жұмыстарының нәтижесінде жол жиегіндегі қыш қаландының солтүстігінен шағын дәліз анықталды. Дәліздің оңтүстік қабырғасы қышпен қаланған. Солтүстік қабырғасы шығыстан батысқа қарай созылып жатыр, оның ұзындығы 4,5 м, сақталған биіктігі 0,3 м. Қабырға ені қазба жиегінің астында қалғандықтан анықталған жоқ.

**Сол жақ қорған қабырғасы.** Қақпаның сол жақ қорған қабырғасының қалыңдығын анықтау мақсатында 10x11 м болатын қазба салынды. Қорған қабырғасының ең биік нүктесінен 2,5 м тереңдікте қазба жұмысы жүргізілді. Ашылған қорған қабырғасы оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Оның ұзындығы 10,6 м, қалыңдығы 4,2 м, сақталған биіктігі оңтүстігінде 2,5 м, солтүстігінде 1 м. Қорған қамалы көлемдері 30x15x8, 28x14x8 см болып келетін қам кесектерден қаланған. Қамалдың батыс бөлігінен яғни, ішкі жағынан 0,7 м тереңдіктен VI қабаттан күйдірілген қыштан қаланған бөлме орны ашылды. Ашылған бөлменің жалпы аумағы 2,8x1 м, оңтүстік қабырғасы қазба астында қалғандықтан анықталмады. Солтүстік қабырғасы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып жатыр. Оның ұзындығы 2,8 м, қалыңдығы 0,5 м, сақталған биіктігі 1 м. Шығыс қабырғасы қорған қабырғасымен байланысып жатыр. Оның ашылған ұзындығы 1 м, биіктігі 1,3 м. Батыс қабырғасы оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Ашылған ұзындығы 1 м, қалыңдығы 0,5 м, сақталған биіктігі 0,2 м. Осы анықталған солтүстік және батыс қабырғалары көлемдері әр түрлі күйдірілген қыш сынықтары мен шикі кесектерден қаланған. Сонымен қатар, астыңғы бөлігіне шағын тау тастары да қаланған. Бұл бөлменің астыңғы жағынан 0,1 м қалыңдықта күл қабаты табылды. Бөлменің іші күл қабатына дейін тазаланды. Осы бөлменің солтүстік бөлігінен екінші бөлменің екі қабырғасы ашылды. Бөлменің жалпы аумағы 4x2 м. Ашылған бөлменің оңтүстік және батыс қабырғалары қазба жиегінің астында қалғандықтан анықталған жоқ. Солтүстік қабырғасы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталған. Қабырғаның ашылған ұзындығы 1,2 м, қалыңдығы 0,9 м, сақталған биіктігі 0,3 м. Шығыс қабырғасы оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталған, ұзындығы 3,3 м, қалыңдығы 0,5 м, биіктігі 0,1-0,5 м. Анықталған осы екі қабырға көлемдері әр түрлі күйдірілген қыш сынықтары мен қам кесектерден қаланған.

Қамал қорғанын уақытша сақтау жұмыстарын жүргізуіне байланысты ашылған 1 құрылыс кезеңінің бөлмелері толығымен алынып тасталды. L-10 шаршысынан, яғни қамал қорғанының сол жақ бөлігінің ішін тазалау барысында жер ошақ алаңы ашылды. Осы бөліктегі жоғарғы құрылыс мәдени қабатының нашар сақталуына байланысты шағын бөлме алынып тасталынды.

Ашылып отырған ошақ нашар сақталған. Ошақ бетінің аумағы 35 см, сақталған биіктігі 20 см, ернеуінің қалыңдығы 7 см. Ошақ аузы батыс бөлігінде орналасқан, оның көлемі 15x10 см және ол жарты қыштармен қаланған. Ошақ алаңы солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Оның жалпы аумағы 1,5x1,5 м. Алаңның солтүстік бөлігі көлемдері 25x25x5 см болып келетін қыштармен төселген. Осы бөліктегі үш қатар қаланды ғана жақсы сақталған. Оңтүстік-батыс бөлігіндегі алаңға сынық қыштар төселген.

Қорыта келе, 2018 жылғы жүргізілген қазба жұмыстары 2016-2017 жылдарғы жүргізілген қазба жұмыстарын жалғастыра отырып, өз межесіне жетті деуге болады [10]. Сонымен қатар, қақпа қамалының оң және сол жақ қапталдарының сыртқы бөлігінде қазба жұмыстарын аяқтап, «Қазқайтажаңғырту» орталығына өткізілді. Нәтижесінде ашылған құрылыс нысандарының сызбалары түсірілді. Қазба алаңының солтүстік бөлігіндегі 2017 жылы ашылған құрылыс орындары толығымен алынып тасталынды. Нәтижесінде, төменгі

бөліктен нашар сақталған екі ошақ орны мен қам кесектен қаланған бір бөлме орны ашылды. Сонымен қатар қазба алаңының орталық бөлігінен алты қоқыс тастайтын шұңқыр орны мен қыштан төселген еден ашылды. Кейінгі кезеңнің қоқыс шұңқырлары мен жерлеу орындарының көптеп шығуына байланысты бірқатар құрылыс орындарының бұзылғаны анықталды. Сондай-ақ жер бедерінің тұзды (сор) болуына байланысты да қам кесектен қаланған бөлмелердің сақталу мүмкіндігінің жоқтығы анықталды.

Орталық бөліктегі қазба жұмыстары 2016-2017 жылдары жүргізілген құрылыс нысандарын қосу мақсатында болды. Нәтижесінде, 0,5-1 м тереңдіктен бір асхана бөлмесі, бір жер ошақ, екі қоқыс шұңқыры және кейінгі жерлеу орындары шықты. Ашылған құрылыстар қышпен қаланған, сақталуы нашар болып шықты. Сондай-ақ 2016 жылы жүргізілген жұмыстар қайта жалғасын тауып, уақытша қалпына келтіру жұмыстары да жүргізілді.

Қазба алаңының оңтүстік бөлігінде жол жиегі ашылды. Жолдың солтүстік қапталында жол жиегіне қойылған қыш төсенділер ашылды. Сонымен қатар қамал қорғанының оң және сол жақ бөліктерінің сыртқы жағы ашылды. Сол жақ қамалдың сыртқы жағынан жартылай сақталған мұнара ашылды. Мұнараның солтүстік бөлігі ғана 1 м биіктікте сақталғаны, ал қалған бөлігі бұзылып кеткендігі анықталды.

Осы жылғы далалық маусымда ашылған құрылыс нысандарын уақытша қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді және зерттеу кезінде алынған заттай деректер камералдық өңдеуден өткізіліп, ғылыми айналысқа түсті.

## **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Мургабаев С., Малдыбекова Л., Арынов К., Амантуров М., Гурсой М. «Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырысы бойынша орындалған «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша 2018 жылы атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп (аралық). - Түркістан, 2018. - 97 бет.

2. Жолдасбаев С. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X-XVIII ғғ.) / Көмекші оқу құралы. – Түркістан: Тұран, 2010. – 224-б.

3. Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Мургабаев С. Сығанақ жәдігерлері. - Түркістан: Тұран, 2016. – 182 бет.

4. Жолдасбаев С., Қожа М., Бахтыбаев М., Жетібаев К., Мургабаев С., Малдыбекова Л., Арынов Қ., Амантуров М. Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2015 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары // «Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларының өзекті мәселелері: өткені, бүгіні мен болашағы» атты тарих ғылымдарының докторы, профессоры Мадияр Елеуовтың 70 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 6 мамыр 2016 ж. / құраст.: Д.А.Талеев, Е.Ш. Акимбек, Р.С. Жұматаев; жауапты ред. – А.Б. Қалыш. I-бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 282-286 б.

5. Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Мургабаев С., Арынов Қ., Малдыбекова Л. Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2016 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұлғалар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік

конференция материалдары / Жауапты ред. Ғ.Қ.Омаров. 1 бөлім. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 161-166 бб.

6. Жолдасбаев С., Бахтыбаев М., Мургабаев С., Жетібаев К., Арынов Қ., Малдыбекова Л., Сиздиқов Б., Амантуров М. Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2017 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстары // «Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «Х.Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары // жауапты ред. Ғ.Қ. Омаров. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 168-173 бб.

7. Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Мургабаев С., Малдыбекова Л., Арынов К., Амантуров М., Гурсой М. «Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырысы бойынша орындалған «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша 2017 жылы атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп (аралық). -Түркістан, 2017. - 81 бет.

8. Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Мургабаев С., Малдыбекова Л., Арынов К., Амантуров М. «Қызылорда облыстық Мәдениет басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырысы бойынша орындалған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы ортағасырлық Сығанақ қалашығына археологиялық қазба және зерттеу жұмыстарын жүргізу тақырыбы бойынша 2016 жылы атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп (қорытынды). – Түркістан, 2016. – 92 б.

9. Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М. Археология ғылыми-зерттеу орталығының ортағасырлық Сығанақ қаласында атқарған зерттеулері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршы ғылыми журналы №1 (116) 2017. - 180-186 б.

10. Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Арынов Қ.С. Ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулер // Ясауи университетінің Хабаршысы. №3(109). – Түркістан: Тұран, 2018. – 7-14 бб.

## **REFERENCES**

1. Joldasbaev S., Jetibaev K., Bahtybaev M., Mýrgabaev S., Maldybekova L., Arynov K., Amantýrov M., Gýrsoi M. «Qyzylorda oblysynyń mádeniet, muragattar jáne qujattama basqarmasynyń Qyzylorda oblystyq tarihı jáne mádeni eskertkishterdi qorgaý jónindegi» kommýnaldyq memlekettik mekemesi tapsyrusy boıynsha oryndalghan «Qyzylorda oblysy, Jańaqorgan aýdanyndagy Syganaq qalashygyna arheologualyq zertteý jumystaryn júrgizý» taqyryby boıynsha 2018 jyly atqarylghan gylymi-zertteý jumystary jaily esep (aralyq). - Túrkiстан, 2018. - 97 bet.

2. Joldasbaev S. Ortagasyrlyq Syganaq qalasy (X-XVIII g.g.) / Kómekshi oqý quraly. -Túrkiстан: Turan, 2010. -224-b.

3. Joldasbaev S., Jetibaev K., Bahtybaev M., Mýrgabaev S. Syganaq jádigerleri. - Túrkiстан: Turan, 2016. – 182 bet.

4. Joldasbaev S., Qoja M., Bahtybaev M., Jetibaev K., Mýrgabaev S., Maldybekova L., Arynov Q., Amantýrov M. Ortagasyrlyq Syganaq qalasynda 2015 jyly júrigizilgen arehologualyq



zertteý jumystary // ««Qazaqstannyń tarihi-mádeni muralarynyń ózekti máseleleri: ótkeni, búgini men bolashagy» atty tarih gylymdarynyń doktory, professory Madıar Eleýovtyń 70 jyldyq mereitoına arналған halyqaralyq gylymi-tajiribelik konferentsıa materialdary. 6 mamyr 2016 j. / qurast.: D.A.Taleev, E.Sh. Akymbek, R.S. Jumataev; jaýapty red. – A.B. Qalysh. I-bólim. – Almaty: Qazaq ýnıversiteti, 2016. – 282-286 b.

5. Joldasbaev S., Jetibaev K., Bahtybaev M., Mýrgabaev S., Arynov Q., Maldybekova L. Ortagasyrlyq Syganaq qalasynda 2016 jyly júrgizilgen arehologıalyq zertteý jumystary // «Qazaqstan men irgeles elderdiń tarihi-mádeni murasyn zertteýdegi zamanaýı ádister men turgylar» atty «IH Orazbaev oqýlary» halyqaralyq gylymi-ádistemelik konferentsıa materialdary / Jaýapty red. G.Q.Omarov. 1 bólim. - Almaty: Qazaq ýnıversiteti, 2017. – 161-166 bb.

6. Joldasbaev S., Bahtybaev M., Mýrgabaev S., Jetibaev K., Arynov Q., Maldybekova L., Sızdıkov B., Amantýrov M. Ortagasyrlyq Syganaq qalasynda 2017 jyly júrgizilgen zertteý jumystar //«Qazaqstannyń tarihi-mádeni murasy: zertteý, túsindirý jáne saqtaý máseleleri» atty «H. Orazbaev oqýlary» halyqaralyq gylymi-ádistemelik konferentsıa materialdary // jaýapty red. G.Q. Omarov. – Almaty: Qazaq ýnıversiteti, 2018. - 168-173 bb.

7. Joldasbaev S., Jetibaev K., Bahtybaev M., Mýrgabaev S., Maldybekova L., Arynov K., Amantýrov M., Gýrsoı M. «Qyzylorda oblysynyń mádeniet, muragattar jáne qujattama basqarmasynyń Qyzylorda oblystyq tarihi jáne mádeni eskertkishterdi qorgaý jónindegi» kommýnaldyq memlekettik mekemesi tapsyrysy boıynsha oryndalğan «Qyzylorda oblysy, Jańaqorgan áydanyndagy Syganaq qalashygyna arheologıalyq zertteý jumystaryn júrgizý» taqyryby boıynsha 2017 jyly atqarylğan gylymi-zertteý jumystary jaily esep (aralyq). -Türkistan, 2017. - 81 bet.

8. Joldasbaev S., Jetibaev K., Bahtybaev M., Mýrgabaev S., Maldybekova L., Arynov K., Amantýrov M. «Qyzylorda oblystyq Mádeniet basqarmasynyń Qyzylorda oblystyq tarihi jáne mádeni eskertkishterdi qorgaý jónindegi» kommýnaldyq memlekettik mekemesi tapsyrysy boıynsha oryndalğan Qyzylorda oblysy, Jańaqorgan áydanyndagy ortagasyrlyq Syganaq qalashygyna arheologıalyq qazba jáne zertteý jumystaryn júrgizý taqyryby boıynsha 2016 jyly atqarylğan gylymi-zertteý jumystary jaily esep (qorytyndy). – Türkistan, 2016. – 92 b.

9. Jetibaev K.M., Bahtybaev M.M. Arheologıa gylymi-zertteý ortalygynyń ortagasyrlyq Syganaq qalasynda atqargan zertteýleri // L.N.Gýmılev atyndagy Eýrazıa ulttyq ýnıversitetiniń Habarshy gylymi jýrnaly №1 (116) 2017. - 180-186 b.

10. Jetibaev K.M., Bahtybaev M.M., Arynov Q.S. Ortagasyrlyq Syganaq qalasynda júrgizilgen arheologıalyq zertteýler // Iasaýı ýnıversitetiniń Habarshysy. №3(109). – Türkistan: Turan, 2018. – 7-14 bb.

**Т.С.САДЫКОВ, Ж.О.ХАСЕНОВА**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан  
(E-mail: khasenovaz@mail.ru)*

**ПРАКТИКИ РЕАБИЛИТАЦИИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ  
В КАЗАХСТАНЕ В 50-60-Е ГОДЫ XX ВЕКА**

Статья посвящена проблемам изучения составной части истории советского периода - реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане. На основе источников казахстанских и зарубежных архивов сделана попытка анализа общественно-политической ситуации в Казахстане после смерти Сталина. Выявлены причины начала реабилитационного процесса в начале 50-х гг. и его свертывания во второй половине 60-х гг. XX в.

Доказано, что главными причинами прекращения пересмотра дел и реабилитации жертв сталинских репрессий являлись административно-командные методы руководства, в основе своей не подвергшиеся изменениям в период «оттепели».

**Ключевые слова:** политические репрессии, реабилитация, реабилитационный процесс, НКВД, Верховный Совет, постановление.

**Т.С.Садықов, Ж.О.Хасенова**

**XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін  
құрбандарын ақтау тәжірибесі**

Мақала кенестік кезең тарихының құрамдас бөлігі – Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесіне арналған. Қазақстандық және шетелдік архивтер негізінде Сталин қайтыс болғаннан кейінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси ахуалды талдауға әрекет жасалды. 50-жылдардағы ақтау процесінің басталуы мен XX ғасырдың 60-жылдарының екінші жартысындағы оның тежелу себептері анықталды.

Сталиндік саяси қуғын-сүргін құрбандарының істерін қарастыру мен ақтаудың тоқтатылуының басты себептері – «жылымық» уақыт тұсында да өзгеріске ұшырамаған басшылықтың әкімшілік-командалық әдістері болып табылады.

**Кілт сөздер:** саяси қуғын-сүргін, ақтау, ақтау процесі, ПХК, Жоғарғы Кеңес, қаулы.

**T.S.Sadykov, Zh.O.Khasenova**

**Practices of rehabilitation of victims of political repressions in Kazakhstan  
in the 50-60s of the XX century**

Алашорданың Батыс бөлімі Батыс Қазақстан аймағын Жайық өңірінде жүріп жатқан азамат соғысының зардаптарынан қорғады. Сол кездегі ақтар үкіметімен түрлі бағыттарда келіссөздер жүргізді. 1918 жылы ақпан айында Қаратөбеде өткен III Орал Қазақ облыстық съезіне адмирал Колчактың өкілі генерал Лебедевке Жаһанша Досмұхамедов билікті бермеді [5, 233]. Колчак үкіметі Батыс Алашорда үкіметін ресми танығанмен, билікті өз қолына алуға тырысқан еді. Батыс Алашорда үкіметінің қызметін нығайту үшін Алаш милициясын құру қажет болды. Бұл мәселе Орал Қазақтарының III съезінде Қаратөбеде көтеріледі, бірақ арты дауға айналып, бұл мәселе шешілмеді. Жымпитыда өткен Орал Қазақтарының IV съезінде Алаш милициясы құрылып, оның жарғысы қабылданып, Жымпитыда юнкерлер мектебі ұйымдастырылып, Ойылда 6 айлық әскери училище ашылды. Бұл оқу орындарында жастары 19 бен 25 аралығындағы қазақ жастары әскер қатарына шақырылды. Әскери міндет 1,5 жыл деп белгіленді. Өз еркімен әскерге келгендерге 50 сом мөлшерінде жалақы берілетін болып шешілді. Әскерге арнайы киім үлгісі ұсынылды. Жымпитыда Досмұхамедов ұлдары (Жаһанша мен Халел туралы- авт.Д.Д.Сулей.) «Алашорданың Батыс бөлімі үкіметін құрып, дүркіретіп іске кірісті. Олар Қазақстанның Күнбатысын толық өз үкіметіне айналдырды. Милициясы лезде әскер болып шықты. Ойыл қаласында офицерлік «Первая Казахская кавалерийская юнкер школа» атты мектеп ашты. Бұған қазақтың оқыған алашшыл жігіттері жиналды. Олар Самара комитетінен 2000 мылтық, 58 пулемет, 2 зеңбірек, 2 автомобиль алды» деп жазды «Сарыарқа» газеті [6].

Мәскеудегі Кеңес басшылығы Азамат соғысының алғашқы жылының қорытындыларын шығара келіп, Кеңес өкіметін ұлт аймақтарында нығайтудың тиімді жолдарының бірі – ұлттық-мемлекеттік құрылысты тереңдету қажет деп санады. Бұл бағытта

Кеңестік негіздегі Татарстанның, Башқұртстанның және Қазақстанның автономиялық мемлекеттілігін тез арада құру большевиктердің ұлт саясаты саласындағы маңызды міндеттерінің бірі деп анықталды. Бұл бағыт РКП(б)-ның VIII съезінде (наурыз 1919 жылы) бекітілді. Осылайша, большевиктер іс жүзінде автономия мәселесін шешуді өз қолына алды. Большевиктердің бұл әрекеті халықтар арасында үлкен қолдау тапты. Азамат соғысы мен ішкі контрреволюциялық күштердің және ақ казактардың шабуылдарынан шаршаған халық бейбітшілікті аңсады. РСФСР-дің Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының қазақ бөлімі арқылы байланыс орнатуын Алашорданың белгілі қайраткері Ахмет Байтұрсынов басқарған топ та қолдады.

1919 жылдың наурыз айында Шалқар станциясында Кеңестік комиссар Әліби Жангелдинмен кездескеннен кейін Ахмет Байтұрсынов Мәскеуге барды және онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының қазақ бөліміне жұмысқа кіреді.

1919 жылдың көктемінде Алашорда жетекшілерінің жағдайы қиындап, жұмыстары күрделене түсті. 1919 жылы наурызда Семейдегі азаматтық істер жөніндегі қазақ сотының төрағасы Жақып Ақбаев пен «Сарыарқа» газетінің редакторы Имам Әлібеков қамауға алынды.

Орал облысында да контрреволюция күштерімен шиеленіскен күрес өрістей түсті. 1919 жылы шілдеде қоршауда қалған Орал қаласының азат етілуі, кеңес әскерлерінің оңтүстік шабуылын өрістетті.

1919 жылы Батыс Алашорда үкіметі Кеңестік Ресеймен байланыс орнату жолдарын қарастыра бастады. Батыс Алашорда үкіметі Орынборға арнайы адам аттандырды. Татарлардан сайланған үкімет мүшесі Насреттин Кузми Орынборда болып қайтты. Ол Орынборда Башкирревком төрағасымен кездескенін, сол кезде Мәскеуде жүрген Заки Валиди атына жедел хат жолдап, Қазақ үкіметінің Кеңестік Орталықпен байланыс орнатуға тырысқанын мәлімдейді [7,98].

1919 жылы көктемде казак әскери бөлімдерінің инструкторларының бірі полковник Ерыклинцев қазақ бөлімдерін майданға тартуға әрекет жасады. Бұл кезде Батыс Алашорда үкіметінің төрағасы және Әскери бөлім бастығы Жаһанша Досмұхамедов отбасымен қысқа мерзімді демалыста болғанын пайдаланып, Е.Ерыклинцев Алашорда үкіметінің басқа мүшелерінің келісімінсіз әскери бөлімдерді майдан шебіне қарай алып шығады. Бұл хабарды естіген бойда қайтып оралған Ж.Досмұхамедов жігіттердің соңынан қуып барып, майданға қосылмастан бұрын Жымпитыға кері алып қайтады.

Майданға көмек туралы казактардың талабы күшейгенмен Алаш әскерінің Қазақ бөлімдері ешқандай ұрыс-қимылдарға қатыстырылмайды.

1919 жылдың жаз айының соңына қарай Орал майданының бір бөлігі қазақ жеріне ауысты. Орал казак әскерлері тоз-тозы шығып, қазақ даласына шашырай қашты. Олар өз жолдарында қазақ ауылдарына шабуыл жасап, малдарын тартып алып, көп қиянат жасады. Осы кезде Батыс Алашорда үкіметі қазақ жерін талан-тараждан сақтап, халықты шапқыншылықтан қорғады [8, 30 б.].

Ақыры аяғында Батыс Алашорда үкіметі казактарға ашық қарсы шығу туралы шешім қабылдап, 1919 жылы 10 желтоқсанда арнайы қатынас қағазбен соғыс қимылдарының басталу орны мен уақыты туралы Түркістан майданы мен Кирәскериревкомды хабардар етті, сонымен бірге барлық қазақ ауылдарына да құпия түрде хабар жіберілді. Алашорда бұйрығы мен атқа қонған Қазақ әскери бөлімдері 1919 жылдың 27 желтоқсанында таңмен Орал

армиясының 2-ші Елек корпусына шабуыл жасап, корпус штабын толық құрамда тұтқынға түсірді. Тұтқындалғандар корпус командирі генерал Акутин, оның көмекшісі полковник Марков, штаб бастығы полковник Шадрин және т.б. Түркістан майданы қарамағына жіберілді. Соғыс қимылдарын өрістете түскен Қазақ әскерлері казактарға тылдан соққы беріп, 2 күндік ұрыс барысында 1500-дей адамды тұтқынға алды, сондай-ақ 3 зеңбірек, 3 пулемет, көптеген винтовка, патрон, әскери мүліктер қолға түсірілді. 2 күннен кейін Қазақ әскерлеріне көмекке Қызыл армияның 3-інші Татар жаяу әскер полкі және Татар кавалериясының 1 дивизионы келіп жетті. Олармен біріккен Қазақ бөлімдері Түркістан майданы басшылығына өтті. Осыдан кейін Қазақ үкіметінің Кеңес өкіметі жағына шығуының шарттары анықталып, шешім қабылданды. Бұл шешім 1920 жылы 11 қаңтардағы протоколда тіркіленген.

Келісімнің негізі төмендегі басты ережелерден құралды:

1. Батыс Алашорда Кирәскериревкомға қосылады, Алашорданың барлық қоры (капиталы) мен мүлкі Кирәскериревкомға көшеді.

2. Орталық Кеңес өкіметінің басшы нұсқауларына сай жарияланған Түркістан майданы Ревәскерикеңесінің 1919 жылғы 4-ші қарашадағы қаулысында көрсетілген шарттарды Қазақ үкіметі мен қазақтың қоғамдық және саяси қайраткерлерінің толық орындауына байланысты жоғарыдағы амнистия Кеңес өкіметіне қарсы қандай да болсын күреске қатысқан Батыс Алашорданың қайраткерлерінің жеке қауіпсіздігі мен дербес құқықтылығы толық қамтамасыз етіледі.

3. Тұрақты Қазақ әскери бөлімдері уақытша Түркістан майданы командованиясіне бағынады, олардың бұдан былайғы тағдыры туралы мәселені түпкілікті шешу Республиканың жоғарғы басшылығы құзырында.

4. Болыстық және ауылдық жасақтар, сол сияқты елді мекен тұрғындары қарусыздандырылып, қару-жарақ уездік ревкомға тапсырылуы керек. Ревком қаруды әскери басшылыққа тапсырғанша өзінде сақтайды.

5. Тапсырылатын қаруды өз қаржысына сатып алғандары туралы мәселе көтеріледі.

6. Қазақтардан Қазақ әскери бөлімдері қолға түсірген әскери мүлік қазақ даласында ұрыс жүргізіп жатқан барлық Қызыл әскер бөлімдерінің мұқтажына жұмсалады, ал қалғандары ерекше бұйрық келгенше тізімделіп, Ойылға сақтауға жіберіледі.

7. Бұрын Қазақ территориясында қолданыста болып келген Сібір, Дон, т.б. ақша белгілерін жалпы Кеңес Республикасының ақша белгісіне ауыстыру туралы өтініш Алашорда басшылары Орынборға барғаннан кейін Кирәскериревкомның қарауына және шешуіне ұсынылады.

Бұдан кейін барлық істі, мүлік пен капиталды Кирәскериревком мүшесі Бегімбетовке тапсырған Батыс Алашорда басшылары Орынборға келді. Оларды 1 күннен соң Кирәскериревком төрағасы Пестковский қабылдады. Орынборға Батыс Алашорданың үкімет мүшелері: Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Кәрім Жалелов, Иса Қашқынбаев, Беркінғали Атшыбаев ВЦИК Президиумы жарлығымен Мәскеуге шақырылып, олар Орынбордан Мәскеуге аттанып кетті. Мәскеуде Алашорда өкілдері 1 айдан астам жатып елге қайту үшін баяндама-хат жазып, рұқсат сұрайды және өздерінің жүргізген іс-әрекеттерінде ешқандай мемлекетке қарсылық болмағанын мәлімдейді [9, 28-30].

Батыс Алашорда қайраткерлерінің атқарған істері, халқына, еліне деген сүйіспеншілігі орасан зор. Олар қиын-қыстау кезеңінде халқының болашағы үшін күресті, сол жолда өздері де құрбан болды.

Алашорданың Батыс бөлімінің құрылуы, бұл сол кездегі саяси жағдайға байланысты болғаны бізге тарихтан белгілі. Сонымен қатар, Алашорданың Батыс бөлімінің атқарған қызметі қазақ жеріндегі жаңа тұрпатты мемлекеттік құрылымды жүзеге асырғаны зерттеу еңбектерінде айқын көрініп тұр. Қазақ жерінде алғаш рет автономиялы мемлекеттік құрылым аз уақыт болса да өмір сүріп, халқына қызмет етті. Сондықтан бүгінде біздер Тәуелсіз Қазақстанның негізін Алаш қайраткерлері қалап кеткен Алаш автономиясынан бастау алады деп көрсетуіміз өте орынды. Алаш зиялылары тәуелсіз мемлекеттің алғашқы қарлығаштары [10, 90-92].

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Вестник Комитета членов Всероссийского учредительного собрания. 1918, 18 сентября.
2. Акт об образовании Всероссийской Верховной власти, принятый на Государственном совещании.; Болдырев В.Г., Директория, Колчак, Интервенты. Новониколаевск, 1925, с. 495-496.
3. Рысбеков Т. Өскен өлке тарихы. -Орал, 1997. -103 б.
4. Әнес Ғ. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. – Алматы: Арыс, 2002. -588 бет.
5. Әнес Ғ. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 233 б.
6. Сарыарқа // 1918, 12 қазан.
7. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. М., 1994
8. Ақбаев Ж. Алшын - От - Ана. Орал, 2000.
9. Мартыненко Н. Алаш-Орда (сб. документов). – Алматы, 1992. – с. 28-30.
10. Suleimenova D. Great People of Western Alashorda. – Uralsk, 2017. – p. 90-92

### **REFERENCES**

1. Vestnik Komiteta chlenov Vserossiskogo ūchreditelnogo sobraniia. 1918, 18 sentyabr.
2. Akt ob obrazovanii, priniatyina Gosŷdarstvennomsoveshanii; Boldyrev V.G., Direktoriia, Kolchak, Interventy. Novonikolaevsk, 1925, s. 495-496.
3. Rysbekov T. Ősken ōlke tarihy. -Oral, 1997. -103 b.
4. Ānes Ĝ. Batys Qazaqstan oblycy iensiklopediia. -Almaty: Arys, 2002. -588 bet.
5. Ānes Ĝ. Batys Qazaqstan oblycy iensiklopediia. -Almaty: Arys, 2002. -533 bet.
6. Saryarqa// 1918, 12 qazan.
7. Amanjolova D. Kazahskii avtonomizm i Rossia. Istoriia dvijeniia Alash. M., 1994
8. Aqbaev J. Alshyn - Ot - Ana. Oral, 2000.
9. Martynenko N. Alash-Orda( sb. dokŷmentov). -Almaty: 1992. -s. 28-30.
10. Sŷleimenova D. Batys Alash orda arystary. – Oral, 2017.– 90-92 b.

**Л.С.ДИНАШЕВА, М.Е.РУСТАМБЕКОВА, М.О.АКСОЙ**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: kopzhasar.zhetibaev@ayu.edu.kz)*

### **ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ҮСТЕМДІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ТАРИХНАМАСЫ**

Мақалада ХХ ғасырдың бас кезіндегі көші-қон процестеріне байланысты жарияланған еңбектер мазмұны мен бағыттары зерделенеді. Сондай-ақ, патшалық Ресейдің әскери-отарлық үстемдігі тұсындағы Қазақстандағы этнодемографиялық ахуалдың тарихнамасы мен деректік негіздері де талданады.

Жалпы тақырып бойынша зерттеушілер үш топқа бөлініп қарастырылады. Зерттеушілердің бір тобы проблеманы патша өкіметінің мүддесінен шыға отырып көрсетсе, екіншілері қоныстанушылардың шынайы мән-мақсатын ашуға тырысқан. Ал үшіншілері, яғни қазақ зиялылары мәселеге ұлттық тұрғыдан қарап, өз туындыларында келімсектердің келуі қазақ жері мен халқы үшін трагедияға айналғандығын бүкпесіз жазды.

**Кілт сөздер:** патша өкіметі, қоныс аудару саясаты, көші-қон, халық саны, демография.

**Л.С.Динашева, М.Е.Рустамбекова, М.О.Аксой**

### **Историография этнодемографического положения в Казахстане в период царской России**

В статье изучаются содержание и направления опубликованных работ, связанных с миграционными процессами начала ХХ века. А также, анализируются историография и источниковедческая база этнодемографической ситуации в Казахстане в условиях военно-колониального господства царской России. В целом, исследователей по этой теме можно разделить на три группы. Первая группа исследователей освещала проблему, исходя из интересов царского правительства. Вторая группа попыталась раскрыть истинные причины и цель переселения. Третья группа- представители казахской интеллигенции, в своих трудах освещали проблему переселения как трагедию для казахской земли и народа.

**Ключевые слова:** царское правительство, переселенческая политика, миграция, численность населения, демография.

**L.S.Dinasheva, M.E.Rustambekova, M.O.Aksoy**

### **Historiography of the ethno-demographic situation in Kazakhstan in the period of Tsarist Russia**

The article analyzes the content and directions of published works related to the migration processes of the beginning of the twentieth century, historiography and the source-study base of the ethno-demographic situation in Kazakhstan under the conditions of military-colonial domination of tsarist Russia. In general, researchers on this topic can be divided into three groups. The first group of researchers covered the problem in the interests of the government. The second group tried to uncover the true causes and purpose of the resettlement. The third group of representatives of the Kazakh intelligentsia in their writings covered the issue of resettlement as a tragedy for the Kazakh land and people.

**Keywords:** tsarist government, migration policy, migration, quantity of population, demography.

Патша өкіметі тұсындағы, яғни революцияға дейінгі орыс тарихнамасында Қазақстан тұрғындарының демографиялық ахуалына деген қызығушылық Ресей империясының отаршылдық саясатының қарқын алуымен күшейе түсті. Қазақстанды толық отарына айналдырып, Ресей әкімшілік жүйесіне қосқаннан кейін отар аймақты шаруашылық жағынан тезірек игеріп, онда өзінің ықпалын кең көлемде, тереңдете жүргізуді көздеу патша әкімшілігі алдына өлке халқының саны, орналасуы, құрамы және т.б. жайлы нақтылы мәліметтерді білуді жүктеді. Сондықтан патша өкіметі орыс зерттеушілерінің осы мәселелерді қарастыруына ынталылық танытты. Осыған орай ХХ ғасыр басындағы орыс зерттеушілерінің еңбектері негізінен патша өкіметінің шеткері аймақтарда жүргізіп отырған отаршылдық саясатының сұранысына сай жазылып, ұлыдержавалық мүддені қолдады.

Революцияға дейінгі орыс тарихнамасында Қазақстан тұрғындарының санын, олардың өсу деңгейін қарастыруды П.И.Рычков, В.Н.Татищев, Г.Ф.Миллер, П.С.Паллас, В.В.Вельяминов-Зернов, А.И.Левшин Н.А.Абрамзон секілді зерттеушілер бастап берген болатын. 1867-1868 жылғы реформалардан соң, яғни «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ереже» мен «Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторының облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бекітілгеннен кейін жаңадан құрылған әкімшілік-территориялық бөліністер және ондағы тұрғындар жайында жазылған еңбектердің қатары толығына түсті. А.А.Тилло [1, с.11-29], Л.Балюзек [2, с. 65-78], Ф.Лобысевич [3, с. 17-43], М.И.Венюков [4, с. 29-47], Л.Костенко [с. 5], А.Макшеев [6, с. 14-96], М.А.Терентьев [7], Ю.Балицкий [8] секілді зерттеушілердің еңбектерінде Түркістан мен Дала өлкесіне, облыстарға, уездерге, болыстықтарға, елді мекендерге, қалаларға шолу жасалынып, ондағы тұрғындардың санын, ұлттық құрамын анықтауға талпыныс жасалды.

1870 жылдан бастап Соғыс министрлігі Ресей империясы губернияларына әскери-статистикалық шолу жүргізуді қолға алып, «Военно-статистические обозрения губернии» атты жинақ шығара бастады. Тіпті, жекелеген аймақтарда халық санағын да жүргізді. Мұндай алғашқы халық санағы 1870 жылы Орынбор губерниясының Николаевск уезінде өтті. Оның нәтижелері А.А.Тилло тарапынан Ресей географиялық қоғамының журналында жарияланды [9, с.16-42]. Бас штабтың тапсырмасы бойынша 1872-1875 жылдары М.И.Венюков шеткері аймақтардағы губерниялар мен облыстарда әскери-статистикалық шолу жұмыстарын жүргізіп, «Материалы для военного обозрения русских границ в Азии» атты еңбегін шығарды [10, 25-41].

ХІХ ғасырдың соңына қарай қазақ халқының демографиялық мәселелерін қарастырған М.Шестаков [11], А.И.Добромыслов [12], В.Г.Мацкевич [13], Б.О.Сорокин [14], Н.Васильев [15] секілді зерттеушілердің еңбектері мен мақалалары жарық көрді. Сондай-ақ бұл кезеңде орыс зерттеушілері Сібір, Орал, Жетісу казактарының және Қазақстанға қоныс аударушылардың демографиялық жағдайына жіті көңіл қойған еді. Соның нәтижесінде бұл мәселені көтерген Ф.Усов [16], Н.Бородин [17], Н.Леднев [18] секілді зерттеушілердің еңбектері жарияланды. Тұрғындардың демографиялық ахуалын қарастырған еңбектердің қатары толығына түскенімен, оларда статистикалық мәліметтердің жетіспеушілігі сақталып қала берді.

Мұндай кемшіліктің орнын толтыруға 1896-1899 жылдар аралығында жүргізілген Ф.А.Щербина басталған ғылыми экспедицияның материалдары және 1897 жылғы бірінші жалпыресейлік халық санағы маңызды рөл атқарды.

Торғай, Ақмола және Семей облыстарының 12 уезін аралап, зерттеу жұмыстарын жүргізген Ф.А.Щербина экспедициясының негізгі міндеті әрбір орта қазақ шаруашылығының өмір сүруіне қажет жер нормасы көлемін анықтап, қоныс аударушыларға жер қорын даярлау жұмысына бағыт-бағдар беріп, ұсыныстар жасау болатын. Бұл экспедицияның материалдарына топталған мәліметтердің үлкен бір тобы демографиялық

мәселеге тікелей қатысты. Сондықтан ол Дала өлкесіндегі демографиялық ахуалды зерттеуде құнды дерек көзі қызметін атқаратын. Осыған орай Ф.А.Щербина экспедициясының материалдары ХХ ғасырдың басынан бастап орыс зерттеушілері еңбектерінде ғылыми айналымға тартыла бастаған еді [224-238].

Қазақстан халқының ХХ ғасыр басындағы демографиялық даму мәселелерін қарастырған зерттеушілерге тән ортақ қасиет - 1897 жылғы бірінші жалпыресейлік халық санағының материалдарын негізге алу болып табылады. Бұл санақ бойынша сол кезеңдегі Ресей империясының әкімшілік-территориялық құрылымындағы Ақмола облысында 682608, Жетісу облысында 987863, Орал облысында 645121, Семей облысында 684590, Сырдария облысында 1478398, Торғай облысында 453416 тұрғын болған. Осы тұрғындардың 4147,8 мың адамы Қазақстанның қазіргі территориясы көлемінде қоныстанғаны, оның 3392,8 мыңын (81,8%) қазақтар, 454,4 мыңын (11%) орыстар, ал қалған 300,6 мыңын (7,2%) басқа ұлт өкілдері құрағаны хақында ғылыми еңбектерде нақтылы пікір орныққан

1897 жылғы санақ материалдары ХХ ғасыр басындағы Қазақстан халқының санын анықтауда дерек көзі қызметін атқарары сөзсіз. Бірақ санақ мәліметтерінің дұрыстығына сыни көзқараспен қарап, оның кемсін тұстары зерттеу барысында ескерілуі тиіс. Қазақ жеріндегі халық санын 1897 жылғы санақ дәл бере алмайтындығы жөніндегі пікірді сол кезеңде В.Михайловский атап көрсеткен болатын. Ол 1897 жылғы халықты толық қамтымаған, сол себепті тұрғындардың біразы санаққа енбей қалған деген пікірін де білдірген еді. Мұндай пікір 1897 жылғы санақ бойынша Сібір халықтарының этникалық құрамын зерттеген белгілі этнограф С.К.Патканов тарапынан да айтылған болатын .

С.К.Патканов 1897 жылғы санақтың жалпы қорытындыларын өңдеуге қатысып, ондағы кемшіліктер туралы: «Тұрғындардың ұлттық құрамын анықтауда ана тілін басшылыққа алу көп жағдайда қателікке ұрындырады... Түркістандағы түркі тайпалары (сарттар, өзбектер, қара қырғыздар, тараншылар) есептеушілердің шала сауаттылығы, ұқыпсыздығы салдарынан «түрік» деген жалпылама атаумен берілген. Бұлөлке халқының, жергілікті тұрғындардың ұлттық құрамын анықтауда өзіндік қиындықтар туғызады» - деп жазған еді [19, с. 231].

Қазақстан халқының этнодемографиялық ахуалына сыртқы көші-қон процестерінің тегеурінді ықпалы ХХ ғасыр басында айқын көрініс берді. Сырттан көші-қоншылардың ағылып келуі нәтижесінде халық санының табиғи өсімінен гөрі механикалық өсім арқылы көбеюі белең алды. Бұл кезеңдегі көші-қондық процестердің қарқын алуы патша өкіметінің қоныс аудару саясатымен байланыста жүрді. Сөйтіп, көші-қондық процестердің денін аграрлық көші-қон құрады.

Патша өкіметі қоныс аудару саясаты арқылы, біріншіден метрополиядағы аграрлық шиеленісті шешуді, екіншіден, қоныс аударушылар арқылы шеткері аймақтарда патшалық биліктің сенімді тірегін қалыптастыруды көздеген еді. Сондықтан Бұл мәселеге арналған революцияға дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде көп жағдайда өкіметтің қоныс аудару саясатына деген ресми көзқарасы көрініс тауып, оларда көші-қонның себептері, көші-қоншылардың жағдайы және жерге орналастырылуы қарастырылды.

Революцияға дейінгі орыс тарихнамасында аграрлық көші-қон халық санының өсуі мен өндіргіш күштердің дамуы арасындағы сәйкессіздіктің нәтижесі ретінде түсіндірілді. Ондағы тұжырымдар Ресейде капиталистік қатынастардың дамуы мен помещиктік жер иеліктерінің сақталып қалуы басы артық ауыл тұрғындарын қалыптастырып, аграрлық көші-қонға негіз қалады дегенге саятын. Осы тұстағы орыс зерттеушілері Ресейде аграрлық шиеленісті шешудің тәсіліне келгенде әр түрлі көзқарастар білдірді. Мәселен, И.П.Ямзин Ресейде ауыл шаруашылығының интенсивтендірілуі аграрлық мәселені шешуге игі ықпал жасап, аграрлық көші-қонды бәсеңсітіп, оның болашақта тиылуына алып келеді деп санады

[20, с.72]. Мұндай көзқарасты экономист, әрі статист А.А.Кауфман да 1905 жылы жарық көрген «Переселение и колонизация» атты еңбегінде білдірген болатын. Ол «аграрлық көші-қон тарихта жиі қайталанып тұратын және барлық халықтарға тән құбылыс» деп санап, патшалық Ресейдегі аграрлық дағдарысты жоюдың жолы жеке меншік жерлерді мемлекет пайдасына алу екендігін айтты [21, с.3]. Осындай пікірлермен келіспеген Н.П.Огановский ауыл шаруашылығындағы жүргізілуге тиіс интенсификация жер тапшылығын жоя алмайды, керісінше интенсификациялану халықтың шамадан тыс тығыздануына соқтырады деп есептеді. Ол шаруаларды қоныс аудару Ресейдің еуропалық бөлігіндегі губерниялар үшін ұтымды маңызға ие екендігін айтып, аграрлық көш-қонды бір ретке келтіруді қолға алуды ұсынды [22, с.78].

Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттарда көші-қон процестеріне байланысты қалыптасқан патшалық-чиновниктік концепция шеткері отар аймақтарды толық игерудің тиімді жолы ретінде аграрлық көші-қонды қолдаумен ерекшеленді. Патша өкіметінің отаршылдық саясатын жан-тәнімен қолдаған В.П.Воцинин аграрлық көші-қон шеткері аймақтарда еңбекпен айналысатын тұрғындар санын арттырып, ол жерлерді игеруде маңызды рөл атқарады деген пікірді жақтады. Ол аграрлық көші-қонның қарқынды жүруі үшін қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтың иелігіндегі жерлерді ешқандай төлемақысыз күшпен тартып алуды және көшпелілерді отырықшылыққа көшіру қажет деп санады [23].

Түркістан өлкесінде 1870-1917 жылдар аралығында жарық көріп отырған «Туркестанские ведомости» газетін жарияланған мақалалардың дені патшалық Ресейдің өлкеде жүргізіп отырған отарлық саясатын дәріптеуге арналды [23].

К.К.Паленнің еңбегінде [25] 1904 жылғы 6 маусымдағы заңға сәйкес орыс шаруаларына өз беттерінше Түркістанға қоныс аударуларына берген өкімет рұқсатының аграрлық көші-қонның қарқынды жүруіне әсер етпейтіндігіне, өйткені заңда көші-қоншыларға үкімет тарапынан қолдау көрсету көзделмегеніне қынжылыс танытылды. Автор 1905 жылға шейінгі аграрлық көші-қонның нәтижелерін өлке материалдары бойынша қарастырып, Сырдария облысында орыс тұрғындары халықтың 5,3%-ін ғана құрайтындығын анықтады. Ол көші-қоншыларға жағдай жасалуын, ең алдымен суландыру жұмысын қолға алмай өлкеде көші-қоншылардың орнығуын екі талай екендігін негіздеуге тырысты. Сонымен қатар, «Түркістанда кедей орыс деревнясын емес, бай орыс отарын құру керек» деген қағиданы ұстанып, өлкеге бақуатты шаруаларды көшіру қажет деген ұсыныс білдірді [25, с.22]. Оның бұл ұсынысы Столыпиннің аграрлық саясатына сай келетін.

Аграрлық көші-қон жайлы К.К.Паленнің пікірлері Н.Гавриловтың [26], В.А.Васильевтің [27], Г.Логановтың [27] еңбектерінде қайталанады. Бұл авторлар қоныс аударушылардың санын, олардың құрамын зерттеп, қазақтардың егіншілікпен айналысуы, экстенсивті мал шаруашылығынан отырықшылыққа көше бастауы қоныс аударған орыс шаруаларының «үлгілі ықпалы» дегенді дәлелдеуге тырысты. Мұндай патшалық чиновниктік концепция бағытында жарияланған еңбектердің бәріне тән кемшілік ретінде қоныстандыру саясатының нәтижесінде қазақ халқы жағдайының төмендеуі, олардың жерден айырылып мүшкіл халге ұшырағаны жайлы айтпауға тырысқандығын жатқызуға болады.

Дегенмен, қоныс аудару саясатының нәтижесінде көші-қоншылардың қазақ даласына ағылып келуінің зардаптарын ашық жазған авторлар да болды. Мәселен, О.Шкапский: «Бірқатар адамдар Сібір мен қазақ даласына шаруаларды қоныс аудару арқылы еуропалық Ресейде шиеленіскен аграрлық мәселені шешуді көздейді. Бірақ осындай пікірдегілер қоныс аудару Азияда да аграрлық мәселені тудыратынын ескермейді», - деп жазып, қазақ өлкесінде егіншілікке қолайлы жер қорының шектеулі екенін айтып, қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныс аударуды тоқтатудың қажеттігі жайлы пікірін білдірген болатын [29]. Осындай



бағытта, яғни аграрлық көші-қонның қазақ халқына тигізген зардаптарын әшкерелеу бағытында ХХ ғасыр басында бірқатар еңбектер жарық көрді. Ол еңбектердің авторлары Т.Седельников [30], М.К.Комаров [31], Е.Шмурло [32], Н.М.Ядринцев [33] және А.Л.Трегубов [34] еді.

ХХ ғасыр басындағы аграрлық көші-қон процестерінің ауқымын көрсетуде революцияға дейінгі орыс зерттеушілері негізінен Қоныс аудару басқармасының жыл сайын беріп отырған есептеріне жүгінді. Н.Турчанинов пен А.Домрачевтің еңбектерінде [35] 1896 жылдан 1914 жылға дейінгі қоныс аудару қозғалысының қорытындылары осындай мәліметтер бойынша көрсетілген. Бұл авторлардың еңбектерінде көші-қоншылардың санымен бірге олардың шыққан орнына, орналасқан жеріне назар аударылған. Авторлар 1896-1914 жылдар аралығында Орал өзенінен өткен көш-қоншылардың 875948 адамды құрағанын, олардың Челябинск пен Сызраньдағы көші-қоншылар стансасында тіркелгенін айтқан. Сондай-ақ бұдан өзге арнайы орындарда тіркелместен өз беттерінше қоныс аударған шаруалардың да үлес салмағы басым екендігін, бірақ олардың санын анықтау мүмкін еместігін де атап өткен.

Көші-қоншылардың ұлттық құрамы мен әлеуметтік жағдайы Л.К.Чермактың еңбегінде [36] Ақмола уезінің Көкшетау уезі материалдары бойынша қарастырылған. Ол 1907 жылы 37121 көші-қоншылар қоныстанған 37 поселкені тексеріп, ондағылардың 38%-ы орыстар, 36%-ы украиндықтар, 5%-ы мордвалар, 1%-ы белорустар, чуваштар, татарлар екендігін айқындаған. Автор осы көші-қоншылардың 40%-ы көпшілігі еуропалық Ресейден, ал қалғандары Финляндиядан, Кавказдан және Сібірден келгенін айтады.

Патша өкіметінің ХХ ғасыр басында қоныс аудару саясатын бұрынғыдан қарқынды түрде жүргізуді қазақ зиялылары арасына қозғау салды. М.Дулатов айтқандай, «ішкі Ресейден бұлттай көшіп келе жатқан мұжық алдағыға көз салуды үйреніс қылмаған қазақ халқын да ойға қалдырды» [37, 216-б.]. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде қызу айтысқа түскен Ұлттық интеллигенция Бұл мәселе төңірегінде ой қорыта келе, мынандай екі бағытты ұстағандығы О.Мұхатованың тарихнамалық еңбегінде [38, 15-16-б.] былайша талданып көрсетілген:

1. Б.Қаратаев пен М.Сералин бастаған топ қоғамдық мешеуліктің негізгі себебін көшпенді өмір салтынан көріп, сондай-ақ толассыз қоныс аударушылар легінің Қазақстанды отарлау екінінен қаймығып, қазақтарға да келімсектер сияқты он бес десятинадан жер үлесін алып, отырықшылыққа көшуді уағыздады, бұл істе өздері де үлгі көрсетті.

2. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және М.Дулатов бастаған келесі топ көшпенді және жартылай көшпенді өмір салтының қалыптасуын және оны өзгерту мүмкіншілігін қоршаған табиғи орта ерекшеліктерімен тығыз байланыста қарады, ол жаппай отырықшылыққа көшуді ұсынып отырған қоныс аударушылар мәселелері чиновниктердің отаршылдық пиғылды ұстанып отырғандығын, өйткені жерді жеке меншікке көшіру Қазақстан жағдайында жергілікті халықты біржола жерден айыру екендігін дәлелдеуге тырысты».

Алғашқы топтың мүшелері 1911-1915 жылдары шығып тұрған «Айқап» журналының төңірегіне шоғырланды. Ішкі Ресейден ағылған көші-қоншылар легі және оның салдарынан туындап отырған жер мәселесі журнал бетінде үнемі жарияланып тұрды. Сонымен бірге патша өкіметінің қоныс аудару саясатының мәнін, мақсатын, жай-жапсарын түсіндіруде үлкен насихат жұмыстарын жүргізді. Осы бағытта журнал беттерінде «Қазақ өкпесі», «Тағы да жер жайынан», «Жер мәселесі», «Біздің бұрынғы үем қазіргі халымыз», «Көшіп жүру керек деушілердің пікірі» секілді, т.б. мақалалар [39, 80-83-б.] жарық көрді. «Айқап» журналының төңірегіндегі зиялылар Ә.Бөкейхановтың көшпелі норма алу туралы пікірін қолдамады.

«Қазақ» газеті төңірегінде топтасқан екінші топ мүшелері қазақ халқының отырықшы тұрмысқа өтуіне қарсы болған жоқ, керісінше, «отырықшы нормаға» қарсы шығып, оның салдарларының халық үшін зиянды екендігін көрсетті.

Екі топ өкілдерінің қоныс аударушылардың зардаптарын ашып көрсетудегі ой-пікірлері бір жерден шығады. Бірі осыған орай «қазақ өзі бөтен жаққа переселен болып көше бастады» десе, екіншісі «халықтың өсіп, жердің өспеуі үәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондаған жерсіз мұжықты үкіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, ата-мекеннен ірге қозғалып, қазақтың шаруасының күйзелуі», - деп шындықты бұлтартпай көрсетеді [40, 302-б.]. Дәл осындай жағдайды қазақ зиялыларының бірі, көрнекті қайраткері М.Тынышпаев өз еңбегінде баяндайды. Автор Жетісу облысындағы қоныс аударушылардың тым көптігіне назар аударып, келімсектердің келуіне байланысты әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрт төмендеуін ашып айтады. Жетісу жерінде мал шаруашылығы құлдырап, құнарлы жерлер тартылып алынған соң көлемі қысқартылып, халқы кедейленіп, жеті жылда - 1907 жылдан 1914 жылғы дейін облыстың танымастай өзгергендігін ашып көрсетеді [41, 304-б.].

Патша өкіметінің қоныс аудару саясаты халықты күйзеліс пен кедейшілікке ғана емес, сонымен бірге жерінің тозып, табиғи ортасының бүлінуіне әкелетіндігі туралы мәселені өз туындыларында дер кезінде көтерді. Мәселен, Ә.Бөкейхановтың «қазақ даласына шаруалардың асығыс және жаппай қоныстануы тың жерлердің ерте жыртылуына әкелуі мүмкін... Тыңынан айырылған қазақ даласы құнарсыз болып, астық шықпай қалады» [40, 308-б.] - дегені сол кездегі көрегендікпен айтылған тұжырым болып табылады.

Сонымен ХХ ғасырдың бас кезіндегі көші-қон процестеріне байланысты жарияланған еңбектер мазмұны мен бағыттары жағынан әр түрлі. Зерттеушілердің бір тобы проблеманы патша өкіметінің мүддесінен шыға отырып көрсетсе, екіншілері қоныстанушылардың шынайы мән-мақсатын ашуға тырысқан, үшіншілері, яғни қазақ зиялылары мәселеге ұлттық тұрғыдан қарап, өз туындыларында келімсектердің келуі қазақ жері мен халқы үшін трагедияға айналғандығын бүкпесіз жазды. Алайда олардың ашық тұрдегі ой-пікір білдірулері патша өкіметі мен одан кейінгі большевиктік диктатура мүдделеріне қайшы келді. Дегенмен осы жерде революцияға дейінгі кезеңде көші-қондық процестердің барлық астарлары қандай көзқарас тұрғысынан болмасын толық ашылып көрсетілмегенін айта кеткен жөн. Зерттеушілер негізінен қоныс аударушылар мәселесіне баса көңіл аударып, ішкі көші-қонның ерекшеліктерін және қазақтардың сол кезеңдегі тарихи оқиғалардың әсерінен сыртқа ауа көшуін қарастырмады.

## **ӘДЕБИЕТТЕР**

- 1.Тилло А.А. О пространстве, народонаселение и населенности Тургайской области // Известия Русского географического общества. – 1869, -т.5, -№ 1. -С. 11-29.
- 2.Баллюзек Л. Народная перепись в Никольском уезде Тургайской области //Записки Оренбургского отдела Русского географического общества. - 1875. - №3. -С. 65-78.
- 3.Лобысевич Ф. Тургайская область и ее устройство //Военный сборник, 1870.– № 4. – С. 17-43.
- 4.Венюков М.И. О новом разделении Азиатской России// Известия Русского географического общества. – 1872. – №8. -С. 29-47.
- 5.Костенко Л. Средняя Азия и водворения в ней русской гражданственности. – СПб.: «Типография ИРГО», 1876. – 248 с.
- 6.Макшеев А. Географические, этнографические и статистические материалы о Туркестанском крае // Записки ИРГО. – 1871. – т.2. – с. 14-96.

7. Терентьев М.А. Статистические очерки Среднеазиатской России. – СПб.: «Типография ИРГО», 1870. – 412 с.
8. Балицкий Ю. Заметки о кочевом населении в Верненском уезде // Туркестанские ведомости. – 1873. – №6. – 22 июнь.
9. Тилло А.А. Первая народная перепись в Киргизской степи, производственная в Николаевском уезде Оренбургского края // Известия Русского географического общества. – 1873. – т.2. – С. 16-42.
10. Венюков М.И. Материалы для военного обозрения русских границ в Азии // Военный сборник. 1872, – , № 1. – С. 25-41.
11. Шестаков М. Статистика движения киргизского населения // Сибирская газета. – 1886, – № 49. – 11 март.
12. Добросмыслов А.И. Заметки о народонаселении Тургайской области // Оренбургский край. – 1893. – №17. – 14 декабря.
13. Мацкевич В.Г. Киргизские степи Тургайской области в холерную эпидемию 1892. – СПб.: «Типография Тургайской областной правления», 1893. – 68 с.
14. Сорокин Б.О. Состав киргизского населения в областях Темирского уезда. // Памятная книжка и адрес-календарь Уральской области на 1897 г. – Саратов; «Общественная польза», 1897. – 46с.
15. Васильев Н. Кочевники. Опыт экономического обзора. – Самарканд: «Типография Туркестанского военного округа», 1890. – 136 с.
16. Усов Ф. Статистическое описание Сибирского казачьего войска. – СПб.: «Общественная польза», 1879. – 238 с.
17. Бородин Н. Уральское казачье войско. – Уральск: «Областное правление», 1891 – Т.1 – 128 с.
18. Леденев Н. История Семиреченского казачьего войска. – Верный: «Семиреченский переселенческое управление», 1908. – 162 с.
19. Волкова Т.П. Некоторые проблемы источниковедческого изучения материалов экспедиции Ф.А. Щербины // Вопросы историографии Казахстана. – Алма-Ата: «Наука», 1983. – С. 224-238.
20. Ямзин И.П. Переселенческое движение в России с момента освобождения крестьян. – Киев: «Типография Балашева», 1912. – 361с.
21. Кауфман А.А. Переселение и колонизация. – СПб., 1995. – 98 с.
22. Очановский Н.П. Закономерность аграрной эволюции. – Саратов, 1914, 108 с.
23. Sundetbayeva Sandugash The Newspaper “Turkestanские Vedomosti” and The Beginning of The Development of The History of The Press in Central Asia// bilig WINTER 2018/NUMBER 84 1 1-21
24. Вошинин В.П. Очерки нового Туркестана. – СПб., 1914. – 260 с.
25. Пален К.К. Переселенческое дело в Туркестане. – СПб., 1910. – 310 с.
26. Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае. – СПб., 1911. – 324 с.
27. Васильев В.А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. – Пг., 1915. – 156 с.
28. Логанов Г. Россия в Средней Азии // Вопросы колонизации. 1909. – № 4. – С. 2-76.
29. Шкапский О. Переселенцы и аграрный вопрос в Семиреченской области // Вопросы колонизации. – 1907. – № 1. – С. 22-27.
30. Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи. – СПб., 1907. – 222 с.
31. Комаров М.К. Правда о переселенческом деле. – СПб., 1913. – 72 с.
32. Шмурло Е. Комаров М.К. Хватит ли воды? // Туркестанские ведомости. – 1904. – 21 январь.

33. Ядринцев Н.М. Сибирь как колония. -СПб., 1912. – 298 с.
34. Трегубов А.Л. Переселенческое дело в Семипалатинской и Семиреченской области. -СПб., 1910. – 262с.
35. Турчанинов Н., Домрачев А. Итоги переселенческого движения за время с 1910 по 1914 гг. –Пг., 1916. – 98 с.
36. Чермак Л.К. Переселенцы в степном крае // Сибирские вопросы. – 1908. – 3-март.
37. Дулатов М. Шығармалары. -Алматы: «Жазушы», 1991–380 б.
38. Мұхатова О. Қазақстандағы ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы аграрлық реформалар тарихнамасы (1900-1929 жылдар). -Алматы: «Қазақ университеті», 2002. – 284 б.
39. «Айқап». Құрастырушылар Субханбердина Г., Дәуітов С. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 398 б.
40. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. -Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 442 б.
41. Тынышпаев М. История казахского народа. -Алма-Ата: «Санат», 1993. – 352 б.

### REFERENCES

1. Tillo A.A. O prostranstve, narodonaselenie i naselennosti Týrgaiskoj oblasti // Izvestia Rýsskogo geograficheskogo obestvo. – 1869, –t.5, –№ 1. – S. 11-29.
2. Ballýzek L. Narodnaia perepis v Nikolskom ýezde Týrgaiskoj oblasti // Zapiski Orenbýrgskogo otdela Rýsskogo geograficheskogo obestvo. – 1875. – №3. – S. 65-78.
3. Lobysevich F. Týrgaiskaia oblast i ee ýstroistvo // Voennyi sbornik, 1870.– № 4. –S. 17-43.
4. Venýkov M.I. O novom razdelenii Aziatskoj Rossii// Izvestia Rýsskogo geograficheskogo obestvo. – 1872. – №8.– S. 29-47.
5. Kostenko L. Srednaia Azia i vodvorenna v nei rýsskoj grajdanstvennosti. – SPb.: «Tipografiia IRGO», 1876. – 248 s.
6. Maksheev A. Geograficheskie, etnograficheskie i statisticheskie materialy o Týrkestanskom krae // Zapiski IRGO. – 1871. – t.2. – s. 14-96.
7. Terentev M.A. Statisticheskie ocherki Sredneaziatskoj Rossii. -SPb.: «Tipografiia IRGO», 1870. – 412 s.
8. Balitskii Iý. Zametki o kochevom naselenii v Vernenskom ýezde // Týrkestanskije vedomosti. – 1873. – №6. – 22 nýn.
9. Tillo A.A. Pervaia narodnaia perepis v Kirgizskoi stepi, proizvodstvennaia v Nikolaevskom ýezde Orenbýrgskogo kraia // Izvestia Rýsskogo geograficheskogo obestvo. – 1873. – t.2. – S. 16 -42.
10. Venýkov M.I. Materialy dlia voennogo obozrenia rýsskih granits v Azii // Voennyi sbornik. 1872,– , № 1.– S. 25-41.
11. Shestakov M. Statistika dvijeniia kirgizskogo naseleniia // Sibirskaja gazeta. –1886,–№ 49.–11 mart.
12. Dobrosmyslov A.I. Zametki o narodonaselenii Týrgaiskoj oblasti // Orenbýrgskii krai. – 1893. – №17. – 14dekabr.
13. Matskevich V.G. Kirgizskie stepi Týrgaiskoj oblasti v holernýy epidemiiý 1892. – SPb.: «Tipografiia Týrgaiskoj oblastnogo pravleniia», 1893. – 68 s.
14. Sorokin B.O. Sostav kirgizskogo naseleniia v oblastiah Temirskogo ýezda. // Pamiatnaia knijka i adres-kalendar Ýralskoj oblasti na 1897 g. –Saratov; «Obestvennaia polza», 1897. – 46s.

15. Vasilev N. Kochevnik. Opyt ekonomicheskogo obzora. -Samarkand: «Tipografiya Týrkestanskogo voennogo okrýga», 1890.– 136 s.
16. Ýsov F. Statisticheskoe opisaniye Sibirskogo kazachego voiska. -SPb.: «Obestvennaya polza», 1879. – 238 s.
17. Borodin N. Ýralskoe kazache voisko. –Ýralsk: «Oblastnoye parvleniye», 1891 – T.1 – 128 s.
18. Ledenev N. Istoriya Semirechenskogo kazachego voiska. –Vernyy: «Semirechenskuyu pereselencheskoye úpravleniye», 1908. – 162 s.
19. Volkova T.P. Nekotoryye problemy istochnikovedcheskogo izýcheniya materialov ekspeditsiy F.A. erbiny //Voprosy istoriografii Kazahstana. –Alma-Ata: «Nayka», 1983. –S. 224-238.
20. Iamzin I.P. Pereselencheskoye dvizheniye v Rossii s momenta osvobojdeniya krestyan. – Kiev: «Tipografiya Balasheva», 1912. –361s.
21. Kayfman A.A. Pereseleniye i kolonizatsiya. –SPb., 1995. – 98 s.
22. Ochanovskiy N.P. Zakonomernost agrarnoy evolyutsiy. – Saratov, 1914, 108 s.
23. Sundetbayeva Sandugash The Newspaper “Turkestanskije Vedomosti” and The Beginning of The Development of The History of The Press in Central Asia// bilig WINTER 2018/NUMBER 84 1 1-21
24. Voinin V.P. Ocherki novogo Týrkestana.– SPb., 1914. – 260 s.
25. Palen K.K. Pereselencheskoye delo v Týrkestane. –SPb., 1910. – 310 s.
26. Gavrilov N. Pereselencheskoye delo v Týrkestanskom krae. –SPb., 1911. – 324 s.
27. Vasilev V.A. Semirechenskaya oblast kak koloniya i rol v nei Chýiskoi doliny.– Pg., 1915. – 156 s.
28. Loganov G. Rossiya v Srednei Azii// Voprosy kolonizatsiy. 1909. – № 4.–S. 2-76.
29. Shkapskiy O. Pereselentsy i agrarnyy vopros v Semirechenskoj oblasti // Voprosy kolonizatsiy.– 1907. –№ 1. – S. 22-27.
30. Sedelnikov T. Borba za zemlyú v kirgizskoi stepi. – SPb., 1907. – 222 s.
31. Komarov M.K. Pravda o pereselencheskom dele. –SPb., 1913. – 72 s.
32. Shmyrlo E. Komarov M.K. Hvatit li vody? // Týrkestanskije vedomosti.– 1904. –21 yanvar.
33. Iadrintsev N.M. Sibir kak koloniya. –SPb., 1912. – 298 s.
34. Tregýbov A.L. Pereselencheskoye delo v Semipalatinskoi i Semirechenskoj oblasti. – SPb., 1910. – 262s.
35. Týrchaninov N., Domrachev A. Itogi pereselencheskogo dvizheniya za vremya s 1910 pl 1914 gg. –Pg., 1916. – 98 s.
36. Chermak L.K. Pereselentsy v stepnom krae // Sibirskie voprosy. – 1908. – 3-mart.
37. Dýlatov M. Shy g armalary. –Almaty: «Jazyshy» , 1991–380 b.
38. Muhatova O. Qazaqstanda g y HH g asyrdyñ al g ashqy onjyldyqtarynda g y agrarlyq reformalar tarihnamasyy (1900-1929 jyldar). – Almaty: «Qazaq ýniversiteti», 2002. – 284 b.
39. «Aıqap». Qurastyryshylar Sýbhanberdina G., Dáýitov S. Almaty, «Qazaq entsiklopediyasy», 1995. – 398 b.
40. Bókeihan Á. Tañdamaly. – Almaty: «Qazaq entsiklopediyasy», 1995. – 442 b.
41. Tynyshpaev M. Istoriya kazahskogo naroda.–Alma-Ata: «Sanat», 1993. – 352 b.

**М.Е.РУСТАМБЕКОВА, А.А.ОСПАНОВА**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: mukhabat.rustambekova@ayu.edu.kz)*

### **ТҮРКИЯ МЕН ИРАН АРАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК САЯСАТЫНЫҢ ТАРИХЫ**

Мақалада Анкара мен Тегеранның аймақтық билік жолындағы саясатының тарихын бағалау арқылы қазіргі таңдағы екі ел арасындағы сыртқы дипломатиялық байланыстардың басты бағыттары мен осы байланысты шешуге ықпал етуші факторлар көрсетілген. Түркия мен Иранның серіктестік факторларына екі мемлекеттің бір-біріне өте ұқсас демографиялық және экономикалық потенциалын, сондай-ақ ұқсас экономикалық модельдердің жүргізілуін алға тартуымызға болады. Түркия мен Иран арасындағы достық пен бәсекелестік саясатын анықтау үшін алдымен екі мемлекеттің арасындағы «ұқсастықтарды» анықтап алғанымыз жөн болар.

**Кілт сөздер:** дипломатия, сыртқы саяси қарсыластық, шиеленіс, геосаясат, фактор.

**М.Е.Рустамбекова, А.А.Оспанова**

#### **История сотрудничества и конкурентной политики между Турцией и Ираном**

В статье дается оценка истории политики региональной власти Анкары и Тегерана, освещаются основные направления дипломатических отношений между двумя странами сегодня и факторы, способствующие решению этого вопроса. Фактору партнерства Турции и Ирана могут способствовать схожий демографический и экономический потенциал обеих стран и схожая экономическая модель. Чтобы определить политику дружбы и конкурентной политики между Турцией и Ираном, прежде всего мы должны сначала выявить «сходство» между двумя странами.

**Ключевые слова:** дипломатия, внешнеполитическое противостояние, напряженность, геополитика, фактор.

**M.E.Rustambekova, A.A.Ospanova**

#### **The history of partnership and competition policy between Turkey and Iran**

The article assesses the history of the policy of the regional authorities of Ankara and Tehran, highlights the main directions of diplomatic relations between the two countries today and the factors contributing to the solution of this issue. Factors of partnership between Turkey and Iran can contribute to the similar demographic and economic potential of both countries and similar economic models. To determine the policy of friendship and competition between Turkey and Iran, we must first identify the "similarities" between the two countries.

**Keywords:** diplomacy, foreign policy confrontation, tensions, geopolitics, factor.

Аймақтық екі ірі держава Түркия мен Иранның арасындағы қарым-қатынас серіктестік пен бәсекелестік элементтерінің араласуынан тұрады. «Жарысу» немесе «қарсыластық» факторларын екі елдің де ашық түрде аумақтық лидер болуға деген ұмтылыстарын атап айта аламыз. Мысалы Түркияның 2023 жылға дейінгі даму стратегиясында және 2025 жылға дейінгі Иранның перспективалы даму жобасында екі ел де аумақтық лидер болуды өз

стратегияларында мақсат ретінде алға қойған. Сонымен қатар белгілі бір территорияның аумақтық мүдделері әлемдік саясат конъюктурасына және дамудың арнайы мақсаттарына тәуелді.

Анкара мен Тегеранның аймақтық саясатын бағалау тарихын 2003 жылы Иракқа американдық әскерлердің басып кіру сәтінен бастаған дұрыс болар. Иран мен Түркияның сыртқы саясатының басты бағыттары 2003 жылдан басталмағаны хақ, дегенмен де осы тарихи оқиға екі елдің басты позицияларын бізге көрсететіні де бар. 2003 жылғы американдық әскерлердің Иракқа басып кіруіне Иран да, Түркия да қарсылық танытты. Кейін екі ел де Ирактың солтүстігіндегі күрд ұлтшылдарын АҚШ қолдап отыр деген күдіктерін ашық жариялады және осы оқиға өлкедегі суннит-шииттік балансына ықпал етеді деген қауіп танытты.

Алғашында американдық әскерлердің шабуылдауларына қарсылық танытса да Анкара өзінің аумақтық мүдделеріне қол жеткізу мақсатында Вашингтонмен тығыз байланыстарды жалғастырды [1,27 б].

Иран мен Түркия арасындағы қарсыластық саясатының тарихы кем дегенде жарты мыңжылдыққа созылған, оның ішінде екі елдің арасында болып өткен 11 соғысты да қоса есептеуге болады. Вашингтон Институтының докторы Сонер Чапатайдың пікірі бойынша Иран мен Түркия байланыстарын «аумақтағы ескі ойыншылардың күш сынасуы» деп сипаттауы бекер емес. Түркия мен Иран арасындағы бәсекелестік пен достық қарым-қатынастардың бірінің орнын бірі алмасуы сол аймақтың тарихи және саяси болашағына қалай әсер етуі мүмкін деген де сұрақ туындайды?

Түркия мен Иран арасындағы достық пен жарысу саясатын анықтау үшін алдымен екі мемлекеттің арасындағы «ұқсастықтарды» анықтап алғанымыз жөн болар. Екі мемлекеттің де тұрғындарының саны 80 миллионға жуық. Екі мемлекет те ежелгі өркениеттің бесігінде орналасқан, екі мемлекет те өздерінің империялық тарихын мақтаныш тұтады, екі мемлекет те Ресеймен дағдарысты (қақтығысты) кезеңдерді басынан кешірген және ең бастысы екі мемлекет те еуропалық колониализмінен аман қалған [2,45 б].

Екі елдің қазіргі лидерлері Али Хаменеи (Иран) және Реджеп Тайип Эрдоган (Түркия) мұсылмандық әлемдік қауымдастықты басқарғысы келеді, яғни мемлекеттік билік пен дін арасындағы ара-жіктер жасалмаған деген сөз.

Түркия мен Иранның серіктестік факторларына екі мемлекеттің бір-біріне өте ұқсас демографиялық және экономикалық потенциалын, сондай-ақ ұқсас экономикалық модельдердің жүргізілуін алға тартуымызға болады. Иран 2011 жылдан бастап ауқымды нарықтық реформаларды бастады, ал Түркия соңғы жылдары «вакф»-исламдық бизнесін белсенді түрде дамытуда.

Ираннан бұрыннан үлкен көлемдегі мұнай мен газ қорын пайдаланса, Түркия жақыннан өзінің алып экономикалық базасын құрып үлгерді. Тегеран өз күштерін шетелдік мемлекеттерде (әсіресе төрт араб астаналарында) күшейтсе, Анкара ішкі қарсыластармен күресін жалғастыруда [3,19 б].

Енді, екі мемлекеттің арасындағы айырмашылықтарға да көз жүгіртсек.

1.Түркия мен Иран мемлекеттеріндегі елді басқарудың саяси моделі бойынша түбегейлі өзгешеліктер байқалады. Түркия исламдық құндылықтарға негізделген партияның зайырлы мемлекетті табысты басқарудың үлгісін бізге көрсетсе, Иран Ислам дінін мұсылман қауымын демократияландырудың оңтайлы формасы ретінде санайды.

2. Екі мемлекеттің арасындағы айырмашылықтардың тағы бірі «араб соғысының» мәнін идеологиялық тұрғыдан анықтаудан да байқалады: Анкара халықтық қозғалыстарды деспоттық режимнен демократияға өту процесі ретінде қарастырса, Тегеран бұл қозғалыстарды ислам революциясы ретінде бағалайды.

3. Екі мемлекеттің басшылары да өзара конфессиялық түсінбеушіліктердің жоқ екендігін жариялағандығымен, Иран да Түркияда өз мемлекеттерінің ішкі аумақтық сунниттік-шииттік қайшылықтардың күн өткен сайын өсіп жатқандығын есепке алуға мәжбүр. Араб әлемімен қарым-қатынаста ұлттық фактор Иран үшін де, Түркия үшін де үлкен мәнге ие.

4. Статистикалық көрсеткіштер бойынша аталған мемлекеттің тұрғындары өз лидерлерін қолдау бойынша бір-бірінен ерекшеленеді десек болады, Иран азаматтарының 15 пайызы ғана Хаменеиді қолдаса, Эрдоган Түркия азаматтарының 45 пайызынан астамынан қолдау таба алады. Бұл айырмашылықтың басты себебі Ирандағы исламдық басқарудың ұзақ жылдарға созылуынан, жан басына шаққандағы табыстың айырмашылығынан (Иранда - 4700 \$, Түркияда - 10700\$) деген тұжырымға келеміз.

5. Екі мемлекеттің өзгешеліктерінің ішіндегі ең бастысы - Түркияның батыс елдеріне жан-жақты бойсұнғыштығы, бағыт-бағдарда сол елдерге сүйенуі. Түркия - НАТО мүшесі болып табылады, ал Иран ол ұйымның әсіресе Кавказ аймағында кеңеюіне белсенді түрде қарсылық танытушы мемлекет. Дегенмен де белгілі бір саяси жағдайларда батыс елдерімен тығыз байланысты орнатушы Түркия мемлекеті Иранның басқа да әлемдік державалармен дипломатиялық қарым-қатынастарын нығайтуда «байланыстырушы» қызметін атқарып та жатады [4,87 б].

Иран мен Түркияның байланысының шиеленісуіне алып келген Сириядағы жағдай мен екі елдің батыс елдеріне қатысты түрлі ұстанымдары, мемлекетті басқару моделінің әртүрлілігіне байланысты туындаған екі елдің арасындағы саяси-дипломатиялық қарама-қайшылықтарды саясатшылар мен тарихшылар екі елдің арасындағы байланыстар осылай қайшылықтарға толы күйімен жалғаса беретіндігіне сенім білдіреді. Дегенмен де екі елдің арасындағы дипломатиялық байланыстардың нығаюы мен жақсаруына негіз болатын саяси-дипломатиялық және тарихи-мәдени факторлардың жиынтығын бірнеше бағытқа жүйелей отырып, екі жақты форматтағы серіктестікті қамтамасыз етуші тұжырымдарды ұсынуға болады [5,7 б].

1. Екі мемлекеттің арасындағы қарым-қатынас тарихының күрделілігі. Екі мемлекеттің арасындағы байланыстардың қайшылыққа толы болғандығын Түркия мен Иран арасында болған соғыстардың саны дәлел бола алады, олардың саны - 11. Кейіннен Анкара мен Тегеранның империялық өткенінің ретроспективті бейнесінен осы мемлекеттердің кезінде ұлы державаларды құрушы ірі мемлекет ретіндегі тағдырларының ұқсастығын көрсетеді. Екі мемлекет те XX ғасырда ірі ұлттық мемлекеттерге айналды, бірақ өздерінің бұрынғы кейбір аумақтарынан айырғанын да мойындағанымыз дұрыс.

2. Мәдени идентификация. Тарихи процестерді зерттеуде өркениеттік бағыттардың негізін қалаушылардың бірі Н.Я.Данилевский XIX ғасырдың ортасында-ақ былай деген болатын: «Ұзақ мерзімді әрі тұрақты геосаяси серіктес құру үшін сол мемлекеттердің ең алдымен идеялық-мәдени негіздері ортақ болуы керек» [6,27 б]. Иран мен Түркия арасындағы серіктестіктің құрылуы жағдайында Данилевскийдің тұжырымдары консервативті құндылыққа негізделген деп бағаласақ та, екі мемлекеттің арасындағы діни



концепциялардың және діннің мемлекетті басқаруға араласуындағы идеялық ұқсастықтарды байқай аламыз. Иран мен Түркия мемлекетінде де өзіндік маңызды мәдени-идеологиялық жобалары бар, мысалы, «Иран мәдени континенті», Анкараның пантүріктік кеңістікте қайта қосылу идеялары. Осы идеялық жобаларда Азербайжан Республикасы қиылысу нүктесі ретінде орналасады, яғни бұл мемлекет Түркиямен этнолингвистикалық жақындығымен, ал Иранмен бір империяда көптеген уақытта өмір сүруімен, сондай-ақ діни бірегейлігімен сипатталады.

The tendency of movement from the concept of qualification to the concept of competence is global and is expressed in the fact that the system of higher professional education considers competences and competence as the leading criterion of the preparedness of a modern graduate to unstable working conditions and social life. Competence approach is an important link between the educational process and the interests of employers. Already, leading companies and state private departments formulate their requirements for staff in terms of competencies. If the traditional "qualification" of a specialist implied a functional correspondence between the requirements of the workplace and the goals of education, and the preparation was reduced to the students learning more or less a standard set of knowledge and skills, the competence-based approach assumes that the main focus is not only on students obtaining a certain amount of knowledge and skills, but also on the formation of a systemic set of competencies.

Thus, competence implies the development in a person of the ability to navigate in a variety of difficult and unpredictable work situations, to have an idea of the consequences of their activities, and also to take responsibility for them.

So, exploring the teacher's professional and pedagogical competence, scientists point out its main components: pedagogical, psychological knowledge; learning skills educational process, mastering pedagogical skills; experience of professional and educational activities; professionally important qualities of the personality of the teacher, including the ability to self-analyze and professional self-improvement. Along with this, in the positions of researchers of professional competence, there is a unity of views regarding its connection with the qualifications fictional characteristics and achievement of professionalism, ensuring the success of pedagogical activity, and at the same time there is a diversity regarding its structural content. At the same time,

knowledge, skills and abilities are considered as invariant components, and experience, various personal qualities, abilities, values, and attitudes are considered as variable components.

Analyzing the importance of the training of professionals in today's Kazakhstan, we conclude that one of the conditions for the teacher of the XXI century is the improvement of the professional education of the teacher. The professional self-education of a teacher is a systematic, comprehensive, personal and professional education that serves to satisfy the general merit and professional wishes, and to satisfy cognitive deficits. It is closely linked to the creative abilities and professionalism of a teacher, a multifunctional activity directly focused on the professional growth and pedagogical performance. In the end, this will undoubtedly have a positive effect on the formation of pupils' personality. First of all, the educational process is considered as a multi-tiered act, and secondly, as a functional system. The readiness of the mentor to improve his / her professional education is determined by the degree to which he / she determines the emotional assessment of his / her professional and pupil, using his / her actions and actions, necessary for the educational improvement activities. Only a person who is an individual is able to develop and develop. A teacher who can present himself as a professional and personal taste is always in a good mood to develop and improve his good qualities and abilities.

#### **REFERENCES**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы, Юрист. -2007.
2. Кан-Kalik V.A. Teacher of pedagogical communication: A book for teachers. - М.: Proscscheniye, 1987. - 190 p.
3. Leontiev A.A. Pedagogical communication (New in life, science, technology, Ser. "Pedagogy and psychology", No. 1). - М.: Znaniye, 1979. - P.
4. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы. «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Абдурахманов Н.А «Қазақстан тарихы» оқу құралы. –Алматы:- «Эверо» баспасы, - 2014. – 496 б.
5. Зборовский Г. Эффективность профессиональной подготовки: проблемы социологического измерения /Г.Зборовсий, Е. Шуклина // Высшее образование в России. – 2006. - № 3. –с. 121-126.
6. Беркимаев К.М., Еснқұлова А.О., Аманов А.А., «Communicative culture, communicative competence and professional competence as a component of future teachers in language», Англия, Лондон «Recent trend in Science and Technology management» № 1, V. 2, 2017=119-124 беттер.
7. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы
8. Фот М. О преподавании языков в школе // Вестник воспитания. 1902. № 5. С . 168–187.
9. Кухарев, Н.В. На пути к профессиональному совершенству [Текст] : кн. для учителя / Н.В. Кухарев. – М.: Просвещение, 1990. – 159 с. – (Мастерство учителя: идеи, советы, предложения).
10. Кузьмина, Н.В. Очерки психологии труда учителя: Психологическая структура деятельности учителя и формирование его личности [Текст] / Н.В. Кузьмина. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1967. – 183 с.

11. Кузьмина, Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения [Текст] / Н.В. Кузьмина. – М.: Высш. школа, 1990. – 119 с.
12. Митина, Л.М. Учитель как личность и профессионал [Текст] / Л.М. Митина. – М.: Дело, 1994. – 216 с.

#### **REFERENCES**

1. Kazakstan Respublikasinin Konstitutsiyasi. – Almaty, -2007. «Yurist» baspasi
2. Kan-Kalik V.A. Teacher of pedagogical communication: A book for teachers. - M.: Proscscheniye, 1987. - 190 p.
3. Leontiev A.A. Pedagogical communication (New in life, science, technology, Ser. "Pedagogy and psychology", No. 1). - M.: Znaniye, 1979. - P.
4. Kazakstan Respublikasi Prezidenti N.A. Nazarbayevtin joldau "Kazakhstan-2050 "Kaliptaskan memlekettin jana sayasi bagiti", Abdurahmanov N.A. "Kazakstan tarihi"oku kurali. – Almaty: -“Evero” baspasi, -2014. – 469 b.
5. Zborbovsky G. Effectivnost professionalnoy podgotovki: problemi socialnogo izmereniya n / Z. Zorbovsky, E. Shuklina // Visshee obrazovaniya v Rossii. - 2006. - № 3. - с. 121-126.
6. Berkimbaev K.M, Mutanova D.Yu., Esnkulova A.O, Amanov A.A., "Communicative culture, communicative competence and professional competence as a component of future teachers in language", England, London "Recent trend in science and technology management" № 1, 2, 2017 = Pages 119-124.
7. Bilim berudin degeilerinin memlekettik jalpiga mindetti bilim beru standarttarin bekitturali, Kazakstan Respublikasi Ukimetinin 2012 jylgy 23 tamyzdagy № 1080 kaulysy.
8. Pot M.O. O prepodavaniya yazykov v shkole. 1902. № 5. s. 168-187.
9. Kukharev, N.V. Na puti k professionalnomu sovershenstvu [Текст]: kn. dlya uchitelya / Н.В. Kuharev. - М.: Prosvscheniye, 1990. - 159 с. - (Masterstvo uchitelya: Idei, Sovety, predlozheniya).
10. Kuzmina, N.V Ocherki psihologii truda uchitela:Psihologicheskaya struktura deyatelnosti uchitelya I informirovaniye ego lichnosti [Текст] / N.V. Kuzmina. - L.: Izd. LGU, 1967. - 183 с.
11. Kuzmina, N.V Professionalism lichnosti prepodavatelya I мастера proizvodstvennogo obucheniya [Текст] / N.V. Kuzmina. - М.: Vysch.shkola, 1990. - 119 с.
12. Mitina, L.M. Uchitel kak lichnost I professional [Текст] / L.M. Mitina. - М.: Delo, 1994. - 216 с.

**Ш.Т.ТҮРДАЛИЕВА**

*Тараз Мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз, Қазақстан  
(E-mail: chopik\_74@mail.ru, T.sholpan.turdaliev@gmail.com)*

**ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ - ПЕДАГОГТЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ**

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесінде қызмет ететін педагог, ең алдымен жеткілікті деңгейде коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан және толерантты, жеке тұлғаға бағытталған білім беру және коммуникативті технологияларды қолдана алатын, оқу-тәрбие үдерісін еркін басқаратын маман болуы қажет.

Мақалада инклюзивті ортадағы педагогтардың толеранттылығы және коммуникативтік құзыреттілігі туралы мәселе қарастырылған. Қазіргі таңда инклюзивті ортада мүмкіндігі шектеулі балалармен бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда педагог пен оқушылардың да толеранттылық қабілетінің болуының маңыздылығы сипатталады.

**Кілт сөздер:** толеранттылық, инклюзивті орта, қарым-қатынас, коммуникативтілік, ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалар.

**Ш.Т.Турдалиева**

**Толерантность как основное условие инклюзивной компетентности педагога**

Современный педагог, работающий в системе инклюзивного образования, должен обладать достаточным уровнем коммуникативной компетентности и толерантности, быть способным реализовать личностно-ориентированные образовательные и коммуникативные технологии, гибко управлять учебно-воспитательным процессом.

В статье рассмотрена проблема толерантности и коммуникативных компетенций педагогов в инклюзивной среде. В работе охарактеризована значимость толерантности педагогов и учащихся для благоприятной организации совместной деятельности с детьми с ограниченными возможностями.

**Ключевые слова:** толерантность, инклюзивная среда, общение, коммуникативность, лица с особыми образовательными потребностями.

**Sh.T.Turdaliyeva**

**Tolerance as the Basic Condition for Teacher's Inclusive Competence**

A modern teacher working in the system of inclusive education should have a sufficient level of communicative competence and tolerance, should be able to implement personally-oriented educational and communicative technologies, and flexibly manage the educational process.

The article deals with the problem of tolerance and communicative competences of teachers in an inclusive environment. The work describes the significance of tolerance of teachers and students for the favorable organization of joint activities with children with disabilities.

**Keywords:** communicative tolerance, inclusive environment, communication, communicativeness, people with special educational needs.

Инклюзивті орта - дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды

жалпы білім беру кеңістігіне енгізу, олардың сапалы білім мен тәрбие алу жолындағы кедергілерді жоюға қолдау көрсетуге бағытталған әлеуметтік орта.

Осы әлеуметтік ортаны ұйымдастыратын және қалыптастыратын тұлға ол - педагог. Ал, білім беру жүйесінде инклюзивті орта педагогының қандай тұлғалық және кәсіби сапаларды меңгергені маңызды мәселелердің бірі. Ол педагогтың ең алдымен кәсіби білімділігімен қатар, оның коммуникативті толеранттылығы. Өйткені, инклюзивті ортада білім алатындарға ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, мигранттар мен қандастарымыздың балалары, аз ұлттардың балалары, қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар жатады.

Инклюзивті орта педагогының қызметінің мақсаты мен міндеттері де соған бағыттталып, сол мақсатқа лайық бағдарланып жұмыс жасалуы қажет. Ерекше баланың бойындағы жасырын мүмкіншіліктерін танып, анықтап және оны дамытудың әдістері мен тәсілдерін, жұмыс формаларын тәжірибелік жолмен де, теориялық жолмен де зерттеу керек.

Педагог үшін адамдарды біріктіру мәселесін зерттеудің екі аспектісі бойынша қарастыру маңызды. Олар: біріншіден, адамдарды біріктіру тұлғаны қалыптастыру шарты ретінде көрінсе, екіншіден, тұлғаға тиімді жан-жақты жағымды ықпал ету құралы болып табылады. Аталған аспектінің екеуі де өзара тығыз байланысқан. Адамды өмір сүріп, жұмыс жасап, оқып отырған ортасынан тыс тіршілік етуін елестету мүмкін емес. Ол әсіресе ерекше тұлғалар үшін өте маңызды. Ерекше тұлғаларды ортаға біріктіру үрдісі инклюзивті білім беру жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Инклюзия - барлық тұлғалардың жалпы білім беру ұйымдарында білім алуын қамтамасыз ететін, ерекше балалардың білім мен тәрбие алуына қолдау көрсетілетін, олардың барлық кедергілерін жойып ортаға біріктіруіне бағытталған үрдіс.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту - 2011-2020 жылдардағы ҚР Мемлекеттік білім беру бағдарламасының басым бағытының бірі. Сондай-ақ ерекше білімді қажет ететін балалардың сапалы білім алуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген. Барлық білім беру мекемелерінде инклюзивті орта құру (ресурстық орталықтар, сыныптар, арнайы кабинеттер т.б.) [1].

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларды жалпы білім беруге қосу нысандары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік ережесінде» көрсетілген [2]. Бұл арнайы және инклюзивті білім беру жүйесі барлық оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған ПМПК ұсынымдары негізінде даярланған арнайы және жалпы білім беретін оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асыру қажеттігі сипатталған.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру сау балаларлармен мүмкіндігі шектеулі баланы бірге оқыту. Мүмкіндігі шектеулі баланы қазіргі таңда «ерекше» бала деп атаймыз. Инклюзивті ортада (сыныпта) ерекше балалар саны 2 артық болмауы тиіс.

Профессор С.М.Жақыповтың пайымдауынша, әлеуметтік белсенділік, адамгершілік, тұлға қабілеттерін жетілдіру – білім берудің ең басты міндеті, бұл мектеп реформасының қарқыны мен бағыттарының дұрыс шешілуіне тікелей байланысты [3]. Бұл қазіргі таңда жалпы білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жүйесін ұйымдастыруда бірқатар мәселелердің бар екені анықталды. Ол объективті және субъективті себептер.

Объективті себептер: арнайы ерекше материалдық-техникалық жабдықтардың түгел болмауы, оқу-әдістемелік құралдардың толық еместігі және т.б.

Субъективті себептер: педагогтың мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс жасау қабілетінің төмендігі, кәсіби құзыреттілігінің қалыптаспағандығы, кәсіби шеберлігінің аздығы, мүмкіндігі шектеулі баламен бір сыныпта оқуға басқа оқушылардың психологиялық дайын болмауы, ата-аналардың және т.б.



Инклюзивті білім беру жұмысы белсенді қатысқан ата-ананың, түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдау көрсететін ұйымдар мен педагогтардың арнайы ұйымдастырылған бірлескен іс-әрекеті негізінде жүзеге асырылады. Әсіресе, жалпы білім беретін мектептерде педагогтардың ықпалы маңызды. Өйткені баланың білім беру іс-әрекеті ұйымдастыратын тұлға - ол педагог. Олай болса, педагог көмекке мұқтаж адамға жәрдемдесу даярлығы, өзгелерге қарағанда өзіне талапшыл болу, айналасындағыларға жауапкершілікті өз мойнына алу, жиі күлімсіреу және жақсы көңіл-күйде болу қасиеттерін меңгеруі қажет.

Бұл инклюзивті ортада білім алатын балалардың тұлғалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне жағымды қатынасын қалыптастыру педагогтың коммуникативті құзыреттілігін, толеранттылығын қажет етеді. Ал, инклюзивті білім беру жағдайында толеранттылық мүмкіндігі шектеулі балаға да қолдау көрсетумен сипатталады. Толеранттылық – адамның адамгершілік қасиеті, маңызды құндылық. Ол әлем елдерінің мәдениетіне құрмет көрсетіліп, адамгершілік қасиеттері мен кісілік келбетінің толеранттылық қағидасының сақталуы.

Толеранттылық заманауи адамның басты құзыреттіліктерінің бірі болып табылады. Себебі, оның болашағы тек жеке тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар жалпы адамзат ретінде өмір сүруге және жанжақты дүниеде конструктивті іс-әрекет жасауға деген дайындығы мен қабілеттілігіне байланысты.

«Толеранттылық» сөзінің астарында әртүрлі ұлттық мәдениеттердің түсінігіне назар аударарлық.

Толеранттылық - бұл төзімділік, шыдамдылық деген мағынаны білдіреді. Ал, испанша - өзінікінен өзге идеяларды немесе көзқарастарды мойындау қабілеті, французша - өзгелерге өзінікінен басқаша ойлауға немесе әрекет етуге жол берілетін қатынас, ағылшынша - шыдамды болуға даярлық, кішіпейілдік, арабша – кешірім, кішіпейілдік, жұмсақтық, рақымшылдық, жанашырлық, мейірбандық, шыдамдылық, өзгелерге деген пейіл. Сонымен қатар, қытайша - басқаларға қайырымды болуға мүмкіндік беру және қайырымдылықты қабылдау.

Бағыты бойынша толеранттылықты төмендегіше ажыратуға болады:

- сыртқы толеранттылық (өзгелерге) - тұлғаның өзгелердің дербес пікірін, мойындауға, даулы жағдайды әртүрлі жақтан қарастыруға, әртүрлі аспектілері мен дәлелдерін ескеруге мүмкіндік беретін қалыптасқан сенім.

- ішкі толеранттылық (ішкі тұрақтылық) - даулы жағдайда тепе-теңдікті сақтау, шешім қабылдау, әрекет ету қабілеті.

Толеранттылық қатаң өзара әрекеттестік жағдайын қашуды емес, түзетпелі қарсылықты, өзара әрекеттестіктің қиын жағдайларында эмоцияларыңызды шиеленістірмей, дұрыс арнаға бағыттап, соққыға іштей берілмейтініңізді болжайды.

Х.Т.Шерьязданова қарым-қатынас процесін ұйымдастыруды баланың психикалық және тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін құрал ретінде зерттеді. Оның еңбегінде қарым-қатынасты ұйымдастыру мен қолдау болатын жағдайлар, сонымен қатар қарым-қатынастың тұлға дамуындағы рөлі сипатталған [4]. Бұл инклюзивті ортада барлық балалармен дұрыс қарым-қатынас жасаудың маңыздылығын анықтайды.

Қазіргі таңда педагогтардың кәсіби іс-әрекетінде бірқатар өзгерістер мен жаңалықтар ендірілді. Ол 12 жылдық білім жүйесі, жаңартылған білім беру негізінде оқушыларды бағалау мен сабақ беретін пәндерінің тапсырмалар жүйесінің жаңашылдығы және т.б. Бұл педагогтардың кәсіби даярлығы мен кәсіби іс-әрекетін ұйымдастырудың жан-жақтылығымен, педагогикалық қарым-қатынас техникалары мен ережелерін терең меңгеруімен сипатталады. Сыныпта немесе топтағы мүмкіндігі шектеулі баланы ортаға

бейімдеу, қалыпты балалардың ерекше қажеттілікті талап ететін балаға жағымды көзқарасын қалыптастыру, өзге ұлт өкілінің мінез-құлқын тану сияқты мәселелерді шешу педагогтың коммуникативті толеранттылығының көмегі арқылы жүзеге асырылады.

Биылғы оқу жылында біздің университетімізде 18 мүмкіндігі шектеулі білім алушы тіркелген, сонымен қатар, 760 астам Ресей, Түркімен, Өзбек, Тәжік, Қырғыз, Моңғол, Украин мемлекеттерінің азаматтары да білім алады. Сондықтан, университетте білім беретін оқытушылар мен сол тұлғалармен бір топта білім алатын студенттердің де инклюзивті білім беру туралы сауаттылығының болуы қажет. Өйткені, олар ертеңгі педагог. Ал, педагогтың негізгі кәсіби қасиеті оның коммуникативті құзыреттілігі, толеранттылығы, қарым-қатынас шеберлігі. Кез келген тұлғалармен тілтабысқыштығы, әр түрлі ситуацияларды басқара алуы мен төзімділігі.

Адамдарды басқару оның табиғатының талаптарына қарама-қарсы басымдықпен, манипуляция жасау, күштеп объектіге әсер етуі емес, керісінше, оның жеке даралық ерекшелігін максималды есепке алу болып табылады. Осыған орай адамдарды басқару бойынша іс-әрекеттің екі түрі ұсынылады. Олар: біріншіден, кәсіби жүзеге асырылатын - педагог, психолог, тәрбиеші, офицер және т.б. Екіншіден, кәсіби іс-әрекеттің тиімді қажеттілігі жағдайының бірден бір бөлігі ретінде орындалатын ұжым және ұйымдардың жетекшілері. Адамдарды басқару қызметтік іс-әрекеттің гностикалық, прогностикалық, жобалау, коммуникативті-ақпараттық, мотивациялық, басшылық, ұйымдарда, оқыту, тәрбиелеу, бақылау, бағалау, түзету сияқты түрлері бойынша ажыратылады.

ТарМПУ барлық мамандықтарының 3 курс оқу-жұмыс бағдарламаларына «Инклюзивті білім беру» пәні (2 кредит) ендірілген. Пәннің негізгі мақсаты – студенттерге ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерекшеліктері бойынша білімдерін, әдістемелік білім беру негіздерін, инклюзивті ортада психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін ұйымдардың ерекшеліктері бойынша түсініктерін, коммуникативті құзыреттілігі мен толеранттылығын қалыптастыру, болашақ педагогтардың инклюзивті ортада жұмыс әдістерімен таныстыру.

Пәнді бастамас бұрын барлық студенттерден «Инклюзивті білім беру туралы бұрын естідіңіз бе?» - деген сұрақ жүргізілді. Студенттер «сирек», «иә», «жоқ» деген үш жауаптың біреуін таңдауы қажет болған. Жалпы 325 студенттен жауап алынды, оның ішінде «сирек» деген жауапты 105 студент 32,3% , «иә» деген жауапты 120 студент 37%, ал «жоқ» деген жауапты 100 студент 30,7 % деген жауаптарды берді. Бұл студенттердің басым көпшілігі инклюзия туралы білімдерінің жоқ немесе төмен екендігін білдірді.

Сонымен қатар, университеттің оқытушылары және мектептің мұғалімдеріне де сауалнама жүргіздік. Сауалнама келесі сұрақтардан тұрды. Олар:

1. Инклюзивті педагог болу дегеніміз не?
2. Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалар дегенді қалай түсінесіз?
3. Инклюзивті ортада жұмыс жасайтын педагогтарды қалай даярлауға болады?
4. Инклюзивті ортада жұмыс жасайтын педагогтарға қалай көмек беруге және қолдауға болады?
5. Инклюзивті педагогқа қандай қасиеттер болуы қажет?

Сауалнама нәтижелерін келесідей талқыға салуға болады:

1. Инклюзивті педагогты мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру, қолдау көрсету деген жауапты сұрастырғандардың шамамен 58%-ы берді, ал 30% педагогтар инклюзивті білім беру жүйесінің мақсат міндеттерін көрсеткен, 12%-ы инклюзивті білім беру жайлы дұрыс мағлұмат білмейді;

2. Сауалнамаға қатысқан педагогтардың басым көпшілігі келесі сипатамалар жасаған: Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалар туралы хабардар, олар оқу барысында көмекке мұқтаж жандар, әркімнің білім алуға құқығы бар, барлық балалар тең.

3. Инклюзивті ортада жұмыс жасайтын педагогтарды қолдайтынын көрсеткенімен, жауап бергендердің аздаған үлесі инклюзивті білім берудің қиындығын да атап өткен және арнайы дайындықтың қажеттігін көрсеткен;

4. Барлық педагогтар ең бірінші қосымша төлем ақы, жүктеме сағат санын қысқарту, аздаған үлесі инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін арнайы әдістемелік және техникалық құралдармен толық жабдықтауды ұсынған және бірсыпыра шамамен жауап бергендердің 10%-ы инклюзивті ортада жұмыс жасауға ешқандай қызығушылығы жоқ екенін көрсеткен;

5. Соңғы бесінші сұрақ бойынша ұқсас жауаптар: эмоционалды ұстамды, толерантты, шыдамды, мейрімді, төзімді.

«Инклюзивті білім беру» пәнінде студенттерде қарым-қатынастағы толеранттылық туралы анық түсінік, айналадағы адамдармен тиімді өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Толеранттылықтың рецепті» жаттығуын ұйымдастырдық. Бұл жаттығу шағын топтармен жүргізілетін жұмыс болғандықтан семинар сабақта жүргізілді.

Жаттығудың нұсқауы: «рецепт» – толерантты адамның бейнесін құру.

Кез келген рецептің ингредиенттері және даярлау тәсілі болады.

Топпен жұмыс жасаған соң, сөз алған адам міндетті түрде 2 факторды бөліп көрсетуі тиіс: 1 фактор – «Толеранттылық ингредиенттері» – адам тұлғасы мінезінің психологиялық қасиеттері болса, 2 фактор – «Толеранттылықты даярлау тәсілі»- ондай адаммен өзара әрекеттесу әдіс-тәсілдері.

Студенттер «толеранттылық» рецепті бойынша торт, сорпа, ассорти және т.б. тағамдар даярлады.

Жұмыс барысында студенттерге талқылауға төмендегі сұрақтар қойылды:

- Қандай «Толеранттылық рецепті» бәрінен артық ұнады?

- Толеранттылықтың ингредиенттері немесе жасалу тәсілі маңызды ма?

Осы сұрақтарға студенттердің 50% келесі жауаптарды берді: «егер ингредиенттер түгел болмаса, дайындалатын тағам дұрыс болмайды», «тағамның дәмді, дұрыс даярлануы аспазшының шеберлігіне байланысты» және т.б. Бұл болашақ педагогтардың инклюзивті ортада жұмыс жасай алуы үшін студенттердің бойында қандай қасиеттерді қашан және қалай қалыптастыруымыз қажеттігін нақтылайды.

Олай болса, кез келген адамның толеранттылығын дамытуға көмектесетін бірқатар ережелер бар. Ол ережелер басқа адамға деген шыдамдылықты, төзімділікті қалыптастыру үшін қажет. Бұл:

- Өзгелердің бойынан мін іздемеу;

- Өз міндеттерін жақсы білгенде ғана, өзінің құқықтарын қорғау;

- Конфликтіні алдын алу, сынды қабылдай алу;

- Күш жұмсау, зорлық-зомбылықсыз да жағымды сөздермен өзгені қаратуға және бағындыруға болады;

- Айтылатын сөздерімізге емес, біздің сол сөзді айтқандағы қылықтарымызға мән беріледі;

- Орынды айтылған қызықты әңгіме мен қалжың басқалардың өмірін жадыратады;

- Басқаны сыйлау және олардың ерекшелігін қорламау,

Бұл жаттығу студенттердің ерекше балалармен жұмыс жасау үшін қандай психологиялық даярлықтың қажет екенін ұғындырды.

Жоғарыда жүргізілген жұмыстардан педагогтың кәсіби қалыптасуында негізгі факторлардың бірі – ол дұрыс қарым-қатынас жасау қабілеттілігі. Қарым-қатынас адамды толық түсінуге, оның рухани-адамгершілік қасиеттерін, дамуын, жетілуін және индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерін білуге мүмкіндік туғызады.

И.А.Оралканованың пікірінше, мұғалімдердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа даярлығы деп инклюзивті білім беру талаптарын есепке ала отырып оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда кәсіби әрекетті жоғары мотивациялық-құндылықтық деңгейде орындауға мүмкіндік беретін үйлесімді өзара әрекеттесуші, өзара толықтырушы психологиялық және кәсіби сапалардың кешені ретінде айқындайды [5].

Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Қ.Б.Жарықбаев былай деген: «Адамның психологиялық ерекшеліктері, оның өмір сүретін ортасына қоғамдық тікелей әсер етуінен қалыптасып отырады. Жеке адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады, қоғамдық тәрбие арқылы адам белгілі мазмұнға ие болады» [6, 66 б]. Сондықтан адамның жеке басының психологиясын ұғынуда оның бағытын көрсететін компоненттермен қатар (әлеуметтік орта, білімі, нақтылы кәсібі және т.б.) танымдық ерекшеліктерін, тұлғалық дамуымен қатар жеке мүмкіндіктерін де толық меңгеруімізді талап етеді.

Инклюзивті ортада қызмет жасайтын педагогтарды даярлайтын университеттің профессор-оқытушылар құрамының да инклюзивті білім берудің ерекшелігі туралы ақпарат беру мақсатында арнайы семинарлар ұйымдастырылады. ТарМПУ-де Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті және Литваның Ұлы Витаутас ат. университетімен бірлескен **«Педагогтың инклюзивті құзыреттілігі: қалыптастыру әдістері»** тақырыбына арналған Халықаралық тәжірибелік семинар өткізді. Семинарда инклюзивті білім беру жүйесіне педагогтарды даярлау мен педагогтың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Біздің университетіміз болашақ педагогтарды даярлайтын оқу орны болғандықтан, коммуникативті құзыреттілік, толеранттылықты кәсіби білімімен қатар танымдық-тәрбиелік іс-әрекеттер арқылы да қалыптастырумыз қажет. Ол, студенттермен ұйымдастырылатын түрлі танымдық-тәрбиелік іс-шаралар. Олар: қайырымдылық концерті («Үлкендерге қамқорлық» қарттар үйіне арналған іс-шара), балалар үйіне арналған акциялар («Балаларға қуаныш сыйлайық»), студенттер арасындағы сауалнамалар, волонтерлық іс-әрекеттер және т.б.

Мүмкіндігі шектеулі бала көптеген жағдайлардың ерекше жиынтығымен анықталады. Бұл - әр балаға оның өмірінің осы кезеңде қойылатын талаптар жүйесі, айналасындағылармен қарым-қатынастарының мәнісі, ол игеретін білім мен іс-әрекеттер типі.

Т.П.Абакированың пікірінше, адамдар арасындағы қарым-қатынас кең мағынада - адамның коммуникативті ұйымдастырушылық іс-әрекетіне психикалық дайындығы болып табылады [7, 15 б.]. Ол тұлғаның коммуникативті қасиеттерін қалыптастыруда әлеуметтік-психологиялық факторлардың негізгі кезеңдерін зерттеді. Сонымен қатар, қарым-қатынас белсенділігін дұрыс ұйымдастырылған бірлескен іс-әрекет арқылы дамыту жолдарын тұжырымдады.

Әрбір жеке адамға тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті, білімі мен тәрбиесі бар екенін ескере отырып, қарым-қатынасқа деген ынтасын арттыру - олардың жеке басылық қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға мүмкіндік жасау болып табылады. Дамудың барлық кезеңінде баланың ортаға дағдылануы және мінез құлқының сапалы үлгілерін меңгеруі, жеке басының психикалық қасиеттері қалыптаса бастайды. Адамның психикасы тіршіліктің барлық кезеңінде үздіксіз дамиды. Кеңес психологтарының (А.Н.Леонтьев, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн) теорияларына сәйкес баланың психикалық дамуы әлеуметтік ситуациямен анықталады, бұған оның қоғамдағы орны, үлкендер және құрбыларымен қарым-қатынас жүйесі жатады.

Белгілі қазақ психологы С.Қ.Бердібаева субъектіні белсенділіктің, тұтастықтың (жүйеліктің) жоғарғы деңгейіндегі адам ретінде қарастырды. Субъект - жоғары жүйелік

тұтастық. Субъект ұғымы өте кең мағынаға ие, ол табиғи, әлеуметтік, қоғамдық, индивидуалдылықтың бірлігінде үздіксіз дамиды. Біз болмысты (адамдар, заттар әлемі) танимыз, оларға әсер етеміз, оны іс-әрекет процесінде өзгертеміз [8, 11 б]. Бұл ерекше балаларды қоғамға кіріктіру, жалпы білім беруге біріктіру мәселесінде оның болмысын қалыпты қабылдау, оның ішкі әлеміне ену, мүмкіндігін ашу болып табылады.

Дамудың әлеуметтік жағдайы кездейсоқ құрылмайды, бала және оның айналасындағылар арасындағы жанды өзара әрекеттестік процесінде жасалады. Бұл пікір Э.Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» еңбегінде түрлі мысалдар мен оқиғалар арқылы адамның нәсіліне, әлеуметтік жағдайына қарамастан ол тұлға екенін көрсетеді [9]. Тұлға ретінде қалыптасуында әлеуметтік ортаның маңыздылығы ерекше екенін ұғындырады. Бұл кез келген адамның қоғамдық ортада өзіндік орынын анықтайды. Демек, мүмкіндігі шектеулі баланы да қоғамдық ортадан шеттетпеуіміз қажет. Ол инклюзивті ортада оқыту мен тәрбиелеу оның психикасы мен жеке дара ерекшеліктерін, шығармашылық қабілетін дамытады, өзін толыққанды тұлға ретінде сезінуіне, қоғамдық ортада әлеуметтенуіне қолдау көрсетіледі. Ал, инклюзивті ортадағы қалыпты бала үшін, оның мейірімді, қамқор, толерантты, еңбекқор (жалаулықтан арылуға мүмкіндік) және жағымды мінез-құлық ерекшеліктерінің қалыптасуына түрткі болады.

Адамның танымдық іс-әрекеті қарым-қатынас процесінде дамиды. Бұл Н.Қ.Тоқсанбаеваның пікірінше, қарым-қатынасты белгілі бір тұлғааралық өзара байланысты қалыптастыру мақсатындағы бірлескен іс-әрекеттің мазмұны мен идеяларымен, қызығушылықтарымен, әртүрлі көзқарастарымен, эмоциямен, көңіл-күйлерімен және т.б. танымдық іс-әрекет арқылы жүзеге асырылатынын сипаттаған [10]. Демек, толеранттылық педагогтың инклюзивті ортада дұрыс қарым-қатынасқа түсуіне көмектесетін қарым-қатынас құралдары болып есептеледі. Қарым-қатынас акты келесі компоненттер бойынша талданады және бағаланады: адресант – қарым-қатынас субъектісі, адресат – хабарлама кімге бағытталған, хабарлама – хабардың берілетін мазмұны, код – хабарлама жіберілетін құрал, байланыс каналы және нәтиже – қарым-қатынас нәтижесінде қол жеткізілгендер. Ал, инклюзивті ортада осы қарым-қатынас құралдарының педагог үшін анық болуы маңызды.

Сондықтан, толеранттылық - бұл білім алушылардың ұлтына, нәсіліне, әлеуметтік жағдайына, жеке даралық ерекшеліктеріне, дене мүмкіндіктеріне қарамастан оны жеке тұлға ретінде қабылдап, оған ұстанымды, төзімді, мейірімді, психологиялық-педагогикалық қолдау білдіретін педагогтың кәсіби тұлғалық қасиеттерінің феномені болып табылады.

Қорыта келе, бірлескен іс-әрекет жағдайында толеранттылық инклюзивті ортада қарым-қатынасқа түсуші субъектілердің өзара түсінісушіліктері, жеке дара ерекшеліктері мен танымдық қабілеттерінің дұрыс дамуына ықпал етуімен сипатталады.

## **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан. 17.12.2010.
2. Жалпы білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік ережесі ( 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 ҚР Үкіметінің Қаулысы) //http://online.zakon.kz/
3. Джакупов С.М. Управление деятельностью студентов в процессе обучения: Учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. -117 с.
4. Шерьязданова Х.Т. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов и психологов дошкольного образования: дис. на. доктора. психол. наук.: 19.00.07. – М., 1999 -322 с.
5. Оралканова И.А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дис. ... докт. философии (PhD). – Алматы, 2014. – 210 с

6. Жарықбаев Қ.Б. Психология. - Алматы: Мектеп, 1970. - 323 б.
7. Абакирова Т.П. Социально-психологические факторы формирования коммуникативных свойств личности: дис. на. канд. психол. наук.:19.00.01. -Новосибирск, 2000. -173 с.
8. Бердібаева С.Қ. Таным субъектісі: танымдық процестер: Оқу-әдістемелік құрал. -Алматы: Қазақ университеті, -2004. -75 б.
9. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе [Мәтін] / ауд. Д.Д.Дүйсенбеков, М.К.Жолдасова, Э.К.Калымбетова [ж.т.б.] // Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық.- Алматы, 2018
10. Тоқсанбаева Н.Қ. Психологиядағы қарым-қатынас мәселесі. // Білім беру жүйесінде адам ресурстарын басқарудың қазіргі тенденциялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2005. – 345-347 б.

### **REFERENCES**

1. QR bilim berýdi damytýdyń 2011-2020 jyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы //Egemen Qazaqstan. 17.12.2010.
2. Jalpy bilim berý uıymдарының қызметінің үлгілік ережесі ( 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 QR Úkimетінің Қаулысы) //http://online.zakon.kz/
3. Djakýpov S.M. Úpravlenie deiatelnostý stýdentov v protsesse obýchenıa: Ýchebnoe posobie. - Almaty: Qazaq ýnıversiteti, 2002. -117 s.
4. Sheriazdanova H.T. Psihologicheskie osnovy professionalnoi podgotovki pedagogov i psihologov doshkolnogo obrazovanıa: dis. na. doktora. psihol. naýk.:. 19.00.07. – M ., 1999 -322 s.
5. Oralkanova I.A. Formirovanie gotovnosti ýchıtelerı nachalnyh klassov k rabote v ýsloviiah inkliýzivnogo obrazovanıa: dis. ... dokt.filosofıı (PhD). – Almaty, 2014. – 210 s
6. Jaryqbaev Q.B. Psihologıa. - Almaty: Mektep, 1970. - 323 b.
7. Abakirova T.P. Sotsialno-psihologicheskie faktory formirovanıa kommýnikativnyh svoıstv lichnosti: dis. na. kand. psihol. naýk.:.19.00.01. -Novosibirsk, 2000. -173 s.
8. Berdibaeva S.Q. Tanyım sýbektisi: tanyımdyq protsester: Oqý-ádistemelik qural. – Almaty: Qazaq ýnıversiteti, -2004. -75 b.
9. Aronson E. Kópke umtylgan jalgyz. Áleýmettik psihologıaға kirispe [Mátin] / aýd. D.D.Dúsenbekov, M.K.Joldasova, E.K.Kalymbetova [j.t.b.] // Rýhani jańgyrý. Jańa gýmanitarlyq bilim. Qazaq tilindegi 100 jańa oqýlyq.- Almaty, 2018
10. Toqsanbaeva N.Q. Psihologıadagy qarym-qatynas máselesi. // Bilim berý júesinde adam resýrstaryn basqarýdyń qazirgi tendentsıalary: Halyqaralyq gylımi-praktıkalyq konferentsıa materialdary. - Almaty, 2005. – 345-347 b.

**А.А.ЖОЛДАСБЕКОВ<sup>1</sup>, К.М.БЕРКИМБАЕВ<sup>2</sup>, Е.Е.МЫРЗАБЕКОВ<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан  
(E-mail: [abeke56@mail.ru](mailto:abeke56@mail.ru))

<sup>2</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
<sup>3</sup>Қазақ инженерлі-педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ КРЕАТИВТІ ТҰЛҒАЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада тұлғалардың креативті белсенділігін жоғары деңгейге көтеру әрі креативті санатта өзін-өзі дамытуға бағытталған материалдарды меңгеруге арналған жетілдіруші әдістер мен тәсілдер, сондай-ақ олардың алуан түрлерін ойын түрінде кескіндеу әрекеттері айқын әрі нақты ұсынылған.

Қазіргі кезде креативті-шығармашыл, бәсекеге сай тұлғаға сұраныс өте жоғары және уақыт өткен сайын мұндай сұраныстар үнемі өсіп отыратыны белгілі. Сондықтан бәсекеге лайықты тұлғаның креативті-шығармашылық қабілетін дамытуына жан-жақты ынталдыру үшін кәсіби білім беретін орындарды осы бағытқа бағыттаудың маңызы зор.

Ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі бүгінгі қоғамдағы ең өзекті мәселелерінің бірі – интеллектуалды және креативті күшті кәсіби шебер мамандарды өсіру. Ол кәсіби білім беруді дамытудың жаңа мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес білім беру ортасын модернизациялау қажеттілігімен байланысты.

**Кілт сөздер:** креативтілік, креативті тұлға, студенттің креативтілігі, шығармашыл белсенді тұлға, өзін-өзі реттеуші.

### **А.А.Жолдасбеков, К.М.Беркимбаев, Е.Е.Мырзабеков Психолого-педагогические особенности развития креативной личности студента**

В данной статье раскрываются приемы игрового моделирования как наиболее перспективного метода и формы получения материала креативной самореализации и выращивания более высоких уровней креативного потенциала личности участников.

В современных условиях спрос на креативно - творческую, конкурентоспособную личность чрезвычайно велик и он будет постоянно возрастать. Поэтому значимость ориентации профессионального образования на всестороннее стимулирование креативно-творческого саморазвития конкурентоспособной личности не вызывает сомнений.

Проблема повышения конкурентоспособности нации, наращивания интеллектуального и креативного потенциала профессионально мобильных специалистов все настойчивее выдвигается в разряд наиболее актуальных задач современного общества. Она связана с необходимостью модернизации образовательной среды в соответствии с новыми целями и задачами развития профессионального образования.

**Ключевые слова:** креативность, креативная личность, креативность студента, творчески активная личность, саморегуляция.

**A.A.Joldasbekov, K.M.Berkimbayev, E.E.Mirzabekov**

**Psychology and pedagogical features of development of a creative personality of the student**

In this article is considered methods of game modeling as most perspective method and form of receiving material of creative self-realization and cultivation of higher levels of creative potential personality of participants.

In modern conditions demand on creatively - the creative, competitive person is extremely high and it will constantly increase. Therefore the importance of orientation of professional education to comprehensive stimulation of creative and creative self-development of the competitive personality does not raise doubts.

The problem of improving competitiveness of the nation, accumulation of intellectual and creative potential of professionally mobile experts moves forward in the category of the most relevant tasks of modern society more and more persistently. It is connected with necessity of modernization of the educational environment according to the new purposes and problems of development of professional education.

Keywords: creativity, creative personality, creativity of the student, creatively active personality, self-regulation.

**Кіріспе**

Білім беру жүйесінің ең негізгі міндеті – жоғары шығармашылық мүмкіндігі мол креативті ойлайтын маман даярлау.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде маңызды өзгерістер орын алып жатқанын айту қажет. Бүгінгі заман кез келген адамнан өте жылдам өзгеруді, үнемі өсуді әрі дамуды, үнемі қоғамда сұранысқа ие болуды талап етеді [1]. Креативтілік адамға үнемі өзін-өзі жетілдіруде жаңа дүниеден қорықпауға үйретеді әрі тез өзгеріп жатқан талаптар мен шарттарға тез бейімделуді талап етеді. Ол тұлғаға біртұтастықта даму үшін қолайлы жағдайлар жасайды, өзін әр қырынан ашуға, өзіннің қабілетін көрсете білуге, өзін-өзі жан-жақты қамтамасыз етуге және толерантты тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Қалыптасқан тұлғадағы белсенділіктің негізгі сипаты шығармашылық қызметі мен тиімділігі оның шығармашылық сипатына байланысты болады. Кәсіби қызметін жемісті іске асыру үшін креативтілік қабілетін дамыту үдерісі маңызды сатыға шығады [2].

Көптеген теориялық және сынақ-тәжірибелік зерттеулер жүріп жатса да, креативтілікті дамыту мәселесі әлі де зерттеуді талап етеді, себебі креативтілікті дамыту факторларының табиғаты туралы сұраққа ғылымдағы негізгі тұжырымдамалар нақты жауап бере алмай отыр [3]. Демек, креативтілікті дамытудың ең маңызды факторын анықтап, негізгі тұжырымдаманы жалпылау үшін, креативтілік ғылыми білім жүйеленген талдауларды қажет етеді. Яғни қарастырып отырған бұл тақырып педагогика іліміндегі өзекті мәселе.

«Студенттің жеке тұлғасы немесе даралығы – болашақ психолог-педагогтың» ұғымы «психолог-педагогтың даралығы», «студенттің даралығы» ұғымдарымен тығыз байланысты. Аталған ұғымдар мен байланыстардың арасын бөлу адамның әлеуметтік ұстанымдарына байланысты оның жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сипаттама беруге, әрі болашақ психолог-педагогтардың жеке тұлғалық қалыптасуының механизмі мен шарттарын талдауға мүмкіндік береді.

Студенттің жеке тұлғалығы немесе даралығы психологиялық дәреженің бірі ретінде «адамның жеке тұлғалығы немесе даралығы» ұғымының бір түрі. Адам өзін қоршаған ортамен белгілі бір әлеуметтік қағидаларда өзінің жеке психикалық сапасымен қарым-қатынастар жасайды. Сол психикалық орталардың негізінде әрбір адам басқа адамдардан ойлау қабілетімен, іс-әрекеттерімен, қарым-қатынастарымен, көзқарастарымен ерекшеленеді.



Алайда қоғамдық (моральдық, құқықтық және т.б.) талаптар мен ықпал етуші тағы осы сияқты факторлардың әсерінен әлеуметтік ортада адамдардың жеке тұлғалық дамуы жойылып отырады. Әсіресе, білім беру жүйесінде психиканың жеке тұлғалық немесе даралықтағы көріністері үнемі өшіп отырады, бұл құбылыс оқу үдерісіндегі оқу бағдарламасының бірыңғайлығы немесе біржақтылығы, сабақты ұйымдастыру үдерісі тек дәстүрлі тәсілдермен шектелуі, дамытуға бағыттаудан алыстап кеткен, әрбір студентке жеке тәсілмен назар салу туралы ақпараттарды оқытушылардың өздері де меңгермегендіктен және әрбір студенттің психикалық ортасын дамыту деңгейі жөнінде оқытушылардың ақпарат алмауынан екені айқын байқалады.

Шығармашылық психологиядағы креативтілік атауымен белгілі болған бағытты Э.Г.Юдин, С.М.Бернштейн, А.Н.Лук, Дж. Гилфорд, С.Медник, В.Смит, К.Тейлор, Е.Торренс, Н.В. Кипиани, А.М.Матюшкин және тағы басқа ғалымдар зерттеді.

Педагогикалық креативтіктің әдіснамалық негіздерін алыс және жақын шетел ғалымдары Г.Ю.Айзенк, Ф.Баррон, Д.Векслер, М.Вертгеймер, Дж. Гильфорд, С.Медник, В.Смит және басқалар өз еңбектерінде қарастырған

Бұл зерттеулердің барлығы жоғары білім беру жүйесінің ең маңызды мақсаттарының бірі студенттің жеке тұлғасына арнайы назар салу қажеттілігін көрсетеді. Екінші жағынан, ЖОО-ның бүгінгі уақыттағы тәжірибесінде болашақ маманның жеке тұлғалық немесе даралығын қалыптастыру көзқарасынан алғанда, кәсіби дамыту үдерісі мен оның мазмұнын қайта жасауға бағытталған бетбұрыстар қазірге жоқтың қасы.

Отандық педагогика мен психологияда ерекше жаңа шешімдерге әкелетін «шығармашылық» термині кең қолданылған. Шетел психологиясында шығармашылықтың қалыптасуына ықпал ететін тұлғалық және ойлау қасиеттерінің жиынтығы «креативтілік» терминімен белгілі. Осы мәселелерді психологиялық-педагогикалық тұрғыда қарастырамыз.

### **Негізгі бөлім**

«Студенттің даралығы немесе жеке тұлғасы» ұғымы жоғары білім беру жүйесіндегі теория мен тәжірибесінде психикалық басқа дәрежелердің қатарында мәртебелі орынға ие болуы қажет. Бұл қарастырып отырған ұғымның құрамында қандай ерекшеліктер бар?

Студенттің жеке даралығы немесе жеке тұлғалығы қоғамдағы қағидалармен шарттасып жатыр, айталық, ЖОО-дағы адамның атқаратын міндеттері мен қызметтер аясы. Бұл жағдайлар уақытша болғанымен арнайы белгілерді сипаттайды: оқу үдерісіне қатысу, оқу жұмыстарының ең аз шамасындағы қажеттіліктерді орындау және т.б. Студенттің жеке даралығы оқу барысында психикалық ортасы ерекше түрлері (дамыту деңгейінің әртүрлі болуына байланысты) байқалғанда белгілі болады. Әсіресе оқу үдерісінде интеллектуалды, пәндік-тәжірибелік және психиканың мотивациялық ортасы студенттің жеке даралығын айқындайды, студенттер алуан түрлі оқу-танымдылық қабілеттерді және алуан түрлі мотивациялық күйлерді немесе дағдыларды меңгереді. Сонымен бірге, бұл орталардың сипаттамалары көптеген жағдайларға ортақ (осы саладағы зерттеулерден, болашақ кәсіби қызметіне қатысты барлық жаңалықтар мен қоғамдағы жаңа орны – әлеуметтік статусы немесе әлеуметтік мәртебесі).

Студенттердің өздерінің пікірлері бойынша, олардың жоғары білім алу мақсаты білім, біліктілік, дағдыларды жинақтау, өзінің құқығын қамсыз студенттік жылдарда жүзеге асыру [4]. Қыздар үшін қосымша оқу еңбек ету кезеңімен бірдей дәрежеде есептеледі екен, сондықтан жоғары білім алуға кез келген қыздың психологиясы дайын емес, олардың қаншалықты білімді жылдам меңгеріп, ұлдарға қарағанда тәртіпті болғанымен, әскер қатарына шақырылмайтын шектеулері болса да, олардың білім алуға құштарлығы туралы айту қиын. Қыздар үшін оқу әдеттегі жағдай әрі ол қосымша қызмет түрі болып есептеледі.

Мамандық таңдау тәсілі ЖОО-дағы оқу барысына белгілі бір ықпал жасайды, бірақ арнайы зерттеулердің нәтижесінде көзжеткізгеніміз, бейімделу кезеңі мотивация аясында өте күрделі өтетіні анықталды. Оқу мотивацияларының қоғалыс жылдамдығы мен өзгергіштігі көптеген себептерге байланысты. Бұл мамандықтың алғашқы жүйесіз мотивациялары, оның салдарынан мамандыққа қызығушылығы төмендейді, әлсіз құрылымдағы топта немесе топтағы барлық студенттердің көңілінен шығатын орта жасалмаған топта оқып, күнделікті білім арудың психикалық тұрғыдан қиындығы, яғни мұндай ортада оқуға да, кәсіби қызметіне де ешқандай айқын мотивтер байқалмайды. Әрі өте жоғары бейімсіздік - жаңа оқу шарттарына, ол жердегі күнделікті өмірге үйрену қиындығы төмен баға алуға әрі жетістікке жетуге жағымсыз эмоцияларды жасауға алып келеді.

Шығармашылық даралық креативті акмеология ретінде саналады да, кәсіби шеберліктің ең жоғарғы сипаттамасы ретінде қарастырылады [5]. Ол интегративті креативті-тұлғалық дәреже болып табылады, оның құрамындағылар:

- интеллектуалды-шығармашылық бастамалар;
- интеллектуалды білімдері, білімдерінің тереңдігі мен кеңдігі;
- қарама-қайшылықтарға сезімталдығы, шығармашылық күдіктенуге бейімділігі, ішкі жасаушы күшті сезінуге қабілеттілігі;
- ақпарат жетіспеушілікті терең түсінуі, жаңалықты жылдам қабылдауы, еш нәрсеге ұқсамайтын мәселені көре білу қабілеті, кәсіби шеберлік, тануға құмарлық.

Болашақ маманның шығармашылық даралығын дамыту әрі жетілдірудің психологиялық-педагогикалық шарттары кәсіби қалыптасуда, қарама-қайшылықтарды сезінгенде, оларды мақсатты бағыттарда және бірегей шешу жолын жасағанда, өзін-өзі өзекті ету үдерісінде жасампаздығы мен шеберлігі байқалып отырады [6].

Креативтілік тұлғаның шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамыту шарты болып табылады, ол - тұлғаның өзін-өзі өзекті етудегі маңызды қоры. Креативтілік мәселелер сезімталдығы мен жылдам қабылдаушылық қабілетімен белгіленеді, жаңа идеяларды қабылдағыштығы мен ескіні жойып, одан жаңаны жасауға мақсаттылыққа бейімділігі, өмірдегі мәселелерге ерекше, біртума шешімдер жасауға қабілеттілігі.

Педагогикада мұғалімнің шығармашылық даралығы тұлғаның өмірдегі бағдарламасы ретіндегі күрделі әрі ашық жүйенің үнемі қозғалысы ретінде сипатталады [7].

Студенттің психикалық ортасындағы кәсіби маңызды компоненттерге мынадай сапаларды енгізуге болады:

- интеллектуалды-педагогикалық ойлау (педагогикалық деректерді, құбылыстарды, үдерістерді, жүйелерді талдауға қабілеттілігі; педагогикалық жағдайларда ой қорытындысын жылдам жасауға, жүйелілігін, шыншылдығын, икемділігін, креативтілігін көрсетуге қабілеттілігі), педагогикалық эрудиция, педагогикалық интуиция, педагогикалық шеберлігі, педагогикалық мергендігі мен ептілігі, педагогикалық болжағыштығы, педагогикалық байқағыштығы, педагогикалық қиялшылдығы, педагогикалық жорамалдағыштығы, педагогикалық шығармашылдығы, саногенді ойлау – сауықтырушы ойлау қабілет (өзінің педагогикалық іс-әрекетін, қателіктерін, кемшіліктерін жағымды ортаға шоғырландыру қабілеті);

- мотивациялық ойлау - кәсіби шеберлігін мотивациялау (жаңа технологияларды меңгеру, озық тәжірибелерді үйрену, педагогикалық шеберліктің ең биігіне шығуға мақсаттылығы, кәсіби қызметінде жетістіктерге жетуге мотивациялары немесе іс-әрекеттері, оқушылар мен ата-аналармен қарым-қатынас жасауға құштарлығы, педагогикалық ұжымда өз әріптестерінің алдында беделін өсіруге талаптануы және т.б.);

- жігерлілік - педагогикалық қарым-қатынастарда төзімді болу, педагогикалық іс-әрекетердің іске асуына бар күшін салу, педагогикалық мақсаттарға жету, өзін-өзі дамыту әрі өзін-өзі өзектілендіру мақсаттарына жету;

- эмоциялық күйі – эмпатиялық күйде үнемі болуы, бұл - педагогикалық үдерісте өзін қоршаған ортаға жан дүниесімен жанашырлық таныту қасиеті, көңілді болуы, толеранттылығы, өзінің эмоцияларын тізгіндей алуы немесе басқаруы, педагогикалық жүйеде эмоциялық атмосфераны басқауға қабілетті болуы;

- педагогикалық - тәжірибелік-педагогикалық қабілеттері, педагогикалық біліктілігі, кәсіби-этикалық немесе кәсіби-әдептілік мінездері;

- педагогикалық рефлексия – өзін реттеу ортасында өзіне педагог сапасында және өзінің кәсіби қызметіне өзі баға беруі әрі өзі талдау жасауы, өзінің қызметін және жеке-даралық қарым-қатынас мәнерін әлеуметтік кәсіпқой тәжірибемен байланыстыра алу қабілеті, өзінің жеке тұлғалық даму бағыты ретінде өзінің беделі мен кемшіліктерін мінез-құлқы мен қызмет барысында анықтай білу біліктілігі, болашақтағы даму бағытына қажетті дамыту қорын анықтай білу біліктілігі, өзінің педагогикалық қызметі мен өзінің оған қатыстылық дәрежесін реттеу біліктілігі.

Болашақ педагог-студенттің шығармашылық даралығы бұл мұғалімнің шығармашылық даралығы емес. Студент алғашқыда оқу барысын жүзеге асырады, сонан соң оқу-тәжірибелік қызметін жүзеге асырады [8]. Студенттің шығармашылық даралығын қалыптастырудың негізгі құралдары төменде көрсетілген:

- психикалық ортаны дамытуға бағытталған арнайы білімдер;

- даралықты өздері дамытуға ынталандырушы арнайы жағдайлар;

- даралықтың креативті компоненттерін дамытуға бағытталған шығармашылық өзіндік жұмыстар;

- білім алуға өзара әріптестік [9].

Жетістікке жетуге қажеттілігі бірінші курстар үшін маңызды құндылық, ал ары қарай кейбір құлдырау беталыстары байқалады [10,11]. Жалпы алғанда, студенттердің құндылықтарға бағдары біздің еліміздегі әлеуметтік-экономикалық қайта құру беталыстарына сәйкестенеді және ол өзгеріссіз қалады, олар оқу барысының шарттарына, әлеуметтік факторлар мен студенттердің жас ерекшеліктеріне байланысты қатал бағалануға мүдделі [12]. Сауалнаманың 79% -ы бойынша болашақ мұғалімдер құндылық деп өзінің даралығын сақтап қалуды атаған, ал 74%-ы бірінші курстағылар өзін дамытуды атаған. «Өзін дамыту» төртінші курстарда 48%-ға сақталса, «өзінің даралығын сақтап қалу» бітірушілердің 79%-ын құрайды.

Болашақ мұғалімнің қабілеттерін тізбектеу барысында 18 түрлі тізбектеудің ішінде бесінші орында «өзін таныту даралығы» 34,6%-ды құрайды. Біздің мәліметтеріміз бойынша, даралық аясындағы өзінің кәсіби сапаларын дамытуға талпынуы көптеген студенттерде мектепте бірінші педагогикалық тәжірибеден өткеннен кейін ғана бірінші орынға қоятындар саны 87%-ды құрайды.

Болашақ педагог-студенттердің экзистенциялық ортасына сипаттама беру арқылы құндылықтар жайындағы мәліметтер мен тұжырымдамасының бағалаушы компонентіне енеді әрі бұл тұжырымдама барлық уақытта студенттердің тұрақты талаптары емес, бұл әлеуметтік жағдайларда өзгеріп отырады. Біздің тәжірибеміздің анықтағаны, өзінің даралығын бағалайтын көптеген студенттер өзін жүзеге асырғысы келетін тілегін

білдірушілер оқу барысында өздерінің бар мүмкіндіктерін жүзеге асыра алмайды және өзінің мінез-құлықтарындағы Мен-тұжырымдамасында толық жүзеге асыра алмайтынына біз көз жеткіздік (бұл әсіресе, 1,2,3-ші курстың студенттеріне тән).

### **Қорытынды**

Қорыты келе біз бұл құбылысты қабілеттерінің толық дамымағандығымен және қажетті сәйкес келетін біліктіліктерінің жоқтығынан деп ойлаймыз (бұлар өзіне талдау жасау, өзіне баға беру қабілеттері, рефлексия жасай білу біліктілігі, басқа адамдардың мүмкіндігі мен тәжірибесімен өзінің мүмкіндігі мен тәжірибесін салыстыруға қабілеттіліктерінің жетіспеушілігі). Бүгінгі күннің студентінің даралығы бүтіндей алғанда интеллектуалды қорын біріктірумен, ойлау сызбасын жеңілдетумен, сезім ортасының жеткіліксіз дамығандығымен сипатталады.

Студенттің даралығын ғылыми тұрғыдан сипаттау оның адамзат психикасының тек даралықтың алуан түрлерінде ғана көрінбейтінін қарастырады. Бұл жерде даралық - бұл құндылық, дамыған орталардың үйлесімділігінің тұтастығы. Осы көзқараста әрбір студент жоғары дамыған дара тұлға деп айту мүмкін емес. Мұндай дара тұлға болып қалыптасу үшін барлық психикалық орталарды үздік үлгіде дамыту керек.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Джакипова А.С. Креативность как свойство личности студента колледжа: параметры, критерии, методы формирования . // Қазақстанның ғылыми әлемі. Научный мир Казахстана. - 2014. - № 3-6 (55-58). - С. 231-234.
2. Таубаева Ш.Т. Болашақ әлеуметтік педагогтердің креативтілігін дамыту [Мәтін] / Ш.Т.Таубаева, А.Ә.Бұлатбаева, С.Е.Шошабаева // Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана. - 2015. - № 2 (64). - С. Б. 47-51.
3. Шолпанқұлова Г.К., Мухамеджанова А.Н. Креативтіліктің кәсіби іс-әрекеттегі маңызы . // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы = Вестник КазНПУ им. Абая. Серия Педагогические науки. - 2015. - № 2 (46). - С. Б. 69-72.
4. Оспанова Б.Қ. Психологияда креативтілікті анықтауға арналған диагностикалық жұмыстар . // Қазақстан жоғары мектебі. Высшая школа Казахстана. - 2016. - № 1. - С. Б. 115-119 .
5. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерін кәсіби қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Астана, 2001.-275 б.
6. Жолдасбеков А.А., Оспанова Б.А., Жолдасбекова К.А. Креативті психология. - Алматы, 2013. - 410 б.
7. Бұзаубақова К.Ж. Педагогикалық шеберлік. -Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2018. - 325 б.
8. Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. М., Академический проект, 2004. -560 с.
9. Сияев Т.М., Курманалиева А. Диагностирование уровня креативности будущих инженеров // Педагогика және психология. Педагогика и психология. - 2014. - № 4 (21). - С. 92-97.
10. Ушатов М. Лидерлік ұғымының мәні мен мазмұны // «Қазақстанда және әлемде

мектепке дейінгі білім беру: тәжірибе, қазіргі жағдайы және болашағы» атты ХҒПК материалдары. - Алматы, 2014.

11. Absatova M., Ushatov M., Kalkayeva N., Saudabaeva G., Tektibayeva D. Opportunities of higher school in students' leadership development // Mediterranean Journal of Social Science . – Italy: Rome, 2015. - Vol. 6, № 3.- P.187-192.

12. Абсатова М.А., Ушатов М.А. Студенттердің лидерлігін дамытудың құрылымдық – мазмұндық үлгісі // Хабаршы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. - 2015. - №3(47). - Б. 141-144.

## REFERENCES

1. Djakipova A.S. Kreativnost kak svoistvo lichnosti stýdenta kolledja: parametry, kriterii, metody formirovaniya . // Qazaqstannyń gylımı álemi. Naýchny mır Kazahstana. - 2014. - № 3-6 (55-58). - S. 231-234.

2. Таубаева Ш.Т. Bolashaq áleymettik pedagogterdiń kreativtiligin damytý [Mátin] / Sh.T.Таубаева, А.А.Бýлатбаева, S.E.Shoshabaeva // Vestnik Akademii Pedagogicheskikh Naýk Kazahstana. - 2015. - № 2 (64). - S. B. 47-51.

3. Sholpanqulova G.K., Mýhamedjanova A.N. Kreativtiliktiń kásibi is-árekettegi mańyzy . // Abai atyndagy QazUPÝ-dyń habarshysy. Pedagogika gylymdary seriasy = Vestnik KazNPÝ im. Abaia. Seria Pedagogicheskie naýki. - 2015. - № 2 (46). - S. B. 69-72.

4. Ospanova B.Q. Psiholognada kreativtilikti anyqtaýga arналған diagnostikalyq jumystar . // Qazaqstan jogary mektebi. Vysshaya shkola Kazahstana. - 2016. - № 1. - S. B. 115-119 .

5. Kenjebekov B.T. Ýniversitet stýdentterin kásibi qalyptastyrdyń teoriasy men praktikasy. – Astana, 2001.-275 b.

6. Joldasbekov A.A., Ospanova B.A., Joldasbekova K.A. Kreativti psihologiya. -Almaty, 2013. - 410 b.

7. Buzaybaqova K.J. Pedagogikalyq sheberlik. -Taraz: IP «Beisenbekova A.J.», 2018. -325 b.

8. Morozov A.V., Chernilevskii D.V. Kreativnaya pedagogika i psihologiya. M., Akademicheskii proekt, 2004. -560 c.

9. Sinaev T.M., Qýrmanaliev A. Diagnostirovanie úrovnia kreativnosti býdyih injenerov // Pedagogika jáne psihologiya. Pedagogika i psihologiya. - 2014. - № 4 (21). - S. 92-97.

10. Ýshatov M. Liderlik ugymynyń máni men mazmuny // «Qazaqstanda jáne álemde mektepke deingi bilim berý: tájiribe, qazirgi jagday jáne bolashagy» atty HGPK materialdary. - Almaty, 2014.

11. Absatova M., Ushatov M., Kalkayeva N., Saudabaeva G., Tektibayeva D. Opportunities of higher school in students' leadership development // Mediterranean Journal of Social Science . – Italy: Rome, 2015. - Vol. 6, № 3.- R.187-192.

12. Absatova M.A., Ýshatov M.A. Stýdentterdiń liderligin damytýdyń qurylymdyq – mazmundyq úlgisi // Habarshy. Pedagogikalyq gylymdar seriasy. - 2015. - №3(47). - B. 141-144.

**Л.Т.ӘЛІМБЕКОВА**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: leila.alimbekova@ayu.edu.kz)*

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА  
МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ ПРОБЛЕМАҒА  
НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Жұмыстың мақсаты проблемаға негізделген оқыту әдісінің медициналық білім берудің оқу үдерісінде кеңінен қолдану қаншалықты тиімді екенін зерттеу болды. Осы мақсатқа жету үшін 2008-2009 оқу жылында «Емдеу ісі» мамандығында және 2016-2017 оқу жылында «Жалпы медицина» мамандығында оқытылған ішкі аурулар пропедевтикасы пәнінен емтихан нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Проблемаға негізделген оқыту пән ретінде оқытылған оқу жылына да талдау жасалып, ішкі аурулар пропедевтикасы пәні бойынша үлгеріммен салыстырылды. Нәтижесінде проблемаға негізделген оқыту әдісін пән ретінде оқу жоспарына ендіріп, семестр бойы оқыту және өз алдына емтихан тапсыру, студенттердің саналы түрде білімді игеруге деген талпынысын дамытып, өз беттерінше білімді ізденуге, өзін-өзі бағалауға, кәсіби дағдыларды игеруге, болашақ дәрігер ретінде тұлғалық сапасын қалыптастыруға, кәсіби маман ретінде құзіреттіліктерін дамытуда анағұрлым тиімді екені анық болды.

**Кілт сөздер:** проблемаға негізделген оқыту, студент, кәсіби маман, құзіреттілік, инновациялық технология, клиникалық жағдай, медициналық білім.

**Л.Т.Алимбекова**

**Эффективность проблемно-ориентированного обучения в повышении профессионального развития специалистов медицинского высшего учебного заведения**

Целью работы явилось изучение эффективности широкого применения метода проблемно-ориентированного обучения в учебном процессе медицинского образования. Для достижения этой цели проведен сравнительный анализ результатов экзаменов дисциплины «Пропедевтика внутренних болезней» по специальности «Лечебное дело» за 2008-2009 учебный год и за 2016-2017 учебный год- по специальности «Общая медицина», когда применялось проблемно-ориентированное обучение. Проведен анализ проблемно-ориентированного обучения как дисциплины за учебный год сравнительно с успеваемостью по предмету «Пропедевтика внутренних болезней». Результаты сравнительного анализа показали, что введение метода проблемно-ориентированного обучения в учебный план как дисциплины, изучение клинических случаев в течение семестра и сдача экзамена отдельно как предмета является наиболее эффективным, приводит к формированию и развитию навыков самообучения, самоконтроля и самоорганизации, повышает уровень сознательного отношения к приобретению профессиональной компетенции и личностных качеств будущего специалиста.

**Ключевые слова:** проблемно-ориентированное обучение, студент, профессиональный специалист, компетенция, инновационная технология, клинический случай, медицинское образование.

**L.T.Alimbekova**

**Efficiency of Problem-Based Teaching the Professional Development of Specialists in Higher Medical Educational Institutions**

The aim of the work was to study how effective the widespread use of the method of Problem-Based Learning in the educational process of medical education. To achieve this goal, a comparative analysis of the results of the exam “Propaedeutics of internal diseases” in the specialty “Medicine” for the 2008-2009 academic year and for the 2016-2017 academic year in the specialty “General medicine” was conducted when problem-based learning was used. Along with this, the result of the exam on the subject of problem-based learning was analyzed. The results of the comparative analysis showed that maintaining the method of problem-based learning in the curriculum as a discipline and studying clinical cases during the semester and passing the exam separately as a subject is the most effective, leading to the formation and development of self-learning skills, self-control and self-organization, increases the level of conscious attitude to the acquisition of professional competence and personal qualities of the future specialist.

**Keywords:** problem-based teaching, student, professional specialist, competence, innovative technology, clinical case, medical education.

Медициналық жоғары оқу орындарында соңғы он жылдан бері білім беру кезеңінде проблемаға негізделген оқыту (PBL – Problem-Based Learning) әдісі оқу үдерісінде кеңінен қолданылып келеді.

Бұл әдіс базалық фундаментальды пәндерді клиникалық көзқараста оқытуды күшейтуге негізделген әдіс. Осы әдіспен оқытуда берілетін тапсырма материалының талқылануы шағын топтарда оқытушының (тьютордың) жетекшілігімен өткізіледі. Проблемаға негізделген оқыту (ПНО) үрдісімен оқу үдерісін ұйымдастыру – студенттерді өз біліміне жауапкершілікпен қарауға және өмір бойы ізденіс қажеттілігін сезініп, оны дамытуды үйренуіне бағыттайды [1].

ПНО – бұл оқытушының құрған проблемалық жағдай тапсырмаларын шешу үшін білім алушылардың белсенділік таныта отырып, өз беттерінше ізденіс нәтижесінде кәсіби білімдерін және дағдыларын шығармашылық тұрғыдан меңгеру және ойлау қабілетін дамытуы. Бұл әдіс студенттерге өз беттерінше қандай да бір кәсіби жағдайларда қажетті дұрыс шешім қабылдауды үйретеді және жауапкершілік сезінуді қалыптастырады [2].

Проблемаға негізделген оқытудың артықшылығы: білімді өз бетінше ізденістің ролін арттыруы, тәжірибелік дағдыларды меңгеру деңгейін жоғарылатуы, фактіге емес, мағынасына көңіл болу, тұлға аралық қарым-қатынасты үйрену, ұжымда жұмыс істеуге үйрену, білім алуға қызықтыру.

Нақты бір мәселе немесе мәселелік есеп құру - оқу үдерісін игеруде сананың дамуына, білімді ізденуге мотивациялық ықпал жасайды. ПНО студенттің өз білімін өзі ізденуіне, өзін-өзі бағалауға бейімдейді, яғни кәсіби білімді игерудің, машықтанудың қажеттілігін және келешек дәрігер ретінде тұлғалық сапасын қалыптастыруды әр студенттің саналы түрде түсіну деңгейін жоғарылатады [3, 4,5,6].

Клиникалық жағдайды қарастыру барысында проблема туындату студенттердің сол клиникалық жағдайды шешуіне қажетті білім аймағын олардың өздеріне анықтауға мүмкіндік беріледі. Бұл жағдайда оқытушының (тьютордың) мақсаты осы клиникалық жағдайды талдау барысында олардың құзіреттілігі бітетін жерін, олар үшін туындайтын проблемалық сұрақтарын, сол білім аймағының шекарасын анықтауға студенттерді дұрыс бағыттау.

Уақыт тапшылығын есепке ала отырып, студенттердің проблемалық сұрақтарды интеграциялық оқу бағдарламасы төңірегінде құруларын ескеру қажет. Осы тұрғыдан алғанда тьютор ретінде оқытушының педагогикалық шеберлігі маңызды [7, 8, 9, 10].

ПНО әдісі бойынша клиникалық жағдайды қарастырудың ерекшелігі топтағы студенттердің барлығының қамтылуында, пікірталасқа барлық студенттер қатысады, тіпті қате түсінік берілсе де, ол сол шағын топтың талқысына салынып, әрбір студенттің пікірі ескерілетін орта қалыптастырылуы қажет. Осындай жағдайда ғана оқытушы ақпарат көзі ретінде емес, студенттердің білімін жетілдіру қызметінде координатор міндетін атқарады. ПНО әдісінде клиникалық жағдайды қарастыру әр модуль бойынша аралық бақылау алдында, шамамен барлық тақырып талқыланып бітуге жақындағанда екі-үш сабақ барысында (40-50 минуттай) талқылаған дұрыс. Проблемаға негізделген оқыту әдісін бұлай өткізу студенттерде туындаған проблемалық сұрақтарын өз беттерінше ізденіп келуіне, шағын топтарында пікір алмасып, бір шешіммен келулеріне мүмкіндік береді. Студенттердің өз беттерінше талқылауға шығарған проблемалық сұрақтары аралық бақылау аптасында, бақылау өткізілер алдында талқылануы, олардың алған білім деңгейлерін одан сайын тереңірек тұрақтандыра түседі. Және де уақытты осылай пайдалану, яғни проблемалық жағдайды бірнеше сабаққа бөліп талқылау, студенттердің басқа пәндер бойынша модульдерінде алған білімдерін интеграциялық тұрғыдан қолдануына мүмкіндік беріледі.

Өкінішке орай, проблемаға негізделген оқыту әдісін көп пәндерден оқу үдерісіне кеңінен ендіруге қазіргі таңда қиындықтар бар, ол оқытушының әлі де ақпарат көзі ретінде қала беруінде, координатор қызметіне әлі де толық өте алмауында, және де көп оқытушыларда оны өткізуге тәжірибенің жетіспеуінде, сонымен қатар, ең маңыздысы оған материал дайындауға және өткізуге көп уақыттың қажеттілігі.

Біздің мақсатымыз «Жалпы медицина» мамандығында проблемаға негізделген оқыту әдісін қолданып, және де жеке пән ретінде оқыта отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру нәтижесіндегі ішкі аурулар пропедевтикасы пәні мен проблемаға негізделген оқыту пәнінен білім сапасына салыстырмалы талдау жүргізу болды.

### **Зерттеудің әдістері мен тәсілдері**

«Жалпы медицина» мамандығындағы 3 курс студенттеріне «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнінен 2009-2010 оқу жылынан бастап әр модуль бойынша проблемаға негізделген оқыту әдісімен сабақ ұйымдастырылады. Сонымен қатар, 2015-2016 және 2016-2017 оқу жылдарында «Жалпы медицина» мамандығында проблемаға негізделген оқыту оқу жоспарына енгізіліп, 3 курста жеке пән ретінде 2 кредит оқытылды. Сондықтан 2016-2017 оқу жылы бойынша «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнінен емтихан нәтижесіне 2008-2009 оқу жылындағы «Емдеу ісі» мамандығының 3 курсына осы пәнді дәстүрлі әдіспен оқыту барысындағы емтихан нәтижесімен салыстырмалы талдау жүргізілді. Сондай-ақ, 2014-2015 оқу жылымен (проблемаға негізделген оқыту «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнінде әдіс ретінде оқытылған оқу жылы) 2016-2017 оқу жылы бойынша «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнінен (проблемаға негізделген оқыту пән ретінде жеке оқытылған оқу жылы) емтихан нәтижелері салыстырылды. Және де, 2016-2017 оқу жылы бойынша «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнінен емтихан нәтижесімен «Проблемаға негізделген оқыту» пәнінің емтихан нәтижесіне салыстырмалы сараптама жасалды.

### **Зерттеудің нәтижелері**

«Емдеу ісі» мамандығында 2008-2009 оқу жылында барлығы 139 студент оқыды. Осы студенттерден 127 емтиханға жіберілген болатын, 11 студент рейтинг баллын жинай алмағандықтан емтиханға жіберілмеген, 1 студент себепті жағдайлармен емтиханға



келмеген. Емтихан тапсырған 127 студенттен 13/10,2% студент қанағаттанарлықсыз баға алған, жалпы үлгерім пайызы 89,8% құраса, орта баллдың сандық эквиваленті 2,21 болған, яғни әріптік жүйемен «С» деген бағаға, пайыздық баллы 65-69 аралығында болып, жалпы ол курстың осы пәннен білімі «қанағаттанарлық» деңгейде екенін көрсетті. Салыстырмалы талдауы 1-кестеде берілген.

«Жалпы медицина» мамандығында 2016-2017 оқу жылында барлығы 362 студент оқыды. Осы студенттерден 353 емтиханға жіберілді, 5 студент рейтинг баллын жинай алмағандықтан емтиханға жіберілмеді, емтиханға 1 студент келмеді. Емтихан тапсырған 353 студенттен 1/0,3% студент қанағаттанарлықсыз баға алды, жалпы үлгерім пайызы 97,2% құраса, орта баллдың сандық эквиваленті 2,86 болды, яғни әріптік жүйемен «В-» деген бағаға, пайыздық баллы 75-79 аралығында болып, жалпы бұл курстың осы пәннен білімі «жақсы» деңгейдің төменгісі екені анықталды. Осы пәннен жалпы үлгерім салыстырылған жылдан 7,4%-ға жоғарыласа, орта балл 0,65-ке жоғары болды. Оң бағаға тапсырған студенттер пайызына талдау жүргізгенде, «Емдеу ісі» мамандығында 4,7% студент «өте жақсы» баға, 42,5% студент «жақсы» деген баға, 42,5% студент «қанағаттанарлық» баға алды. Ал «Жалпы медицина» мамандығында 6,8% студент «өте жақсы» баға, 72% студент «жақсы» деген баға, 20,9% студент «қанағаттанарлық» баға алды. Яғни, «Емдеу ісі» мамандығында «өте жақсы» және «жақсы» оқыған студенттер пайызы 47,2% құраса, «Жалпы медицина» мамандығында 78,8% құрап, осы мамандықта жақсы білім көрсеткен студенттердің үлесі 31,6%-ға артқанын көрсетіп отыр.

**Кесте 1 - «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнінен емтихан нәтижелеріне мамандықтар бойынша оқу жылдарына сәйкес салыстырмалы талдау.**

Оқу жылы	Курс	Барлық	Барлық тапсырғандар	Оның ішінде тапсырғандары (саны/ %)				Емтиханға Жіберілмеді (саны/%)	Келмегендері (саны/%)		Үлгерім %	Орта балл «4» баллдық жүйемен
				өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	қанағаттанарлықсыз		Себепті	Себепсіз		
<b>Емдеу ісі</b>												
2008-2009	3	139	127	6/4,7	54/42,5	54/42,5	13/10,2	11	1	-	89,8	2,21
<b>Жалпы медицина</b>												
2016-2017	3	362	353	24/6,8	254/72,0	74/20,9	1/0,3	5	4	-	97,2	2,86

«Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнінен емтихан нәтижелерін «Проблемаға негізделген оқыту» пән ретінде жеке оқытылмаған оқу жылымен салыстырмалы талдау жүргізгенде, 2014-2015 оқу жылында «Жалпы медицина» мамандығында барлығы 382 студент оқыды. Осы студенттерден 368 емтиханға жіберілген болатын, 11 студент рейтинг баллын жинай алмағандықтан емтиханға жіберілмеген, 1 студент себепті, 2 студент себепсіз жағдайлармен емтиханға келмеген. Емтихан тапсырған 368 студенттен 4/1,08% студент қанағаттанарлықсыз баға алған, жалпы үлгерім пайызы 95,2% құрап, орта баллдың сандық эквиваленті 2,76 болды, яғни әріптік жүйемен «В-» деген бағаға, пайыздық баллы 75-79

аралығында болып, жалпы ол курстың осы пәннен білімі «жақсы» деңгейдің төменгісін көрсетті. Салыстырмалы талдауы 2-кестеде берілген.

**Кесте 2 - «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнінен емтихан нәтижелерін «Проблемаға негізделген оқыту» пән ретінде жеке оқытылмаған оқу жылымен салыстырмалы талдауы.**

Оқу жылы	Курс	Барлық	Барлық тапсырғандар	Оның ішінде тапсырғандары (саны/%)				Емтиханға Жіберілмеді (саны/%)	Келмегендері (саны/%)		Үлгерім %	Орта балл «4» баллдық жүйемен
				өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	қанағаттанарлықсыз		Себепті	Себепсіз		
<b>Жалпы медицина</b>												
2014-2015	3	382	368	24/6,2	234/63,5	106/28,8	4/1,08	11	1	2	95,2	2,76
2016-2017	3	362	353	24/6,8	254/72,0	74/20,9	1/0,3	5	4	-	97,2	2,86

2016-2017 оқу жылында жалпы үлгерім 2014-2015 оқу жылынан 2%-ға жоғарылады. Оң бағаға тапсырған студенттер пайызына талдау жүргізгенде, 2014-2015 оқу жылында 6,2% студент «өте жақсы» баға, 63,5% студент «жақсы» деген баға, 28,8% студент «қанағаттанарлық» баға алды. Ал 2016-2017 оқу жылында 6,8% студент «өте жақсы» баға, 72% студент «жақсы» деген баға, 20,9% студент «қанағаттанарлық» баға алды. Яғни, 2014-2015 оқу жылында «өте жақсы» және «жақсы» оқыған студенттер пайызы 69,7% құраса, 2016-2017 оқу жылында 78,8% құрап, осы 2016-2017 оқу жылында жақсы білім көрсеткен студенттердің үлесі 9,1%-ға артқанын және орта балл 0,1-ге жоғарылағанын көрсетті.

2016-2017 оқу жылы бойынша «Жалпы медицина» мамандығының 3 курсының емтихан нәтижелеріне кафедрадағы сабақтас пәндерден, яғни «Проблемаға негізделген оқыту» пәні мен «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәніне салыстырмалы талдау жасалды. 2016-2017 оқу жылында «Жалпы медицина» мамандығында проблемаға негізделген оқыту оқу жоспарына сәйкес жеке пән ретінде 2 кредит оқытылды. Бұл пәнде клиникалық жағдайларды барынша кеңінен талқылауға мүмкіншілік болды. Салыстырмалы талдауы 3-кестеде берілген.

Проблемаға негізделген оқыту пәнінен 362 студенттен 359 емтиханға жіберілді, 5 студент рейтинг баллын жинай алмағандықтан емтиханға жіберілмеді, емтиханға 5 студент келмеді. Емтихан тапсырған 359 студенттен 3/0,8% студент қанағаттанарлықсыз баға алды, жалпы үлгерім пайызы 97,2% құраса, орта баллдың сандық эквиваленті 2,98 болды, яғни әріптік жүйемен «В-» деген бағаға, пайыздық баллы 75-79 аралығында болып, жалпы бұл курстың осы екі пәннен де білімдері «жақсы» деңгейдің төменгісі екенін көрсетті. Осы екі пәннен жалпы үлгерім бірдей көрсеткіш көрсеткенімен, орта балл проблемаға негізделген оқыту пәнінен 0,12-ге жоғары болды. Оң бағаға тапсырған студенттер пайызына талдау жасағанда, ішкі аурулар пропедевтикасы пәнінен 6,8% студент «өте жақсы» баға, 72% студент «жақсы» деген баға, 20,9% студент «қанағаттанарлық» баға алды. Ал проблемаға негізделген оқыту пәнінен 11,4% студент «өте жақсы» баға, 74,7% студент «жақсы» деген баға, 13,1% студент «қанағаттанарлық» баға алды. Яғни, ішкі аурулар пропедевтикасы пәнінен «өте жақсы» және «жақсы» оқыған студенттер пайызы 78,8% құраса, проблемаға негізделген оқыту пәнінен «өте жақсы» және «жақсы» оқыған студенттер пайызы 86,1% құрап, осы пәннен жақсы білім көрсеткен студенттердің үлесі 7,3%-ға жоғары екені анықталды.

**Кесте 3 - «Жалпы медицина» мамандығының емтихан нәтижелеріне кафедрадағы сабақтас пәндер бойынша 2016-2017 оқу жылына салыстырмалы талдауы**

Оқу жылы	Курс	Барлық	Барлық тапсырғандар	Оның ішінде тапсырғандары (саны/ %)				Емтиханға Жіберілмеді (саны/%)	Келмегендері (саны/%)		Үлгерім %	Орта балл «4» балдық жүйемен
				өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	қанағаттанғысыз		Себепті	Себепсіз		
<b>Проблемаға негізделген оқыту</b>												
2016-2017	3	369	359	41/11,4	268/74,7	47/13,1	3/0,8	5	4	1	97,2	2,98
<b>Ішкі аурулар пропедевтикасы</b>												
2016-2017	3	362	353	24/6,8	254/72,0	74/20,9	1/0,3	5	4	-	97,2	2,86

Сонымен, қорыта айтқанда, проблемаға негізделген оқыту әдісін пән ретінде оқытып, жеткілікті уақыт барысында проблема туындату арқылы клиникалық жағдайды талдау студенттердің саналы түрде білімді игеруге деген талпынысын дамытып, өз беттерінше білімді ізденуге, ғылыми тұрғыдан талдаулар келтіруге, өзін-өзі бағалауға, кәсіби дағдыларды игеруге, болашақ дәрігер ретінде тұлғалық сапасын қалыптастыруға, құзіреттіліктерін дамытуға анағұрлым тиімді ықпал жасайды.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байденко В.И. Основные тенденции развития высшего образования: глобальные и Болонские измерения. -М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2010, 352 с.
2. Хамчиев К.М. Опыт внедрения проблемно-ориентированного обучения в медицинском образовании // Международный журнал экспериментального образования. – 2015. – №7 – С. 129-131.
3. Лызь Н.А., Лызь Л.Е. Компетентностно-ориентированное обучение: опыт внедрения инноваций // Высшее образование в России. 2009. №6. с.29-36.
4. De Graaf, E., and Kolmos, A., “Characteristics of Problem-Based Learning”// International Journal of Engineering Education, Vol. 19 (5), 2003. pp. 657-662.
5. Jason R.Frank, Rani Mungroo, Yasmin Ahmand. The first comprehensive systematic review of the medical education literature related to Competency-Based Education difinitions // Medical Thecher. – 2010. – V. 32. - №8.-P. 631-638.
6. Jason R.Frank, Linda Shell. Competency-Based medical education theory of practice. // Medical Thecher. – 2010. – V. 32. - №8.-P. 638-646.
7. Полоников А.В. Критерии эффективности педагогических технологий высшего профессионального образования //Сборник материалов научно-методической конференции. – Курск: ГОУ ВПО КГМУ Росздрава, 2008. – С.18-20.
8. Краснова Т.И. Инновации в системе оценивания учебной деятельности студентов/ Т.И.Краснова // Образование для устойчивого развития.- Минск: Издательский центр БГУ, 2005.–С.438-440.

9. Купаевцев А.В. Деятельностная альтернатива в образовании/ А.В.Купаевцев // Педагогика.- 2005. – № 10. – С. 27-33.

10. Байденко В.И. Компетентностный подход в профессиональном образовании // Компетентностный подход в образовательной деятельности и управление качеством высшего профессионального образования: Методические материалы для слушателей семинара. – М., 2008.-С. 40.

## **REFERENCES**

1.Baydenko V. I. Osnovnyye tendentsii razvitiya vysshego obrazovaniya: global'nyye i Bolonskiye izmereniya. – M.: Issledovatel'skiy tsentr problem kachestva podgotovki spetsialistov, 2010, 352 s.

2.Khamchiyev K.M. Opyt vnedreniya problemno-oriyentirovannogo obucheniya v meditsinskom obrazovanii // Mezhdunarodnyy zhurnal eksperimental'nogo obrazovaniya. – 2015. – №7 – S. 129-131.

3.Lyz' N.A., Lyz' L.Ye. Kompetentnostno-oriyentirovannoye obucheniye: opyt vnedreniya innovatsiy // Vyssheye obrazovaniye v Rossii. 2009. №6. c.29-36.

4.De Graaf, E., and Kolmos, A., “Characteristics of Problem-Based Learning”// International Journal of Engineering Education, Vol. 19 (5), 2003. pp. 657-662.

5. Jason R.Frank, Rani Mungroo, Yasmin Ahmand. The first comprehensive systematic review of the medical education literature related to Competency-Based Education difinitions // Medical Thecher. – 2010. – V. 32. - №8.-P. 631-638.

6. Jason R.Frank, Linda Shell. Competency-Based medical education theory of practice. // Medical Thecher. – 2010. – V. 32. - №8.-P. 638-646.

7. Polonikov A.V. Kriterii ehffektivnosti pedagogicheskikh tekhnologij vysshego professional'nogo obrazovaniya //Sbornik materialov nauchno-metodicheskoy konferencii. – Kursk: GOU VPO KGMU Roszdrava, 2008. – S.18-20.

8. Krasnova T.I. Innovacii v sisteme ocenivaniya uchebnoj deyatel'nosti studentov/ T.I.Krasnova // Obrazovanie dlya ustojchivogo razvitiya.- Minsk: Izdatel'skiy centr BGU, 2005.– S.438-440.

9. Kupaevcev A.V. Deyatel'nostnaya al'ternativa v obrazovanii/ A.V.Kupaevcev // Pedagogika.- 2005. – № 10. – S. 27-33.

10. Bajdenko V.I. Kompetentnostnyj podhod v professional'nom obrazovanii // Kompetentnostnyj podhod v obrazovatel'noj deyatel'nosti i upravlenie kachestvom vysshego professional'nogo obrazovaniya: Metodicheskie materialy dlya slushatelej seminar. – M., 2008.-S. 40.

**A.COSHKUN<sup>1</sup>, A.AMANZHLOVA<sup>2</sup>**

*Gazi University, Ankara, Turkey*

*(E-mail:<sup>1</sup>aysunc@gazi.edu.tr, <sup>2</sup>alina.amanzhol07@gmail.com)*

### **USE OF NAIVE BAYES CLASSIFIER FOR SPAM FILTERING**

Use of electronic mail (e-mail); Since the spread of internet usage has become simple and easily accessible, it has grown in the last forty years and has become one of the most widely used communication tools today. Increased use of email has brought with it a number of problems. One of the major problems that arise is unwanted, advertising-containing electronic mail. These disturb the users of the email and also cause unnecessary resource waste. Advertisement-based e-mails are used to promote law or illegal products, and millions of unsolicited e-mails that are sent from different sources for different purposes fill the mail boxes of Internet users. Commercial e-mails, which become increasingly a problem, are engaging both internet traffic and mail servers. A lot of work has been done on the filtering of unwanted emails. In this study, a spam filter was designed using Naive Bayesian Classification. Instead of focusing on increasing spam sensitivity, it is intended to protect all non-spam e-mail as the first priority.

**Keywords:** Spam, ham, NaiveBayesClassifier, e-mail.

**А.Жошкун, Ә.Б.Аманжолова**

### **Спам сүзгілеу үшін Аңғал Байес классификаторын қолдану**

Электрондық поштаны пайдалану (e-mail); интернетті пайдаланудың таралуы қарапайым және оңай қол жетімді болғандықтан, ол соңғы қырық жыл бойы өсті және бүгінгі күні кеңінен қолданылатын коммуникациялық құралдардың бірі болды. Электрондық поштаны пайдаланудың көбеюі бірқатар қиындықтарды тудырды. Қиындық тудыратын маңызды мәселелердің бірі - жарнамалық электрондық пошта. Бұл электрондық поштаны пайдаланушыларға кедергі келтіреді, сондай-ақ қажетсіз ресурс қалдықтарын тудырады. Жарнамаға негізделген электрондық пошта заңдарды немесе заңсыз өнімдерді алға жылжыту үшін пайдаланылады, әртүрлі көздерден жіберілген миллиондаған сұрыпталмаған электрондық пошта хабарлары Интернет пайдаланушылардың пошта жәшіктерін толтырады. Күрделі мәселе болып табылатын коммерциялық электрондық пошта, интернет-трафикті де, пошта серверлерімен де айналысады. Қажетсіз электрондық поштаны сүзу бойынша көптеген жұмыстар жасалды. Бұл жұмыста спецификалық сүзгі Аңғал Байес классификаторы арқылы жасалды. Спамның сезімталдығын арттырудың орнына, барлық спам емес электрондық поштаны бірінші кезектілік ретінде қорғауға арналған.

**Кілт сөздер:** спам, хам, Аңғал Байес классификаторы, электрондық пошта.

**А.Жошкун, А.Б.Аманжолова**

### **Использование наивного байесовского классификатора для фильтрации спама**

Использование электронной почты (e-mail); поскольку использование Интернета стало простым и легко доступным, оно выросло за последние сорок лет и стало одним из наиболее широко используемых средств связи сегодня. Увеличение использования электронной почты привело к возникновению ряда проблем. Одна из основных проблем- рекламная электронная почта. Она мешает пользователям электронной почты, а также вызывает ненужные остатки

ресурсов. Рекламные электронные письма используются для продвижения незаконных продуктов, а миллионы незапрашиваемых электронных писем, отправляемых из разных источников различного назначения, заполняют почтовые ящики пользователей интернета. Коммерческие электронные письма, которые становятся все более проблематичными, привлекают как интернет-трафик, так и почтовые серверы. Прделана большая работа по фильтрации нежелательных писем. В этом исследовании спам-фильтр был разработан с использованием наивной байесовской классификации. Вместо того, чтобы сосредоточиться на повышении чувствительности к спаму, он предназначен для защиты всех сообщений, не связанных со спамом, в качестве первого приоритета.

**Ключевые слова:** спам, хам, наивный байесовский классификатор, электронная почта.

### **1.Introduction**

Spam is a problem with mass e-mails. This requires reliable anti-spam filters. E-mail message; an ad, a product or a service, sexual content, scam, or irrelevant content means that email can be considered spam. Spam; loss of time, can cause a waste of resources is a serious problem to be solved. Spam e-mails can have different styles. Spammers always create a special format to prevent detection. Some spam may include embedded images, links, or attachments, while others may contain spaces or strange characters in a word. These spam caused researchers to work hard to create filters. Ketari's work demonstrates image spam filtering techniques [1]. Image spam filters use algorithms such as SIFT, TR-FILTER and NDD. Deshmukh proposed a spam filtering system using Sobel operators and AOCR [2] to filter text and image-based e-mails. Because research into spam requires a large set of data, some technologies such as MapReduce and Hadoop and HDFS are becoming popular. Tran Ho suggested combining fingerprinting techniques with the sim-hash algorithm to detect spam.

Examining the e-mails sent in the first quarter of 2015 [3] S. Tatyana and V.Maria, D.Nadezhda. According to the review, 59.2% of the e-mails sent at that time fell from the spam e-mails. This rate is still very high due to the fact that more than half of the e-mails are spam, even if this ratio is lower than the previous quarter by 6 points.

Electronic message has become more popular and important for internet social networks. E-mail is one of the electronic messaging services and people use e-mail for personal and business communication every day. According to the 2013 Email Marketing Benchmark Report [4], 247 billion e-mails are sent daily. This is an email every 0.00000035 seconds. However, e-mail spam is an unfortunate problem to block the development of e-mails, with about 60% of e-mails appearing in e-mail traffic [3]. Many researchers were advised to use the spam learning problem, the Classifier to give good results and to use it in many filtering software. The first mail filtering program that uses the Naïve Bayes Classifier is Jason Rennie's ifil program. Then, the first scientific publication on Bayesian spam filtering was reported by Sahami et al. [5]. In 2002, Graham reduced the false positive rate to use as a single spam filter [6] [7]. As a set of solutions, it uses the cluster as part of spam detection, such as the KNN algorithm [8] and the SVM classification [9].

### **2.The probability of the word being spam**

For any very text-based very large analysis, data preprocessing is the most important step. This step helps us remove meaningless words and text symbols. This step uses the Natural Processing Language (NLP), which is able to understand the human language of a computer and help us classify the text. In practice, we named non-spam messages as ham.

As statistics, [10] shows that 80% of any messages with spam are present:

$$\Pr(S) = 0,8; \Pr(H) = 0,2$$

However, most Bayesian spam detection software presupposes that the incoming message is not a primary reason for being spam rather than ham, and that both cases have a 50% equal probability: [11]

$$\Pr(S) = 0,5; \Pr(H) = 0,5$$

This means that filters using this hypothesis are not "biased", meaning they don't have prejudices about the incoming mail. This assumption simplifies the following general formula:

$$\Pr(S/W) = \frac{\Pr(W/S)}{\Pr(W/S) + \Pr(W/H)}$$

This is functionally equivalent to asking what percentage of the word "replica" appears in spam messages. This amount is called the "spam" (or "unwanted") of the word "replica" and can be calculated. The number of  $\Pr(W/S)$  used in this formula is approached to the frequency of messages containing the word "replica" in messages identified as spam during the learning phase. Similarly  $\Pr(W/H)$ , approaches the frequency of messages containing the word "replica" in messages defined as ham in the learning phase. In order for the results to be meaningful, the messages learned must be large and sufficient delegates. It is also recommended that the learned messages are suitable for the 50% hypothesis of repartitioning between spam and ham, that is, the same size of spam and ham datasets [12].

Of course, deciding whether a message is based on the existence of the word "replica" or "not replica" can only cause an error, so Bayesian spam software attempts to take a few words into consideration and combines the unwanted to determine the overall likelihood of a message.

The words "Neutral", such as "the", "a", "some" or "is" or their equivalent in other languages, may be ignored. More generally, some Bayesian filtering filters ignore all of the words that have a spammy of more than 0.5 because they do not contribute to a good decision. The words considered are the words that are next to the spamming (distinctive signs of legitimate messages) or next to 1.0 (unwanted markings).

Some software products take into account the fact that a particular word appears several times in the message being examined, [13] and others are absent.

Some software products use patterns (word sequences) instead of isolated natural language words [14]. For example, instead of calculating unwanted expressions such as "Viagra", "is", "good", and "for" with a four-context "context window", they calculate the spamming of "Viagra is good for". This method is more sensitive to content and eliminates Bayesian noise better because of a larger database.

### 2.1. Spam detection application using Naive Bayes classifier

Let us use the naive Bayes classifier in the spam problem [15].

For sure, assume that the user has 100 messages in his email and 20 messages in the Spam folder (accordingly, 80 messages are not spam) – see Figure 1.




Figure 1. User email

You may find that some words are more common than non-spam. We try to use them to indicate that the message containing them is spam. For example, spam usually offers of nice space for rent. The word "office" is not available in e-mail. For example, in an email from the same user, let only 5 messages contain the word "office". It is clear that there is no relationship between the word "office" and the word "office" and the presence of its not real not being spam, if the message is distributed among non-spam and spam number to their number. Therefore this word cannot be an indicator to place a message in the Spam folder.

However, after calculating the frequencies, you may find that the word "office" is more common than spam, ham among spam:

Frequencies	Does it include the word "office"?		
	Yes	No	
Spam	4	16	20
Ham	1	79	80
<b>Total</b>	5	95	100

Table 1. Frequency of e-mails containing the word "office".

Use Bayes formulas. Denote:

$A = \{ \text{message contains the word "Office"} \}$ ,

$H_1 = \{ \text{message is spam} \}$ ,

$H_2 = \{ \text{message not spam} \}$ .

Let's fill in the following table:

№	$p(H_i)$ a priori probability	$p(A H_i)$	$p(A H_i), p(H_i)$	$p(H_i A) = p(A H_i)p(H_i)/p(A)$ a priori probability
1	0,2	4/20	0,04	0,04/0,05=0,8
2	0,8	1/80	0,01	0,01/0,05≈0,2
	1		$p(A) = 0,05$	1

Table 2. Calculation of probabilities.

Thus, the probability (with the word "office" of the message is spam) is 80%. (Accordingly, this is non-spam = 0.2 (the probability is 4 times lower)). This allows you to configure the mail



program so that messages with the word "Office" immediately become spam.

### **3. Advantages and disadvantages of Bayes spam filtering**

#### **3.1 Advantages**

One of the main advantages of Bayes spam filtering is that it should be cited.

- A user's spam is usually related to the activities of the online user. For example, a user may have subscribed to an online newsletter that the user thinks is spam. It is possible that this online newsletter will contain the words that are common to all newsletters, such as the name of the newsletter and the e-mail address. A Bayesian spam filter will eventually assign a higher probability based on specific models of the user.

- Legal emails from a user tend to be different. For example, in a company environment, the name of the company and the names of customers or customers will often be specified. The filter will assign a lower spam probability to emails containing these names. Word possibilities are unique to each user, and the filter can develop over time with corrective training when it incorrectly classifies an email. As a result, Bayesian spam filtering accuracy after training is generally superior to predefined rules.

- Where legal e-mail is incorrectly classified as spam, it may perform particularly well in avoiding false positives. For example, a predefined rule filter can reject it if the email contains the word "Nigeria", which is commonly used in advance charge fraud spam. A Bayesian filter marks the word "Nigeria" as a possible spam word, but it also takes into account other important words that indicate the legal email. For example, a spouse's name may indicate that the use of the word "Nigeria" is not spam.

#### **3.2 Disadvantages**

- Depending on the application, Bayesian spam filtering may be prone to Bayesian poisoning, a technique used by spam senders to reduce the effectiveness of Bayesian filtering-based spam filters. A spammer who executes Bayes poisoning will send large amounts of legitimate text (collected from legitimate news or literary sources). Among the Spammer tactics is the addition of random and harmless words that are not normally associated with spam, thus reducing the spam score of the email and causing the Bayesian spam filter to pass. However, with Paul Graham's schema (for example), only the most important possibilities are used, therefore, filling the text with words associated with spam does not significantly affect the probability of detection.

- Words that normally appear as large amounts of spam can also be converted by spammers. For example, "Viagra" means "Viaagra" or "V! Replaced by Agra ». The recipient of the message may still read the changed words, but each of these words is less likely to be met by the Bayes filter, which prevents the learning process. As a general rule, this spam technique does not produce very good results because the derived words are perceived by the filter just like normal ones.

Another technique used to try to beat Bayes spam filters is to replace text with pictures that are directly included or linked. The entire text or part of the message is replaced by an image in which the same text is "dhamn". The spam filter cannot analyze this image, which will often contain sensitive words such as «Viagra». However, because many mail clients disable the display of linked images for security reasons, they can reach fewer destinations that send spam to remote images. Also, the size of the image in bytes is larger in size than the equivalent text, so the spammer needs more bandwidth to send direct messages, including images. Some filters are more prone to decide that a message with mostly graphical content is spam. A solution Google uses in the Gmail email system is to analyze an internal text to perform an OCR (Optical Character Recognition) for each medium-sized image.

### **3. Conclusions and recommendations**

This method is simple (elementary algorithms), which can be appropriate and effective (eliminate the need for synthetic methods in "black lists" and so on) and can be doobuchat in case of any error. In general, there are all indications for widespread use, in practice this is the case - it is based on almost all modern spam filters.

With the technological developments and the wide spread use of Internet, the number of e-mail users is increasing day by day. Because of its simplicity and simple accessibility, it is sent and received from billions of email servers everyday. Email has an important place in communication in our daily lives. However, spam and advertisements are also a big problem. Spam and advertising e-mails both play the time of internet users and cause internet resources to be wasted.

The current state of spam filtering technology and unwanted filtering algorithm have been investigated by Naïve Bayes algorithm. In this study, the spam filtering by using Naïve Bayes classifier algorithm is examined and analyzed in detail. There is a lot of work to be done: First, to improve the overall content of the message, the titles should not be limited, but the content should also be published. Second, the filter algorithm needs to increase the accuracy of filtration to continue a deeper operation. Third, you just need to add audio, video, images and other filtering features by not filtering text messages.

The main purpose of our research is to protect ham e-mails in classification. In future studies, we will solve the problems in this study and maintain the spam sensitivity rate. If possible, we will combine some other algorithms to improve our filter.

### **REFERENCES**

1. Ketari L.M., Chandraand L.M., Khanum M.A. 'A Study of image Spam Filtering Techniques.' 4th IEEE Internet. Conf. Computational Intelligence and Communication Networks, 2012.
2. Deshmukh S.S., Chandre P.R. 'Survey on: Naïve Bayesian and AOCR Based Image and Text Spam Mail Filtering System.' International Journal of Emerging Technology and Advanced Engineering.
3. Shcherbakova T., Vergelis M., Demidova N. 'Spam and Phishing in the First Quarter of 2015'. <https://securelist.com/spam-and-phishing-in-the-first-quarter-of-2015/69932/> [May.13,2015]
4. Mark B. '8 email statistics to use at parties'. Sponsored by: 2013 Email Marketing Benchmark Report. <http://www.email-marketing-reports.com/iland/2009/08/8-email-statistics-to-use-parties> [Jul.17,2015]
5. Sahami M., Dumais S., Heckerman and D. Horvits E. 1998. 'A. Bayesian Approach to Filtering Junk E-mail'. In. Proc. of the AAAI'98 Workshop on Learning for Text Categorization, pp. 1048-1054
6. Livingston B. 'Paul Graham provides stunning answer to spam e-mails'. <http://www.infoworld.com/article/2674702/technology-business/paul-graham-provides-stunning-answer-to-spam-e-mails>, 2002.
7. Paul Graham, Better Bayesian filtering. <http://www.paulgraham.com/better-bayesian-filtering>, 2003.
8. Fitre L., Lemnaru C., Potolea R. 'Spam Detection Filter Using KNN Algorithm and Resampling' in Intelligent Compute Communication and Processing (ICCP), 2010 IEEE International Conference., 2010 pp. 27-33.
9. Kyriakopoulou and A., Kalamboukis T. 'Text Classification Using Clustering', in ECML-PKDD Discovery Challenge Workshop Proceedings, 2006.
10. Dylan Mors & Dermot Harnett. "State of Spam, a Monthly Report - Report #33" (PDF) 2009.
11. Process Software, Introduction to Bayesian Filtering
12. [https://en.wikipedia.org/wiki/Naive\\_Bayes\\_spam\\_filtering](https://en.wikipedia.org/wiki/Naive_Bayes_spam_filtering)
13. Brian Burton (2003). "SpamProbe - Bayesian Spam Filtering Tweaks".
14. Jonathan A. Zdziarski (2004). "Bayesian Noise Reduction: Contextual Symmetry Logic Utilizing Pattern Consistency Analysis".
15. Machine Learning with R. Packt Publishing. Birmingham-Mumbai. 2013, pp. 89 - 117

ӘОЖ 37.012.7

МҒТАР 14.35.00

**К.М.АДЫРБЕКОВ, Р.Е.ПРАЛИЕВА, А.Д.АДЫРБЕКОВА, Б.Ж.АБДИНАЗАР**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: [kg\\_senator@bk.ru](mailto:kg_senator@bk.ru), [bikow94@mail.ru](mailto:bikow94@mail.ru))*

### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ**

Адамзат тарихында іс-әрекетті жүзеге асыру құралдарда ғана дамып қоймай, осы құралдарды, қоғамдық тәжірибені жасайтын адамның дамуы басты мәселе ретінде қарастырылады. Адам даму индексі (АДИ) олардың өмірінің ұзақтығы, білім алу, денсаулық сақтауға арналған мүмкіншіліктері, табыс табу мен жұмыс жағдайлары сияқты факторларды есепке алу арқылы мемлекеттерді салыстыратын көрсеткіш. Олардың негізінде халықаралық салыстырулар жасалып, мемлекеттердің бұл саладағы жетістіктері айқындалады. Сол мақсатта болашақ мұғалімдерді жаңартылған білім беру бағдарламасының негізінде даярлау заман талабы болып табылады.

**Кілт сөздер:** креативтілік, педагогика, психология, механизм, психика, концептуалдылық, феномен, рефлекс, субъект.

### **К.М.Адырбеков, Р.Е.Пралиева, А.Д.Адырбекова, Б.Ж.Абдиназар Подготовка учителей на основе обновленной образовательной программы**

Реализация действий в истории человечества - это не только инструмент развития, но и развитие человека, который делает эти инструменты, и социальный опыт. Индекс человеческого развития (ИРЧП) - это показатель, который сравнивает государства в отношении таких факторов, как продолжительность жизни, возможности получения образования, возможности здравоохранения, получения доходов и условия труда. Они основаны на международных сопоставлениях и достижениях государств в этой области. С этой целью подготовка будущих учителей на основе обновленной образовательной программы является велением времени.

**Ключевые слова:** креативность, педагогика, психология, психика, механизм, концептуальность, феномен, рефлекс, субъект.

### **К.М.Адырбеков, Р.Е.Пралиева, А. Д.Адырбекова, В. Ж.Абдиназар Training of teachers on the basis of the updated educational program**

Implementation of action in the history of humanity is not only a tool for development, but also a development of a person who makes these tools and social experiences. The Human Development Index (HDI) is a measure that compares the states with regard to factors such as their duration of life, education opportunities, healthcare capabilities, income generation and working conditions. They are based on international comparisons and the achievements of the states in this area. To this end, the future is a requirement for future teachers to develop on the basis of an updated educational program.

**Keywords:** creativity, pedagogy, psychology, mechanism, conceptuality, phenomenon, reflex, subject.

Заман талабымен сай білім беру жүйесі жаңартылып келеді. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев білімді ұрпақ тәрбиелеу, мемлекетімізді биік шыңдардан көрсету, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатында ұлы қадам басталды дейді.

Білім беру жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүддесінде оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты процесі ретінде ашылады, ол мәдениет құндылықтарын және әлемге адамгершілік-эмоционалдық қарым-қатынасты, адамзаттың рухани және материалдық жетістіктерін сақтайтын және дамытатын кәсіби және шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін меңгеруге әкеледі.

Қоғам білім беру арқылы өзінің мәдени мұрасын (жинақталған білім, рухани құндылықтар, тәжірибе) бір ұрпақтан екіншісіне мақсатты түрде береді. Адам білімнің арқысында өз ақыл-ойын, мінезін, психофизикалық қабілетін, руханилығын қалыптастырады [1].

Білім келесі мағыналарда түсіндіріледі:

- жас ұрпақтың бұрын-соңды болмаған, үлкен дәрежеде белгісіз болашаққа кіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, мәдениетті бір ұрпақтан екіншісіне трансляциялау тәсілдерін айқындайтын елдің рухани деңгейінің өзіндік сипаттамасы ретінде;

- әлеуметтік ашық, өзін-өзі дамытатын жүйелер ретінде, өмірдің әл-ауқатын және жастардың өзін-өзі жетілдіруін анықтайтын;

- бірегей және қайталанбас қалыптасудың қуатты факторы ретінде даралығын.

Білім беру мамзұны ғылым, мәдениет жағдайына байланысты, техника, технология, өндіріс талаптары, сондай-ақ қоғамдық қатынастар арқылы анықталады.

Білім беру мазмұны - бұл ғылыми білім, білік және дағдылар, дүниетанымдық және адамгершілік-эстетикалық идеялар, сондай-ақ әлеуметтік, танымдық және шығармашылық тәжірибе элементтері жүйесі.

Бұл элементтер адамзат өзінің өмір сүрген уақытында жинақтаған болмашы бөлігі ғана. Мазмұнын іріктеу кезінде нені басшылыққа алады? Біріншіден, басты сұраққа жауап беретін мақсаттар-не үшін үйрету. (Идеологияны өзгерту барлық оқу пәндері бойынша бағдарламалар мен оқулықтардың түбегейлі өзгеруіне әкеледі. Екіншіден, ел дамуының экономикалық деңгейімен. Үшіншіден, білім беру саласындағы мемлекеттің дәстүрі. Төртіншіден, оқушылардың психологиялық мүмкіндіктері туралы түсінік.

Дидактикада жалпы білім беретін орта мектеп үшін қажетті білім тізбесі және оларды меңгеру жүйелілігі негізделген білім мазмұнын іріктеу теориясы әзірленді. Бұл теориялар келесі факторларды анықтаудан тұрады:

- мектеп бітірушіге қоғамның талаптары: әлеуметтік, кәсіби, мәдени;

- әлем, мәдениет, адам, техника туралы ғылыми білімнің заманауи деңгейіне сәйкестігі;

- дидактикалық принциптерді сақтау: жүйелілік, реттілік және т. б.;

- әр түрлі оқу сатысындағы оқушылардың психологиялық мүмкіндіктерін есепке алу: кіші, орта және үлкен мектеп жасы;

- жеке тұлғаның білім алу қажеттілігі-қоғам білім алуға талап қойып қана қоймай, сонымен қатар азаматтардың да оны таңдауға құқығы бар.

Қазіргі кездегі орта мектепте қолданыстағы «жаңартылған» білім беру түсінігі жаңадан пайда болған ұғым емес. Ол педагогика саласында өткен ғасырдың әлеуметтік өзгерістер кезеңінде пайда болды. «Жаңартылған» білім беру ретінде дәстүрлі білім беруден замана талабына сай білім беруге көшуді әрі келесілерге бағдарлануды түсінеміз:

- әлеуметтік таңдау кезінде ғылым жетістіктерін тиімді пайдалану, (педагогикалық, психологиялық, философиялық, мәдениеттану және т.б.);

- жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың басымдығы;

- мектептің демократиялық және гуманистік сипаты;
- жаңаша алғышарт ретінде ескеретін инновациялар;
- іс-әрекет, құзыреттілік және толерантты тұлғаны қалыптастыру.

Орта білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі міндеттері - оның қол жетімділігін, сапасы мен тиімділігін арттыру. Бұл ауқымды құрылымдық, институционалдық, ұйымдық-экономикалық өзгерістерді ғана емес, бірінші кезекте – білім беру мазмұнын, ең алдымен, жалпы білім беру мазмұнын айтарлықтай жаңартуды, оны қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келтіруді болжайды [2].

Елдегі және әлемдегі қоғамдық және экономикалық дамудың қазіргі тенденциялары өндірістің тиімді өсуі мен жаратылыстану-ғылыми білімі бар кәсіпқойлар қажет болатын ілеспе ғылыми бағыттарды дамыту қажеттілігінің артуына алып келеді. Техника мен өнеркәсіптің даму қарқындылығы жаратылыстану-ғылыми білім беру жоғары мәнге ие. Жүйелі білім құрылғаннан бастап білім беру мазмұнын қалыптастыру және дамыту мәселелері өзекті болып табылады, ол ғылыми білімнің даму деңгейімен және қоғамдық болмыс тарихының нақты кезеңінде ұлттық әлеуметтік-экономикалық факторлармен айқындалады.

Білім беру жүйесіндегі, оның ішінде жалпы жаратылыстану орны мен рөлін анықтау туралы мәселелер бұрыннан және белсенді талқылануда. Зерттеушілердің пікірінше, жаратылыстану-ғылыми білім оның дүниетанымдық, әдіснамалық, мазмұнды және танымдық әлеуетінің арқасында жеке және әлеуметтік маңызды болып табылады. Жаратылыстану-ғылыми білім беру өскелең ұрпақты өзіндік өмірге дайындау компоненттерінің бірі болып табылады. Білім берудің гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, технологиялық құрамдас бөліктерімен қатар ол мектепте оқыту және тәрбиелеу кезінде баланың тұлғасын жан-жақты дамытуды қамтамасыз етеді. Жаратылыстану-ғылыми ойлау және дүниетаным үйлесімді тұлғаның элементтері ретінде жаратылыстану-ғылыми білім беру процесінде жанама түрде қалыптасады [3].

О.Н.Крылова пікірі бойынша : "білім беру мазмұнының өзгеруі қоғамдағы мәдени үлгілердің, нормалар мен құндылықтардың сабақтастығын сақтау мақсатында отандық білім беру дәстүрлеріне, сондай-ақ инновацияларға сүйенуі тиіс". Әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық факторларға негізделген жалпы білім беру жүйесіндегі өзгерістер жаратылыстану-ғылыми білімге әсер етеді [4].

Қазіргі заманғы өркениеттің дамуы, мәдени тұлғаның әлеуметтік рөлін күшейту, ізгілендіру мен қоғамның демократиялануы, еңбекті интеллектуалдандыру, техниканы жылдам ауыстыру және технологиялар "өмір бойғы білімнен" формуласын "өмір бойына білім алу" деп ауыстыруды болжайды [5].

Орта мектеп мұғалімдерінің біліктілігін жетілдірудің тарихи дамуын зерттеу барысында бұл мәселеге елеулі көңіл бөлінгені анықталды. Орта мектеп мұғалімдерінің біліктілігін жетілдірудің даму тарихын кезеңдеудің бірқатар тәсілдері бар бірақ олардың барлығы ортақ нүктемен біріктіріледі, ол елдің қарқынды дамуы процессінде жылдам дайындықты қажет еткен жылдар:

- қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінің қалыптасуы (XIX ғ. - XX ғ. басында);
- педагогтарының біліктілігін арттыру жүйесін дамыту кезеңі (1917 жылдан 1941 жылға дейін);
- XX ғ. 50-80-жылдары біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру;
- XX ғ. аяғында-XXI ғ. басында педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесін жаңғырту [6].

Кәсіби педагогикалық білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің біліктілігін арттырудың негізгі функциялары – диагностикалық, компенсаторлық, танымдық, болжамдық, бейімделу.

Диагностикалық функция - бұл қабілеттілікті анықтау, жеке-тұлғалық ерекшеліктерін және дайындық деңгейін анықтау. Компенсаторлық функция - бұл білім берудегі бұрын алған білімдерінің ескіруіне, кәсіби білім беру үдерісінде психологиялық-педагогикалық білімдерді толық алмауына, кәсіби білім мен іскерлікті терең меңгерудің маңыздылығына байланысты олқылықтарды жою.

Танымдық функция - бұл мұғалім тұлғасының кәсіби, зияткерлік және ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Болжамдық функция-бұл шығармашылық әлеуетті дамыту, мұғалімнің кәсіби педагогикалық қызметке дайындығын анықтау.

Бейімделу функциясы - бұл ақпараттық мәдениетті дамыту, өздігінен білім алуға, оқу орнының мәртебесін, даярлық бейінін, лауазымын, жұмыс орнын ауыстыру кезінде қызметті бағдарлауға қажетті әмбебап педагогикалық технологиялар мен жүйелерді жобалау іскерліктерін үйрету.

Осылайша, білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесі-бұл бұрын алған кәсіптік білімдерін жаңарту, тереңдету, іскерлік қасиеттерін жетілдіру, жаңа мамандық алмай жаңа функционалдық міндеттерді игеру және кәсіптік қызметпен байланысты білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мұғалімнің қоғамдық-практикалық қызметімен біртіндеп оқу іс-әрекеті кезектесіп отыратын қосымша кәсіптік білім беру түрі [7, 8].

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесі үшін жетекші бағыт - бұл педагогикалық қызметтің барлық кезеңінде үздіксіз біліктілікті арттыру және мұғалімнің жеке тұлғасын дамыту, оның кәсіби педагогикалық қызметке дайындығын анықтау, оның шығармашылық әлеуетін дамыту.

Е.А.Леванованың пікірінше, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінде оқыту үдерісіне шығармашылық көзқарас белгілі бір ақпаратпен қамтамасыз етіп қана қоймай, мұғалімнің шығармашылық қабілетін, оның жаңасын танып, тәжірибеде қолдана білуін дамытады [9].

Көптеген мамандар педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесінде және, әрине, өз бетінше жүзеге асырылатын дипломнан кейінгі білім берумен байланысты практикалық іс-әрекет барысында мұғалім кәсібилігі қалыптасады деген пікірді қолдайды.

Сондықтан біліктілікті арттыру үдерісінде мұғалімнің кәсіби дайындығы ғалымдардың басты назарында. "Мұғалімнің біліктілігін арттыру, – В.Я.Синенконың пікірінше, - мұғалімдерді жетілдіру институттары, білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институттары, мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері, шығармашылық топтар жағдайында өздігінен білім алу жолымен жүзеге асырылады" [10].

Біліктілікті арттырудың қалыптасқан жүйесі - бұл білім беру жүйесінің тарихи дамуының оның оң тәжірибесін пайдалану тұрғысынан ғылыми қызығушылық танытудың нәтижесі.

Осы орайда, болашақ ұрпақ білімді болсын десек, сол ұрпаққа өмірде адаспай өз орындарын табуға бағыттайтын жаратылыстану пәндері бойынша ұстаздардың біліктілігін арттырудан бастағанмыз өте орынды деп білеміз. Осы бағытта жүзеге асырылған игі шаралардың бірі – еліміздің білім сапасын әлемдік деңгейге жеткізетін мұғалімдер қауымын қайта даярлау курстарының қарқынды жұмысы көңілге қонымды.

Мұғалімдерге арналған білім беру бағдарламасы ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған [11, 12]. Олар мұғалімдерді сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, мәселелерді шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды, ынталандырады.

Мұғалімдерге арналған білім беру бағдарламасы спираль тәріздес құрылымға негізделген. Олар студенттік шақта оқу бағдарламасы аясында игерілетін негізгі дағдыларға мезгіл-мезгіл қайта оралып отырады. Мысалы, оқу бағдарламасындағы кейбір оқу мақсаттары студенттердің шынайы өмірде кездесетін мәселелерді анықтап, оларды зерттеуін талап етеді. Студенттер курстан курсқа ауысқан сайын бұл мәселелер күрделене түседі. Мәселелерді шешу тәсілі негізінен, педагогика және психология пәндерінде қамтылған және математика бойынша оқу бағдарламасының негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады.

Білім беру үдерісіне енген жоғарыда аталған жаңалықтар, жаңартылған білім беру бағдарламасы, бүгінгі күнгі талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама демекпіз. Аталған міндеттерді жүзеге асыру барысында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы АОБПҚБАИ облыс мұғалімдеріне арнайы курстар өткізіп келеді. Курстың мақсаты: «Кең ауқымдағы білімдерді меңгерген болашақ мұғалім тұлғасын, үйлесімді ортасына қолайлы қалыптасқан білім беру» оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы, ұлттық білім беру жүйесіне арналған жоғары білім мазмұнын жаңарту бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Жаңартылған білім беру мазмұнын ендіру бойынша курстарда оқыту «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ-ы Педагогикалық шеберлік орталығы мен «Өрлеу» БАҰО» АҚ ұйымдастыруымен арнайы жасалған біліктілікті арттыру бағдарламаларымен жүзеге асырылып отыр. Атап айтсақ, 2016 жылдан бастап облыстың барлық аудандарында көшпелі біліктілікті арттыру курсы өткізуде [13, 14].

Жаңартылған бағдарламаның басты ерекшелігі: білімді, шығармашыл, бәсекелік қабілеті тұлға тәрбиелеу; білім беру процесін тұлғаға бағдарлау; бала өміріндегі білімнің жеке тұлғалық мәні; өзіндік дербес оқу қызметі, өмірлік тәжірибесі; педагогикалық қолдау мен қамқорлық көрсету және мұғалім мен тыңдаушының ынтымақтастығы; болашақ мұғалімнің жалпы жеке тұлғалық өсуі, дамуы және өзін-өзі дамытуы қамтылған [15]. Жаңартылған бағдарламаның қолданыстағы бағдарламадан ерешеліктері болашақ мұғалімнің жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген, шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал етеді. Біз білімді болашақ мұғалімге тыңдау, түсіну, ойлау, пайымдау, тұжырымдау, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік біліктіліктерді оқушының өмірлік қажеттілігіне айналдыру үшін маңызы зор екеніне көз жеткіземіз. Осы курстан алған ақпараттарды пайдалана отырып, АОПҚБАИ-ның жоспарына сәйкес болашақ мұғалімдерге курс өткізу барысында төмендегі мақсаттарды басшылыққа алдым:

- Мұғалімдердің іскерлігін, ізденісін туғызып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашу.
- Критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.
- Жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру.
- Болашақ мұғалімнің білім алу үдерісіне белсене қатысуын қалыптастыру [16,17].

Білім беру үдерісін ұйымдастырудың басты ерекшелігі білім беру мен тәрбиенің бірлігі болып табылады. Курстың 1-4 күндері жаңартылған білім беру бағдарламасына және оның құрылымына қысқаша шолу, оны тиімді іске асыру үшін қажетті педагогикалық тәсілдер және критериалды бағалау жүйесі тренинг арқылы мұғалімнің іс-әрекеті ұйымдастырылды. 5-15-күндері білім беру бағдарламасының пәндік аспектілері (белсенді және тәжірибелік), ықшам сабақтар, өзіндік рефлексия және метатанымдық тапсырмаларды тиімді әдістерді пайдалана отырып, мұғалімдер өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісті. Курсты өткізу барысында мұғалімдер электронды және баспадан шығарылған барлық әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіліп, интерактивті әдістер, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен қолданылды [18]. Оқу бағдарламасы мен сабақ жоспарларын егжей-

тегжейлі талдауға, ортақ ой шығаруға, іс-тәжірибе алмасуға, әр сабақтың соңында тренер мұғалімдерге жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну жәйлы өзін-өзі бағамдау нысанын толтырып, кері байланыс жүргізеді. Мұғалімнің өзін-өзі бағамдау нысаны тренер мұғалімдерге бүгінгі сабақта не ұнады? Үйренгеннің ішінен өзіңіздің тәжірибеңізде нені қолдандыңыз, сабақта түсінбеген мәселелер болды ма? Оны қалай пысықтағысы келеді? Үйренгендердің ішінен айтарлықтай құнды не деген сұрақтарға жауап бере отырып, мұғалімдерге қосымша әдістемелік көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Әр тренер мұғалімдердің теория мен тәжірибені ұштастыруға, мұғалімнің өз әрекеттерін жоспарлай және ұйымдастыра білуге, мұғалім оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде бермей, тыңдаушымен бірлесіп, сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде болуы, ал тыңдаушы үшін білімді өздігінен жан-жақты ізденуі, мәселені анықтай алуы, өзіндік тұжырым жасай алуы, өзінің іс-әрекетіне баға беруге дағдылануы, сыни ақпараттарды өз бетімен тауып, талдап, дәлелдей алуына, белгілі бір деңгейде пікірталасты жүргізе білу қабілеттерін дамытуға аса назар аударылды [19].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде бір болашақ» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. ... бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр»-деген. Білім берудің сапасын жақсарту болашақ мұғалімдерден басталады. Болашақ мұғалімдерге берілетін білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы қиын да, жауапты жұмыс. Бұл сатыда білім берудің сапасы, мұғалімнің кәсіби құзыреттілік деңгейіне байланысты. Әрине, қазіргі заманда тыңдаушыға сапалы білім беру үшін, мұғалімнің өзінің педагогикалық білімі, іс-тәжірибесі жоғары деңгейде болу керек.

Оқу бағдарламасын оқып-үйренуде табысқа жету және оқытуды тиімді ұйымдастыру үшін кәсіби қызметтің дайындығы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының ұйымдастырылуы сол өзгерістердің ең бастысы және дәлелі екені анық. Қоғам өзгеруімен бірге сол қоғамда өмір сүріп жатқан адамдар да өзгереді. Сондықтан біздің ұрпағымыз білім алып, тәрбиеленіп жатқан мекеме болашағы - ұстаздардың әрқашан ізденісте болуына байланысты [20].

Қорыта айтқанда, бағдарламаның мәні - болашақ мұғалімнің функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Болашақ мұғалім өзінің курс барысында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Жаңартылған бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ал мұғалім жаңашылдықтың жаршысы. Білім орталықтарында оқушыларды біліммен сусындататын әрбір педагог, Генри Фордтың «Бұған дейін жасалғандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады» деген ілімін негізге ала отырып, бір нәрсемен ғана шектелмей, өз білімін, шығармашылығын дамытып отыру керек деген ойдамыз.

## **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Педагогика: под ред. А. П. Тряпицкой. - Санкт-Петербург [и др.] : Питер, Санкт-Петербург [и др.] : Питер, 2014. - 304 с.
2. Приоритеты современного образования: монография / Под общ. ред. Г.Ю.Гуляева— Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение».—2017.—132с.
3. Левшина С.В. Выявление путей обновления содержания школьного естественнонаучного образования: актуальность решения научной задачи. Международный научный журнал «Символ науки», №6/2016. –С. 174-176.



4. Крылова О. Н. Развитие знаниевой традиции в современном содержании отечественного школьного образования / Монография. – СПб.: Изд-во «ЛЕМА», 2010. – 355 с.
5. Возгова З.В. В 64 Методологический регулятив развития системы непрерывного повышения квалификации научно-педагогических работников: монография/З.В. Возгова. – М.: АПК и ПРО, 2010. – 239 с.
6. Калькова Г.В. Совершенствование процесса повышения квалификации педагогических кадров среднего профессионального образования. 13.00.08. дисс. канд.пед.н. Москва, 2015. -246с.
7. Матюшкина М.Д. Проспективная оценка качества постдипломного педагогического образования: монография / М.Д.Матюшкина. – СПб.: ЛЕМА, 2013. – 273 с.
8. Варющенко В. И., Гайкова О. В. Повышение квалификации в непрерывном образовании и развитии личности учителя. Научно-теоретический журнал Научные сообщения. №1 (22), Челябинск, 2015 –С. 20-30.
9. Леванова Е.А. Проектирование последипломного педагогического образования: монография / Е.А. Леванова. – М. : Спутник, 2013. – 117 с.
10. Синенко В. Я. Экспериментальная основа современного обучения учащихся естественнонаучным дисциплинам: монография / В. Я. Синенко. – Новосибирск: Изд-во НИПКиПРО, 2011. – 198 с.
11. Волков, И.П. Цель одна - дорог много: проектирование процессов обучения / И.П. Волков. - М.: Просвещение, 2015. - 159 с.
12. Тамберг, Ю.Г. Как научить ребенка думать: Учебное пособие для родителей, воспитателей и учителей / Ю.Г. Тамберг. - М.: СПб: Михаил Сизов, 2018. - 320 с.
13. Методические рекомендации по внедрению обновленного содержания образования в 3, 6, 8 классах общеобразовательных школ Республики Казахстан.– Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 544 с.
14. Тастанова А.К. Современные подходы к оценке результатов обучения. Білім-Образование ғылыми-педагогикалық журналы. №3. Астана, 2018. –Б. 19-23.
15. Об утверждении образовательных программ курсов повышения квалификации педагогических кадров в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан.Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 15 января 2016 года № 32.
16. Методологические и учебно-методические основы внедрения системы критериального оценивания учебных достижений обучающихся. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 58 с.
17. Бухарова, Г.Д. Общая и профессиональная педагогика / Г.Д. Бухарова, Л.Д. Старикова. - М.: Academia, 2015. - 336 с.
18. Вахтеров В. О новой педагогике / Василий Вахтеров. - М.: Карапуз, 2017. - 224 с.
19. Морозов А.В. Креативная педагогика и психология / А.В. Морозов, Д.В. Чернилевский. - М.: Академический проект, 2016. - 560 с.
20. Ильин, Е.Н Рождение урока / Е.Н Ильин. - М.: Педагогика, 2016. - 176 с.

## **REFERENCES**

1. Pedagogika: pod red. A. P. Tryapicynoj. - Sankt-Peterburg [i dr.] : Piter, Sankt-Peterburg [i dr.] : Piter, 2014. - 304 s.
2. Prioritety sovremennogo obrazovaniya: monografiya / Pod obshch. red. G.Yu.Gulyaeva - Penza: MCNS «Nauka i Prosveshchenie». -2017. -132s.

3. Levshina S.V. Vyyavlenie putej obnovleniya sodержaniya shkol'nogo stestvennonauchnogo obrazovaniya: aktual'nost' resheniya nauchnoj zadachi. Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal «Simvol nauki», №6/2016. –S. 174-176.
4. Krylova O. N. Razvitie znanievoj tradicii v sovremennom sodержanii otechestvennogo shkol'nogo obrazovaniya / Monografiya. – SPb.: Izd-vo «LEMA», 2010. – 355 s.
5. Vozgova Z.V. V 64 Metodologicheskij regul'yativ razvitiya sistemy nepreryvnogo povysheniya kvalifikacii nauchno-pedagogicheskikh rabotnikov: monografiya/Z.V. Vozgova. – M.: APK i PRO, 2010. – 239 s.
6. Kal'kova G.V. Sovershenstvovanie processa povysheniya kvalifikacii pedagogicheskikh kadrov srednego professional'nogo obrazovaniya. 13.00.08. diss. kand.ped.n. Moskva, 2015. -246s.
7. Matyushkina M.D. Prospektivnaya ocenka kachestva postdiplomnogo pedagogicheskogo obrazovaniya: monografiya / M.D.Matyushkina. – SPb.: LEMA , 2013. – 273 s.
8. Varyushchenko V. I., Gajkova O. V. Povysenie kvalifikacii v nepreryvnom obrazovanii i razvitiit lichnosti uchitelya. Nauchno-teoreticheskij zhurnal Nauchnye soobshcheniya. №1 (22) , CHelyabinsk, 2015 –S. 20-30.
9. Levanova E. A. Proektirovanie poslediplomnogo pedagogicheskogo obrazovaniya : monografiya / E. A. Levanova. – M. : Sputnik, 2013. – 117 s.
10. Sinenko V. YA. EHksperimental'naya osnova sovremennogo obucheniya uchashchihsya estestvennonauchnym disciplinam : monografiya / V. YA. Sinenko. – Novosibirsk : Izd-vo NIPKiPRO, 2011. – 198 s.
11. Volkov, I.P. Cel' odna - dorog mnogo: proektirovanie processov obucheniya / I.P. Volkov. - M.: Prosveshchenie, 2015. - 159 c.
12. Tamberg, YU.G. Kak nauchit' rebenka dumat': Uchebnoe posobie dlya roditel'ej, vospitatelej i uchitelej / YU.G. Tamberg. - M.: SPb: Mihail Sizov, 2018. - 320 c.
13. Metodicheskie rekomendacii po vnedreniyu obnovlennogo sodержaniya obrazovaniya v 3, 6, 8 klassah obshcheobrazovatel'nyh shkol Respubliki Kazahstan.– Astana: NAO imeni I. Altynsarina, 2018. – 544 s.
14. Tastanova A.K. Sovremennye podhody k ocenke rezul'tatov obucheniya. Bilim-Obrazovanie rylymi-pedagogikalyk zhurnaly. №3. Astana, 2018. –B. 19-23.
15. Ob utverzhdenii obrazovatel'nyh programm kursov povysheniya kvalifikacii pedagogicheskikh kadrov v ramkah obnovleniya sodержaniya srednego obrazovaniya Respubliki Kazahstan.Prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 15 yanvarya 2016 goda № 32.
16. Metodologicheskie i uchebno-metodicheskie osnovy vnedreniya sistemy kriterial'nogo ocenivaniya uchebnyh dostizhenij obuchayushchihsya. Metodicheskoe posobie. – Astana: NAO imeni I. Altynsarina, 2015. – 58 s.
17. Buharova, G. D. Obshchaya i professional'naya pedagogika / G.D. Buharova, L.D. Starikova. - M.: Academia, 2015. - 336 c.
18. Vahterov, Vasilij O novoj pedagogike / Vasilij Vahterov. - M.: Karapuz, 2017. - 224 c.
19. Morozov, A. V. Kreativnaya pedagogika i psihologiya / A.V. Morozov, D.V. CHernilevskij. - M.: Akademicheskij proekt, 2016. - 560 c.
20. Il'in, E.N Rozhdenie uroka / E.N Il'in. - M.: Pedagogika, 2016. - 176 c.

**П.К.ИСКАКОВА, Ү.Р.РАХМЕТ**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: parida.iskakova@ayu.edu.kz)*

### **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ЫҚПАЛЫ**

Мақалада қазіргі заманғы білім беру мен оны дамытудың көкейкесті мәселелері қарастырылады. Оқу-тәрбие үдерісі жоғары тиімділіктегі педагогикалық технологияның пайда болуын талап ететін дидактикалық ғылымға тікелей тәуелді. Ол бүгінгі білім беру жүйесіндегі оқытушының қажымас ізденімпаздығымен, шығармашылық жемісімен келеді. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Педагогикалық технологияларды жобалаудың жалпы мақсаты осы жүйе үшін оңтайлы жағдайды таңдау болып табылады. Бұл жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін зерделеуді және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың дайындық деңгейіне барабар іс-әрекеттерді іріктеуді талап етеді.

**Кілт сөздер:** педагогикалық технология, оқу үдерісі, педагог, білім алушы, оқытудың әдіс-тәсілдері, дидактикалық талап, арттыру.

**П.К.Искакова, У.Р.Рахмет**

### **Влияние педагогических технологий на повышение эффективности учебного процесса**

В данной статье рассматривается современное образование и актуальные проблемы его развития. Учебно-воспитательный процесс напрямую зависит от дидактической науки, требующей появления высокоэффективных педагогических технологий. Оно приходит с трудолюбием и творчеством преподавателя в современном образовательном пространстве. Поэтому в зависимости от способностей каждого учащегося необходимо делать большой упор на освоение обновленной педагогической технологии, реализующей образование. Общая цель проектирования педагогических технологий заключается в выборе оптимальных условий для данной системы. Это требует изучения индивидуальных особенностей личности и выбора действий, адекватных возрастным особенностям обучающихся, уровню их подготовки.

**Ключевые слова:** педагогическая технология, учебный процесс, педагог, обучающийся, методы обучения, дидактические требования, повышение.

**P.K.Iskakova, U.Rahmet**

### **The Impact of Educational Technologies to Increase the Efficiency of the Educational Process**

This article discusses the current problems of modern education and its development. The educational process depends on the didactic science, which requires the emergence of highly effective pedagogical technologies. It comes with the hard work and creativity of the teacher in the modern educational space. Therefore, depending on the abilities of each student, it is necessary to place great emphasis on the development of updated pedagogical technology that implements

education. The overall goal of pedagogical technology design is to select the optimal conditions for this system. This requires the study of individual characteristics of the individual and the selection of actions that are adequate to the age characteristics of students, the level of their training.

**Keywords:** pedagogical technology, educational process, teacher, student, teaching methods, didactic requirements, increase.

Қазіргі заманғы білім беру мен оны дамытудың көкейкесті мәселелерін шешу нақты, ғылыми-теориялық және практикалық бағыттағы реформаны қамтамасыз ететін, білім беру жүйесін прогрессивтік және динамикалық бірлікте тұтас, интегративті дамытуды жобалау мен жасақтауды, ерекше оқу-тәрбие үдерісін, жоғары тиімділіктегі педагогикалық технологияның пайда болуын талап ететін дидактикалық ғылымға тікелей тәуелді. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі педагогтың қажымас ізденімпаздығымен, шығармашылық жемісімен келетіні белгілі. Сондықтан да әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізуді міндеттейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [1].

Білім беру тәжірибесінде соңғы жылдары оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері мен құралдарын жетілдіру үдерісі мен білім беру үдерісінің технологиялылығын күшейту үдерісі айқын көріне бастады. Технологиялылық дегеніміз, негізінен, білім беру үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдерге өзгеріс енгізіп, қайта жаңартып енгізу үдерісі. Сонымен қатар, қалыптасқан дәстүрлі әдістемелердің орнына жаңа педагогикалық технологиялардың келуі оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал етуге бағытталған.

ЮНЕСКО-ның құжаттарында «педагогикалық технология» ұғымына мынадай анықтама берген: «педагогикалық технология - бұл білім берудің неғұрлым тиімді нысанына қол жеткізу үшін адами және техникалық ресурстарды есепке ала отырып, олардың арасындағы өзара бірлігі арқылы білім беру мен игерудің барлық үдерісін бағалаудың жүйелі әдісі». Басқаша айтқанда, педагогикалық технология - бұл педагогикалық ғылым мен білім беру тәжірибесін дамытуда сабақтастықты сақтау шартымен педагогика мен әдістеменің инструменталдық және әдіснамалық құралдарын түбегейлі жаңарту.

Егер әдістеме көп жағдайда оқу үдерісін ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар жиынтығы ғана болса, онда педагогикалық технология түпкілікті нәтиженің кепілділігімен, болашақ оқу үдерісінің жобасы принциптерімен ерекшеленеді. Оқу үдерісін жобалаудың немесе осы жобаны іске асырудың технологиялық деңгейіне шығу педагогты жоғары кәсіби етеді, оның тұлғасын қуаттайды, білім алушының ролін күшейтеді және педагог шығармашылығын дамытудың жаңа көкжиегін ашады. Ал бұл педагогтың жаңа ролі мен қызметі [2].

Педагогикалық технология білім беру жүйесінде жұмыс істеу құқығына ие болуы үшін, ол бірқатар дидактикалық талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- 1) білім беру үдерісінде сұранысқа ие болу;

2) «педагог-білім алушы» жүйесіне барабар дайын болу;

3) пәндік әдістемелік жүйелерге қатысты әмбебап болу.

Талаптардың басқа тобы оқу үдерісін үлгілеуге қатысты: таңдалған параметрлер педагогикалық технологияның негізі болатын оқу үдерісінің моделін құрайтын оқу үдерісін параметрлеу:

1) оқу үдерісі моделінің тұтастығы мен циклдігі;

2) оқу үдерісінің ақпараттық моделін технологияландыру.

Талаптардың тағы бір тобы педагогикалық технологияның негізгі жұмыс істеу өнімі ретінде оқу үдерісінің жобасын қалыпқа келтіруге қатысты:

1) оқу үдерісінің жобасын нормалау (оқу уақыты, дидактикалық ақпарат көлемі, дидактикалық ақпаратты игеру қарқындылығы, даму және оқыту бағдарламаларына бөлінетін уақыт);

2) оқытудың қалыпты және қолайлы жағдайларында соңғы нәтижеге жете отырып, педагогикалық технология жұмыс істейтін жұмыс алаңын қалыптастыру.

Жоғарыда келтірілген дидактикалық талаптарды сақтау педагогикалық технологияларды жобалау мен енгізуді білім беру үдерісіне дұрыс әрі әдіснамалық тұрғыда дайындалған және негізделген етеді [3].

Педагогикалық технологияларды енгізудің бастапқы сәті оларды реттеу және болжау мақсатында оқу үдерісінің жекелеген элементтерін алдын ала жобалау болып табылады. Білім беру тәжірибесінің қажеттілігі педагогикалық еңбектің технологиялануына, яғни білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту үдерісінің мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған әдіс-тәсілдер, құралдар, ұйымдастыру формалары жүйесін таңдауға әкелді. Бұл ретте педагогикалық технологияларды әзірлеу барысында кәсіптік оқыту үдерісінің екі жақты табиғаты бар екенін ескеру қажет. Бір жағынан, онда оқу және кәсіби білім мен іскерліктің таза технологиялық жазықтығын бөліп көрсетуге болады.

Ақпараттандыру оқытудың мазмұны, әдістері мен ұйымдастырушылық формаларындағы технологиялық өзгерістерді болжайды. Бұл қазіргі кезеңде білім беру мазмұнының проблемасы, оқу үдерісінің білім беру мен компьютерлік технологиялардың дәстүрлі шеңберіндегі арақатынасы, білім алушылардың, педагогтардың және білім беру ортасының жаңа өзара қарым-қатынасы шешілуі тиіс. Жаңа педагогикалық технологияларды дамыту ЖОО-ның білім беру үдерісінде білім беру қызметін көрсетуді қамтамасыз етуге қабілетті жаңа білім беру жүйесін қалыптастыруға әкеледі [4].

Педагогикалық үдеріс - бұл адамдардың құндылықты бағдарларымен, мінез-құлықтың жеке ерекшеліктерімен, қарым-қатынасымен, іс-әрекетімен, олардың шығармашылық әлеуетімен әлеуметтік ұйымдастырылған өзара іс-қимылы. Сондықтан, субъектілердің өзара іс-қимылы тұрғысынан педагогикалық үдеріс осы субъектілердің белсенділігін басқару объектісі болып табылады.

Педагогикалық технологиялар экономикалық тұрғыдан қарағанда, тиімді пәндік-қайта құру қызметінің жолдарын қолдануға, ең аз шығындармен оқыту нәтижелерін алуға бағытталған. Педагогикалық технологияларды енгізудің психологиялық аспектісі білім алушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтаумен және оларды танымдық қызметті ұйымдастыруда есепке алумен байланысты (кәсіптік оқыту үшін кәсіби даму және өзін-өзі анықтау жағдайларын, білімді меңгеру механизмдері маңызды) [5].

Педагогикалық технологияларды әзірлеу және енгізу мәселесін талдау олардың мақсатты болжаумен, модельдеумен, жобалаумен, яғни педагогтың басқару қызметінің мазмұнын құрайтын барлық тақырыптарға сәйкес келетінін көрсетеді. Технология және жобалау - өзара байланысты және өзара толықтырушы екі ұғым. Егер педагогикалық технология оқытудағы тұлғаның «рұқсат ету мүмкіндіктерін» іске асыруға бағытталса, онда

жобалау осы мүмкіндіктерді іздестіреді; егер технология оқытудың мақсаттары мен құралдарының бірлігін біріктіруге ұмтылса, онда мақсаттарды таңдау және қалыптастыру үдерісі - жобалау міндеті. Дидактикалық үдерістің заңдылықтары мен құрылымын талдау келесі педагогикалық технологияларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: мотивациялық, іс-әрекеттік және басқару технологиялары [6].

Мотивациялық педагогикалық технологиялар білім алушыларды оқу-танымдық немесе оқу-кәсіптік қызметке ұзақ уақыт жанаспай қосуға мүмкіндік береді. Олар:

- тұлғаның ішкі мотивациясын дамытуға бағытталады және эмоционалдық көңіл-күй, қызметке оң көзқарас және оған ұмтылу атмосферасын құру;
- кәсіби қызығушылықты қалыптастыру және дамыту;
- оңтайлы педагогикалық қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- оқылатын материалдың практикалық мағынасына бағдарлау;
- білім алушыларға жеке көзқарас, тұлғаның өзін-өзі бағалауын арттыру;
- нақты кәсіби қызметке бағдарлау;
- ақпараттандыруға негізделген кері байланысты ұйымдастыру үдерістерін қамтиды [7].

Педагогикалық іс-әрекет технологиялары педагогтардың және білім алушылардың тікелей қызметін ұйымдастырумен байланысты. Педагогикалық іс-әрекет технологияларын жіктеу белгілері: олардың мақсаты, қолданылуы, меңгерудің мақсаты және білім алушылардың танымдық дербестігі, оқыту және дамыту мақсаттарын іске асыру тәсілдері болып табылады. Өзінің мақсаты бойынша іс-әрекеттік педагогикалық технологиялар теориялық білімді меңгеру технологияларына және практикалық әрекеттерді орындау технологияларына бөлінуі мүмкін. Бұдан басқа, қолдану белгісі жеке, яғни бір нақты тапсырманы орындауға арналған және оның нақты мазмұнына қарамастан кез-келген тапсырманы игеруге жарамды жалпы педагогикалық технологияларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді [8].

Басқарудың педагогикалық технологиялары оқыту үдерісінің нәтижелілігіне қол жеткізу тәсілдері мен құралдарының жүйесі болып табылады. Кез-келген басқарма қойылған міндеттерді барынша оңтайлы жолмен, оқу үдерісі барысын тұрақты бақылау және іс-әрекеттерді түзету арқылы шешуді қамтамасыз ететіндіктен, онда басқару технологиялары келесі міндеттерді шешуді қамтиды [9]:

- мақсаттар қою;
- тірек білімді өзектендіру;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін зерделеу;
- талдау және шешімдер қабылдау;
- бақылау.

Педагогикалық технологияларды жобалаудың жалпы мақсаты осы жүйе үшін оңтайлы жағдайды таңдау болып табылады. Бұл жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін зерделеуді және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың дайындық деңгейіне барабар іс-әрекеттерді іріктеуді талап етеді. Бұл ретте педагогтың жеке даралығын ескере отырып, өзара іс-қимылдың оңтайлы стратегияларын таңдау маңызды болып табылады [10].

Іріктелген оқу материалына сәйкес оқытушы оны меңгерудің қандай да бір деңгейіне бағдарлаудан туындаған мақсаттарды тұжырымдау қажет, бұл өз кезегінде бағалау өлшемдерін анықтайды және меңгеру сапасын бақылау жүйесін әзірлеуді талап етеді. Бақылаудың мақсаты алынған нәтижелердің болжамды нәтижеден ауытқуын анықтау болып табылады. Сондықтан бақылауды жобалау кезінде мотивациялық және іс-әрекеттік педагогикалық технологиялардың бірқатар нұсқаларын қарастыру, білім алушылардың кәсіби және жалпы ғылыми білім, дағды мен іскерліктер жүйесі ретінде қарастырылатын материалдың мазмұнын меңгеруі үшін олардың ең оңтайлылығын таңдау қажет.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақстан Республикасы “Білім туралы” Заң. - Алматы: Юрист, 2003. - 22 б.
2. Матяш Н. В. Инновационные педагогические технологии. - М.: Академия, 2014. - 160с.
3. Беспалько В.П. Программированное обучение. Дидактические основы. – М.: Высшая школа, 1970. - 300с.
4. Kerimbaeva B.T., Bekbulatova I.U., Rysbekova A.K., Iskakova P.K., Musataeva I.S. // The formation of professional competence of a future teacher professional training by means of information technology. The Social Sciences 11 (Special Issue 4): 6720-6725, 2016. ISSN: 1818-5800. Medwell Journals, 2016.
5. Бұзаубақова К. Ж. Жаңа педагогикалық технология. - Алматы: Жазушы, 2004. - 208б.
6. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. -Алматы: Білім, 2014. - 360с.
7. Бордовский Н.В. Современные образовательные технологии. - М.: КНОРУС, 2011. - 432 с.
8. Киселев Г.М. Информационные технологии в педагогическом образовании. - М.: Дашков и К, 2013. - 308 с.
9. Федоров В.А., Колегова Е.Д. Педагогические технологии управления качеством профессионального образования. - М.: Академия, 2008. -208с.
10. Колесникова И.А. Педагогическое проектирование. - М: «Академия», 2005. - 288 с.

**REFERENCES**

1. Qazaqstan Respýblikasy «Bilim týralı» Zań. Almaty: Iyrist, -2003. -22s.
2. Matyash N. V. Innovatsionnye pedagogicheskiye tekhnologii. – M.: Akademiya, -2014. - 160s.
3. Bespal'ko V.P. Programmirovannoye obuchenıye. Didakticheskiye osnovy. - M.: Vyschaya shkola, 1970. -300s.
4. Kerimbaeva B.T., Bekbulatova I.U., Rysbekova A.K., Iskakova P.K., Musataeva I.S. // The formation of professional competence of a future teacher professional training by means of information technology. The Social Sciences 11 (Special Issue 4): 6720-6725, 2016. ISSN: 1818-5800. Medwell Journals, 2016.
5. Buzaýbaqova K.J. Jańa pedagogikalıq tekhnologiya. - Almaty: Jazýchy, -2004, 208b.
6. Bóribekova F.B., Janatbekova N.J. Qazirgi zamanǵı pedagogikalıq tekhnologiyalar: Oqýlyq . - Almaty: Bilim, 2014. - 360s.
7. Bordovski N.V. Sovremennye obrazovatel'nye tehnologii. – M.: KNORUS, 2011.- 432 s.
8. Kiselev G.M. Informacionnye tehnologii v pedagogicheskom obrazovanii. - M.: Dashkov i K, 2013. - 308 s.
9. Fedorov V.A., Kolegova E.D. Pedagogicheskiye tekhnologii úpravleniya kachestvom professional'nogo obrazovaniya. - M.: Akademiya, 2008. - 208s.
10. Kolesnikova I.A. Pedagogicheskoe proektirovanie. - M: «Akademiya», 2005. - 288 s.

**Е.Д.ОРАЗБАЕВ, Қ.ОРАЗБЕКҰЛЫ**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: Dene-tarbiesi@mail.ru)*

### **БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ МАМАНДЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Мақалада дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша зерделенген дене мәдениеті проблемалары саласындағы ғылыми еңбектерді зерттеудің ұғымдық аппаратын негіздеуге арналған ұғымдардың өзара байланысы, мәні мен мағынасы ашып көрсетілген. Атқаратын функцияларына, принциптеріне жан-жақты сипаттама беруге, осы ұғымдарға берілген анықтамаларды жүйелеуге мүмкіндік береді және зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі қарастырылған. Дене мәдениеті жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби сапалары процесін теория мен практикада зерттеуде оған берілген анықтамаларды жүйеге келтірілгені көрсетілген. Педагогикалық мазмұнын ашып көрсетуге, құрылымдық компоненттері мен функцияларын анықтауға көмектесу керектігі айтылған. Өмірлік және кәсіптік мақсаттарға жету үшін дене шынықтыру және спорттық қызметті шығармашылықпен пайдаланудың тәжірибесін алу қажеттігі айтылған.

**Кілт сөздер:** білім, спорттық ойындар, тәрбие, психология, педагогика, үйрету, дамыту.

**Е.Д.Оразбаев, К.Оразбекулы**

#### **Значение и задачи профессиональной специализации студентов**

В статье рассматриваются научные труды по проблемам физической культуры, которые изучаются в области физической культуры и спорта, а также значения и понятия терминов. Дано подробное описание функций, принципов, систематизированы определения, данные этим понятиям, и изучена теоретико-методологическая основа исследования. Это показано в теории и на практике процесса профессионального развития студентов физической культуры. Раскрыт педагогический контент, который помогает определить структурные компоненты и функции. Для достижения жизненных и профессиональных целей необходимо приобретать опыт творческого использования физической культуры и спорта.

**Ключевые слова:** образование, спортивные игры, воспитание, психология, педагогика, обучение, развитие.

**E.D.Orazbayev, K.Orazbekuly**

#### **The Value and Tasks of the Professional Specialization of Students**

The article considers not the scientific work on the problems of physical culture, which is studied in the field of physical culture and sports, but the meaning of the concept and the meaning of the terms. A detailed description of the functions, principles, systematize the definitions given to these concepts, and study the theoretical and methodological basis of the study. This is shown in the theory and practice of the process of professional development of students of physical culture, which is given to him the definition. The pedagogical content which helps to define structural



components and functions is opened. In order to achieve life and professional goals, it is necessary to acquire experience in the creative use of physical culture and sports.

**Keywords:** education, sports, education, psychology, pedagogy, training, development.

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт туралы негізгі заңдарында дене мәдениеті жоғары оқу орындарында оқу пәні ретінде және жеке тұлғаны бүтіндей дамытудың маңызды құралы (компоненті) ретінде ұсынылған. Жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде және студенттерді оқу жылдарының барысында кәсіби дайындауда дене мәдениеті гуманитарлық білім берудің компонентінде міндетті бөлім болып, оның маңызы рухани және дене күштері арқылы дансаулық, дене және психикалық аман-саулық, дене жетілуі сияқты жалпы адам құндылықтарын қалыптастыруда көрінеді.

Дене мәдениеті өзінің білім беру және дамыту қызметтерін дене тәрбиесінің мақсатты бағыттағы педагогикалық процесінде барынша толық іске асырады.

Студенттерге дене тәрбиесін берудің мақсаты жеке тұлғаның дене мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Студенттердің дене тәрбиесі процесінде келесі негізгі мына міндеттер шешіледі:

- жеке тұлға дамуында және оны кәсіби қызметке дайындауда дене мәдениетінің рөлін түсіну;

- дене мәдениетінің ғылыми-практикалық негіздерін және салауатты өмір салтын білу;

- дене мәдениетіне, салауатты өмір салтын қалыптастыру, өзінің денесін өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу, дене жаттығуларымен және спортпен тұрақты шұғылдануға қажеттілік сұраныстағы мотивациялық-құндылықты білу;

- денсаулықты сақтау және нығайту, психикалық сәттілік, психикалық дене қабілеттерін дамыту және жетілдіру, тұлғаның сапасы мен қасиеті дене мәдениетіндегі өзін-өзі қамтамасыз ететін біліктілік пен дағдылардың практикалық жүйесін меңгеру;

- студенттің болашақ кәсіби мамандығына психикалық дене дайындығын анықтайтын жалпы және кәсіби-қолданбалы дене дайындығын қамтамасыз ету;

- өмірлік және кәсіптік мақсаттарға жету үшін дене шынықтыру және спорттық қызметті шығармашылықпен пайдаланудың тәжірибесін алу.

Жоғары кәсіптік білімнің мемлекеттік білім беру стандартының негізінде жоғары оқу орындары факультеттерінің оқу жоспарларында барлық бағыттағы және жалпы мәдениет дайындығы пәнінің арнайы жоғары кәсіби білім беру циклында "Дене шынықтыру" пәніне барлық оқу кезеңдеріне дене тәрбиесі жоғары оқу орындарына арналған оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес семестр сайын сынақ алынуымен міндетті түрде жылына 408 оқу сағаттарын бөлу қаралған [1].

Дене тәрбиесі студенттердің оқу жұмыстары режимінде оқу жоспарлары және бағдарламаларымен белгілі ережелерге бағындырылады және олар өңделіп, дайындалып ҚР Білім және ғылым министрлігімен бекітіледі. Дене тәрбиесінен мемлекеттік оқу бағдарламасы барлық жоғары оқу орындарының студенттері үшін дене мәдениетінен білім, қозғалыс біліктілігі мен дағдылары, дене сапаларын дамыту деңгейінің міндетті түрдегі орындайтын көлемін анықтайды [2].

Студенттердің дене тәрбиесінен бағдарламасы үш негізгі тараудан тұрады: ілімдік, практикалық және бақылау.

*Ілімдік тарау.* Тараудың материалы студенттерге табиғи және әлеуметтік процестерді

түсіну үшін қоғам мен жеке тұлға дене мәдениеті қызметін жүргізуде ғылыми-практикалық және арнайы білімді, олардың бейімді біліктілігі, жеке тұлға ретінде және кәсіби дамуы үшін шығармашылықпен қатынасты қалыптастыру; пайдалану, жетілдіру, оқу, кәсіби және әлеуметтік мәдени қызметін орындау барысында салауатты өмір салтын қалыптастыруды ұйымдастыру болып табылады.

Ілімдік тарау ғылыми-практикалық білімнің және дене мәдениетіне қатынаста дүние танымдық жүйесін қалыптастырады.

Білім дене тәрбиесі кафедрасы оқытушыларының лектер бойынша лекция сабақтарында 26 сағат көлемінде оқытылады [3].

Лекциялық курс келесі тақырыптар бойынша оқытылады: "Студенттерді жалпы мәдени және кәсіби дайындаудағы дене мәдениеті", "Дене мәдениетінің әлеуметтік-биологиялық негіздері", "Студенттің салауатты өмір салты негіздері", "Оқу еңбегі мен интеллектуалдық қызметтегі психофизиологиялық негіздері". "Жұмыс қабілеттілігін реттеудегі дене мәдениеті құралдары", "Дене тәрбиесі жүйесіндегі жалпы және спорттық дайындық", "Дене жаттығуларымен өз бетінше шұғылдану әдістемесінің негіздері", "Спорт түрін немесе дене жаттығуларының сауықтыру жүйесін жеке таңдау", "Таңдап алған спорт түрлерімен шұғылданудың немесе дене жаттығуларының сауықтыру жүйесінің ерекшеліктері", "Дене жаттығуларымен және спортпен шұғылданушылардың өзін-өзі бақылауы", "Студенттердің кәсіби-қолданбалы дене дайындығы" [4].

Бұдан басқа студенттер практикалық сабақтарда және ұсынылған әдебиеттерді өзбетінше оқып зерттеу жолымен білім алады және оны одан әрі тереңдетеді.

*Практикалық тарау.* Бұл тараудағы оқу материалы дене мәдениеті мен спорт құралдарын және әдістерін меңгеруге, онда өздері жеке тәжірибе алуларына, яғни өздігінен, мақсатты бағытта және шығармашылықпен дене мәдениеті және спорт құралдарын пайдалануға қызметтік және қозғалыс қабілеттерінің деңгейін арттыруға, жеке тұлғаның қабілеттері мен қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның практикалық тарауы оқу топтарындағы (12-15 адам) әдістемелік-практикалық және оқу-жаттығу сабақтарында іске асырылады [5].

Әдістемелік-практикалық сабақ дене мәдениеті және спорт құралдары арқылы оқу, кәсіби және өмірге қажетті біліктілік пен дағдыларды қалыптастырудың негізгі әдістері мен тәсілдерін студенттердің меңгеруін қарастырады.

Бұл сабақтардағы студенттер қызметі іс жүзінде нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін әдістерді шығармашылықпен меңгеруге бағытталады. Әрбір әдістемелік-практикалық сабақ сәйкес келетін ілімдік тақырыпқа сәйкестендіріледі.

Бағдарламаға лекциялық курспен байланысы бар міндетті әдістемелік-практикалық сабақтардың келесі тізімі қарастырылады [6]:

- өмірде маңызды біліктілік пен дағдыларды (жүру, жүгіру, шаңғымен жүру, жүзу) тиімді және үнемді меңгерудің әдістемелері;
- шаршауды, шалдығуды және дене мәдениеті құралдарын олардың бағытты түзетілуі үшін жұмыс қабілеттілігіне өзі баға берудің қарапайым әдістемелері;
- дене тәрбиесінің сауықтыру, рекреациялық және қалпына келтіру бағытындағы жеке бағдарламасын құру әдістемесі;
- өзіне-өзі массаж жасау әдістемесінің негіздері;
- көзге арналған өңдеу (коррегирующий) гимнастикасының әдістемесі;

- гигиеналық немесе жаттығу бағытындағы дене жаттығуларымен өз бетінше шұғылдануды көру және өткізу әдістемесі;

- дене мүсіні мен дене бітімін түзету және бағалау әдістемесі;

- денсаулық жағдайы мен дене дамуын (стандарты, бағдарламасы, формуласы және т.б.) өзін-өзі бақылау әдістері;

- ағзаның қызметтік жағдайын (функционалдық сынау) өзін-өзі бақылау әдістері;

- оқу-жаттығу сабағын өткізу әдістемесі;

- тандап алған спорт түрінен арнайы, дене және спорттық дайындығын өзін-өзі бақылау әдістері;

- жекелеген дене сапаларын бағытты дамыту үшін дене мәдениеті құралдарын пайдалану және жеке жолын табу әдістемесі;

- тандап алған спорт түрінен өтетін жарысқа төрешілікті ұйымдастыру әдістемесінің негіздері;

- дене мәдениеті және спортпен шұғылдану сабақтарында қолданылатын психологиялық сезім жағдайын реттеу әдістері;

- спорттағы бұлшық ет ширықтыру (релаксациясы) құралдары мен әдістері;

- кәсіби-қолданбалы дене дайындығының жекелеген элементтерін өздігінен меңгеру әдістемесі;

- жасалынған жағдай мен еңбек сипаты ескеріліп өндірістік гимнастика өткізу әдістемесі.

Оқу-жаттығу сабақтары іс жүзіндегі шығармашылық іс тәжірибелік қызметте тәжірибе жинақтауға тандап алған спорт түрінен жоғары нәтижелерге жету үшін денені жетілдіруге жеткізу мақсатында әрекетшілдікті дамыту қызметтік және қозғалыс қабілеттерінің деңгейін арттыру, жеке тұлғаның дене сапасы мен қасиеттерін қалаптастыруға бағытталған [7].

Жоғары оқу орындарында оқыған кезеңдерінде студенттердің қажетті қозғалыс белсенділігін қамтамасыз етуге, дене жаттығулары мен қызмет етуге дайындалғандығының үйлесімді деңгейін ұстаудың практикалық тарауының құралына жеңіл атлетиканың жекелеген түрлері (негізінен жүгіру және секіру), суға жүзу, спорт ойындары, шаңғымен сырғанау, туризм, кәсіби-қолданбалы дене дайындығы және күштік бағыттағы жаттығулары жатады [8].

Практикалық тарау оқытып үйрету ретінде шұғылданушыларды жаңа қозғалыс әрекетіне, сонымен бірге дене сапаларын тәрбиелеуді алдын-ала қарастырады.

Бақылау тарауы. Тараудың материалдары студенттердің оқу қызметі процесі мен нәтижелерін дифференцирлі және объективті есепке алуға бағытталған [9].

Ілімдік, практикалық және әдістемелік білімді меңгеру және дене дамуының динамикасы, әрбір студенттің дене және кәсіби қолданбалы дайындығы жағдайы жайлы бақылау сабақтары жедел, ағымдағы және қорытынды ақпараттарды қамтамасыз етеді.

Оқу-жаттығу сабақтарының нәтижелілігінің өлшем белгісі ретінде, сонымен бірге өз оқу орнының мамандарды дайындау ерекшелігі ескеріліп жоғары оқу орнының дене тәрбие кафедрасы өңдеп, дайындаған жоғары оқу орындарыша арналған оқу бағдарламасында мазмұндалған сынақ талаптары мен практикалық нормативтер саналады [10].

Студенттердің дене дайындығын анықтайтын міндетті тест мыналар болып табылады: 1/ 100м. жүгіру; 2/ жатып кеудені көтеріп, түсіру, аяқтары бекітілген, қолы басында (әйелдер үшін), белтемірге тартылу (ерлер); 3/ 2000м. (әйелдер) және 3000м. (ерлер) жүгіру, бір

орыннан ұзындыққа секіру, т.б. Тестілер оқу жылының басында оқуға түскен студенттердің дайындық деңгейін бақылау ретінде және оқу жылының соңында оқу жылы барысындағы алға басушылықты анықтау үшін өткізіледі.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. - Алматы: Санат, 2000. - 72 б.
2. Оңалбек Ж.К. Ұлттар арасындағы дене тәрбиесі мен спорт. - Алматы: РБК, 1997.-126 б.
3. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. - Алматы: Мектеп, 2004. - 96 б.
4. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: Мектеп, 1978. - 144 б.
5. Тілеулов Ә.Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Алматы, 2003, -187 б.
6. Korkmaz M., Baimukhanbetov B., Abdillayev A., Aknazarov S., Nyshanova S. Teacher and Classroom Context Effects on Academic Achievement of Primary School Students Life Sci J 014;11(1s): 233-240 p. (ISSN:1097-8135). <http://www.lifesciencesite.com>.
7. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе.- Алматы: Абай атындағы ҚазМПУ.- 2009 -240 б.
8. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. –Алматы: Дарын. -2004. 448 б.
9. Бабаев С.Б. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы - Түркістан: Тұран. - 2011
10. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: кәсіби құзіретті ұстаздарды даярлау негіздері: оқу құралы. -Алматы: Абай атындағы ҚазМПУ – 2009.

### **REFERENCES**

1. Uanbaev E. Dene ta'rbiesinin' negizderi – Almaty: Sanat, 2000. – 72b.
2. On'albek J.K. Ul'ttar arasyndag'y dene ta'rbiesi men sport. – Almaty: RBK, 1997.-126 б.
3. Tayjanov S. Dene mu'mkindikterin ta'rbieley'. – Almaty: Mektep, 2004. -96 б.
4. To'tenbaev B. Qazaqtyn u'lttyq ойындары. – Almaty: Mektep, 1978. – 144 б.
5. Tiley'lov E.J. Dene ta'rbiesinin ilimi men a'distemesi Almaty, 2003, - 187 б.
6. Korkmaz M., Baimukhanbetov B., Abdillayev A., Aknazarov S., Nyshanova S. Teacher and Classroom Context Effects on Academic Achievement of Primary School Student Life Sci J 014;11(1s): 233-240 p. (ISSN:1097-8135). <http://www.lifesciencesite.com>.
7. Berikhanova A.E. Pedagogikalyq mamandyqqa kirispe.- Almaty: Abai atyndagy QazMPY'. - 2009 -240 б.
8. Abiev J., Babaev S., Qudiyarova A. Pedagogika. –Almaty: Daryn. -2004. 448 б.
9. Babaev S.B. Pedagogika: jalpy negizderi jáne tاربة теориясы - Túrkiстан: Turan. -2011
10. Berikhanova A.E. Pedagogikalyq mamandyqqa kirispe: kásibi quziretti ustazdardy dаярлау негіздері: оқу құралы. -Almaty: Abai atyndagy QazMPY' – 2009.

**Ә.Х.САРЫБАЕВА, Т.А.ТУРМАМБЕКОВ, А.СЕРІКҚЫЗЫ**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: aksholpan.85@mail.ru)*

**БОЛАШАҚ ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ  
АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақалада функционалдық құзыреттілік ұғымын қалыптастыру мәселелерінің ерекшеліктері қарастырылған. Функционалдық сауаттылық мәселелері жөнінде оқушылармен жұмыс жасау мысалдары келтірілген. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы қалыптастыру мәселелері айтылған. Физика сабағын қорытындылау үшін бірнеше мысалдар, сонымен қатар болашақ физика мұғалімдерінің функционалдық құзыреттілігін қалыптастыруға қойылатын талаптар талданған.

**Кілт сөздер:** функционалдық сауаттылық, қазіргі қоғам мұғалімі, кәсіби даярлық, білім беру жүйесін жаңарту, танымдық қабілет, шығармашылдық ойлау.

**А.Х.Сарыбаева, Т.А.Турмамбеков, А.Серикқызы**

**Формирование функциональной компетенции будущих учителей физики по  
технологии критического мышления**

В статье представлены особенности формулировки концепции функциональной компетентности. Приведены примеры работы со школьниками о функциональной грамотности. Упомянуты проблемы формирования функциональной грамотности школьников посредством технологий критического мышления. Для подведения итогов урока физики проанализированы несколько примеров, а также требования к формированию функциональной компетентности будущих учителей физики.

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, учитель современного общества, профессиональная подготовка, модернизация системы образования, познавательные способности, творческое мышление.

**A.Kh.Sarybayeva, T.A.Turmambekov, A.Serikkyzy**

**Formation of the Functional Competence of Future Teachers of Physics According to  
the Technology of Critical Thinking**

This article presents the features of the formation of the concept of functional competence. Presents examples of working with students about functional literacy. Discussed issues of functional literacy of schoolchildren. Analyzed several examples of generally physics lessons and the requirements for the formation of functional competence of future teachers of physics.

**Keywords:** functional literacy, teacher of modern society, vocational training, modernization of the educational system, cognitive abilities, creative thinking.

Елімізде білім жүйесін дамыту талаптарына сай оқушыларға терең білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты мәселесі болғандықтан, қоғамның педагог мамандарға қоятын талаптары қазіргі таңда күрделене түсуде. Жаңа қоғам мұғалімі - ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, жан-жақты білімді, кәсіби құзыретті, өз теориялық білімін практикада әр түрлі педагогикалық технологиялармен жүзеге асыра алатын өз кәсібінің шебері бола білуі қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті. Бұл міндетті орындауда білім беру жүйесіндегі білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа білім парадигмасын жүзеге асырудың орасан зор маңызы бар. Осы жұмыста құзыреттілік түсінігі айрықша орынға ие. Құзыреттілік түсінігіне білім туралы мемлекеттік құжаттарда жетекші орын беріліп, педагогика, психология ғылымында жан-жақты зерттелуде [1].

Мәселен, «Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандарты» жобасында «Құзыреттілік – оқушылардың іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі, ал құзірет дегеніміз алға қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; оқушының білім беру жүйесіне деген әлеуметтік тапсырысты құрайтын жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындығы» деп көрсетілген.

Заманауи білім беру жүйесінде бірқатар мәселелер бар. Практика білімге негізделген білім беру мазмұнының ұзақ жылдар бойғы пәндік немесе пәнаралық моделінің тиімсіз екендігін дәлелдеді. Сондықтан да білім сапасын жандандыру үшін бағыт беретін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын дамыту бойынша Ұлттық іс-қимыл жоспары болуы тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық жаңарту шартында қоғамға функционалды сауатты, нәтижеге қарай жұмыс істей алатын, белгілі бір, әлеуметтік мағынасы бар жетістіктерге жете алатын адам қажет. Адамның барлық сапалы қасиеттері мектепте қалыптасады. Жоспарда айтылғандай, «республикадағы жалпы білім беретін мектептер педагогтерінің мықты пәндік білім беретіндігін, бірақ оны нақты өмірдегі жағдайларда пайдалануға үйретпейтіндігін көрсетеді».

Оқушыларды өз бетімен нәтижеге жетуге, талдауға, қоғамдық өмірге белсенді араласу үшін ақпараттың құрылымын жасап, тиімді қолдануға үйрету Еуропа мен Азия мемлекеттерінің, соның ішінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңарту бағытында алдыңғы қатарға шығып отыр.

Жаратылыстану ғылыми бағытындағы пәндердің рөлін жаңарту шарттарында адамдар үшін өмірлік маңызы бар кез-келген тапсырмалар мен мәселелерді шешудің тиімді жолдары мен құралдарын жасауды қамтамасыз ету қажет [2,3].

Сонымен болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру - білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қояды. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама-қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды [4].

Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды [5].

Құзыреттілікке бағытталған сабақ жоспарларында сабақ оқытуды ұйымдастырудың бір мүмкін формасы ретінде сақталады да, оқушылардың оқу тақырыбын өз бетімен меңгеруіне басымдық беріледі [6].

Мысалы, электростатика тарауын оқыту барысында педагог тақырыпты бастамас бұрыс, сын тұрғысынан ойлау мақсатында «Ара балды қалай жинайды?» деген секілді ой қозғау сұрақтарын қойған дұрыс. Оқушы педагогтың қойған сұрағына өз тұжырымдарын айта келе, тақырыптың мазмұны ашылады. Сабақты қорытындылау барысында төмендегідей сұрақтарды қоюға болады.

1. Электрлік соққы қауіпті болуы мүмкін. Неге? Қауіптің алдын алу үшін не істеуге болады? Мысалдар келтіріңіз.

2. Авиация саласындағы ұшақ әуеде ұшып, қонғаннан кейін, бірден металл трап қойылмайды. Неліктен?

3. Неге найзағай кезінде жерге жатуға болмайды? Себебін түсіндіріңдер.

4. Электр өрісінің медицинада қолданылатын жерлерін ата. Қандай пайдасы бар?

5. Жаздың күні мысықтың немесе қойдың арқасын сипасаң, сытырлаған дыбыс естіледі, қараңғыда ұшқынды да байқауға болады. Осыны түсіндіріңдер.

6. Киімді жеңіл шөткемен тазалағанда, шаң-тозаңдарды киімнен ажырату өте қиын болады. Киімге шаң-тозаңдардың жабысуын азайту үшін не істеу керек?

7. Неге бензин тасымалдайтын көліктен отынды құйып алғанда немесе оған бензин құйғанда көлікті жермен жалғайды?

8. Мына мақалдардың тәрбиелік және физикалық мәнін түсіндіріңдер:

1. Найзағай биік ағашты бұрын соғады.

2. Ашық күнгі найзағай секілді.

3. Жалғыз еменге жай түскіш.

Функционалдық сауаттылық ұғымы арқылы білімгерлер физикалық құбылыстар мен заңдарды талдауға және бағалауға үйренеді, яғни олардың терең логикалық ойлау оралымдығы мен қабілеті дамиды. Осылайша, білімгерлерді физикалық құбылыстарды табиғаттан, тұрмыстан және техникадан тауып, көре білуге үйретеді, білімгерлердің байқампаздығын дамытады. Сабақ үдерісінде функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмаларды орындату білімгерлердің пәнге деген ынтасы мен қызығушылығын тудырады. Осылайша, білімгерлердің оқу-танымдық құзыреттілігі дамып, қалыптасады [7].

Физика сабағында функционалдық сауаттылық бойынша берілген тапсырмаларды қолдану арқылы сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға болады.

Неге шөл далада аттан гөрі түйемен жүрген ыңғайлы?

Жауабы: түйенің табаны жалпақ болғандықтан ол құмға батпайды. Түйе ауыр болғанымен, ауданы аттың тұяғының ауданынан жалпақ болғандықтан, түсіретін қысымы аз.

Неліктен орындықта қатты да, киіз үйде көрпешеге отырған жұмсақ болып сезіледі?

Жауабы: орындықта отырғанда біз аз ауданда отырамыз. Ал жұмсақ жерде отырғанда, үлкен ауданда отырамыз да, қысым аз түседі).

Көшпенділер жау әскерінің жақындағанын қайдан біліп отырған?

Жауабы: жер үлкен арақашықтықта дыбыстарды жеткізеді. Адамдар жерге жатып тыңдаған. Көптеген әскердің дауысы гуіл болып алысқа естіледі.

Жазық далада жаңғырықтың естілуі мүмкін бе?

Жауабы: жоқ, дыбысты шағылдыратын зат жоқ.

Киіз үйдің ішіндегі дауыстардың шығуына кілемдер мен тұс киіздердің әсері қандай болады?

Жауабы: Жұмсақ маталар және кілемдер дыбыс толқынының энергиясын өшіреді, дыбыс қаттылығы азаяды. Осыдан дыбыс тыныш естіледі.

4. Қамшыны кенеттен сермеп қалғанда неге дыбыс шығады?

Жауабы: Қамшыны сермегенде шығатын дыбыс ауаның тізбекті тербелісінен туады. Тербеліс жиілігі қамшының қозғалыс жылдамдығына байланысты болады [8].

Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Сондықтан да ұстаз әрбір сабағын шығармашылық ізденіспен, жауапкершілікпен, сабақтың әрбір минутын оқушы үшін сапалы өткізгенде ғана заманның сұранысына лайықты, құзыретті шәкірт тәрбиеленетіні сөзсіз. Осы орайда сын тұрғысынан ойлау технологиясын және функционалдық сауаттылықты өз тәжірибемде қолданып келемін. Физика - жаратылыстану ғылымы. Табиғатта болып жатқан сан мыңдаған құбылыстарын, қазіргі күн санап өзгеріп жатқан ақпараттық технологияның заманы бәрі осы физиканың заңдылықтарының арқасында дамып жатыр. Оқушы үшін мұның бәрін білу қызықты әрі қажетті болғанмен, осы заңдылықтарды меңгеру қиындық туғызады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы функционалдық сауатты оқушыны даярлау осы қиындықтан шығудың бірден-бір әдісі болып табылады. Себебі жаңа материалды меңгеруде оқушыға қызығушылықты ояту бөлімі жаңа ақпаратты меңгеру үшін бұрынғы білімдерді еске түсіруге, ойларын бір арнаға салуға, проблемалық сұрақтар арқылы бүгінгі меңгеретін тақырыбымыздың басты мәселесіне назар аударуға көп мүмкіндік бар [9].

Оқушылардың дүниетанымына әр оқу пәні өз үлесін қосып отырады. Соның ішінде физиканы оқыту барысында сабақтас пәндерден және нақтылы өмірден оқушыларға түсінікті түрде келтірген деректер ғылыми білімдердің пайда болу негізін, қоршаған ортаның табиғат құбылыстарын түсініп, физиканың ұғымдары мен абстрактілі жағдайларын оңай сезіне біледі [10].

Физика пәнінің оқыту процесін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын арттыруға негізделген. Оқу танымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады.



Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Физика сабағында бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және басқа да белсенді педагогикалық технологиялардың әдістерін кірістіре отырып, оқушыларды бір-бірімен пікірлесе білуге, ойларын нақты, ашық жеткізе білуге, тұжырымдарын жасауға үйретуге болады.

Осылайша, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі, менің көзқарасым бойынша, болашақ физика пәні мұғалімдерінің бойына функционалдық құзыреттілікті қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі таңдағы мектеп саласында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі ЖОО базасында қарастырылмаған. Еліміздің жас буынын жаңа жағдаяттарда білімін өз бетінше қолдана алу мен мәселелерді шеше білу дағдысын қалыптастыруда болашақ физика пәні мұғалімдерінің де тигізер үлесі мол болмақ. Ендеше, ЖОО-да болашақ мамандарды даярлау барысында, олардың бойына болашақ еліміздің ұрпағын функционалды сауатты етіп тәрбиелей алатын құзыреттілікті сіңіруіміз қажет.

Бүгінгі таңда білім беру бағдарламаларын біліктілікті салыстырмалы және мөлдір ететін нәтижеге қарай бағыттау керек, сондықтан білім мен дағдыны дәстүрлі әдіс-тәсілдермен тексеруді құзыреттілікті бағалауға мүмкіндік беретін басқа дағдылармен, яғни кәсіби мәселелерді шешуде білімді іс жүзінде қолдана білу қабілеттілігімен алмастыруымыз қажет.

Бұл жерде мынадай мәселе туындайды – ЖОО-да нені үйреткен жөн? Ең айқын жауап - функционалды құзыреттілік. Болашақ маман физикалық заңдылықтарды түсінуі және меңгеруі тиіс. Заманауи сабақтарда нақты өмірлік мәселелерді шеше білу және ақпаратпен өз бетінше жұмыс істеуі маңызды.

Бұл зерттеу жұмыстары қоғам мен заманауи білім беру үдерістері үшін мәселенің шешімі болатын, білімгерлердің функционалды сауаттылығының құрамдас бөліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Ол пәнге қатысты терминдердің ерекшеліктерін жақсы түсінуді қамтамасыз етеді. Қазіргі заманғы үдерісте қолданылатын ақпараттар саны қарқынды өсіп келеді, айқын түсініктердің мәні нақты әлемде де, виртуалды әлемде де адамның дамуына елеулі әсер етеді. Бұл функционалды сауаттылықты дамытуға елеулі үлес қосады.

Сонымен қатар, әлемдегі барлық ғалымдар, ұстаздар, қоғам және мәдениет қайраткерлері функционалды сауаттылықтың қажет екендігін мойындап отыр [11].

Сонымен, функционалдық сауаттылыққа байланысты тапсырмаларды орындау барысында жас мамандар құбылыстар мен заңдарды талдауға және біріктіруге үйренеді, яғни олардың терең логикалық ойлау оралымдығы мен қабілеті дамиды. Сөйтіп, білім алушыларды физикалық құбылыстарды табиғаттан, тұрмыстан және техникадан тауып, көре білуге үйретеді, жас мамандардың байқампаздығын дамытады. Сабақ барысында функционалдық сауаттылыққа байланысты тапсырмаларды жүйелі орындату олардың сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын туғызады. Сондай-ақ, функционалдық сауаттылық тапсырмалары физикалық заңдар мен құбылыстардың, ұғымдардың санада дұрыс қалыптасуына мүмкіндік беріп, жас мамандардың біліміндегі жалаңдықты жоюға көмектеседі [12].

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Астана, Ақорда, 2012-URL-<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>.
2. "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017>.
3. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат, Астана, 2017 - URL- <https://bilimger.kz/2017-2018>.
- 4.Ильясова Р.К. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселелері (баяндама) [электронды ресурс] – 2017 – URL -[https:// infourok. ru/bolasha mamandardy ksbi zyrettlgn damytu mseleler bayandama-340508.htm](https://infourok.ru/bolasha_mamandardy_ksbi_zyrettlgn_damytu_mseleler_bayandama-340508.htm)
5. Оқушылардың білім сапасын арттыру жолдары – 2018 - URL - [https://infourok. ru/material.html?mid=67219](https://infourok.ru/material.html?mid=67219)
6. Смагулова Г.М. Физика сабағында PISA тапсырмаларын қолдану арқылы сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту [электронды ресурс] – 2017 – URL - <https://videouroki.net/razrabotki/fizika-sabag-ynda-piza-tapsyrmalaryn-k-oldanu-ark-yly-syn-tu-rg-ysynan-oilau-k-a.html>
7. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы по предметам естественнонаучного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 38 с.
- 8.Каниятова А.К. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мұғалімнің шеберлігі - [электронды ресурс] – 2018 – URL -<https://kopilkaurokov.ru/nachalniyeKlassi/presentacii/bilimbieru-mazmu-nyn-zhan-artuda-mu-g-alimnin-shiebierlighi>
9. Базилбекова Д.С. Білім берудегі жаңа бағдарлама-жаңа мазмұн -[электронды ресурс] – 2018 – URL - [https://ust.kz/word/essebilim\\_berydegi\\_janga\\_bagdarlama\\_janga\\_mazmun-51077.html](https://ust.kz/word/essebilim_berydegi_janga_bagdarlama_janga_mazmun-51077.html)
10. Aleksandrova O.M., Aristova M.A., Dobrotina I.N., Gosteva Y.N., Vasilevyh I.P. Language and literary literacy as components of learner's functional literacy – 2017-url-[http://apps.webofknowledge.com/full\\_record.do?product=wos&search\\_mode=generalsearch&qid=5&sid=d2te15timp829pqyfm&page=1&doc=10](http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=wos&search_mode=generalsearch&qid=5&sid=d2te15timp829pqyfm&page=1&doc=10)
11. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы по предметам естественнонаучного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 38 с
12. Көшерев Ә.Ж. Физика есептері. Сапалық есептер. IV том, Оқу құралы, Шымкент: Нұрлы бейне, 2015,- 348б.

**REFERENCES**

1. QR Prezidenti N.Ä.Nazarbaevtiñ Qazaqstan xalqına joldawı «Qazaqstan-2050» strategyası qalıptasqan memlekettiñ jaña sayası bağıtı», Astana, Aqorda, 2012-URL-<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>.

2. "Qazaqstanıñ Üşinşi jañğırwı: jahandıq bāsekege qabiletilik" Memleket bassısı N.Nazarbaevtıñ Qazaqstan xalqına joldawı. 2017 jılǵı 31 qañtar. [http:// adilet. zan.kz/ kaz/docs /K1700002017](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017)

3. 2017-2018 oqw jılında Qazaqstan Respwblıkasınıñ jalpı orta bilim beretin uyımdarında oqw procesin uyımdastırwdıñ erekşelikleri twralı ädistemelik nusqaw xat, Astana, 2017 - URL-<https://bilinger.kz/2017-2018>.

4. İlyasova R.K. Bolaşaq mamandardıñ kāsibı quzırettiligin damıtw мәseleleri (bayandama) [élektrondı reswrs] – 2017 – URL -[https:// infourok. ru/bolasha \\_mamandardy\\_ ksbi\\_ zyrettlgn\\_ damytu\\_mseleler\\_bayandama-340508.htm](https://infourok.ru/bolasha_mamandardy_ksbi_zyrettlgn_damytu_mseleler_bayandama-340508.htm)

5. Oqwşılardıñ bilim sapasın arttırıw joldarı – 2018 - URL - [https://infourok.ru /material. html?mid=67219](https://infourok.ru/material.html?mid=67219)

6. Smagulova G.M. Fızıka sabağında PISA tapsırmaların qoldanw arqılı sın turğısınan oylaw qabileterin damıtw [élektrondı reswrs] – 2017 – URL - <https://videouroki.net/razrabotki/fizika-sabag-ynda-piza-tapsyrmalaryn-k-oldanu-ark-yly-syn-tu-rg-ysynan-oilau-k-a.html>.

7. Osobennosti formirovaniya funktsional'noy gramotnosti uchashchikhsya osnovnoy shkoly po predmetam yestestvennonauchnogo tsikla. Metodicheskoye posobiye. – Astana: Natsional'naya akademiya obrazovaniya im. I. Altynsarina, 2013. – 38 s

8. Kanıyatova A.K. Bilim beru mazmunın jañartw jağdayında muğalimniñ şeberligi - [élektrondı reswrs] – 2018 – URL -<https://kopilkaurokov.ru/nachalniyeKlassi/presentacii/bilimbieru-mazmu-nyn-zhan-artuda-mu-g-alimnin-shieblerlighi>.

9. Bazılbekova D.S. Bilim berwdegi jaña bağdarlama-jaña mazmun - [élektrondı reswrs] – 2018. URL - [https://ust.kz/word/essebilim\\_berydegi\\_janga\\_bagdarlama\\_janga\\_mazmun-51077.html](https://ust.kz/word/essebilim_berydegi_janga_bagdarlama_janga_mazmun-51077.html).

10. Aleksandrova O.M., Aristova M.A., Dobrotina I.N., Gosteva Y.N., Vasilevyh I.P. Language and literary literacy as components of learner's functional literacy – 2017-url-[http://apps.webofknowledge.com/full\\_record.do?product=wos&search\\_mode=generalsearch&qid=5&sid=d2te15timp829pqyfm&page=1&doc=10](http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=wos&search_mode=generalsearch&qid=5&sid=d2te15timp829pqyfm&page=1&doc=10).

10. Osobennosti formirovaniya fwnktsionalnoy gramotnosti wçaçıxsya osnovnoy şkolı po predmetam estestvennonawçnogo cıkla. Metodiçeskoe posobie. – Astana: Natsionalnaya akademiya obrazovaniya im. İ. Altynsarına, 2013. – 38 s.

11. Köşerov Ä.J. Fızıka esepteri. Sapalıq esepter. IV tom, Oqw quralı, Şımkent: Nurlı beyne, 2015,- 348b.

**А.А.ҚУРАЛБАЕВА<sup>1</sup>, Х.АКЙОЛ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: kural-aliya84@mail.ru)

<sup>2</sup>Гази университеті, Анкара, Түркия

## **1 СЫНЫП “САУАТ АШУ” ЖӘНЕ “TÜRKÇE DERSİ” ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫПТАР МЕН МӘТІН ТҮРЛЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ**

Бұл жұмыстың мақсаты Қазақстан және Түркиядағы 1-ші сыныпта ана тілін оқытатын оқулықтарды салыстырмалы зерттеу болып табылады. Оқулықтар білім берудегі ең тиімді қайнар көздерінің бірі. Ана тілінің байлығын, нәзіктігі мен сұлулығын сезінуде, тіл білу мен сүйіспеншілікке жетуде оқулықтардағы мәтіндердің маңызы зор.

Бұл зерттеуде 2016 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан ұсынылған “Сауат ашу” оқулығында және 2018 жылы Түркия Республикасы Ұлттық Білім Министрлігінің тарапынан ұсынылған “Türkçe dersi” оқулығында орын алған тақырыптар мен мәтін түрлері зерттеледі.

**Кілт сөздер:** тақырып, мәтін, мәтін түрлері, оқулық.

**А.А.Куралбаева, Х.Акйол**

### **Сравнительное исследование видов тем и текстов в учебниках 1 класса “сауат ашу” и “türkçe dersi”**

Целью этой статьи является сравнительное исследование учебников на родном языке 1-х классов Казахстана и Турции. Учебники являются одними из наиболее эффективных источников образования. Тексты в учебниках необходимы для понимания языка, восприятия красоты и богатства родного языка, умения говорить и любить.

В этом исследовании рассматриваются темы и виды текстов в учебнике “Сауат ашу”, представленном Министерством образования и науки Республики Казахстан в 2016 году, и в учебнике “Türkçe dersi”, представленном Министерством национального образования Турции в 2018 году.

**Ключевые слова:** тема, текст, виды текста, учебник.

**А.А.Kuralbayeva, H.Akyol**

### **Comparative Study of Types of Themes and Texts in “Sauat Ashu” and “Türkçe Dersi” Textbooks of the First Grade**

The purpose of this article is to compare the native language textbooks of the 1st grades of Kazakhstan and Turkey. Textbooks are one of the most effective sources of education. Texts in textbooks are necessary to understand the language, to perceive the beauty and richness of the native language, the ability to speak and love.

This study examines the topics and types of texts in the textbook “Sauat Ashu” presented by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan in 2016, and the textbook “Türkçe dersi” presented by the Ministry of National Education of Turkey in 2018.

**Keywords:** subject, text, types of text, textbook.

**Кіріспе**

Мұғалім мен оқушы үшін негізгі құрал болып табылатын оқулық білім беру мен оқыту мақсаттарында қолданылатын қайнар көздердің бірі.

Оқулық - оқушылардың жасына және білім деңгейіне сәйкес келетін когнитивті және аффективті дағдылармен байланысы бар бай мәтіндерден тұратын, оқу жоспарларына негізделген принциптерге сәйкес дайындалған баспа және оқыту материалы. Аталған сипаттамаға сай дайындалған оқулық оқу, жазу дағдыларын игеруде маңызды орын алады. Себебі алғашқы оқу, жазу дағдылары (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау) мәтінге сай әзірленген тапсырмалар арқылы жүзеге асады.

Тіл үйрету туралы сөз болғанда оқу бағдарламалары мен оқулықтар үшін мәтінді таңдау маңызды мәселе болып табылады. Тіл үйретуде таңдалатын мәтіндер мен оқулықтар үшін таңдалып алынатын мәтіндердің мазмұндық ерекшелігі мен сапасының жоғары болуы маңызды.

2018 жылы Түркия Республикасы Ұлттық Білім Министрлігінің тарапынан ұсынылған “Türkçe dersi” оқулығында және 2016 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан ұсынылған “Сауат ашу” оқулығында орын алған тақырыптар мен мәтін түрлері зерделенді.

Чечен және Чифтжинның “İlköğretim 6. sınıf Türkçe ders kitaplarında yer alan metinlerin tür ve tema açısından incelenmesi” атты еңбегінде: “Негізгі тақырып - оқулықтарға алынатын мәтіндердің тақырыбы болып табылады. Негізгі тақырыптық тіл үйретуде мұғалім мен оқушы белгілі бір тақырып немесе мәтін аясында жұмыс жасаса, бірнеше тақырып немесе бірнеше мәтін негізгі тақырып үшін жұмыс жасайды” деп жазады [1, 39-49]. Яғни мәтіндер белгілі бір негізгі тақырып аясында оқулықта орын алады.

Т.М.Әбдікәрімова 2007 жылы мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясын жазуда “Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тығыз байланыста болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдерімен ұйымдасуынан көрінеді” [2,73] деген анықтама берген, ал, А.Жапбаров оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтауда мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәтіннің қызметін таныту – тыңдаушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуге, сол арқылы тыңдаушының логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Өйткені мәтінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тегіс қатысады, - деп жазады [3,120]. Яғни мәтіндегі негізгі ойдың тұтас, жүйелі, бірізді баяндалуы оқушылардың мәтінді дұрыс түсінуі мен қабылдауына жол ашады.

Қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын құралдың иесі А.Байтұрсынұлы мәтінді шығарма сөз деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. Олай дейтін себебіміз, ғалым: “Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп айтылады. Ауызша шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады”, - дейді [4, 344].

Ал, Қ.Жұбановтың еңбектерінде қазіргі тіл біліміндегі терминдік атаулармен берілмесе де мәтін мәселесіне қатысты пікірлердің болғандығы анық байқалады. Мәселен, Қ.Жұбанов мәтінді сөз деп атайды [5,148]. Ғалымның мәтін туралы ой-пікірлері тілдің күнделікті

қолданыстағы қызметіндегі ерекшеліктерінен туындаған болса керек. Мәтін қарым-қатынасты жүзеге асырудың бірден-бір құралы деп түсінген ғалым мәтіннің ауызша және жазбаша түрлерін бөліп көрсетіп, олардың айырмашылықтарына да ден қойған.

Түрік тілінің оқыту әдістерін зерттеуші Х.Ақйол “Түрікше оқыту әдістері” атты еңбегінде “Мәтін сөзі - бір кітаптың ішіндегі жазбаларға, бір тақырып, мақала немесе бірнеше параграфтан тұратын негізгі ойы бар жазбаларды сипаттау үшін қолданылады”-деп жазады және мәтіндердің мағынасын: мәтін іші, мәтін сырты, мәтін арасы деп үш түрге бөліп қарастырған [6, 233]. Түрік балалар әдебиетін жазушы Оғузхан Фурхан балалар әдебиеті жанрлары саналатын мәтін түрлері: ертегі, мысал, дастан, аңыз, әңгіме, роман, биография, естеліктер, саяхатшы хаты, табиғат және ғылыми оқиғаларды түсіндіретін шығармалар, өлеңдер және жаңылтпаштар деп қарастырады [7] және де осы аталған балалар әдебиетінің жанрлары біз қарастырып отырған оқулықтарда орын алған.

Шереф Тан өзінің “Оқыту принциптері мен әдістері” еңбегінде “Мәтіннің мазмұнын әзірлеу үшін келесі ерекшеліктер: негізгі ой, мазмұн мен тақырыптың сәйкестігі, жазу мөлшері, сөз саны мен сөйлем ұзақтығы оқушы деңгейіне сай болуы керек”, деп жазса [8], Ш.Уналанның айтуы бойынша мәтін жазуда мынадай элементтер қарастырылуы керек:

- Мәтіндер тақырып бойынша қызықты болуы керек,
- Мәтін тақырыбы мен идеясы оқушының деңгейіне сәйкес болуы керек,
- Мәтін сөздері ұсынылып отырған жас тобындағы оқушылардың сөздеріне сәйкес келу керек;

- Мәтіндер қысқа болуы керек және оқушылардың деңгейіне сәйкес суреттер болуы керек [9].

Мустафа Жемилоглуның жазуынша әдеби шығармаларда авторлар оқиға, ой немесе сезімді баяндайды, және де кез-келген түрінде ұқсастық байқалады. Сондықтанда әдеби шығармалардың оқиғаға негізделген түрлері (әңгіме, роман, театр, ертегі, аңыз, дастан, мысал, естелік, саяхатшы жазуы), ойға негізделген түрлері (мақала, сұқбат, әзіл, сын), сезімге негізделген түрлері (поэзия) деп үшке бөлінеді [10]. Ал, Оя Адалы болса жалпы мәтіндерді ойдан шығарылған (әңгіме, өлең, роман, пьеса, сценарий және т.б.) қолданбалы/ақпараттық (мақала, газет-журнал хабарлары т.б.) мәтіндер деп бөліп қарастырады [11].

### **Зерттеу мақсаты**

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты, Қазақстанның және Түркияның 1-ші сынып “Сауат ашу” және “Türkçe dersi” оқулықтары салыстырылып зерттеледі. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі мәселелерге жауаптар алынады:

1. Қазақстан мен Түркиядағы 1-ші сынып “Сауат ашу” және “Türkçe dersi” оқулықтарында қандай тақырыптар қарастырылған?

2. Қазақстан мен Түркиядағы 1-ші сынып “Сауат ашу” және “Türkçe dersi” оқулықтарында қандай мәтін түрлері қамтылған?

### **Зерттеу әдістері**

#### **Зерттеу үлгісі:**

Зерттеу - құжаттарды талдау әдісіне негізделген сипаттамалық жұмыс. Қазақстанның және Түркияның 1-ші сынып “Сауат ашу” және “Türkçe dersi” оқулықтарындағы тақырып және мәтін түрлері зерттеледі.

#### **Деректерді жинау құралдары:**

Деректерді жинау құралы ретінде Қазақстанның және Түркияның 1-ші сынып “Сауат ашу” және “Türkçe dersi” оқулықтары пайдаланылды.

#### **Материалдарды талдау:**

Материалдар зерттеуші тарапынан жинақталды. Зерттеу барысында жиналған материалдар “frekans” есептеулерімен жіктелді.

### Нәтижелер мен түсініктемелер

Жаңа бағдарлама негізінде дайындалған Қазақстан мен Түркияның 1-ші сынып “Сауат ашу” және “Türkçe dersi” оқулықтарындағы тақырып және мәтін түрлері төмендегі кестелерде берілді. Зерттеу жұмысының “Қазақстан мен Түркиядағы 1-ші сынып “Сауат ашу” және “Türkçe dersi” оқулықтарында қандай тақырыптар қарастырылған?” мәселесіне жауап алуда статистикалық зерттеу нәтижелері кесте 1-де берілген.

**Кесте 1 - Қазақстан мен Түркиядағы 1-ші сынып «Сауат ашу» және «Türkçe dersi» оқулықтарында тақырыптар**

“Сауат ашу” 2-бөлім						
Тақырыптар	Өлең		Әңгімелеуші мәтіндер		Ақпарат беруші мәтіндер	
	f	%	f	%	f	%
Тағам және сусын	3	10 %	13	44 %	3	10 %
Дені саудың - жаны сау	3	10 %	4	13 %	4	13 %
<b>Жалпы: 30</b>	<b>6</b>	<b>20%</b>	<b>17</b>	<b>57%</b>	<b>7</b>	<b>23%</b>
“Türkçe dersi” 2-бөлім						
Тақырыптар	Өлең		Әңгімелеуші мәтіндер		Ақпарат беруші мәтіндер	
	f	%	f	%	f	%
Балалар әлемі	1	8 %	2	17 %	-	-
Табиғат және әлем	-	-	2	17 %	1	8 %
Ататүрік және ұлттық күрес	-	-	1	8 %	2	17 %
Ғылым және технологиялар	-	-	1	8 %	2	17 %
<b>Жалпы: 12</b>	<b>1</b>	<b>8 %</b>	<b>6</b>	<b>50 %</b>	<b>5</b>	<b>42 %</b>

1-кестеде берілгендей, Түркияның 1-сынып “Türkçe dersi” оқулығындағы “Балалар әлемі”, “Табиғат және әлем”, “Ататүрік және ұлттық күрес”, “Ғылым және технологиялар” тақырыптары орын алған. Ал Қазақстанның 1-сынып “Сауат ашу” оқулығында “Тағам және сусын”, “Дені саудың - жаны сау” тақырыптары орын алған. Сондай-ақ, Қазақстан және Түркия оқулықтарындағы тақырыптар мен мәтіндер, мәтін түрлеріндегі айырмашылықтар көрсетілген.

“Türkçe dersi” оқулығында орын алған мәтіндер белгілі бір стандарттарға негізделген. 1-сынып “Türkçe dersi” оқулығында әр тақырыпта бес мәтін берілген, аталған бес мәтіннің соңғы бір мәтін еркін оқу мәтіні болып келеді.

“Қазақстан мен Түркиядағы 1-сынып “Сауат ашу” және “Türkçe dersi” оқулықтарында қандай мәтін түрлері қамтылған?” мәселесіне жауабы статистикалық зерттеу нәтижелері негізінде 2-кестеде берілген.

**Кесте 2 - Қазақстан мен Түркиядағы 1-ші сынып “Сауат ашу” және “Türkçe dersi” оқулықтарындағы мәтіндердің түрлері**

Мәтін түрлері	1-сынып оқулығы	
	Сауат ашу 2 бөлім	Türkçe dersi 2 бөлім
Мәтін саны	26	12
Өлеңдер	6	1
Әңгімелеуші мәтіндер	16	6
Әңгіме	14	4
Мысал	2	2
Ақпарат беруші мәтіндер	4	5
Сұқбат/Сөйлесу	-	1
Айқындау	6	3
Сипаттау	-	1
Биография	-	1

2-кестені талдауда айырмашылықтары болсада екі оқулықта өлең, әңгіме, мысал сынды мәтін түрлеріне орын берілгендігін және Түркия оқулығынан ерекше Қазақстан оқулығында өлең, әңгіме мәтіндеріне басымдылық берілген. “Türkçe dersi” кітабында болып, “Сауат ашу” оқулығында кездеспеген 2 мәтін түрі (Сұқбат, сипаттау), сондай-ақ “Сауат ашу” кітабында болып, “Türkçe dersi” оқулығында кездеспеген 1 мәтін түрі (Биография) айқындалды.

Алынған нәтижелер негізінде “Türkçe dersi” оқулығында он екі мәтіннің біреуі өлең, алтауы әңгімелеуші мәтін, бесеуі ақпарат беруші мәтін, ал, “Сауат ашу” оқулығында отыз мәтіннің алтауы өлең, он жетісі әңгімелеуші мәтін, жиырма үші ақпарат беруші мәтін түрлері анықталды.

### **Қорытынды және ұсыныстар**

Бұл зерттеуде Қазақстан және Түркиядағы 1-сыныпқа арналып әзірленген ана тілі оқулықтарындағы тақырыптар мен мәтін түрлері анықталып, нәтижесінде кейбір айырмашылықтар мен ұқсастықтар анықталды.

Екі оқулықты зерттеуде оқулықтарындағы орын алған мәтіндердің мазмұнымен қатар сандарында да айырмашылық байқалды. “Türkçe dersi” оқулығында қолға алынған мәтіндер тақырып мазмұнына сай болғанымен саны жағынан аз. “Сауат ашу” оқулығындағы мәтіндер саны “Türkçe dersi” оқулығында мәтіндерге қарағанда көп берілген. “Сауат ашу” оқулығындағы мәтіндер қысқа-қысқа болса да көп болуы оқушылардың тақырыпты әр қырынан түсінуіне көмектеседі. Міне сондықтан ана тілі оқулықтарында мазмұнға бай мәтіндер саны жеткілікті болғаны дұрыс.

Ана тілі - ұлттың рухани құндылықтарды болашақ ұрпаққа жеткізудің мүмкіндігі. Ана тілін оқытуда қолданылған мәтіндер ұлттың тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын көрсетеді. Халық әдебиетінің жанрлары: әңгімелер, өлең-жырлар, әдеби шығармаларды оқыту, баланың тілін дамытуға деген оң көзқарасты қамтамасыз етеді. “Сауат ашу” оқулығындағы халық әдебиеті жанрларының орын алуы ана тілін үйрету мәдениетінің жалғасы болып табылады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1.Çeçen, M. A. ve Çiftçi, Ö. (2007). İlköğretim 6. sınıf Türkçe ders kitaplarında yer alan metinlerin tür ve tema açısından incelenmesi. Milli Eğitim, 173, 39-49.

2.Әбдікәрімова Т.М. Мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы. - Павлодар, 2007, 73 б.

3.Жапбаров А. Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік



негіздері. -Алматы, 2007. - 120-122 бб.

4.Байтұрсынов А. Тіл тағлымы, Алматы, 1998. – 362 б.

5.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Алматы: Ғылым, 1966. – 360 б.

6.Akyol Hayati (2010). Türkçe Öğretim Yöntemleri. Ankara: Pegem Akademi.

7.Oğuzkan, A. Ferhan (2000). Çocuk Edebiyatı. Ankara: Anı Yayıncılık

8.Tan, Ş. Öğretim ilke ve yöntemleri. Ed. Şeref Tan. Ankara: Pegem Akademi Yayıncılık. 2007.

9.Ünalın, Ş. Türkçe öğretimi. Ankara: Nobel Yayın Dağıtım. 2001

10.Cemiloğlu, Mustafa. İlköğretim Okullarında Türkçe Öğretimi. (3. Baskı). İstanbul: Alfa Yayınları. 2001.

11.Adalı, Oya. Anlamak ve Anlatmak. İstanbul: Pan Yayıncılık. 2003.

## **REFERENCES**

1.Çeçen, M. A. ve Çiftçi, Ö. (2007). İlköğretim 6. sınıf Türkçe ders kitaplarında yer alan metinlerin tür ve tema açısından incelenmesi. Milli Eğitim, 173, 39-49.

2.Abdikarimova T.M. Matin jane «Ana tili» okulugi matindemesin kuraudin teoriasi. - Pavlodar, 2007, 73 b.

3.Japbarov A. Okushilardin jazbasha tilin damita okitudin gilimi-adistamelik negizderi. Almaty, 2007. - 120-122 bb.

4.Baytursinov A. Til tagilimi, Almaty, 1998. – 362 b.

5.Jubanov K. Kazak tili joninde zertteuler, Almaty: Gilim, 1966. – 360 b.

6.Akyol Hayati (2010). Türkçe Öğretim Yöntemleri. Ankara: Pegem Akademi.

7.Oğuzkan, A. Ferhan (2000). Çocuk Edebiyatı. Ankara: Anı Yayıncılık

8.Tan, Ş. Öğretim ilke ve yöntemleri. Ed. Şeref Tan. Ankara: Pegem Akademi Yayıncılık. 2007.

9.Ünalın, Ş. Türkçe öğretimi. Ankara: Nobel Yayın Dağıtım. 2001

10.Cemiloğlu, Mustafa. İlköğretim Okullarında Türkçe Öğretimi. (3. Baskı). İstanbul: Alfa Yayınları. 2001.

11.Adalı, Oya. Anlamak ve Anlatmak. İstanbul: Pan Yayıncılık. 2003.

**N.N.SALYBEKOVA, G.I.ISAYEV, A.E.SERZHANOVA, R.E.PRALYEVA**  
*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan*  
(E-mail: karakat\_84@mail.ru)

### WAYS OF FORMING PROJECT ACTIVITY IN LEARNING

Need of development, perfecting of innovative tutoring is expressed in article. It is shown an application of a project method as one of the modern research techniques. There is developed step-by-step activity of realization of project works is. Features types and features of the methods used at their realization are also shown.

During realization of project works students improve the knowledge and master such values as: the ability to define a problem, to see the purpose, to see the achievements, ability is directed to work for achievement of result. At application at lessons of methods for pupils the research ability is formed.

**Keywords:** project method, species of fungi, bioecological features, technique, reflection.

### **Н.Н.Салыбекова, Г.И.Исаев, А.Е.Сержанова, Р.Е.Пралиева** **Білім алушылардың жобалық іс-әрекеттерін қалыптастыру жолдары**

Мақалада инновациялық білім беруді дамыту, жетілдіру қажеттілігі келтірілген. Қазіргі таңдағы заманауи зерттеу әдістерінің бірі - жоба әдісінің қолданылу барысы берілген. Жоба жұмыстарын орындаудағы іс-әрекет түрлерінің қадамдары талданған. Сонымен қатар жоба жұмысын орындау кезіндегі қолданылатын әдіс түрлерінің ерекшеліктері келтірілген.

Жоба жұмысын орындауда білім алушылар проблеманы анықтау, мақсатты көре білу, өз жетістіктерін байқау, нәтижеге қол жеткізу үшін орындалатын іс-әрекеттерді бағдарлай алу сияқты құндылықтар игеріле отырып, білімдерін арттыру көзделген. Сабақта әдіс түрін қолдану кезінде білім алушылардың зерттеушілік білігі қалыптасады.

**Кілт сөздер:** жоба әдісі, саңырауқұлақ түрлері, биоэкологиялық ерекшеліктер, әдістеме, рефлексия.

### **Н.Н.Салыбекова, Г.И.Исаев, А.Е.Сержанова, Р.Е.Пралиева** **Пути формирования проектной деятельности у обучающихся**

В статье выражена необходимость развития, совершенствования инновационного обучения. Показано применение проектного метода как одного из современных методов исследования. Разработана пошаговая деятельность выполнения проектных работ. Также показаны виды и особенности методов, используемых при их выполнении.

В ходе выполнения проектных работ обучающиеся улучшают свои знания и осваивают такие ценности как: умение определять проблему, видеть цель, видеть свои достижения, умение направленно действовать для достижения результата. При применении на уроках методов у учащихся формируется исследовательское умение.

**Ключевые слова:** проектный метод, виды грибов, биоэкологические особенности, методика, рефлексия.

At present, the intensive development of modern society needs movement, changes in the training of teachers. The preparation of future teachers requires a constant search for quality professional development and pedagogical innovation.

When the Strategic Address of the President of the Republic of Kazakhstan "Kazakhstan Road-2050: Unified Goal, Common Interests, Unified Future" is published, the main goal is Kazakhstan's entry into the list of 30 developed countries of the world. He stressed that this is the project of "Eternal Kazakhstan", in the history of mankind the perfect image of a new era, where we are stepping. Also, in the third priority direction of the Message: "The creation of a knowledge-based economy is first and foremost an increase in the potential of Kazakhstan's science" specifically pointed out the need to support research and innovation [1].

The current intensive process of globalization is intensifying world competition. The paradigm of education has changed. Therefore, to date, society and the state are paying great attention to educating young people, teaching them professional knowledge, and comprehensive training of specialists. Changes in the system of higher pedagogical education directed to innovative processes are a factor in the development of the mechanisms that determine this system. The changes that are taking place require a future specialist to learn the world, depending on the sphere of education, high level fitness, the ability to coordinate with innovation the methodological experience used. These circumstances, when training biologists, are directed to the application in the modern school of experience formed from the past centuries.

Training of biologists on the basis of achievements of science and practice, mastering universal human values, is the main goal in the process of training a professionally formed personality, a specialist capable of modern innovative competitiveness.

The main task of education in the twenty-first century is to improve the quality of training, to implement new technologies in order to easily spread the obtained knowledge. At present, every one of the objectives of the teacher training methods and continuous improvement is the development of new teaching technologies, methods. One of main method is project method.

Project method is one of the modern method of teaching in which, the students point of view is given importance in designing the curricula and content of studies. This method is based on the philosophy of Pragmatism and the principle of 'Learning by doing'. In this strategy pupils perform constructive activities in natural condition. A project is a list of real life that has been imparted into the school. It demands work from the pupils [2-4].

According to W.H. Kilpatrick, "A project is a wholehearted purposeful activity proceeding in a social environment". According to Ballard, "A project is a bit of real life that has been imparted into school". According to Thomas&Long, "It is a voluntary undertaking which involves constructive effort or thought and eventuates into objective results" [5].

It takes the student beyond the walls of the class room. It is carried out in a natural setting, thus making learning realistic and experiential.

We have used this method in our laboratory work. And at the end of our work we have achieved success. And it is very useful at making scientific projects. Every student who is interested at projects has to know this method. It will help you to be success on your project.

Individual and Social projects: In individual project every student's problem in their own according interest, capacity, attitude and needs.

Group projects the problem is solved by the group of pupil in the class. Here the social, citizenship qualities and synergism are develops

Simple and Complex project in the simple projects the students are completing only one work at a time. It gives the deep information about the project in a one angle. The students get deeper and broader knowledge about the problem.

In the complex project the students are carried out more than one work at a time. They are focuses on the work in various subject and angles. Here the students get the knowledge about the work in various activities and dimensions [6].

We've used project work for the following stages:

*Creating Situation:* In the first step teacher creates the proper situation to the students in the class. He puts up the knowledge about the project method procedure, steps, and uses to the students. A project should arise out of a need felt by students and it should never be forced on them. It should be purposeful and significant.

*Selection of the problem:* The teacher helps the students to select the problem and guide them. Students are having freedom to choose the topic or problem based on their interest and ability. Before choosing the topic the principles should be taken in to an account. Such as school tasks are to be as real and as purposeful and they are of such a nature that the student is genuinely eager to carry them out in order to achieve a desirable and clearly realized aim. Teacher should only tempt the students for a particular project by providing a situation but the proposal for the project should finally come from students.

*Planning:* The teacher discuss with the students about the problem in various angles and points. After the free expression of the students' opinion about the problem, the teacher writes down the whole program of action stepwise on the blackboard. In the process of planning teacher has to act only as a guide and should give suggestions at times but actual planning be left to the students [7].

*Execution:* The students are stating their work in this step. They are collecting the relevant information and materials at first. The teacher should give the time and right to the students according to their own speed, interest and ability. During this step the teacher should carefully supervise the pupils in manipulative skills to prevent waste of materials and to guard accidents. Teacher should constantly check up the relation between the chalked out plans and the developing project.

*Evaluation:* Evaluation of the project should be done both by the pupils and the teachers. Here the students evaluating their task. They determine whether the objects are achieved or not. After that they criticize and express their feeling about the task freely. The evaluation of the project has to be done in the light of plans, difficulties in the execution and achieved results [8].

*Reporting and Recording:* It is the last step of the project method in which each and every step of the work are reported. The reported things are recorded in a certain order in a book form. It should include the proposal, plan and its discussion, duties allotted to different students and how far they were carried out by them. It should also include the details of places visited and surveyed guidance for future and all other possible details. The book formatted report is submitted to the teacher at the end [9].

The conditions for ensuring the students' success in the project development are as follows: 1) observance of the stages of the collective subject experience method; 2) formulation of the task to the methodical project, reflecting the requirements for the results of its creation; 3) reasonableness of methodical decisions by the requirements of the activity approach and the personally oriented training [10].


Throughout the project teaching, the teacher participates in all the research sessions and provides advice. Performance of the project is very labor-intensive work with special disciplines. Project activities will be effective if it is conducted through a comprehensive discussion of laboratory and practical lessons. For example, on the basis of the study of the biological peculiarities of the fungus, it is based on the results of laboratory studies on the subject "Plant pathology, Molecular-genetic analysis of fungi species damaging vegetables. The aim of the project is to determine the types of fungus that causes vegetable seeds, identify the spring mixed fodder of

vegetable seeds, mechanisms of action of fungicides and essential oils against fungal species, peculiarities of fungi species, effects of environmental factors on the pathogenic developmental characteristics of vegetable slaughtering, fungi Methods of DNA separation and their genetic and molecular research in identification of fungi. All questions will be discussed and some project research will be conducted on the lesson.

Each project is protected and evaluated at the end of the work. Project protection has several options: relevance of the project; activity of project participants; project effectiveness; prove, analyze and make decisions; description, answers to questions, expressing their views.

In pedagogical higher education institutions, the importance of project-oriented technology in the development of values such as acquiring knowledge not only in the scope of the program, but also in applying the knowledge gained, solving practical tasks, developing biological science.

In our projects we have used these active teaching methods. Active teaching methods are system of dialogue based on dialogue, which not only stimulates educational and cognitive activities of students, but also provides free exchange of opinions in solving the problem. In our experience we used the following active methods: interactive classes, methods of conducting laboratory classes "Demonstration of interactive laboratory lesson" method, "Campus living laboratory" method, "Teaching visualizations" method, based on the methodology of teaching case study, etc. The most important thing in the choice of methodology is to achieve the goal of teaching and learning (1-figure).



**1 - Figure. Some of the most active frequently used teaching methods in experimental projects.**

Let's consider the work done in connection with the dissemination of the object of the research in the field of "Plant Systematics" for the students of the specialty 5B011300 - Biology, in accordance with the working curriculum, in the field of field-based practice. Purpose: Students of this project collect samples of steppe, sown materials, analyze their results using various tools. Students are entrusted with monitoring, obtaining and photographing the necessary objects. For the research, samples should be

chosen and prepared properly. Morphological description of the fungal species, the purpose of determining the ecological features of the disease damaged fungi, is to give them a clean culture and to clarify the development cycle. The experimental study of the accumulated specimens, the morphological criteria (constitution dimension, horizontal blinds, condensation peculiarity, etc.), will continue in laboratory works. It is best to perform tasks separately. The scope of the study increases and the number of samples collected is increased. For example, to first group given *Allium cepa* L. and to second group given *Daucus carota* L. The selected diseases grouped according to external characters, separately collected and photographed. Microscopic analyzes are made for the morphological description of fungi species. Morphological criteria are defined.

Projects and research should be conducted in groups every year. Future teachers can be made at school by counseling the world's mythological community for organizing mycological research with orphan children, or project work with the group. For example, Tom Volk's Mycology Research ([http://botit.botany.wisc.edu/toms\\_fungi/research.html](http://botit.botany.wisc.edu/toms_fungi/research.html)), Research Group Mycology (<http://www.ugent.be/we/biology/en/research/mycology>) the sample of mycological research work for students is provided in detail.

In the course of the field project work it is necessary to choose the right area of the study area, to divide group students into small subgroups, to identify the object of research, and to continue the research in the laboratory.

An essential part of the projects is complex: research, practical, laboratory, communicative. Students were encouraged to write articles, participate in scientific competitions for publication of project results.

Research activities in the field of biology are socially significant during the research. Scientific and project activities in this area have a distinctive feature. The result is that the result of scientific and project work is subjective, not just subjective.

In project method of teaching the role of a teacher is that of a guide, friend and philosopher. The teacher is not a dictator or a commander but a friend, guide and a working partner. He encourages his students to work collectively, and co-operatively. He also helps his students to avoid mistakes. He makes it a point that each member of the group contributed something to the completion of the project.

If the students face failure during execution of some steps of the project the teacher should not execute any portion of the project but should suggest them some better methods of techniques that may be used by them next time for the success of the project.

## REFERENCES

1. "Kazakhstan's Way - 2050: Common goal, common interests, common future" - [www.strategy2050.kz](http://www.strategy2050.kz).
2. Masyukowa N.A. Projection in Education. – Minsk, 2005. –с. 36.
3. Karl Frey. Project method / K. Frey. – Germany: Belc., 1997. -279 с.
4. Diuy J Dj. Democracy and education / trans. from eng. — Moscow: Pagogy-press, 2000. –С. 384.
5. Kilpatrick V.Ch. Methods of projects. Application of the target unit in the pedagogical process / V.Ch. Kilpatrick. – JL: Broggau - Efron, 1925. - 43 с.
6. Chard, S. C. The project approach. Retrieved November 30, 2012.
7. Knoll, M. The project method: Its vocational education origin and international development. Retrieved November 30, 2012, from
8. Buck Institute for Education. Project-based learning for the 21st century. Retrieved November 30, 2012, from [http://www.bie.org/about/what\\_is\\_pbl](http://www.bie.org/about/what_is_pbl).
9. Thomas J. W. A review of research on project-based learning. Retrieved November 30, 2012. From [http://173.226.50.98/sites/default/files/news/pbl\\_research2.pdf](http://173.226.50.98/sites/default/files/news/pbl_research2.pdf).
10. Rizvanov Z.Z., Abaturova V.S., Malo I.E., Shakirova L.R. The methodical projects as a method for learning future teachers. / Amazonia Investiga. 7: 15 P. 172-177. JUL-AUG 2018.

**Б.Қ.МҰХАМЕДЖАНОВ, Е.Е.СЕЙДАХМЕТОВ**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: Dene-tarbiesi@mail.ru)*

### **ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕП ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МӘНІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР**

Мақалада жалпы орта мектептердегі білім берудің көп нұсқалы құрылымы және жалпы орта мектептің халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы, жалпы орта мектептерді қазіргі заманның талаптарына сай басқару мәселелері қарастырылады. Денені шынықтыру жаттығуларымен өз бетінше шұғылдануға қажетті қабілетті үйрету, тәрбиелеу, денсаулықты нығайту, жұмыс қабілеттерін арттыру қажеттілігі көрсетілген. Адамгершілік және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу, психикалық үдерістер мен жеке тұлғаның қасиеттерін дамыту басты міндет болып табылады. Мектеп оқушыларының шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына, оларға білім беруде заманауи жүйені енгізу жағдайларында хабардарлығының бейімделуі көрсетілген. Жалпы орта мектептерде оқу үдерістерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістердің қажеттілігі көрсетілген.

**Кілт сөздер:** білім, спорттық ойындар, тәрбие, психология, педагогика, үйрету, дамыту.

**Б.К.Мухамеджанов, Е.Е.Сейдахметов**

### **Научно-педагогические взгляды на значение физического воспитания в общей средней школе**

В статье рассматривается несколько версий структуры и планомерной интеграции средней школы в международную образовательную систему. Рассматриваются вопросы управления средней школой в соответствии с современными требованиями. Показаны новые подходы обучения способностям, необходимым для самостоятельных занятий физической культурой, для воспитания, укрепления здоровья, повышения работоспособности. Основной задачей является воспитание нравственных, волевых качеств, развитие психических процессов и личностных качеств. Рассмотрено внедрение современных систем обучения в развитие творческих возможностей школьников. Показана необходимость качественных изменений в организации учебного процесса общеобразовательной школы.

**Ключевые слова:** образование, спортивные игры, воспитание, психология, педагогика, обучение, развитие.

**B.K.Mukhamedzhanov, E.E.Seidakhmetov**

### **Scientific and Pedagogical Viewpoints about the Importance of Physical Education in a General Secondary School**

The article considers several versions of the structure and systematic integration of secondary school in the international educational system. The questions of high school management corresponding to the requirements of modern conditions are considered. New approaches of teaching abilities necessary for self-employment by physical exercises, education, health promotion, increase of working capacity are shown. The main task is the development of moral, volitional mental processes of the individual. The introduction of modern systems of education in the development of creative opportunities of students. The necessity of qualitative changes in the

educational process of secondary school is shown.

**Keywords:** education, sports games, education, psychology, pedagogy, training, development.

Жалпы білім беретін орта мектептерде оқушылар дене тәрбиесі сабақтары арқылы дене жаттығулары мен дене бітімін жетілдіру тетіктерімен бастапқы танысуын және дене тәрбиесі бойынша сауаттылығын жүзеге асыра алады. Ал, болашақ қоғам мүшесінде дене тәрбиесін қалыптастыру үшін, ең алдымен дене тәрбиесі саласының барлық мұғалімдері мен жаттықтырушылар дене тәрбиесі жүйесі туралы білімді жетік меңгеруі тиіс.

Жалпы орта мектептерде оқушыларды салауатты өмір салтына, денені шынықтырумен және спортпен шұғылдануға баулу әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында жүзеге асырылады [1].

Жалпы орта мектептерде оқушылардың дене тәрбиесін қалыптастырудың белсенді түрінде мектеп оқушыларының дене тәрбиесі сабағында жетілдіру мәселесіне А.К.Атаев, Ю.С.Жилко, Д.В.Биданов, Ж.Егізбаев, С.Тайжанов және т.б. еңбектерін арнаған [2].

Дене тәрбиесі және спортты насихаттау әрбір орта мектеп оқушысына бағытталған, дене тәрбиесінің басымдығын дәлелдей көрсетуге, сондай-ақ жастар арасында нашақорлық, темекі шегушілік, ішімдікті пайдалану және басқа да жат құбылыстардың таралуына қарсы күреске бағытталуда. Оқушылармен дене тәрбиесі жөнінде жұмыс жүргізу, олардың ортасында қазақстандық спортшылардың спорттағы жетістіктерін, бұқаралық спортты танымал ету, олардың санасында “тәні саудың - жаны сау” деген қағидатты орнықтыру үшін бұқаралық көпшілік мәдени, спорттық-сауықтыру іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарының міндеттері: азаматтардың спортқа, табиғи дене бітімін жетілдіруге деген қызығушылығын арттыру, жалпы орта мектеп оқушыларының спортпен өз бетінше шұғылдануын белсенді түрде таныту, денені шынықтырумен және спортпен шұғылдану қажеттігін көпшіліктің санасына сіңіру және оны насихаттау болып табылады.

Дене тәрбиесі және спортты насихаттау мектеп оқушыларының жан-жақты спорттық және дене тәрбиесі даярлығын арттыруға ықпал етуге негізделуде. Дене тәрбиесі және спортты дамытудағы басты бағыттардың бірі - олардың ізгілікті жағын күшейту.

Жалпы орта білім беретін мектептің басты мақсаты - алдыңғы қатарлы жасөспірімдерді тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелілік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, оқушыларға дене тәрбиесін оқытып, үйрету мен Отанды қорғауға дайындау. Білім саясатының өзекті мәселелері – жалпы орта мектеп қабырғасында кәсіптік бағдар негізінде болашақ мамандығын таңдауға даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытып үйретудің әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Жалпы орта мектептердегі білім берудің көп нұсқалы құрылымы және жалпы орта мектептің халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы, жалпы орта мектептерді қазіргі заманның талаптарына сай басқару мәселелері жаңа тәсілдерді талап етеді. Мектеп оқушыларының шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына, оларға білім беруде заманауи жүйені енгізу жағдайларында хабардарлығының бейімделуі жалпы орта мектептерде оқу үдерістерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістердің қажеттілігін көрсетеді.



Қазіргі жалпы орта мектептерде оқушылар білімі дамуының дене тәрбиесі білімінің маңыздылығымен анықталатын мектептегі оқу-тәрбие үрдісіндегі үлесін, білім беру философиясының шеңберіндегі денені шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының жаңа мақсаттарын және оны меңгеруде қалыптасқан жүйенің жоқтығын ескере отырып, дене тәрбиесі құралдары арқылы оқушыларды тәрбиелеуді жеке мәселе ретінде тек практикалық қана емес, теориялық тұрғыдан да айырып көрсету керек.

Жалпы орта мектепте білім мазмұнын, оқыту үдерісін, оқу бағдарламалары мен жоспарларын және оқу құрылымын ықшамдап тиімділеу республика бойынша жалпы орта мектептерде дене тәрбиесі сабағы бойынша білім жаңаша көзқарасқа ие болды.

Жалпы орта мектептердегі дене тәрбиесі - оқушылардың денсаулығын жақсартуға, қозғалыс жүйелерінің жан-жақты жетілуіне, өзі таңдаған спорт түрімен айналысуға, дене мәдениетін қалыптастыруға, белгілі жетістіктерге жетуге, еңбек пен ескери міндетті атқаруға дайындалуына бағытталған арнаулы тәрбиелік үдеріс.

Жалпы орта мектептердегі дене тәрбиесінің мақсаты – оқушыларды жан-жақты қалыптастыруға бағыт беру, әсер ету. Мектеп оқушыларында дене мәдениетін қалыптастыру оқушылардың дене тәрбиесінің негіздерін меңгеруін көздейді.

Жалпы орта мектептерде оқушылардың дене тәрбиесін қалыптастыру үшін мынадай іс-әрекеттер атқарылады:

- денсаулықты нығайту, қалыпты денені шынықтыруды дамыту;
- өмірлік мәнді қозғалыс қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру;
- қозғалыс қабілеттерін дамыту және үйлестіру;
- дене мәдениеті және спорт саласында қажетті білімдерді игеру;
- денені шынықтыру жаттығуларымен өз бетінше шұғылдануға қажетті қабілетті үйрету, тәрбиелеу, денсаулықты нығайту, жұмыс қабілеттерін арттыру;
- адамгершілік және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу, психикалық үдерістер мен жеке тұлғаның қасиеттерін дамыту.

Көптеген ғалым-педагогтар, атап айтқанда М.В.Антропов «Оқушылардың жұмыс қабілеті және олардың оқу мен еңбек үдерісі кезіндегі қозғалмалылығы» [3]. А.Г.Сухарев «Оқушылардың қозғалыс белсенділігінің гигиеналық үдерісін ұйымдастыру» [4] еңбектерінде оқушылардың жұмыс қабілетін қалпына келтіру және күшейту мақсатында тиімді демалыс ретінде дене жаттығу сабақтарын жүргізудің нақты практикалық мысалдарын ұсынады. Бұл практикалық ұсыныстар бойынша ғалым-педагог Ә.Ж.Тастанов өз ғылыми-зерттеу жұмысында төмендегідей қорытынды жасаған:

1.Қозғалу белсенділігінің тәуелділік көлемі ағзаның қозғалыс үстіндегі биологиялық қажеттілігіне сай болуы қажет.

2.Дене тәрбиесінің қалыптасқан жүйесі тұрмыста жетіспейтін қозғалыстың орнын толтыруы қажет.

3.Балалардың қозғалу белсенділігін бір күн ішінде олардың ағзасының жұмыс қабілетіндегі өзгерістерді есепке ала отырып білу тиіс.

4.Дене тәрбиесінің түрлері мен құралдары әр түрлі болуы тиіс.

5.Дене жаттығулары сабақтарының ұзақтығы мен жылдамдығы өсіп келе жатқан ағзаның жас ерекшелігіне сай болуы тиіс.

Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларының қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-

дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады.

Бағдарлама - оқушылардың дене дайындығы мен дене бітімі туралы білім деңгейіне, дене тәрбиесін ұйымдастыру және оның мазмұнына қойылатын нормативтік талаптар жүйесін ұсынатын мемлекеттік құжат. Онда түсінік хат талаптарында жеке оқу-танымдық және қозғалыс қызметінің тиімділігін қалыптастыратындай біліммен оқушыларды қаруландыру қарастырылған (өзінің дене қабілеттерін жетілдіру, дене жаттығулары әдіс-тәсілдері негіздерін, төрешілік ету әдістері негізін меңгеру) [5]. Алайда мұндай оқу материалының мәтіні жоқ. Дидактикалық міндеттерді және оқушылардың жас ерекшелігі топтарына сәйкес танымдық мүмкіндіктерді есептей отырып, мұны мұғалімнің өзі анықтайды.

Практикалық материал «дағдылар, біліктілік, қозғалыс қабілеттерін дамыту» деген жалпы тақырыппен әр сыныптың бағдарламасында баяндалған. Онда спорттың нақты түрінің белгілері бойынша енетін дене жаттығуларының қатыстылығына сәйкес әрқайсысының атауы бөлініп қарастырылған.

Жылдық оқыту уақытының 102 сағаты міндетті тараулар есебінде гимнастикаға, қозғалыстың және спорт ойындарына, шаңғы дайындығы, суда жүзуге, жеңіл атлетикаға бөлінген. 5-сыныптан бастап «Спорттық ойындар» тарауы енгізіледі, бұл жағдайда оған «Қимылдық ойындар» қосымша сабақ есебінде сақталып қалдырылады. Мектептің материалдық базасы, ішкі мүмкіндіктеріне орай «Өзгермелі» бөлімде қосылады (Қосымша А).

«Дене тәрбиесі» сабағы. «Дене тәрбиесі сабағы туралы жалпы ережеге сүйене отырып, мектеп сабағы әр түрлі сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, оқу бағдарламасының мазмұнына, педагогикалық міндеттерді шешудің тұтастығына, оқу күнінің режиміне және сабақ кестесіндегі өзге де жалпы білім беретін пәндердің қатарында өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Мұның барлығы сабақ әдістерінде кейбір талаптарды сақтауды қажет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері.

Оқушылар дене тәрбиесінің жан-жақтылығын қамтамасыз етудің табыстылығы мектеп педагогикалық ұжымының, мектептен тыс мекемелер мен ата-аналардың күш-жігерін жұмылдыруға байланысты. Сонда ғана дене тәрбиесін толық ұйымдастыруға қол жеткізуге болады.

Бұл жүйенің әрбір буыны бір мақсатты бағыттылыққа ие. Мектеп оқушыларының дене тәрбиесін ұйымдастыру жүйесінің бөліктері мынадай:

- әр сыныпта жетісіне 3 рет өткізілетін дене тәрбиесі сабағы түріндегі сыныптық-сабақтық жаттығу жүйесі;

- оқу күні режиміндегі дене шынықтыру-сауықтыру шаралары (сабаққа дейінгі гимнастика, сергектік минуттары, денені шынықтыру үзілістері, ұзартылған үзілістегі дене жаттығулары);

- ұзартылған күн тобындағы күн сайынғы дене жаттығулары;

- спорт-сауықтыру үйірмелеріндегі, жалпы дене дайындығы топтарындағы, спорт түрлері бойынша секцияларда, спорттық жарыстарда, саяхат жорықтары мен слеттердегі жаттығуларды қосқандағы сыныптан тыс жұмыстар.

Бұл жүйе мектептен тыс мекемелердегі дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлерімен толықтырылады:

-балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде, тұрғылықты жерлерде, жазғы лагерьлердің әр түрлі типтеріндегі спорт секцияларында өткізілетін спорттық жарыстар мен жүйелі жүргізілетін оқу-жаттығу сабақтары;

- балалардың жазғы және қысқы лагерьлерінде ұйымдастырылатын көпшілік дене шынықтыру-сауықтыру шаралары (танертеңгілік бой жазу жаттығулары, күн сайын суға түсу, даладағы ойындар, туристік саяхаттар, т.б.);

-спорттық, туристік базаларда, мәдениет және демалыс бақтарында балалар секторлары ұйымдастыратын экскурсиялар мен жорықтар, конкурстар, көпшілік ойындар.

Соңғы жылдарда барлық жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі сабақтары бойынша көптеген оқу бағдарламалары енгізілгені белгілі. Жаңа оқу бағдарламалары оқушылардың ақыл-ой қызметін жеделдетуге педагог-ғалым Ә.Ж.Тастановтың ғылыми-зерттеу еңбегінде көмектеседі деп көрсетілген [6]. Осыған байланысты оқушының күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру және жүйелі спорт түрлерінің секцияларына қатыстырып қозғалу белсенділігін тиімді етіп арттыру міндеті тұр. Жалпы орта мектеп оқушыларының негізгі бөлігін бос уақыттарында жүйелі түрде спорт түрлері бойынша секцияларға қатыстыру, спорт түрлеріне қызықтыру арқылы дене бітімін, дене сапаларының дайындығын және оны жетілдіру кезінде бұл секциялардың оқушы іс-әрекетінің басқа түрлеріне ең алдымен оқу үдерісіне қалай әсер ететінін міндетті түрде ескеру қажет делінген.

Бүкіл әлемдік Денсаулық сақтау ұйымы денсаулықты және дене ақауының болмауы ғана емес, дененің рухани және әлеуметтік аман-саулықтың, дене мәдениетінің бүтіндей жағдайы ретінде дәлелдейді.

Шын мәнінде жалпы орта мектептерде оқушылардың дене тәрбиесін қалыптастыру бұл оқушылармен педагогикалық-тәжірибелік жұмыс жүргізуде ұмтылыс жасайтын мақсатты мұратымыз деп есептейміз.

Демек, оқу-тәрбиелеу үдерісінде дене мәдениеті және спорт түрлеріне баулу және қызықтыру, оқушылардың денсаулығын жақсартып, оқуға деген қабілетін жоғарылата отырып сапалы білім беру – жалпы халықтық міндет деп санаймыз.

Адамның денсаулығының жақсы болып, үйлесімді дамуында дене мәдениетінің рөлі орасан зор екені баршаға мәлім, яғни оқушыларға әрбір күнін денені шынықтырумен бастау дағдысын қалыптастыруды неғұрлым ерте бастасак, солғұрлым оның денсаулығы нығаяды, дене мәдениеті туралы білім алу қалыптасады, оқуға, білім алуға деген құлшыныс пайда болады. Ата-аналардың таңертеңгілік гигиеналық гимнастикамен тұрақты шұғылдануы мектеп оқушылары үшін өнегелі іс. Өкінішке орай, статистика мекемелерінің мәліметі бойынша Оңтүстік Қазақстан өңірі тұрғындарының 6%-ы ғана күнделікті таңертеңгілік денені шынықтыру гигиеналық жаттығуларымен шұғылданады. Салыстырмалы түрде алғанда көрсеткіш өркениетті елдерде, мысалы АҚШ-та-78%, Жапонияда -75%, Германияда -68% және т.с.с.

Білім беру жүйесін жаңғырту барысында келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор.

Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арқаулық педагогтік білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жобалар оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет. Үшіншіден, оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс. Үкіметке мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту жөнінен бесжылдық Ұлттық іс-қимылдар жоспарын қабылдауды тапсырды.

Төртіншіден, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет.

Олар - патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық.

Бұл құндылықтар, меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да сіңірілуге тиіс деп болжамдайды.

Сондықтан жалпы орта мектеп оқушыларының қозғалу белсендігін дамыту, көпшіліктің шұғылдануы үшін спорттық секциялар құру, әсіресе, адамның қозғалу белсендігі техникалық ілгерілеу, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың дамуымен білім беру жүйесі салдарынан әлсірегендігі қазіргі таңда өзекті мәселе. Гиподинамияның қарқынды өсуі мен дене дамуы кезеңінде, яғни балалық және жасөспірімдік шақта адам денсаулығына айқын кері әсер етеді. Ағзаның тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің, жүйке жүйесінің, тірек-қозғалу аппаратының және т.б. қалыптасуы мен дамуы үдерісінде жинақталған кері құбылыстар мен бұзылулар гиподинамияның әсерінен болашақ ұрпақтың, яғни тұқым қуалауда көрініс тауып, адамның барлық кейінгі ғұмырында денсаулықтың нашарлауына жол береді [7].

Қазақстан Республикасы оқушыларының дене тәрбиесі жүйесінің қазіргі кезеңінде, оның мақсаты мен міндеттері Үкіметтің түрлі құжаттарында, «Дене шынықтыру» пәні бойынша мемлекеттік стандартта белгіленген. Яғни, «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты 2007-2011 жылдар аралығында дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» оқу-жаттығу процесін тереңдетіп және спорт түрлері бойынша күн ұзағына оқып-үйренетін мамандандырылған сыныптарды ашуды жалпы білім беретін мектептерге ұсыну, жасөспірімдер клубтарын ашу арқылы жалпы білім беретін мектеп дене тәрбиесі сабақтарының құрылымы мен мазмұнын толықтыратын дене шынықтырудың мектептен тыс түрлерін ұйымдастыруды жетілдіру» көзделген. «Дене шынықтыру» пәні бойынша мемлекеттік стандарт осы пәннің мақсаты есебінде «денсаулықты нығайту, білімді, өмірлік маңызды қозғалыс іскерліктері мен дағдыларын, адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбиенің міндеттеріне сәйкес жеке адамды үйлесімді дамытуды» белгілеп отыр. Қазіргі мектеп оқушылары дене тәрбиесінің мақсаты бұл дене жаттығулары және спортпен үздіксіз шұғылдану арқылы салауатты өмір салтының бір бөлшегі есебінде оқушының жеке, дербес дене тәрбиесінің жоғары деңгейін қалыптастыру [8].

Спортталған дене тәрбиесін енгізу мәселелері бойынша қазіргі бар зерттеулерді талдау оны құрайтын төмендегілердің бар екенін дәлелдеп отыр:

- дененің жетілу белгілерінің даму деңгейін зерттеу; дене тәрбиесінің қосымша жаттығу сабақтары;
- балалардың спортқа бағыт ұстануының педагогикалық технологиясы;
- балалардың дене белсенділігін жетілдірудің әлеуметтік және технологиялық аспектілері;
- оқушылардың дене тәрбиесі бойынша оқу барысын бағдарламалық-әдістемелік жағынан қамту;
- жеке адамға бағытталған дене тәрбиесі;
- адам құндылығының басымдылығын мойындау;
- дене тәрбиесінің дамуының әлемдік тәжірибесінің қазіргі жағдайы тұрғысындағы оқушылардың дене тәрбиесінің міндеттері мен мақсаттарын нақтылау;
- оқушылар дене тәрбиесін ұйымдастырушылардың әр түрін оңтайлы үйлестіру; дене дайындығын бақылау;
- аймақтық жағдайларды ескере отырып, оқушылар дене тәрбиесін жетілдіру;
- дене тәрбиесімен шұғылданудың себептері;
- дене жаттығуларымен оқушылардың дербес шұғылдануы;
- дене шынықтыру бағдарламаларын талдау;
- дене қасиеттерін дамыту мен қозғалыс әрекеттерін игеруді оңтайландыру;
- оқушылардың дене тәрбиесі жөніндегі оқу жұмысын жоспарлау.

Жоғарыда айтылғандарды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамту мамандарының зерттеулерінде негізделгенмен де біздің көзқарасымыз бойынша, қазіргі кезеңде төмендегідей мәселелері алдағы кезде де өзін зерттеуді талап етеді:

а) оқушылар дене тәрбиесін жүйесінің бағдарламалық нормативтік негіздерінің дамуын зерделеу;

ә) оқушылар денесінің жетілдіру бағыттары және оларды анықтайтын себептерді (факторларды) зерттеу;

б) оқушылар дене тәрбиесі жетілдіруді қазіргі тұжырымдамалар тұрғысын анықтау;

в) жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарындағы дене тәрбиесі бойынша бағдарламалардың негізгі және өзгермелі бөлімдерінің жүзеге асу шартын анықтау;

г) дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға жоғары сынып оқушыларының ынталану себептерін зерттеу;

д) жалпы білім беретін мектептерде спортталған дене тәрбиесін енгізу технологиясын дайындау.

Біздің зерттеу пәніміздегі байқалған жоғарыда айтылғандарға көңіл аудару дене тәрбиесі мен спорттың жетекші мамандарының алдыңғы қатарлы тәжірибесі, сондай-ақ дене шынықтыру мен спортты дамытуда өзімнің тәжірибемді жинақтаумен байланысты болып отыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіздікті қабылдауымен және дене тәрбиесі жөніндегі Республикалық типтік бағдарламаға көшумен байланысты жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың дене тәрбиесін жетілдіруге бағытталған, бағдарламалық материалдың өзгермелі бөлігінің мазмұнын толықтырудың әр түрлі жолдарын дене шынықтыру мамандары ұсынды. Мысалы, Т.А.Ботағараев дене шынықтыру қызметіне барлық қатысушылардың (дене тәрбиесі мұғалімдері, студенттер, оқушылар, жалпы білім беретін мектептердің директорлары, біліктілікті көтеру институттары дене тәрбиесінің әдіскерлері) бірлесе жұмыс жасауына негізделген, оқушылар денесін жетілдірудің аймақтық кешенді бағдарламасын дайындап, тәжірибеге енгізді. Оқушылар дене тәрбиесі процесінің қазіргі даму сатысында шығыс жекпе-жектерін және спорттың өзге де түрлерін бағдарламаның өзгермелі бөліміне кеңінен енгізу құбылысы байқалады. Біздің көзқарасымыз бойынша «Дене шынықтыру» пәні жөніндегі мемлекеттік стандарт қойып отырған талаптар шеңберінде спорттың осы түрлерін оқу-тәрбие процесінің өзге де бөліктерімен өзара байланысуын қолайлы түрде, ғылыми тұрғыдан негіздеп барып қосу қажет секілді [9].

В.К.Бальсевич атап көрсеткендей, мектептің сабақ кестесі аясындағы дәстүрлі дене тәрбиесі сабағы оқушының дене қасиеттерін оңтайлы дамытуға мүмкіндік туғызатындай жаттығу тиімділігіне қол жеткізе бермейді. Мектептің сабақ кестесі аясындағы дәстүрлі дене тәрбиесі сабағы оқушының дене қасиеттерін оңтайлы дамытуға мүмкіндік туғызатындай жаттығу тиімділігіне қол жеткізе бермейді [10]. Жоғарыда айтылғандарға байланысты оқушылардың дене дамуын, дене дайындығын, функционалдық деңгейін, сабақтың сауықтыру әсерін арттыру міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін инновациялық технологияны ұйымдастыру мен іске асыруды оңтайландыруға ғылыми ізденісті тұрғыдан келу қажет.

## **ӘДЕБИЕТТЕР**

1.«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысы [kk.sport.gov.kz](http://kk.sport.gov.kz)

2.Сейдахметов Е.Е., ДанияровТ.А., Анарбаев А.К. Формирование навыков здорового образа жизни учащихся сельских школ по инновационной технологии. // Вестник

современной науки. -Волгоград, -2016, -120

3.Адамбеков К.І. Оқушылардың дене тәрбиелеудің педагогикалық негізі п.ғ.д. дисс. авторефераты. Алматы, - 1995, 44 б.

4.Сапарбаев М.Б. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің теориясы мен практикасы. п.ғ.д. дисс. авторефераты. Алматы, 1993, 318 б.

5.Жұманова А.С. «7-9» жастағы қазақ балаларының дене тәрбиесі ісінің мазмұнын тәжірибеде дәлелдеу. п.ғ.к. дисс. авторефераты Алматы, -1997, 25 б.

6.Құланов Қ.А. Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесінің дамуы (1966-1985) п.ғ.к. дисс. авторефераты. Алматы, 1990, 22 б.

7.Ботағараев Т.А. Аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, оқушылардың дене тәрбиесін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздемесі. п.ғ.д. дисс. авторефераты. Алматы, 2001.55 б.

8. Korkmaz M., Baimukhanbetov B., Abdillayev A., Aknazarov S., Nyshanova S. Teacher and Classroom Context Effects on Academic Achievement of Primary School Students Life Sci J 014;11(1s): 233-240 p. (ISSN:1097-8135). <http://www.lifesciencesite.com>.

9.Тілеулов Э.Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. –Алматы: Мектеп, 2003, -187 б.

10. Бальсевич В. К. Физической активности человека на всем протяжении его жизни. Пред- ложена ... – М. Советский спорт, 2009. – 220 с.

#### **REFERENCES**

1.«Dene shynyqtyrý jáne sport týraly» Qazaqstan Respýblikasynyń Zańy jobasynyń tujyrymdamasý. Qazaqstan Respýblikasy Úkimetiniń 2011 jylgy 30 qarashadagy № 1399 qaýlysy [kk.sport.gov.kz](http://kk.sport.gov.kz)

2.Seidahmetov E.E., Daniyarov T.A., Anarbaev A.K. Formirovanie navykov zdorovogo obraza jizni ýchahsia selskih shkol po innovatsionnoi tehnologii statia. Vestnik sovremennoi naýki [Tekst]: Naýchno-teoreticheskiı jýrnal.-Volgograd, -2016, -120

3.Adambekov K.I. Oqýshylardyń dene tárbieýdiń pedagogikalyq negizi. p.g.d. diss. avtoreferaty. Almaty, - 1995, 44 b.

4.Saparbaev M.B. Dene tárbiesi pániniń mugalimderine úzdiksiz pedagogikalyq bilim berý júesiniń teoriyasý men praktikasý. p.g.d. diss. avtoreferaty. Almaty, 1993, 318 b

5.Jumanova A.S. «7-9» jastagy qazaq balalarynyń dene tárbiesi isiniń mazmunyn tájiribede dáleldeý. p.g.k. diss. avtoreferaty Almaty, -1997,25 b

6.Qulanov Q.A. Qazaqstandagy jalpy bilim беретin mektepterdegi dene tárbiesiniń damýy (1966-1985) p.g.k. diss. avtoreferaty. Almaty, 1990, 22 b.

7.Botagaraev T.A. Aımaqtyq ereksheликтерdi eskere otyrya, oqýshylardyń dene tárbiesin jetildirýdiń gylymı-pedagogikalyq negizdemesi. p.g.d. diss. Avtoreferaty. Almaty, 2001.55 b.

8. Korkmaz M., Baimukhanbetov B., Abdillayev A., Aknazarov S., Nyshanova S. Teacher and Classroom Context Effects on Academic Achievement of Primary School Students Life Sci J 014;11(1s): 233-240 p. (ISSN:1097-8135). <http://www.lifesciencesite.com>.

9. Tileylov E.J. Dene ta'rbiesinin ilimi men a'distemesi Almaty, 2003, - 187 б.

10. Balsevich V. K. Fizicheskoy aktivnosti cheloveka na vsem protyazhenii ego zhizni. pred-lozhena ... – М. Sovetskii sport, 2009. – 220 s.

**Б.Қ.МҰХАМЕДЖАНОВ, А.Б.ҚОЙШЫБАЕВ**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: arman\_8304@mail.ru)*

**ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ**

Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Жасөспірімдер мен жастар аға буынмен бірге Отан қорғау ісіне өз үлесін қосуға тырысады. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу мәселесі тарихқа терең енеді. Патриотизмді заманауи түсіну көпмақсаттылықпен, әралуандылықпен және бірмақсаттылықпен сипатталады.

**Кілт сөздер:** Отан қорғау, өскелең ұрпақ, патриоттық тәрбие, жасөспірімдер, жастар, демократияландыру, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық дайындық.

**Б.К.Мухамеджанов, А.Б.Койшыбаев**

**Об особенностях патриотического воспитания подростков**

В нашей стране проживают представители более ста национальностей и народностей. Подростки и молодежь вместе со старшим поколением стараются внести свой вклад в дело защиты Отечества. Казахстан останется родиной для многих из них и местом постоянного проживания. Поэтому каждый из них должен признать Казахстан родным, способствовать защите его независимости и повышению материального благосостояния. Проблема патриотического воспитания подрастающего поколения глубоко проникает в историю. Современное понимание патриотизма характеризуется многообразием, разнообразием и единством.

**Ключевые слова:** защита Отечества, подрастающее поколение, патриотическое воспитание, подростки, молодежь, демократизация, нравственные качества, эстетическая подготовка.

**B.K.Mukhamedzhanov, A.B.Koishibayev**

**About the Peculiarities of Patriotic Education of Teenagers**

Representatives of more than one hundred nationalities and nationalities live in our country. Adolescents and young people together with the older generation are trying to contribute to the protection of the Fatherland. Kazakhstan will become the birthplace of many of them and the place of eternal life. Therefore, each of them should recognize Kazakhstan as its parent, contribute to the protection of its independence and increase material wealth. The problem of Patriotic education of the younger generation penetrates deeply into history. The modern understanding of patriotism is characterized by diversity, diversity and unity.

**Keywords:** Protection of the Fatherland, the younger generation, Patriotic education, teenagers, youth, democratization, moral qualities, aesthetic training.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, табандылыққа, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға

этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деп атап өткен болатын [1].

Жастарға патриоттық тәрбие беру, оны Отан қорғауға дайындау - бұл мәселелер әрқашан Еліміздің мемлекеттік саясатының маңызды бағыттары болып қала береді. Мемлекет оны Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажетті шарты ретінде қарастыра отырып, патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөледі. Білім беру қызметінің қазіргі жағдайында патриоттық идеялар айналасына жоғары, әлеуметтік маңызды сезімдері, нанымдары, ұстанымдары мен ұмтылыстары қалыптасатын, оның Отан игілігі үшін белсенді іс-қимыл жасауға дайындығы мен қабілеті тәрбиеленетін өзегіне айналуы және болуы тиіс. Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу заманауи-қоғамдық дамудың басты міндеттерінің бірі. Оқушылардың өмірлік өзін-өзі анықтауы ешқашан қарапайым іс болған емес, ал қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда ол айтарлықтай күрделенді. Бұл қазіргі, салыстырмалы түрде еркін қоғамда көптеген адамгершілік құндылықтар девальвацияланады, онсыз адамға толыққанды, барабар қалыптасқан тұлға болу мүмкін емес. Балаларға қосымша білім беру мекемесінің педагогында жалпы білім беретін мектептегі мұғаліммен салыстырғанда, білім алушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру бойынша неғұрлым тиімді жағдай, өйткені қосымша білім беру мекемелерінің жүйесінде оқытудың интерактивті әдістерін кеңінен қолдана отырып, модификацияланған және авторлық білім беру бағдарламалары кеңінен қолданыла алады. Бұл ретте жана білім алуға және қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге ғана емес, нақты қызметте қалыптасқан сапаларды, алған білім мен біліктерді іске асыра отырып, оларды қолдануға мүмкіндік беретін жұмыс нысандары қолданылады. Өз Отанының салт-дәстүрін білетін, сүйетін және құрметтейтін нағыз патриотты тәрбиелеу мен тұлғаның үйлесімді даму міндеттерін шешу бүгінгі күні өзекті мәселе. Бұл міндеттерді шешу оқушыларды дәстүрлі халық өнеріне, халық кәсіпшілігіне - адамгершілік-патриоттық тәрбиелік ықпал етудің үлкен әлеуетті мүмкіндіктері жасалған халықтың сарқылмас рухани байлығына баулу арқылы жүзеге асырылады. Өз елінің лайықты азаматтарын, патриоттарды тәрбиелеу үшін балаларда өз еліне деген мақтаныш сезімін дарыту және дамыту және өз халқына, өз мәдениетіне, ұлттық дәстүрлеріне деген құрметті тәрбиелеу қажет. Патриоттық тәрбие - бұл туған жеріне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу және өз елінің мәдениеті мен қайталанбас байлығын сақтау және көбейту ниетімен қатар, айналадағы әлеммен тығыз байланыс сезімін қалыптастыру. Өз халқының тарихы мен мәдениетін білу одан әрі басқа халықтардың мәдениетіне үлкен қызығушылықпен, құрметпен қарауға көмектеседі деп күмәндануға негіз жоқ. Біздің үлкен, көп ұлтты елдегі Патриотизм мен интернационализм өзара байланысты және бөлінбейді. Олар оның әлеуметтік тұрақтылығы мен болашақ Отанымыздың прогрессивті дамуының негізін құрайды. Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу мәселесі тарихқа терең енеді. Көптеген көрнекті ойшылдар, саясаткерлер, жазушылар, ғалымдар өскелең ұрпақтың бойында патриоттық көзқарастар мен сезімдерді қалыптастыру қажеттілігі туралы сауалға жауап берді. Бұл Қазақстанның даму үдерісі өзінің ұлттық тәуелсіздігі мен өзіндік ерекшелігі, ұлттық мүдделерді қорғау үшін басқа елдермен үздіксіз күрес жағдайында өткенімен түсіндіріледі. Жастардың әскери және патриоттық тәрбиесі ғана емес, қоғамдық қажеттілік болды. Өскелең ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеуге көзқарастың эволюциясы мемлекеттің, әскери істің, педагогикалық көзқарастың дамуымен бірге жүргізілді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең



алдымен, "ұлтжандылық", отансүйгіштік", " патриотизм" ұғымдары сол заманның ақиқаты - наным-сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы - қазақстандық патриотизм болды. "Қазақстандық патриотизм" ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді.

Ежелгі Қазақстан халқының патриоттық сезімдерін тәрбиелеудің ең кең тараған тәсілі - халық ертегісі болып табылады, онда батырлардың ерліктері, Қарулы жолмен елдің шептерін қорғайтын, өз халқының қауіпсіздігі айтылған. Әдетте, олар ауызша түрде берілді. Сонымен қатар, жастарды әр түрлі халықтық ойындар мен сайыстарға қатысу арқылы әскери іске оқуға тарту кеңінен тәжірибеге енді. Жастардың әскери-патриоттық тәрбиесіндегі маңызды кезең жастарды әскери жорықтарға қатысуға тарту болып табылады. Отаншылдыққа тәрбиелеу өз халқының салт-дәстүрлерін білуді талап етеді. Халық шығармашылығы бізге осы білімді береді. Сонымен қатар бұл басқа елдердің бұқаралық мәдениет үлгілері бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді түрде таратылғанда ерекше маңызды, олар балалардың дүниетанымы мен талғамына қарқынды әсер етеді. Халық өнері балаға түсінікті және жақын, оны қабылдау үшін қол жетімді. Халық өнерінің шығармаларын қарастыра отырып, балалар тұрмыс пен салт-дәстүр туралы біледі, халықтың даналығын біледі, туған мәдениетін түсініп, сүйеге үйренеді. Сонымен қатар, халық өнері бейнелерінің кейбір айырмашылықтары балалардың өз шығармашылығы мен дүниетанымына жақын. Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын қарастыра отырып, халық ауыз әдебиеті шығармаларын тыңдай отырып, бала өз елінің, өз халқының тарихы мен өмірі, еңбек және адамдардың тәжірибесі туралы қажетті білім алады, әдемі түсінуді, жақсылық пен жамандықты, әділдік пен әділетсіздікті ажыратуды үйренеді. Халық шығармашылығы балаларды қоршаған әлемді оның толымдылығы мен сұлулығын көруге үйретеді, өз Отанын сүйеге, туған табиғатын қорғауға үйретеді, адамгершілік және рухани бағдарларды үйретеді. Сонымен қатар, мұндай сабақтарда бала жаңа түсініктерді, білім мен іскерлікті, сондай-ақ ерекше көркем-мәдени дағдыларды меңгереді. Бұл ретте халық мәдениеті үлкен жағымды эмоционалдық күш алып, эстетикалық және адамгершілік идеяларды, жақсылық пен әділеттілік салтанатына сенуді айқын және бейнелі түрде көрсетеді. Балаларды өмір бойы халық өнеріне тарту жандүниесінде көркем мінезді адамның ізін салады, жақсы әдетті, күнделікті зағтар мен құбылыстарда ерекше сұлулықты көруге үйретеді. Балаларды халық мәдениетіне баулу, патриоттық тәрбие бойынша жұмыста ерекше орын алады, күнтізбелік мерекелерде табиғи құбылыстар туралы ғасырлар бойы жинақталған білім мен ойларға байланысты белгілер салынған, бұл бақылаулар еңбекпен және адамның қоғамдық өмірінің түрлі жақтарымен тікелей байланысты .

Жасөспірімдер мен жастар аға буынмен бірге Отан қорғау ісіне өз үлесін қосуға тырысты. Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер әлеуметтік-мәдени өмірдегі өзгерістерге себепші болды, өскелең ұрпақтың санасында құндылықтарды қайта бағалауға ықпал етті. Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу мектептің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, өйткені балалық шақ пен жастық шақ Отанға деген қасиетті сезімді сіңіру үшін ең бақытты кезең. Патриоттық тәрбие деп оқушылардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін біртіндеп және мүлтіксіз қалыптастыру болып табылады. Мектеп оқушыларының өз Отаны мен өз халқы үшін мақтаныш сезімі, оның ұлы жетістіктері мен өткен өмірінің лайықты сәттерге деген құрмет сезімдері қалыптасуы тиіс. Оқытудағы жеке-тұлғалық көзқарас идеясының гиперболизациясы, ұжымдық қасиеттерді, соның ішінде патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге қарама-қарсы тұлғаның сұраныстары мен мүдделерін қанағаттандыру пайда болды. Қазіргі Қазақстанның рухани өмірінің өзіндік ерекшелігі

халықтың көпшілігінде идеялық бірліктің болмауы. Идеялардың көптүрлілігі сыртқы демократияның көрінісі болып табылады, ал шын мәнісінде – отандық қоғамға терең рухани дағдарыс жағдайынан шығуға кедергі келтіретін терең ішкі дағдарыстың көрінісі болып табылады. Бұл жағдайда алдыңғы қатарлы және ойлы адамдардың, өз елінің шынайы азаматтарының Қазақстанды қиын жағдайда бірнеше рет құтқарған патриоттық идеяға деген үндеуі негізделген. Оқушылардың патриоттық тәрбиесі қазіргі уақытта аса маңызды. Бүгінде патриоттарды тәрбиелеу ертеңгі болашақты қамтамасыз ету. Эстетикалық цикл сабақтары әрқашан педагогикалық үдерісте маңызды болды. Патриоттық сезімдерді қалыптастыру көбінесе оқушылардың эмоционалдық саласын дамытуға байланысты. Осылайша, біздің ғылыми мақаламыздың тақырыбының өзектілігі айқын, жалпы білім беру мекемелерінде өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу үдерісін жетілдіру қажеттілігі патриотизмді заманауи түсіну көпмақсаттылықпен, әралуандылықпен және бірмақсаттылықпен сипаттайды [2].

Көп жағдайда бұл құбылыстың күрделі табиғатымен, оның мазмұнының көп аспектілігімен және көрініс формаларының көп түрлілігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, патриотизм мәселесі әртүрлі тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда, жеке азаматтық ұстанымына, өз Отанына деген қарым-қатынасына, білімнің түрлі салаларын және т.б. пайдалануға байланысты қарастырылады. "Патриотизм" термині тек ғылыми-зерттеу әдебиетінде ғана емес, сонымен қатар сөз сөйлеуде, пікірталастарда, саясаткерлер мен саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларында, қозғалыстарда, мәдениет, өнер қайраткерлерінде және т.б. қолданылады.

Ғалымдардың еңбегінде берілген патриотизм ұғымының мазмұны жеткілікті түрде толық ашылған: "Патриотизм - бұл өз Отанына, туған жеріне, туған тіліне, озық мәдениетке және дәстүрлерге, өз халқының еңбек өнімдеріне, прогрессивті қоғамдық және мемлекеттік құрылысқа деген сүйіспеншілік. Отаншылдық, бұл өз Отанына шексіз берілгендігі, оның тәуелсіздігін қорғауға әзірлігі". Тәрбие өскелең ұрпақтың қоғам өміріне кіруін, олардың нақты тарихи үдерісінің белсенді субъектілерінің қалыптасуын қамтамасыз ететін ұрпақтар арасындағы өзара іс-қимыл тетігі болып табылады. Әр түрлі тарихи дәуірлерде қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларына және ондағы үстемдік ететін идеологияға байланысты тәрбиеге әртүрлі аспектілер бөлінеді [3-7].

Бала тәрбиелеудің басты бағыттарының бірі өз қызметтерін барынша адамдардың пайдасына көрсетуге ұмтылуы тиіс екендігі анық. Отандық мектепте өскелең ұрпақтың бойында жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін, ұжымшылдығын, азаматтылығын, өз Отанын сүйуге, өз Отанының тарихына, өз халқына құрметпен қарауға әрдайым үлкен көңіл бөлінді. Бұл ретте патриоттық сезімдерді тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдары үлкен рөл атқарды: радио, жоғары көркемдік отандық кинофильмдер, театр, көркем әдебиет [8].

Эстетикалық дайындық мақсатында арнайы дайындалған слайдтарды қарап шығу, шығармашылық тапсырмалар беру, оқу үдерісінің эстетикалық жақтарын өзіндік және өзара бағалауды жүйелі түрде қолдану қажет. Осы салада - әртістік көрсетілім әдістерімен, қимыл-қозғалыс қызметіндегі шығармашылық көріністерге практикалық үйрету әдістерімен дайындықты жүзеге асыру. Әртістік көрсетілім әдісінің ерекше ерекшелігі техникалық мінсіз дәлдігі, жеңілдігі, еркіндігі, келісімділігі, қозғалыс ырғағы болуы мүмкін. Практикалық оқыту әдісі эстетикалық тәжірибені жинақтауды қамтамасыз ететін белгіленген тапсырмалар мен талаптарды бірнеше рет қайталауға және бекітуге тән болуы мүмкін [9].

Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Арнайы ұйымдастырылған эстетикалық дайындық оқушылардың спортпен шұғылданушылардың сұлулығының формальды және эстетикалық жақтары туралы білім алуына оң әсер етеді. Осылайша, эстетикалық дайындық оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру жолдарының бірі ретінде, сондай-ақ баланың жан-жақты және үйлесімді дамуының міндетті шарты ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [10].

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан, 2012.
2. Байтанаев С. Сто строк по поводу патриотизма // Юридическая газета. Алматы - 2006.
3. Blattner, W. (2006). Heidegger's Being and Time: A reader's guide. London & New York: Continuum Books.
4. Биекенов К. Патриотизм как основа служения государству // Саясат. - 2007. - №8.
5. Lau, Chui Shan. 2011. Patriotic Schools and Anti-Colonialism in Hong Kong. New York: Routledge. (forthcoming).
6. Шаймерденов Б. Ертеңіміз - жастар // Егемен Қазақстан. 24 ақпан, 2004.
7. Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары патриоттық сезімді қалыптастыру // «Қазақстан мектебі», №12, 2006.
8. Жалпы білім беретін мектептерде патриоттық тәрбие беру // Тәрбие құралы, №3, 2007.
9. Әмірова Ә. Патриоттық тәрбиені қалай түсінеміз? // Сыныптағы тәрбие, №4, 2009.
10. Раев Д. Қазақстандық патриотизм мен гуманизм // Ақиқат, №8, 2000.

### **REFERENCES**

1. Nazarbayev N. Qazaqstan – 2030. El Prezidentinin Qazaqstan halkina zholdauı // Egemen Qazaqstan, 2012.
2. Baitanayev S. Sto strok po povodu patriotizma. // Yuridicheskaya gazeta. Almati - 2006.
3. Blattner, W. (2006). Heidegger's Being and Time: A reader's guide. London & New York: Continuum Books.
4. Bikenov K. Patriotizm kak osnova sluzhenya gosudarstvu. // Sayasat, - 2007. - №8.
5. Lau, Chui Shan. 2011. Patriotic Schools and Anti-Colonialism in Hong Kong. New York: Routledge. (forthcoming).
6. Shaimerdenov B. Erteńimiz - jastar // «Egemen Qazaqstan». 24 aqpan, 2004.
7. Jalpy bilim beretin mekteptiń oqý bagdarlamalary patriottyq sezimdi qalyptastyryú // «Qazaqstan mektebi», №12, 2006.
8. Jalpy bilim beretin mektepтерде patriottyq tárbie berý // Tárbie quraly, №3, 2007.
9. Ámirova Á. Patriottyq tárbieni qalayı túsinemiz? // Synyptagy tárbie, №4, 2009.
10. Raev D. Qazaqstandyq patriotizm men gýmanizm // Aqıqat, №8, 2000.

**Ш.Б.ОРАЗОВ, Қ.ОРАЗБЕКҰЛЫ**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: Orazov\_57@inbox.ru)*

**ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Мақалада дене тәрбиесі жүйесінің негізгі бағыттары қарастырылады және дене тәрбиесі жүйесінің дамуымен қатар басқа да спорттық ұғымдарға анықтама беріледі. Бұл ұғымдар дене тәрбиесі механизмдерінің қоғамдағы орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесі қызметі ол - адамның қоршаған ортадағы дене тәрбиесі құндылықтарын жасақтау, сақтау, менгеру, қайта жаңғырту, қолдану және тарату болып есептеледі. Өз мәнінде ұйымдастырылған дене тәрбиесі қызметі дене дайындығы мен спорттық жаттығулар негізінде жүзеге асырылады. Спорт адам қабілетін арттыруда қоғамдық сипатқа ие. Шын мәнінде бүгінгі күні спорт әмбебап мағынаға ие болды. Спортты дамыту мәселелерінің өзектілігі артуда.

**Кілт сөздер:** дене тәрбиесі, спорт, элемент, әлеуметтік, экономикалық, кәсіби шеберлік, тұлға, дағды.

**Ш.Б.Оразов, К.Оразбекулы**

**Основные направления системы физической культуры**

В статье рассматриваются основные направления системы физического воспитания. Наряду с развитием понятия системы физического воспитания даются определения другим спортивным понятиям. Эти понятия позволяют определить роль физического воспитания в обществе.

Деятельностью физического воспитания человека считается составление, хранение, освоение, воспроизводство, использование и распространение ценностей физического воспитания человека в окружающей среде. Деятельность физического воспитания осуществляется на основе физической подготовки и спортивных упражнений. Спорт носит общественный характер в повышении человеческих способностей. Действительно, сегодня спорт имеет универсальное значение. Актуальность проблемы развития спорта становится все более важной.

**Ключевые слова:** физическая культура, спорт, элемент, социальный, экономический, профессионализм, личность, умение.

**Sh.B.Orazov, K.Orazbekuly**

**Basic Directions of Physical Culture System**

- Allows the author to use computer software programs (based on database integration) in a durable process;

- Expands one of the fastest growing creatures of creativity, helping to create a basic understanding of the basic material of physics, mathematics, information science and technology in the new world;

- Schoolchildren participate in research and development activities.

What is integration and what does a modern school need it for? In the current pedagogy there is an acute problem of morality and spirituality of the younger generation. Therefore it is important at the early stage of training and education to form a system of values for children, cultivate a culture of perception and the desire to obtain a holistic picture of the world. And in inter-subject relations play a big role in this Integrated lessons develop potential of students, awaken to an active knowledge of the surrounding reality, to understanding and finding the causal effect, the development of logic and thinking. More than usual, they contribute to the development of reasoned speech, the formation of the ability to compare, analyze, and draw conclusions. Form of integrated lessons are non-standard, exciting, appealing to students, activates them cognitive interest. The use of different types of work supports attention students at a high level, which allows us to speak about the developmental effectiveness of such lessons. Integration is an association within a program, textbook, or individual lesson material of different academic subjects, as students of general phenomena, but with different parties and having a common scientific basis, and those that at first glance seem completely incompatible.

What is the difference between organizing lessons with interdisciplinary connections and integrated lessons? Between the organization of lessons with interdisciplinary connections and integrated lessons, there is not much difference. However, the concept of "interdisciplinary communication" and "integrated lessons" can be diluted. In the methodological literature we can find more than 30 definitions of the category "interdisciplinary communication". Closest to me I will quote the concept: "... interdisciplinary communication is defined as a didactic condition, providing consistent reflection in school content natural sciences disciplines objective relationships operating in nature. Integrated learning implies a form the implementation of interdisciplinary connections (for example, conducting binary lessons) [3, p.41].

An integrated lesson is a special type of lesson in which interconnected material of two or more items. Such lessons are used in cases where knowledge of the material of some items is necessary to understand the essence of the issues, tasks while studying another subject. An

integrated lesson can be conducted by two teachers during the whole lesson time or one of the teachers can fragmentary included at a certain stage of the lesson.

The goal of the lesson with interdisciplinary connections is, above all, the search for key competencies, related for several disciplines and their development. In the process of an integrated lesson we pursue the above objectives.

The specific characteristic of the foreign language is the specific language that can be used to translate into a foreign language. At this time, the globalization of the foreign language is perceived by the culture and culture of the dialogue. It will also be able to formulate a culture of intercultural communication. The training is organized on the basis of the communicative character, teaching inexperienced communication, using all the unobstructed for the sake of the language and acceptance of the distinguished individuality of the foreign language.

The inward communication is based on the theory of reformation. The communicative teaching of the foreign language is characterized by the fact that, as a matter of fact, a communal relationship is being mediated by a "business actor", which, in its own right, solves the task of solving the productive human activity in the "social interrelationships" of the common people. The communicative-oriented teaching of the foreign language is realized in conditions of humanistic teaching. Whenever possible, these are the optimal conditions for active and free development [4, p.118]. The following is a list of commonly used video content:

- obtaining the possibility of free liberalization of their own minds and feelings in the process of communion;
- Each individual must remain in the focus of the subsistence;
- The members of the community are sensitive to the dangers of breaking down, for the sake of causing the illusions and imprisonment.

When conducting lessons with elements of integration, students respond more confidently, feeling like co-authors of the lesson, showing deeper preparation and applying excursions into adjacent subjects with means of the English language. The performance of the integrated lessons is facilitated by:

1. manifestation of independence and creativity of students to perform the task
2. improving the educational level of students not only in a foreign language, but also in related subjects
3. large informative capacity of the material and its systematization
4. remove overvoltage and student fatigue by switching to a variety of activities
5. as a result, increasing the motivation and level of knowledge and skills in the English language [5].

Integrated learning is not regulated by any subject or age categories of students, or subject matter. It is directly related to the personal interest of the teacher to make his lesson more informative, to interest students, to promote the development of language erudition, to create a creative atmosphere in the lesson. With a certain preparation, experience can be used by each teacher at any level of learning a foreign language, since the integration field is very broad. Of course while it is necessary to take into account psychological and age characteristics, different levels of learning.

The process of preparing and conducting integrated lessons is a structured system consisting of the following elements: search, preparatory, performing (main), final (reflexive). This is how they differ from traditional lessons.

Teachers who plan to include integrated lessons in their teaching activities should take into account the difficulties that may arise.

First, you should review the programs of those items that are supposed to be integrated in order to identify similar topics. They do not have to be identical, the main thing is to identify the general directions of these topics and identify the purpose of the future integrated lesson. It should not be forgotten that the goal of the lesson should be aimed at a deeper study of the material and practical reinforcement of theoretical knowledge, which is necessary for a better understanding of the material.

Secondly, if a lesson is prepared by 2 teachers, when drawing up a lesson outline, one should clearly distribute the amount of time allocated to each teacher and strictly adhere to this regulation [6, p.101].

Integrated learning is one of the innovations of modern methods. This technology boldly intrudes into school curricula and binds difficult items at first glance. A foreign language occupies a special position, since it is inherently an integrated subject. It is permeated with interdisciplinary connections and offers students knowledge of many areas of science, art, culture, as well as real everyday life. It is a means of communication, and the themes may be different.

The integration of the English language is possible with such subjects as Russian language and literature, fine arts, music, biology, chemistry and a number of exact sciences. But the strongest connections at all stages of education, English have with literature, geography, biology, social studies and computer science [7, p.74].

The second aspect of interdisciplinary integration is advisable to carry out both at the level of content, and at the level of techniques, methods, forms of conducting training sessions. This primarily concerns computers and the Internet used in the educational process, which have a truly unlimited potential for integrating all the components of the pedagogical process. One of the effective ways to integrate

The modern educational process should recognize multimedia technologies, namely, electronic media, CDs and video information carriers, which allow you to go back, pause to work with information, connecting new channels of material perception. Practice shows that information technologies in teaching English have a number of advantages over others, allowing you to listen to authentic texts, develop reading speed when performing test tasks, increase motivation in learning a language, develop literacy and regional studies erudition by familiarizing with a large amount of video and audio material. . Among the variety of innovative forms and methods of conducting an English language lesson, as practice shows, the most effective is the technology of learning in collaboration with the mini-project method [8, p.99].

The integration of these methods of learning activity allows not only to achieve success in the optimal learning of the material, but also to create conditions for the speech activity of each student. The limited time of the lesson does not allow carrying out the whole project in class, using the mini-projects as an element of integration allows you to summarize the material studied and discuss it before the end of the lesson. Effective and expedient in teaching students the English language is the integration of critical thinking technology and the traditional communicative method. An integrated foreign language lesson requires special preparation. During this lesson you should:

a) Carefully work out the new vocabulary; its quantity should be limited taking into account the preparation of the class;

b) Briefly and clearly present the content of the topic being studied;

c) To develop tests and tasks for fixing vocabulary and developing oral speech skills.

Thirdly, special attention should be paid to the organization of an integrated lesson: think carefully about the location of the necessary equipment so as not to be distracted by its search; think over the forms of organization of practical work of students and arrange tables accordingly; prearrange on the tables the necessary dispensing and working material. All this is necessary for a more rational use of the time allotted for the lesson.

Fourth, we should not forget that conducting integrated lessons requires teachers to be thoroughly prepared for the lesson. Teachers should strictly observe the rules of the lesson; carefully think over the forms and methods of work on such lessons [9, p.32].

As for the number of integrated lessons, there can be no definite answer. It all depends on the ability of the teacher to synthesize material, organically interconnect and conduct an integrated lesson without overloading children with impressions and try to ensure that the lesson is not a mosaic of individual pictures. While not enough integrated textbooks have been created, the selection and systematization of the material is not an easy task for the teacher.

The structure of the integrated lessons differs from the usual lessons in the following features:

- maximum clarity, compactness, compactness of educational material;
- logical and theoretical interdependence, interconnectedness of the material of integrable objects at each stage of the lesson;
- large informative capacity of educational material used in the lesson

When planning and organizing such lessons, it is important for the teacher to consider the following conditions:

1. In an integrated lesson, knowledge blocks of two or three different subjects are combined, therefore it is extremely important to correctly identify the main goal of an integrated lesson. If a common goal is defined, then only the information taken from the content of the objects, the old information is necessary for its realization.

2. When planning requires careful determination of the optimal load of various activities of students in the classroom [10, p.435].

3. In the form of integrated lessons it is advisable to carry out generalizing lessons, which will be disclosed problems that are most important for two or several subjects, but an integrated lesson can be any lesson with its structure, if knowledge, skills and results of the analysis of the material under study are used with the methods of other sciences, other subjects.

4. In an integrated lesson from a few subjects one is leading.

5. Most often, integrated lessons are paired and are shared by teachers. Various integration of training subjects is possible [11, p.25].

The work practice showed the fruitfulness of integration and revealed the prospects for further development and improvement of such an approach to learning. Each of us strives for pedagogical skills. It is achieved, in addition to careful preparation for their lessons, deep self-analysis, studying the experience of their colleagues and introducing into their practice the most interesting and effective methods of work, and integrated learning is an example.

At the humanistic approach, teaching is characteristic of the learning process for the learning barrier, which creates the motivating motivation, which stimulates their irritability.

The humanistic approach assumes that learning is centered on the training.

It is important to understand the importance of interconnection and cooperation in the field of communication, as well as for organizational communication of the organization.

Integration in different backgrounds has its own accuracy. Integrated lessons in the principal school encourage the children to be educated with the first of the most important elements of the universe, in which all the elements are intertwined. In integrated cases, children run smoothly and with interiors allotting the entire material. And most importantly, those who have become familiar with their work and their practical work are not only in standard educational situations, but also for the creative endeavor to develop intellectual creativity [12, p.7].

From the practice, it is obvious that there is something wrong with looking at any of the unusual strangers, and it is probably the case with a child. Integrated systems can be much higher than the traditional subject teaching, the broader human dimension of development, with the help of self-motivating, self-sufficient systematization of the idea and the need to find solutions to different

problems.

We came to the conclusion that this method of teaching is very attractive and for the teachers: it helps to improve the ability and value of the learners, to understand it, to learn new, non-targeted forms and methods of teaching.

### **REFERENCES**

1. Aref'yeva G.YA. «Integrirovannyye uroki geografii, biologii, ekologii, OBZH, khimiya» //Geografiya v shkole.-2002.-№ 3.-с.70.
2. Gorina L.V., MorozovaYe.Ye. «Muzykanaurokakhistorii» // Nachal'nayashkola, -2003, - №10, -с. -85.
3. Znagirova L.N. «Otkrytiyeintegral'nogourokabiologii i geografii» // Biologiya v shkole.-2007.- № 4.-с.41
4. Livanskiy V.M. «Resursnyy podkhod k integrirovannomu shkol'nomu i vneshnemu obrazovatel'nomu prostranstvu // Zavuch. -2006. - №5. -с.118
5. Sadykova R., Turlybekov B. Analysis of research on Foreign Language Translations of the Epopée «The Path of Abay» Opcion, Ano 33, No. 85 (2018): 362-373 ISSN 1012-371587/ISSNe: 2477-9385.
- 6.Maksimova V.N. Mezhpredmetnye svyazi v processe obucheniya. — M., «Prosveshchenie», 1988.-с. -101
- 7.Suharevskaya E. Yu. Tekhnologiya integrirovannogo uroka. — Rostov-na-Donu: «Uchitel'», 2003.-с.74
- 8.Kulachenko M.V., Sorokina L.V. Integrirovannyj urok literatury i istorii kak odin iz sposobov formirovaniya mezhpredmetnyh svyazey [Tekst] // Teoriya i praktika obrazovaniya v sovremennom mire: materialy VIII Mezhdunar. nauch. konf. (g. Sankt-Peterburg, dekabr' 2015 g.). — SPb.: Svoe izdatel'stvo, 2015. — S. 99).
9. Marsh D. CLIL/EMILE – The European Dimension: Actions, Trends and Foresights Potential. Jyväskylä: University of Jyväskylä, Finland, 2002. p. 32
10. Coyle D., Hood, P., Marsh, D.CLIL: Content and Language Integrated Learning.–2010.Cambridge:CambridgeUniversityPress. p. 435
11. Deller S, and Price, C (2007) Teaching Other Subjects Through English (CLIL). - 2007. Oxford: Oxford University Press. p. 25
12. Collis B. (1994). A Reflection on the Relationship between Technology and Teacher Education: Synergy or Separate Entities. Journal of Information Technology for Teacher Education, 3 (1), p.7.

**С.МАҒЖАН**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: magjan\_saule70@mail.ru)*

## ТІЛДЕГІ ЭМОЦИЯНЫ БІЛДІРЕТІН ҰМ-ИШАРАТТАР

(«Күлу» ишараты бойынша)

Зерттеу сөйленістің көмекші құралдарына, коммуникациялық қарым-қатынас кезіндегі қосалқы қызмет атқаратын қазақ тіліндегі бейвербалды элементтер ұм мен ишараттың, оның ішінде просодикалық параамалдарға арналған.

Лингвистикада жаңа бағыттар мен ағымдардың, жаңа мектептердің пайда болып, қанатын жайып өрістеуіне орай лингвистикада тілді әртүрлі аспектіден қарастырып, зерттеулер жүргізу қолға алынууда.

Сондай жаңа зерттеу бағыттарының біріне паралингвистика жатқызылады, яғни лингвистикада қарым-қатынас кезінде вербалды тілдік бірліктермен қатарласа, жарыса қолданылатын бейвербалды амалдар немесе сөйленіс кезіндегі көмекші құралдарды ғылыми тілдік тұрғыдан зерттеу қолға алынууда. Мақалада қуануды білдіретін просодикалық амалдар қарастырылды.

**Кілт сөздер:** просодика, ғылым, ишарат, мәдениет, бейвербалды, коммуникация, жүйе, кинема, паралингвистика.

**С.Мағжан**

### **Мимика и жесты, отражающие эмоции в языке (по мимике «улыбаться»)**

Исследование посвящено жестам и мимике, в частности просодическим параявлениям, то есть вспомогательным речевым средствам и невербальным элементам казахского языка, выполняющим вспомогательную функцию в коммуникативных отношениях.

В современной лингвистике серьезное развитие получили новые направления и течения, возникли новые лингвистические школы, что позволяет рассматривать и исследовать языки с различных аспектов.

Одним из таких новых направлений стала паралингвистика, то есть наряду с вербальными языковыми единицами с точки зрения лингвистики исследуются и невербальные явления, вспомогательные средства, используемые в различных речевых отношениях. В статье рассматриваются просодические элементы, выражающие чувство радости.

**Ключевые слова:** просодика, наука, знак, жест, культура, невербальный, коммуникация, система, кинема, паралингвистика.

**S.Magzhan**

### **Mimics and Gestures Reflecting Emotions in the Language (by "smiling" mimic)**

The research is devoted to gestures and facial expressions, in particular prosodic manifestations, that is, auxiliary speech means and nonverbal elements of the Kazakh language, performing an auxiliary function in communicative relations.

In modern linguistics serious development received new directions and trends, there are new linguistic school, which allows us to consider and explore languages from different aspects.

One of these new directions was the paralinguistics, that is, along with verbal linguistic units from the point of view of linguistic and non-verbal phenomena are studied, aids used in various speech relationship. The article deals with prosodic elements that express the feeling of joy.

**Keywords:** Prosody, science, sign, gesture, culture, non-verbal, communication, system, kinema, paralinguistics.

Қазақ ғылымында паралингвистикалық элементтерге алғаш көңіл аударған Ж.Аймауытов саналады. Ол ым мен ишараға байланысты ойларын адам психологиясымен байланысты қарастырып, “Психология” атты еңбегінде өз көзқарасын пікір ретінде білдіреді [1].

Ал түркологияда ым мен ишарат, қимыл тілі жөніндегі пікірлерді қарастыра келіп, ым мен ишараттың түсіндірме сөздігінің авторлары мынадай ақпарат береді: Кезінде академик Н.К.Дмитриев “Строй тюркских языков” [2] атты еңбегінің “К изучению турецкой мимологии” деген тарауында түркі тілдеріндегі құбылыстардың ерекше тобына тоқталған, – дейді [3]. Академиктің сөзін келтіре отырып, авторлар өзінше тұжырым жасайды: “Изучение тюркской мимологии начинается, по существу, с работы проф. Н.И.Ашмарина, опубликованной в Казани в 1918 г. под названием “Основы чувашской мимологии”. Понятие к мимемам впервые было определено в названном труде Н.И.Ашмарина. Наряду с теоретическими основами здесь дается также практическая классификация мимем. И когда, занимаясь грамматикой турецкого языка, я столкнулся с вопросом о подражательных словах и их образовании, то принял классификацию и терминологию Н.И. Ашмарина и для своих самостоятельных исследований” [2,59 б.]. Бірақ терминологияны қабылдағанмен, академик айтқан мимемалардың еліктеуіш сөздер екенін аңғарудың қиынға түспейтіндігін [3, 3 б.], мимемаларды категорияға бөлгенде, топтастырғанда анық көрінетіндігін де [3, 4 б.] сөздік авторлары айтып өтеді.

Ж.Аймауытов мимика мен ишараға жататын тілсіз амалдарды өз түсінігіне қарай жіктеп көрсеткен. Ол мимикаға: *бет құбылысын, маңдайдың қатпарын, маңдайдағы сызықтарды, көз қарасын, танау, мұрынның желбіреуін, еріннің жымырылуын*, т.б. жатқызады.

Ал ишараны **ымдасу** сөзімен бөліп атайды да, оған: *көкірегін керу, иығын қозғау, төмен түсіру* сияқты қимылдарды жатқызады.

Оның 1926 жылы жарық көрген “Психология”, “Жан жүйесі және өнер таңдау” атты ғылыми еңбектерінде ғалым Г. Пірәлиеваның айтуынша: “Адамның сыртқы сезімдік құбылыстары, эмоция мен сезім, сондай-ақ түрлі мәнердегі келбет ілімі, көз әлпеті, беттің ым-ишарасы, басқа дене құбылыстарының психологиялық ерекшеліктері қазақ өмірінен алынған қызғылықты, нақты материалдар арқылы зерттелген” [4, 157 б.].

Академик Қ. Жұмалиев “Абай – қазақтың бірінші психолог ақыны” атты мақаласында ым, ымдау, ишара мен емеурінге психологизмді толықтырушы элемент деп көңіл бөліп, өз тарапынан арнайы сөз еткен. Сондықтан да Қ.Жұмалиев ым мен ишаратты әдебиеттануда айрықшалап, ғылыми деңгейде ерекше қарастырған ғалымдардың бірі болып табылады [5, 303 б.].

А.Байтұрсынұлының 1926 жылы жарық көрген “Әдебиет танытқыш” еңбегінде көптеген әдебиетке қатысты теориялық мәселелермен қатар кескін, бет-әлпет жөнінде айтылған өзіндік ерекше пікірлері кездеседі. Айтыс өнері жөніндегі пікірлерінде айтыс



үстінде айтысушы, сөз сайысына түсуші ақындардың дене ишараттарына көңіл аударып, ерекше мән береді, айтыскерлердің бет-әлпеттерінің өзгерісінің ақынның жан дүниесінің көрінісі сияқты болатынына, психологиялық ерекшеліктеріне тоқталады [6, 206 б.].

Сондай-ақ М.Жұмабаевтың “Педагогика”, “Жан көріністері мен дене көріністері арасындағы байлам” [7, 19 б.], “Жан көріністерін үйрету жолдары” [8, 37 б.] еңбектерінде, сондай-ақ заманымыздың ұлы суреткері, академик-жазушы М.Әуезовтің “Әдебиет тарихында” [9, 240 б.], академик З.Қабдоловтың “Жебе” [10, 379 б.] атты еңбектерінде, жалпы әдебиеттегі психологизм проблемасы сөз болған жерлердегі зерттеулерінде ым мен ишараттың адам портретін, адам психологиясын жасаудағы қызметтеріне орай бейвербалды амалдар әрқилы деңгейде сөз болады. Байқағанымыз осы бір күрделі мәселе ғалымдардың назарынан тыс қалып көрмегені екен.

Ал, М.Жұмабаев – бейвербалды амалдар мен адам психологиясы арасында терең байланыс барын алғаш жіті сезіп, аңғарғандардың бірі. Ол: “Адамның жан сыры дене арқылы, мимика арқылы сыртқа білінеді”, – дей келе, дененің жанға байлаулы болатынын, соған байланысты ішкі жан-дүниенің дене қимылдарының жасалуына әсер ететінін айтады [11, 156 б.].

Зерттеушілердің коммуникациялық акт кезінде табиғи тілмен қатарласа қолданыста жүретін әртүрлі таңбалар жүйесінің, оның ішінде бөле-жара атап айтар болсақ, ым мен ишараттардың болатындығына көптен назар аударып келе жатқаны белгілі. Тілдік орта қарым-қатынасты іске асыру үшін сөйленіс кезінде ойды жеткізу мақсатымен түрлі-түрлі тілдік және тілден тыс, тілдік емес, тіл айналасындағы құралдарды пайдалану дағдысы қалыптасқан. Осы тіл айналасындағы құралдарға ольфакторлық, тактильдік, көзбен көретін, құлақпен еститін тілдік және тілдік емес құралдар жатады. Тілдік құралдарды ғылым тілінде вербалды элементтер деп атасақ, тілдік емес құралдар бейвербалды элементтер деп аталады.

Бейвербалды амалдардың бір түрі просодикалық амалдардан құралады. **Просодика** – экстралингвистикалық амал, акустикалық және оптикалық аппарат-каналдардың қатысуымен жасалатын тілдік қатынастың мағыналы бөлшектері. Просодикаға жататын негізгі элементтер: интонация, дауысын қатты, ақырын шығару, тембр, дем алыс (жиі, еңтіге, дірілдей, үздік-создық), жылау, күлу, сыбырлау, қыстығу, мінгірлеу, күрсіну, ышқыну, үһлеу, демін ішіне тарту, қырылдау, қырылдай сөйлеу, т.б. [12].

Просодикалық амалдарды адамның әртүрлі эмоциясын жеткізуде қолданатын таптырмайтын құралы десек те болады. Соның ішінде адамның қуануы кезіндегі эмоциясын осы просодикалық амалдардың түрлерімен жеткізуге болады. Негативті эмоцияның көрсеткіші вербалды немесе бейвербалды сөйлеу әрекеттері сияқты қандай да бір амалдар жоқ жерде адамның физикалық немесе психикалық дертіне куә боламыз немесе эмоцияның өзінің толық көрініс таппауын көреміз. Ишаралаушы, жиі-жиі айтылғандай, *өзінің сезімдерін саналы түрде қымқырады* немесе *жасырады*. Басынан өтіп жатқан қайғыны көрсетпеуге қабілетті адамның қасиеті немесе қауіптің алдында сабыр-сақтау қасиеті, яғни *сақтау (sic!) салқынқандылық*, басқа адамдар тарапынан жағымды қасиет ретінде бағаланады, қуанышын жеткізеді. Коммуникативтік жағдай кезіндегі адамның бет әлпетіне, жекелей алғанда, күлімдеуіне бақылау жасау жалпы қарым-қатынастың ең бір маңызды пішіндерінің бірінен саналады [13].

Сонымен, күлімсіреу пішіндерінде, басқа да симптоматикалық ишаралар тәрізді екі **қолданыс типтері – физиологиялық және симптоматикалық** түрлері болады, олар эмоция

сезімдерін білдіру құралдары ретінде қолданылады – ол адресатқа саналы түрде кейбір ақпараттарды жеткізу немесе әртүрлі көңіл-күйді жеткізу. Алайда соңғы қолданыс шеңберіндегі күлімсіреулер үшін, әсіресе әлеуметтік-ақпараттық және этикеттік шеңбердегі күлімсіреу үшін айтарлықтай барынша жоғары функционалды мәнге көптеген тілдік бірліктер ие болады. Қазақ ым-ишарттарында қуануды жеткізуде күлу, даурыға күлу, сақылдап күлу, дауысын көтеру секілді просодикалық амалдарды қолданады [5].

Мысалы, Абай *даусын көтеріңкіреп*, көңілді үнмен:

- Дәмежанбысың! Қалай, үй ішін, бала-шағаң аман ба? – деді (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 4-бет).

Абай Дәмежанның жаудыр көзін сәл тамашалай отырып, *күле түсіп* сөз қатты:

- Дәмежан, қалаға кешігіп келген соң, жақын жағы ғой деп сенің үйіңе бұрылып ек. Ең әуелі, сен қысылма. Бізге самауыр қойып, шайыңды берсең болады. Жолдан шаршап келдік, тезірек жатып тыным алайық (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 5-бет).

Абай осыдан кейінгі сөзін әзілге айналдырды. Әлі де *күле*, сүйсіне қарай отырып, Дәмежанға қалжың айтты:

- Үйлеріңде қонақ жоқ, оңаша шығар деп ем. Жаңағы арбаның үстіне тиеп қойған сақалдарың немене? Бұл қап-қап сақал жиып, базарға сатқалы отырсыңдар ма? – дегенде, ең алдымен аппақ, ұзын тістерін ақситып ашып, Дәмежан *сақылдап күлді* (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 6-бет).

Бұл екеуінің таласына Ербол *даурыға күліп* келе жатқан (М.Әуезов "Абай жолы" 2-том).

Енді *күле отырып*, ұялғанын жеңіп, күйлі даусымен қарсы қалжың айтты:

- Данияр аға, онда Афтап жеңгейді өзіңіздің алдағаныңыз болса, әуелі, соны бастап айтпас па екенсіз! – деді.

Мағыштың орай қалжың айтқанына Данияр *сүйсініп күлді* де:

- Айтайың, қылған қылмысым үшін Афтаптан жаза шегіп болғамын! - деп алып, Данияр енді өздерінің бір кездегі өмірін күлкі қып айтып кетті (М.Әуезов "Абай жолы" 4-том, 50-бет).

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Ғылым, 1998. – 447 б.
2. Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – М.: Изд. вост. лит., 1962. – 606 с.
3. Момынова Б.Қ., Бейсембаева С. Қазақтіліндегіым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 133 б.
4. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 157 б.
5. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қаз. мем. Көркем әдебиет баспасы, 1960. – 303 б.
6. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 206 б.
7. Жұмабаев М. Жан көріністері мен дене көріністері арасындағы байлам. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 154 б.
8. Жұмабаев М. Жан көріністерін үйрету жолдары // М.Жұмабаев. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. – 112 б.

9. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
10. Қабдолов З. Жебе. – Алматы: Жазушы, 1977. – 379 б.
11. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 156 б.
12. Мағжан С. Қазіргі қазақ тіліндегі бейвербалды элементтердің көп мағыналылығы. А., 2007.
13. Крейдлин Г.В. Невербальная семиотика. М.: Новое литературное обозрение, 2004, – 581 с.

#### **REFERENCES**

1. Aymawıtoı J. Psixologiya. – Almatı: Ğılım, 1998. – 447 b.
2. Dmitriyev N.K. Struktura tyurkskikh yazykov. - M.: Izd. vost. Lit., 1962. - 606 s.
3. Mominova B.Q., Beysembaeva S. Qazaq tilindegi im men iřarattıñ qazaqsa-orıssa túsindirme sózdigi. – Almatı: Qazaq Unıversiteti, 2003. – 133 b.
4. Piralıeva G. Kórkem prozadağı psixologizmniñ keybir máseleleri. – Almatı: Alaş, 2003. – 157 b.
5. Jumalıev Q. Qazaq ádebyeti tarixinin maseleleri jane Abay poezyasının tili. – Almatı: Qaz. mem. kórkem ádebiet baspası, 1960. – 303 b.
6. Baytursınulı A. Ádebiet tanıtqıř. – Almatı: Atamura, 2003. – 206 b.
7. Jumabaev M. Jan kórinisteri men dene kórinisteri arasındağı baylam. Jumabaev M. Pedagogika. – Almatı: Ana tili, 1992. – 154 b.
8. Jumabaev M. Jan kórinisterin úyretw joldarı. M.Jumabaev. Pedagogika. – Almatı: Rawan, 1993. – 112 b.
9. Auezov M. Ádebyet tarihi. – Almatı: Ana tili, 1991. – 240 b.
10. Qabdolov Z. Jebe. – Almatı: Jazwşı, 1977. – 379 b.
11. Jumabaev M. Pedagogika. – Almatı: Ana tili, 1992. – 156 b.
12. Mağjan S. Qazirgi qazaq tilindegi beyverbaldı élementterdiñ kóp mağınalılıǵı. А., 2007.
13. Kreydin G.V. Nezhenskayasemiotika. M.: Novyy literaturnoye obozreniye, 2004, - 581 s.

**Е.ӨМІРБАЕВ, Ш.ҮСЕНБАЕВА**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: melb\_2001@mail.ru)*

### **ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЛЕКСИКАСЫНДА КӨНЕ ТҮРКІЛІК ҚАБАТ**

Мақалада ескі қазақ тілінің мәселелері арнайы зерттеу объектісіне айналып келетіндігі айтылады. Сондықтан да ескі қазақ жазба тілі үлгілері бір жақты қарастырылып, «шағатайша» деген жалпылама атаумен түркі халықтарының ортақ мұрасына айналып жатыр. Соның салдарынан ортағасырлық әдеби, тарихи қолжазбаларымыздың тілдік ерекшеліктері қыпшақ тілі тобына, оның ішінде қазіргі қазақ тілінің сөзжасам үлгілеріне жақын тұрғанына қарамастан, қазақта ауыз әдебиетінен басқа жазба әдебиеті болмаған деген біржақты көзқараспен Алтын Орда тұсында туған шығарма болса татарға, кейінгі дәуірдегі шығармалар өзбек халқының еншісіне беріліп келді.

**Кілт сөздер:** шежіре, жазба ескерткіштер, жырлар, шағатай тілі, ескі қазақ тілі, дала мәдениеті, динамикалық даму, лексика, көне түркілік қабат.

**Е.Умирбаев, Ш.Усенбаева**

#### **Древнетюркские слои в письменных памятниках староказахской лексики**

В статье речь идет о том, что проблемы древнеказахского языка становятся предметом специальных исследований. Образцы древней казахской письменности рассматриваются односторонне и становятся общим достоянием тюркских народов под общим названием чагатайские. Из-за этого, несмотря на то, что литературные, исторические рукописи близки по языковым особенностям к кипчакской группе, в том числе к образцам построения современного казахского языка, существует односторонний взгляд и мнение, что у казахов было только устное творчество и не было письменной литературы. Произведения периода Золотой Орды приписываются татарам, а последующие – узбекскому народу.

**Ключевые слова:** хроники, памятники, эпосы, чагатайский язык, староказахский язык, степная культура, динамическое развитие, лексика, древнетюркские слои.

**E.Umirbayev, Sh.Usenbayeva**

#### **Ancient Turkic Layers in Written Monuments of Old Kazakh Vocabulary**

The article considers that the problems of the Old Kazakh language become the subject of special research. That is why the samples of the ancient Kazakh literature are considered one-sided and become the common heritage of the Turkic peoples under the common name "Chagataysh". As a result, medieval literary, historical and linguistic features of the writing of the Kipchak language group, including the current Kazakh language, is close to building models of Kazakh oral literature in the absence of other written literature, despite a one-sided look at work born during the rule of the Golden Horde of Tatars, after as the era of works was given a part of the Uzbek people.

**Keywords:** chronicles, monuments, epos, Chagatay language, Old Kazakh language, steppe culture, dynamic development, vocabulary, ancient Turkic layers.

Ескі қазақ тілінің мәселелері арнайы зерттеу объектісіне айналып келеді. «Әділ сұлтан» эпикалық жыры, Өтеміс қажының «Шыңғыснама», Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат-

Тауарих» және Әбілғазы Бахадүр ханның «Түркі Шежіресі» атты жазба ескерткіштеріндегі тарихи мәтіндер сол кезеңдегі, яғни XVI-XVII ғасырлардағы ескі қазақ жазба тілінің болмысынан, тілдік құрылысынан әрі жалпылама, әрі нақты мәліметтер береді. Бұл шығармалардан ескі қазақ жазба тілінің ғасырлар бойы қолданылып келген тілдік-грамматикалық заңдылықтары, оның ішінде сөзжасам жүйесі айтарлықтай өзгеріске ұшырамай, қазіргі уақытқа дейін сол күйінде жеткендігі аңғарылады. Ескі қазақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің сабақтастығын, әсіресе кейінгі ортағасырдың соңғы ширегіндегі жай-күйін, қалыптасуы мен даму жолдарын анықтаудың басты бір әдісі – көне мұрағаттарды терең талқылап, ғылыми зердеден өткізу. Сол арқылы қазақ мемлекеттігінің, қазақ ұлтының алғашқы қалыптасу кезеңіндегі тіліміздің статикалық және динамикалық даму үрдісін анықтау өз мәдениетіміз бен тарихымызды, рухани құндылықтарымыз бен жазба мұраларымызды тану мен танытуға байланысты қазіргі заман талабынан туындап отырған, зәрулігі мен өзектілігі жоғары деңгейдегі мәселе болып саналады. Осы тұрғыдан зерттеудің өзектілігі дау тудырмайды деген ойдамыз.

Түркі жазба ескерткіштерінің лексикасы сөз болғанда, ондағы сөздердің мынауы қыпшақ тілінің, мынауы оғыз тілінің, қайсыбірі қарлұқ тілінің сөздері деп бөлу тым шартты, өйткені бұлай бөлуде негізге алатын критерийіміз – белгілі бір сөздің қазір қай тілде байырғы өз мағынасы мен тұлғасын өзгертпей сақтауы. XV-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің ішінде Әбілғазы шежіресі жазылған түркі халықтарының қазіргідей шекаралары белгіленіп, өз алдына жеке ел болып бөлінбегенін, бөлінсе де, өзара аралас-құралас көшіп жүргенін, біресе ана хандықтың, біресе мына хандықтың қол астына қарап өмір сүргенін ескермеске болмайды. Оның үстіне шығарма авторының өскен, кейін хандық құрған Хорезм аймағындағы оның араласқан халқының құрамы – өзбек, түрікмен, ұйғыр, қазақ рулары (арғын, найман, қыпшақ, қоңыраттар) болғанын «Шежіре» мәтінінен айқын көруге болады. Мәселен, Әбілғазының айтуына қарағанда, XVII ғасырдың орта тұсында түрікмендер үшке бөлініп, үш жерді мекендеген: Маңқышлақ, Абдуллахан тауы және Тежен суының жағасы. Әбілғазы хандық басына келер кезде Хорезмдегі барлық түрікмендер одан қорқып, жоғарыдағы үш жұртқа үдере көшкен. Одан біраз жыл өткенде олардың бірқатары күшпен, бірқатары өз еріктерімен Хорезм аймағына қайта жиналған. Тіпті Әбілғазының өзі сүйенген өзбектері қазіргі өзбек аталып кеткен халық не ұлт емес, бір кезде Өзбек ханның қол астында қыпшақ даласында өмір сүрген, кейін Алтын Орданың ыдырауымен байланысты ығысып, Орта Азияға ауысқан түркі тайпаларының өкілдері, яғни көшпелі өзбек аталған рулар еді. Олардың негізгі бөлігі қыпшақ рулары екендігіне күмән келтірмейді. Сондықтан Әбілғазы шығармасының тілі қыпшақ негіздегі тіл екендігі, оның қазақ тіліне тым жақындығы да содан болса керек.

Ал XVII ғасырдың басында жазылған Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат-Тауарих» атты шежіресінің тілін сөз еткен Р.Ғ.Сыздықова «оның лексикасының түрік бөлігінде қыпшақ тілі сөздері белгілі орын алды», – деп жазады [1, 27]. Ал негізін қыпшақ тілі құрайтын Әбілғазының «Түркі Шежіресінде» көне түркі сөздерді едәуір орын алады. Оның басты себебі, «Шежіреде» автордың өз шығармасын сол кезеңде ұлт болмаса да, жеке халық болып жіктеле бастаған өзбек, түрікмен не қазақ тілінде жаздым демей, бәріне ортақ түрік тілінде жаздым деуінен аңғаруға болады.

«Түркі Шежіресінде» кездесетін көне түркі сөздері біршама. Олардың бір ерекшелігі - Әбілғазы тұсында қолданылған өзіндік тілдік варианттарымен қатарласа жүруі. Мысалы, шежіреде «жазу» мағынасында **біті** сөзі кездеседі, мыс.: **Барча түркілернің ұрығын бірін**

қоймай бітімек уа айтмақ бір кішінің қолыңды келмес; Бізде мұғұл тілі бірлән бітілген кітаблар бар бітілмеген сөзлеріні йад біле тұрған кішілеріміз бар... (Барлық түркі руының бірін қалдырмай жазу және айту бір кісінің қолынан келмейді. Бізде моңғол тілінде жазылған кітаптар бар, жазылмаған сөздерді жадында сақтайтын кісілеріміз де бар...) [2, 62].

Екінші бір жерде бұл сөздің кейінгі дәуірге тән варианты – жазу сөзі де кездеседі. Қадырғалидің «Жамиғат-Тауарихында» да **йаз, біті** сөздері қатар қолданылады. Мысалы: **Біз аның барчасыны хатқа йазсақ сөз ұзақ боладұр...** (Біз оның барлығын хатқа жазар болсақ, сөз (әңгіме) ұзақ болады...) [3, 250].

Алайда **йаз** сөзіне қарағанда, **біті** сөзі көбірек қолданылған. Осындай көне сөздердің бірі – қазіргі «халық» мағынасындағы **бүдүн** сөзі. Мысалы: **Аның үчүн бүдүн мүлкінің падшаһы йүрек түрүр...** (Оның үшін халық мүлкінің патшасы – жүрек...) [2, 62].

Бірақ бұл сөз көп кездеспейді, оның орнына **халық** сөзі жиі қолданылған, мысалы: **Ұғылы Алынча ханны йерінде қойұб халық бара тұрған йерге барды//Нече йылдын бері [...] халқның тұзын йеб йүрүрмін...** (Ұлы (баласы) Алынча ханды тиісті жеріне апарып, халық баратын жерге барды//қаншама жылдан бері [...] халықтың тұзын (ақысын, еңбегін) жеп келемін...) [2, 62]. «Түркі Шежіресінде» осы сияқты «жәй қара халық, жұрт» мағынасында **қарайман** сөзі де ұшырайды, мысалы: **Қарайманның йылқыдын сығырдын не өзкелікі бар...** (Қара халықтың жылқы мен сиырдан не айырмашылығы бар...) [2, 63].

**Бұдын** сөзі Орхон-Енисей жазбаларынан бастап орта ғасырдағы ескі қыпшақ ескерткіштеріне дейін **халық** сөзімен қатарласа қолданылғаны белгілі. Ал «Тауарихта» осы мағынаны беретін **улус** сөзі термин ретінде қолданылады, мыс.: **Ойда орус қырда татар барча улусны бақтұрған хан...** (Ойда (сайда) орыс, қырда татар, барлық халықты бағындырған хан...) [3, 141].

Сонымен қатар, бұл сөз «мемлекет» мағынасында да қолданылған, мысалы: **Барча улус ішінде Мәскеу атлығ шаһарың душмандарға көп дүр...** (Барлық мемлекеттердің ішінде Мәскеу деп аталатын қалаңның дұшпаны көп...) [3, 142]. «Түркі Шежіресіндегі» көне тұлғаның бірі – **ау** сөзі. Бұл сөз Орхон ескерткіштерінде **аб** формасында келсе, көне қыпшақ жазбаларында **ав** тұлғасында келеді. Ал «Түркі Шежіресінде» **ау** түрінде кездеседі, мыс.: **Күнлерде бір күн ауға чықыб киік өлтүрүб кабаб қылыб аны йеділер... Атсыз хан ата орныда олтүрүб бір нече йыллар йауыны йаулаб ауыны аулаб атасы кейініден кетді... Барчасы аучы болұрлар кіш уа сусар уа ас уа тиын уа құндүз суда балық қырда киік жанлы нәмерсе барчасыны ауларлар...** (Күндердің бір күнінде аңға шығып киік аулап, оны кәуап (отқа қақталған ет) қылып жеді... Атсыз хан атасының орнына отырып, бірнеше жылдар бойы жауын жаулап, аңын аулап атасының соңынан кетті (жолын қуды)... Барлығы аңшы еді, кіш (аң түрі), сусар, ас (аң түрі), тиын, құндыз, суда балық, қырда киік, жанды не болса, барлығын аулады...) [2, 62].

Ортағасырларда жазылған өзге көптеген тарихи шығармалармен салыстырғанда, мұндағы түркі сөздері қыпшақтық тұлғада берілген. «Тауарихта» «аң аулау» мағынасында **аң, аңға чық, аңға атлан** сияқты сөз тіркестері берілген, мысалы: **Оғуз нөкерлері білән ба'зи дост лары білән йазыда аңға чықыб ерді...** (Жазда Оғыз нөкерлері (көмекшілері) және ескі достарымен аңға шығып еді...) [4, 151].

«Шыңғыснамада» Шыңғыс хан туралы дастанында Жошының аңға шыққандығын айта келе, **ав авла** тіркесін қолданылған, мысалы: **Йочы хан бір күн тағ арасындә ав авлайы чықыб ерді...** (Бір күні Жошы хан тау арасына аңға шығып еді...) [3, 120].

Көне, ескі қыпшақ тілі ескерткіштерінде **ау** және **аң** варианты да қатарласа жүреді. Мұндай көне сөздердің қатарына **аламан** «негізгі жасаққа өз еркімен қосылған әскер», **еллік** «қол», **мәхкам** «берік, **омақ** «сүйек», **халқа** «сырға», **құйақ** «сауыт», **балық** «қала», **барча** «барлығы», **қапығ** «қақпа», **өгіз** «өзен», **сүр** «қу», **бақ** «қара», **қоп** «тұра кел» және т.б. жатады.

«Әділ сұлтан» эпикалық жырында **су** сөзі қазіргі қазақ тіліндегідей қолданылған: **...судай толқытып омрауын салқытып исі жұфар аңқытып...** (...судай толқытып, омырауын салқытып, иісін жұпар аңқытып...) [1, 61].

«Түркі Шежіресінде» «жиылған әскер» мағынасында **аламан** сөзі кездеседі, мысалы: **Кетмей тұр текен йерде бір аламан йоқ аламанның барчасы олжасы бірлән йығылыб тұрр...** (Кетпей тұр деген жерде бір аламан жоқ, аламанның барлығы олжаларымен жиналып тұр...) [2, 63]. Бұл сөзді XV-XVIII ғасырлардағы ауыз әдебиеті нұсқаларынан да кездестіреміз. «Түркі Шежіресінде» **аламан** сөзіне мағыналас **нөкер**, **черік**, **ләшкер** сөздері де кездеседі. «Тауарихта» да **ләшкер** және **нөкер** [5, 361] сөздері кездеседі, мысалы: **Аның соңғудан Оң хан білән оғлы Сәнгүн бір болуб, ләшкер тартыб на каһ Чингиз ханның үстіне барғай лар [...]** **Оғуз нөкерлері білән ба'зи дост лары білән йазыда аңға чықыб ерді...** (Оның соңынан Оң хан мен ұлы Сәнгүн бірігіп, әскер тартып нақ Шыңғыс ханның үстіне барады [...]) **Жазда Оғыз нөкерлері (көмекшілері) және ескі достарымен аңға шығып еді...** [4, 173].

«Шыңғыснамада» **ләшкәр**, **нөкер** және **чәрік** сөздері қатар қолданылған, мыс.: **...'әзім ләшкәр қошуб Дәшті Қыпчак уілайатынға салған йібәрді...** (...көп аламан қосып тура Дешт-и Қыпшақ еліне кетті...) [3, 120]; **Сайын хан Іділ дариясы бойнынға келгәч чәрік йарағын қылыб Ұрұс вілайатының шәһрі Мәскәугә йүріді...** (Сайын хан Еділ дариясы бойына келгенше әскер жарақтанып, Орыс елінің Мәскеу қаласына аттанды...) [3, 122].

Бірақ «Әділ сұлтан» эпикалық жырында **ләшкер** сөзі кездеспейді.

«Түркі Шежіресінде» кездесетін қызмет түрін білдіретін **боқауыл** «ханның ас-суын басқарушы», **ереуіл** «шабуылда жекпе-жекке шығушы», **йортағұл** «ел шауып келуші», **қарауыл** «қорғаушы, оққағар», **чапұғұл** «шабуылшы», **сұрауыл** «жау жақтан хабар әкелуші» тәрізді бірнеше сөздер бар. Бұлардың көпшілігі қазір көнерген сөздер қатарына жатады, ал Әбілғазы заманында қолданыста болғаны байқалады. **Қарауыл** сөзі «Шыңғыснамада» да қолданылған, мысалы: **...отыз мың кіші қошуб қарауыл йібәрді...** (...отыз кісі қосып, қорғаушыны жіберді...) [3, 122].

«Түркі Шежіресінде» кездесетін бірсыпыра көне түркі тілі сөздерінің мағынасы өзгеріске ұшыраған, қазіргі қазақ тілінде басқа мағынада қолданылады. Мәселен, **арқа** сөзі шежіреде «ұрпақ» мағынасында келеді. Мысалы: **Бізнің ұлұғ атамыз һалаку хан Мұғұлстандын келгенден бері екі үч арқа өтді... Тоқыз арқа болғұнча шондағ болғай...** (Біздің үлкен атамыз (бабамыз) Һалаку хан Моңғолстаннан келгеннен бері екі-үш ұрпақ өтті... Тоғыз ұрпақ болғанша солай болады...) [2, 64]. Сонымен бірге бұл сөзден жасалған қазіргі «арқа сүйеді» мағынасында **арқа берді** деген фразеологизм де кездеседі, мыс.: **Біздей бөлек бөлек йасамады пиада түшмеді көблікіне арқа берді...** (Біз секілді бөлек бөлек жасамады, жаяу жүрмей көптігіне сүйенді...) [2, 64].

Қазіргі әдеби тілімізде «қарындас» сөзі ер адам тарапынан өзінен жасы кіші қыз балаға айтылады, ал «Түркі Шежіресінде» **қарындаш** сөзі «ағайын, тума» деген бұдан кең мағынада қолданылған, мыс.: **Хамар текен Хорезм шаһының анасы Тұрқан хатұнның**

қарындашы ерді аны Үркенічде хәкім қылыб ерді... Екісінің бір біріне неч қарындашылық болмас ерді... (Хамар деген Хорезм шахының анасы Тұрқан хатынның ағайыны еді, оны Үргеніштің әкімі етіп қойды... Екеуінің бір-біріне ешқандай туыстығы жоқ еді...) [2, 64].

«Тауарихта» қарындаш сөзі туғма сөзімен де қатар қолданылып, әрі «туысқан», әрі «қарындас» мағынасын береді, мыс.: **Чингиз хан ның улуғ хатуны Бөрте фужин алар ның қарындашы ерді... Анлар туғмаларын му'аййан қылды лар...** (Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөрте фужин олардың қарындасы еді... Олар ағайындарын таныстырды...) [4, 166].

«Шыңғыснамада» қарындаш сөзі «туысқан, ағайын» мағынасында қолданылған, мысалы: **Қарындашымыз ханны нечүк көрдің уә не түрлік кіші тұрұр...** (Хан туысқанымызды қалай көрдің, қандай кісі екен?) [3, 128]. Сол сияқты «Түркі Шежіресіндегі» сінлі сөзінің ол кездегі мағынасы қазіргіден өзгеше, бұл сөз әйел адамдардың бір-біріне қатынасын ғана білдірмей, бір туған адамдардың жасы кішісін білдірген, мыс.: **Әбулхайыр ханның хатұны Ғабдол Латиф мырзаның сінлісі еркен дүр...** (Әбілқайыр ханның әйелі Ғабдол Латиф мырзаның қарындасы екен...) [2, 81].

**Тон** сөзі шежіреде жалпы киім атауын білдірсе, қазір оның бір түрінің, яғни «қой терісінен жасалған жылы сырт киім» мағынасын білдіреді, мыс.: Мысалы: **Ол махаллада кефін табмадылар тоны бірлән көмділер... Менің жаным күйгенде өзкелерінің тонының етегі күймес...** (Ол кезде кебін таппады, киімімен көмді... Менің жаным күйгенде өзгелердің киімінің (тонының) етегі күймес...) [2, 73].

«Шыңғыснамада» **тон** сөзі жалпы киім атауын білдіреді, мыс.: **...елчіні алыб қайтдылар, тәқы ат тон беріб ұзатдылар...** (...елшіні қайтып, ат-киім беріп шығарып салды...) [3, 128]. **Тон** сөзі ескі қыпшақ ескерткіштерінде «теріден жасалған киім» мағынасын береді, демек, қазіргі қазақ тілі мен ескі қазақ тіліндегі бұл сөздің мағынасы бірдей [5]. Мұндай мағынасы өзгерген сөздердің қатарында **күлүк** «атақты, атышулы», **емкек** «бейнет», **көңүл** «жүрек», **еш** «жолдас, дос», **есір** «мас», **әуез** «дауы» және т.б. жатқызуға болады. Тағы бір топ сөздердің шежіреде кездесетін тұлғасы біраз өзгеріске ұшырағанымен, мағынасы қазіргі тілімізде сақталып қалған. Мәселен, қазіргі қазақ тіліндегі «ағаш» сөзі шежіреде **йығач** тұлғасында, қазіргі «мұрын» деген сөзіміз **бұрұн** түрінде, «тауық» сөзі **тақұқ** формасында кездеседі, мыс.: **Бір шағал бір қырғауылны алды йығач бірлән шағалны ұрдұм... Оң йақда алтұн тақұқ беркіткен қырық құлач йығачны тіктүрді... Сені Бестам хакіміне алыб барұр тақы бұрнұң құлақынны кестүрүр...** (Бір шағал (шибөрі) бір қырғауылды алды, мен шағалды ағашпен ұрдым... Оң жақта алтын тауық ұстайтын (аулайтын) қырық құлаш ағаш тіктірді... Сені Бестам әкіміне алып барып, мұрның мен құлағыңды кестіретін...) [2, 64].

Әбілғазы, Қадырғали және Өтеміс қажы өз шығармаларында тек қана көне түркі тілін пайдаланбағаны белгілі. Сөз жоқ, олар өздері өмір сүрген кезеңдердегі түркі халықтары қолданған тілді, яғни сол тұстағы түркі сөздерін, араб және парсы тілдерінен енген (кірме) сөздерді де пайдаланады.

«Шыңғыснама», «Әділ сұлтан» эпикалық жыры, «Тауарих» және «Түркі Шежіресі» лексикасының негізі қыпшақ тілі лексикасы болғандықтан, ол сөздердің көпшілігі қазіргі қазақ тілі сөздерімен бірдей тұлғада, бір мағынада келіп жататынын байқау қиын емес. Әсіресе, қазақ халқының ертедегі тұрмысына, салт-дәстүрлеріне қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің жазба ескерткіштердегі қолданылған түрі мен бүгінгі тіліміздегі тұлғасы да,



мағынасы да бірдей түсіп жатады, мыс. «Түркі Шежіресінде»: ...**һәм кішінің бір сүйері өлген болса ұғлы қызы уа йа аға інісі аңа ұхшатұб үйүнде бір қуырчакны йасаб қойады... Бір кішіні йіберділер барча кеткен еллердін сүйінчі тілекіл теб ол кіші әуелі найман халқына барды анлар бір қара қашға ат сүйінчі берділер... Оң хан ның хатұны Бөрте қочын ның йеңечесі ерді [...] ұғлан бір йашға йетті ерсе Қара хан елге сауын салды уа тақы үлкен той қылды... (...бір кішінің сүйгені, ұл-қызы немесе аға-інісі өлген болса, оған ұқсатып үйінде бір қуыршақ жасап қояды... «Барған барлық елдерден сүйінші сұра» деп бір кішіні жіберді. Ол кіші алдымен найман халқына барды, олар сүйіншіге бір қара қасқа ат берді... Оң ханның әйелі Бөрте қочынның жеңгесі еді [...] ұлы (баласы) бір жасқа келгенде Қара хан елге жария етіп (айтып), үлкен той жасады...) [2, 66].**

Бұл жерде **сауын салу** «айту» мағынасын беретін сөз тіркесінің тек қазақ халқына тән екендігі, тілде әлі күнге дейін сақталғандығына дәлел ретінде бұл тіркестің Г.Саблуков аударған нұсқада былайша берілгенін келтіруге болады. Жоғарыдағы сөйлем былай аударылыпты: «Кара хан когда его сыну прошел год, предложил народу угощение доения и сделал большой пир» (Библиотека восточных историков, изданная И.Березиным. том III. ч. 1. История Абуль-гази. Казань, 1854. С. 13). Сол сияқты қазақ тіліне тән уақыт өлшемдерді де «Түркі Шежіресінде» жиі қолданған мыс.: **сүт пішім, ет пішім, афтаб «күн» арқан бойы көтерілгенде, бір ұқлаған шақ және т.б.**

- **Бір сүт пішім қараб тұрды... Мұхаммед Хұсайын бек қасд қылғандын хабардар болұб ел бір ұқлаған чакда дарузадын чыкыб качды...** (Бір сүт пішім уақыт қарап тұрды... Мұхаммед Хұсайын бек қастандық жасалғаннан хабардар болып, ел ұйықтаған кезде қақпадан шығып қашты...) [2, 88].

Әрине жазба ескерткіштердегі түркі сөздерінің барлық тұлғалары қазақ тіліне тән деуге болмайды. Олардың бірқатары фонетикалық тұлғалануы жағынан қазіргі қазақ тіліне алшақтайды. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде у, й, ң үнді дауыссыздармен қолданылатын сөздер «Тауарихта» ғ, г дыбыстарымен берілген: **йағмур** «жаңбыр», **тигер** «тиер», **йағы** «жак», **тағ** «тау», **туғды** «туды», **йығыб** «жиып», **төгүрек** «төңірек» және т.б. Кейбір тұлғаларда ғ дыбысы сөз соңында сақталған: **сарығ** «сары», **улуғ** «ұлы», **қатығ** «қатты» және т.б. Дегенмен, бұл тұлғалардың қыпшақтық түрі де кездеседі, мыс.: **Тоғум хан ның оғулары тоғуз сарығ... Йағмур айындан хақның фарманы бірлә йағар, ол сәбәдін барча халққа әділің тигер йағмур мисаллік...** (Тоғум ханның тоғыз сары ұлдары... Жаңбыр айында Алланың бұйрығымен сенің де барша халыққа әділдігің жаңбыр секілді тиер...) [4, 141-165].

Кейбір сөздер сыртқы тұлғасы жағынан да морфологиялық құрылымы жағынан да қазақ тілінің нормасына сай түспейді: **артуқсы болды** «артық болды», **бағнақ** «бағыну, бағыныш», **булғақ** «аласапыран», **қайусы** «қайсысы», **қатла** «рет», **ошал, ошбу** «осы» [5, 372], **сандуқ** «табыт» және т.б. Сонымен қатар кейбір сөздердің түбірі бір болғанмен, қазақ тіліне құрамы жағынан сай келмейді, мыс.: **отқаз** «малды отқа жіберу», **ханла** «хан көтеру», **көпәл** «көбею» және т.б.

«Жамиғат-Тауарих» тілінде XII-XIV ғасырлардағы оғыз-қыпшақ ескерткіштері болып саналатын «Құтадғу Біліг», «Хосроу мен Шырын», Рабғузидің «Қысал-анбия» сияқты шығармаларда кездесетін көне тұлғалар жоқ деуге болады, мысалы, **изи** «ие», **қоз** «қой», **азақ** «аяқ», **қазғу** «қайғы» деген лексемалардағы д//з элементі мұнда жоқ. Сондай-ақ осы жазба ескерткіштердегі **ажун** «әлем, дүние», **асығ** «пайда», **ал** «айла», **еш** «дос», **оғуш**

«тайпа», **йалавач** «елші» сөздері «Тауарихта» кездеспейді. «Жамиғат-Тауарих» XVI ғасырдың соңында жазылғандықтан, көптеген сөздердің мағыналары тарылып, көнеріп, қазіргі тілімізде қолданылу аясынан шығып қалған. Қадырғали би де өз тұсындағы түркі жазба дәстүрін ана тіліне жуықтата пайдаланған. Қазіргі кезеңде жоғарыда көрсетілген сөздердің ұғымдары түркінің қазақтық, татарлық, өзбектік деген сияқты жергілікті тілдерінде жеке-жеке тұрақталып, не түркі сөздерімен «елші, ру», немесе араб-парсы сөздерімен «дос, әлем, пайда, айла, тайпа» берілетін болған.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Исин А.И. Әділ сұлтан эпикалық жыры. –Алматы: Дайк-Пресс, 2001. –120 б.
2. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның Түркі Шежіресі және оның тілі. –Алматы: Арыс, 2001. –243 б.
3. Утемиш-хаджи. Чингизнаме. -Алматы: Ғылым, 1992. –397 б.
4. Сыздыкова Р.Г. Язык Жами'ат-Тауарих Жалайри. -Алма-Ата: Наука, 1989. –242 с.
5. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. –Алматы: Қазақстан, 1997. –246 б.
6. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. -Алматы: Қазақ ССР ғылым академиясының баспасы, 1988. -356 б.
7. Исаев С. Қазақ тілі. -Алматы: Ана тілі, 1993. – 245 б.
8. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (Морфология). -Алматы: Ана тілі, 1974. – 344 б.
9. Түймебаев Ж., Ескеева М. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. -Алматы: Қазығұрт, 2016. – 655 б.
10. Түймебаев Ж., Сағидолда Г., Ескеева М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. -Алматы: Қазығұрт, 2017. – 423 б.

### **REFERENCES**

1. Isin A.I. «Ádil sultan epikalyq jry». –Almaty: Dayk-Press, 2001. –120 b.
2. Ábilqasymov B. Ábilgazy hannyn Túrki Shejiresi jáne onyn tili. –Almaty: Arys, 2001. – 243 b.
3. Ýtemish-hadjı. «Chingizname». –Almaty: Gylym, 1992. –397 b.
4. Syzdykova R.G. Iazyk Jami'at-Taýarık Jalayı. –Alma-Ata: Nauka, 1989. –242 s.
5. Qadyrgalı Jalayır Shejireler jnagy. –Almaty: Kazakhstan, 1997. –246 b.
6. Musabaev G. «Qazaq tili tarıhynan», -Almaty: Kazakh SSR gylım akademyasinin baspası, 1988. -356 b.
7. Isaev S. «Qazaq tili» -Almaty: Ana tili, 1993. – 245 b.
8. Ysqaqov A. «Qazirgi qazaq tili», (Morfologıa), -Almaty: Ana tili, 1974. – 344 b.
9. Túımebaev J., Eskeeva M. «Kóne túrki jazba eskertkishteri tiliniń morfologıalyq júesi», -Almaty: Kazıgurt, 2016. – 655 b.
10. Túımebaev J., Sagıdolda G., Eskeeva M. «Túrki tilderiniń salıstıymaly grammatıkasy», -Almaty: Kazıgurt, 2017. – 423 b.

**А.К.МЕЙРБЕКОВ<sup>1</sup>, Б.Т.ТАСПОЛАТОВ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

<sup>2</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан  
(E-mail: <sup>1</sup>akylbek.meyirbekov@ayu.edu.kz)

**ЭТНОСТЫҢ МӘДЕНИ-МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТАНЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН  
ҚҰРАЙТЫН ҚАЗЫҒҰРТ АЙМАҚТЫҚ ТОПОНИМДЕР МЕН АҢЫЗДАРДЫҢ  
ЗАМАНАУИ БЕЙНЕЛЕРІ**

Мақала Қазығұрт аймақтық топонимиясында мифологиялық танымды көрсететін кейбір топонимдердің уәжділіктеріне қатысты мәселелерді қарастыруға арналған. Зерттеулер нәтижесінде дүниетанымның белгілі бір түрлеріне негізделген және соларды тілдік-менталдық түрде көрсететін топонимиялық қабаттардың реті мен алатын орны анықталды. Кеңейтілген зерттеулер Қазығұрт аймақтық топонимиясында сумен байланысты мифологиялық танымдардың мейлінше қарабайырланған сарқыншақтарын кейбір гидронимдік атауларын ғылыми негізде түсіндірілді.

**Кілт сөздер:** Қазығұрт, топоним, дүниетаным, этникалық, тілдік бейне.

**А.К.Мейрбеков, Б.Т.Тасполатов**

**Современные образы топонимов и мифов Казыгуртского региона, определяющие культурно-мифологическое познание этноса**

В данной статье рассматриваются вопросы, связанные с мотивами ряда топонимов, проявляющих мифологическое познание в Казыгуртской региональной топонимии. Исследование выявило последовательность и место топонимических слоев, основанных на определенных типах мировоззрения и языковой ментальности. На основе обширных исследований научно обоснованы некоторые из гидронимических названий и наиболее примитивные образцы мифологических знаний, связанных с водой в региональной топонимии Казыгурта.

**Ключевые слова:** Казыгурт, топоним, мировоззрение, этническое, языковой образ.

**А.К.Мейрбеков, В.Т.Тасполатов**

**Modern Images of Toponyms and Myths of the Kazygurt Region Determining Cultural and Mythological Knowledge of Ethnos**

The article is devoted to consideration of the issues concerning the motives of some toponyms reflecting mythological cognition in Kazygurt regional toponymy. The study revealed the sequence and place of toponymic layers based on certain types of worldview and language mentality. Based on scientific studies, some of the hydronomic names that are the most primitive examples of the mythological knowledge associated with water in the regional toponymy of Kazygurt are scientifically substantiated.

**Keywords:** Kazygurt, toponym, world outlook, ethnic, linguistic image.

Тіл - адам таным нәтижесінде жинақталған ақпаратты арнайы белгілейтін, жеткізетін таным құралы, колданыс құралы; тілдік таңба жүйесі. Тіл мен таным (дүниетаным, этникалық таным) байланысы мен тұтастығы тек жалпы есімдермен өрнектелген «ғаламның

тілдік бейнесінде» ғана байқалмайды, сонымен бірге «ономастикалық ғалам бейнесінде» де өз көріністерін паш етеді. Қазіргі когнитивтік лингвистикада ғаламның тілдік бейнесі қарқынды түрде қарастырылуда деп айтуымызға болады. «Ғаламның тілдік бейнесі» деген ұғым немесе категория таным (дүниетаным), тілдік (этникалық) сана ұғымдарымен (категорияларымен) байланысты. Орыс ғалымы Г.В.Колшанскийдің пікірінше, «Ғаламның тілдік бейнесі» жөнінде жеке әңгіме етуге болмайды, себебі бұл ұғым «тілдік санамен» тікелей байланысты [1, 25 б.]. Профессор Ж.А.Манкеева: «...тіл мен ой немесе таным, тіл мен ұлт, т.б. мәселелер, сайып келгенде, ұлтты, ұлттың танымын өзінің терең құрылымдары арқылы тұтастырушы, тілдің табиғатын анықтауға байланысты қазіргі тіл білімінде осындай жаңа бағыттардың айқындалып, дамып келе жатқаны байқалады», – деп көрсеткен [2, 43 б.].

«Ономастикалық ғалам бейнесіндегі» тіл мен танымның байланысы (тұтастығы) Б.М.Тілеубердиевтің еңбектерінде қарастырылған. Б.М.Тілеубердиевтің пікірінше: «Дүниенің топонимиялық көрінісі тілдік сана болмысынан, этностық таным тұрғысынан қарастырылуы керек. Тілдік санадағы кеңістік жөнінде ұғым әр тарихи дәуірлерде қалыптасқан, сол дәуірден көрініс беретін ментальдік ұстанымдар, когнитивтік түсініктер жүйесі бар» [3, 244 б.].

Бұл арада тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге, адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениеттің этнотаңбалық белгісі тілден тыс көріне алмайды [4, 11 б.]. Американдық лингвист және этнолог Эдвард Сепир: «тіл – әлеуметтік шындықты түсіндірудің құралы, адамдар белгілі мөлшерде өз тілінің ықпалында болады, тіл мінез-құлық нормасына да әсер етеді, халықтың мәдени дәрежесін, оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін емес, тіл әлеуметтік шындықты түсіндірудің жетекші құралы» дегенге саяды [5, 213 б.].

Этнос танымының топонимиялық жүйедегі көріністерін қарастыру алдында *таным (этнос танымы немесе этикалық таным), дүниетаным, ғаламның (дүниенің) аймақтық топонимиялық бейнесі* сынды ұғымдарды (категорияларды) айқындап алуымыз қажет.

Кез келген ұлттың санасында және тілінде қалыптасқан ғаламның (әлемнің) тілдік бейнесі этнос танымының нәтижесі мен көрінісі болып табылады, себебі танылған ғана нәрсе тіл мен санада өзінің тиісті орнын табады. Таным, кең көлемде алғанда, дүниетаным – философиялық категория, оның негізгі сипаттары төмендегідей болып келеді: «Дүниетаным – ақиқатты рухани қажетті игеру жүйесі, оның ішінде тұтастай алғанда адамдардың білімі мен наным, ар-ұждан, мұраттары мен әлеуметтік құқықтың реттеушісі, саяси бағыт-бағдар, қоршаған ортаға психологиялық және эстетикалық көзқарас. Дүниені танып, білу нәтижелері «дүниетаным ұғымында бейнеленеді, бұл жеке адам үшін өзінің қоғамдағы орны жайлы ұғымдардың жиынтығы, сана-сезім, қалпы, дүниені біртұтас ретінде түсіну нәтижесі» [6, 43 б.].

Этнотанымдық сипаты бар *ғаламның ономастикалық бейнесі* өз кезегінде іштей *дүниенің (ғаламның) мифонимиялық бейнесі, дүниенің (ғаламның) антропонимиялық бейнесі, дүниенің (ғаламның) топонимиялық бейнесі* болып бөлінетінін Б.М.Тілеубердиев «Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері» атты монографиясында атап көрсеткен.

Дүниетаным этникалық сипатқа ие, себебі ол – этнос танымы, өзіндік этномәдени (этникалық) ерекшеліктерге ие. Дүниетанымның этникалық сипаттарын қалыптастыратын әр этносқа тән этномәдени факторлар ғаламның (әлемнің) тілдік бейнесі әрқашан этнос танымының нәтижесі мен тілдік көрінісі. Ұлттың дүние (әлем) туралы түсініктері мен ұғымдары сол ұлт дүниетанымына қатысты қалыптасады және оның тілінде өз көріністерін

береді. Осыған байланысты, *ғаламның (әлемнің) тілдік бейнесі* сөз етілгенде біз *этнос ғаламының (әлемінің) бейнесі* жөнінде айтуымыз керек.

*Ғаламның ұлттық (этникалық) тілдік бейнесі* көп сипатты, поликомпонентті, иерархиялық жүйе немесе құрылым. *Ғаламның ұлттық (этникалық) тілдік бейнесін* белгілі бір инвариант деп қарастырсақ, оның жүйесіне әлеуметтік, индивидуалдық, ономастикалық, регионалдық (аймақтық) және де басқа фрагменттер (үздіктер) кіреді.

Мәселен, *ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесі* ғаламның жалпы халықтық (ұлттық) бейнесінің бір бөлігі (фрагменті) болып табылады және де аталмыш тілдік бейне *жалқы есімдер* деңгейінде танылады, құрылады, қалыптасады. Б.М.Тілеубердиев көрсеткендей: «Егер ғаламның тілдік бейнесі түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде ғаламның ұлттық бейнесін көрсетсе, онда ономастикалық деңгейдегі жалқы есімдер ғаламның ұлттық тілдік бейнесінің фрагменті болып табылады да, *ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесін* құрай алады деп қисынды түрде айтуға болады» [3, 25 б].

Ғаламның (әлемнің) ономастикалық ұлттық бейнесіне түсінік (дефиниция) берген және аталмыш бейненің этнос танымымен байланысын атап көрсеткен Б.М.Тілеубердиев: «Ғаламның ономастикалық (ұлттық) бейнесі» деп, біз ономастикалық концептілердің жүйелі де кешенді жиынтығын атаймыз және ұлт танымының жалқы есімдер деңгейіндегі тілдік көрінісі деп түсінеміз. Ұлттың, адамның тіршілігі, өмірі, шаруашылығы, ой-санасы, эстетикалық талғамы, мифологиялық, діни, этникалық ұғымдары, әлеуметтік тәжірибесі «тіл айнасында», яғни лексикада, фразеологияда – жалпы және жалқы есімдерде тайға таңба басқандай өз өшпес ізін қалдырады. Ол іздер тек тілдік іздер емес, ол іздер – сонымен қатар таным іздері, таным таңбалары»-дейді [3, 195 б.].

Ғаламның ономастикалық бейнесі, жоғарыда атап көрсеткендей, ғаламның тілдік бейнесінің компоненті, яғни фрагменті болып табылады, ал ономастикалық ғалам бейнесі жүйесіндегі ғаламның топонимиялық бейнесі оның құрамдас бір бөлігі болып келеді.

Ғаламның жалпы ұлттық топонимиялық бейнесінің құрамында *аймақтық (регионалдық) топонимиялық бейнесін* зерттеу нысаны ретінде қарастыруымызға болады, себебі ол белгілі бір мәдени-тарихи аймақтың (регионның) топонимдер мен микротопонимдер деңгейіндегі тілдік-менталды көрінісі болып табылады. Демек, сол аймақта ежелгі замандардан бері тұрып жатқан елдің, халықтың этнотанымдық (дүниетанымдық) ерекшеліктерін аймақтық топонимиялық жүйеде вербалдайды.

Аймақтық топонимияны ментальді-танымдық тұрғыдан қарастырсақ, танымның (дүниетанымның) түрлері аймақтық топонимиядағы белгілі бір стратиграфиялық (хронологиялық) этнотанымдық топонимиялық қабаттарды құрайды. *Этнотанымдық топонимиялық қабаттар* дегеніміз - дүниетанымның белгілі бір түрлеріне негізделген және соларды тілдік-менталдық түрде көрсететін топонимиялық қабаттар (топонимдер типтері немесе топонимдер жиынтығы). Мәселен, кейбір топонимдер мифтік (мифологиялық) таным негізінде туындаған (қалыптасқан). Сол себепті оларды *мифтік (мифологиялық) топонимдер* немесе *мифтік (мифологиялық) этнотанымдық (дүниетанымдық) қабатына* жатқызуымызға болады. Танымның бір түрін «тарихи таным» деп айқындайтын болсақ, жалпы топонимияда немесе аймақтық топонимияда сол танымға негізделген «тарихи топонимдерді» немесе *тарихи топонимиялық қабатты* қарастыруымызға болады.

Алғашқы немесе ең көне стратиграфиялық дүниетанымдық топонимиялық қабатқа мифтік (мифологиялық) танымға негізделген топонимдер жатады.

Қазығұрт аймақтық топонимиясында мифтік (мифологиялық) танымның көріністерін беретін бірқатар топонимдер «адамдардың тасқа айналуы» мотивіне (уәжіне) байланысты туындаған. Сондай жер-су атауларының және микротопонимдер қатарында *Ата тас*, *Ана тас*, *Күйеу тас*, *Қырық қыз* сынды агиотопонимдер бар. Бұл атаулармен аталған табиғи нысандар – тастар киелі болып саналады және әр атауға қатысты аңыз-әңгімелер күні бүгінге дейін жергілікті халық жадында сақталған. Мәселен, *Қырық қыз* деп аталатын қасиетті тастарға қатысты аңыз-әңгімелер бар. «Қырық қыз» – көне тарихи, табиғи ескерткіш. Ескерткіш Қазығұрт аймағында екеу.

Көп замандардан бері табиғаттың өзі жаратқан киелі ескерткіш болып саналады. Көнеден келе жатқан аңыз-әңгімелерге сүйенсек, бұрынғы жаугершілік заманда жау шапқыншылары елден тысқары Қарабау суына шомылып, алаңсыз серуендеп келе жатқан қырық қызды көріп, сондарынан қуса керек. Сонда қыздар Құдайға: «Елімді, жерімді, жауға таптатқанша, мына жауды да, бізді де тасқа айналдыр!»-деп жалбарынған екен дейді. Қыздардың тілегі қабыл болып, жау әскері тасқа айналады. Ол жер қазір Қаратас деп аталады. Ал қыздар – әсемдене тізілген қайталанбас ескерткішке айналған деседі.

«Қырық қыз» деп аталатын екінші тас-мүсіндер Өгем қойнауына түсе беріс жерде – Қазығұрт тауының Шығыс мүйісінің («Орда қонған») оңтүстік-шығысында 4-5 шақырымдай қашықтықта. Етегінде Өгем өзені ағып жатқан Өгем қойнауына түсе беріс жері күрт ылдилап кететін бұралаң жолға айналады. Аңыз бойынша, бұл тасқа айналған қырық қыздың бейнесі. Мұнда да жаугершілік заманы тілге тиек етіледі. Бір ерекшелік, осы тас-мүсіндер маңында алшақтау тұрған жеке тас-мүсін бар. Оны жұрт «Күйеу тас» деп атайды. Осыған қарағанда, бұл жолы қыздар күйеу жігітті ертіп барып, Қазығұртқа сиынып келе жатқан болса керек. Олар көз ұшында көрініп тұрған етектегі ауылға жете алмай, тас мүсінге айналған. Ел осы араны қасиетті орынға санап, қастерлеп жүреді» [7, 227 б.].

«С.Жолдасбайұлының пікірі: «Тастан жасалған мүсіндер түркі обаларының көпшілігінің басында кездеседі. Бұл мүсіндердің (балбал тастардың) қандай әдет-ғұрыппен қойылғандығы туралы осы уақытқа дейін белгілі бір тұрақты пікір қалыптаса қойған жоқ». С.Ақынжановтың зерттеуінде де тас-мүсіндердің қыпшақ тайпаларының зираттарының қасынан жиі кездесетіндігі айтылады. Б.Көмековтің пікіріне қарағанда, түркі тайпаларының адамдары мұндай тас-мүсіндерді көргенде аттарынан түсе салып, бастары жерге жеткенше табынатын болған. Бұл әдетке қарағанда, ата-бабаның аруағына сиыну емес пе екен деген ой туады» [8, 9 б.].

Қазақтың төтемдік сенімдерінің пайда болуын арнайы қарастырған фольклоршы-ғалым Б.Қонарбаева тарихшы ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, мынандай деректерді келтіреді:

Қазығұрт өңірінде «киелі ағаштар» культіне қатысты жергілікті географиялық атаулар да, сол нанымға қатысты аңыз-әңгімелер де сақталған. Мәселен, *Көктерек әулие* деп аталатын жерде биік жуан терек және одан кішілеу көптеген көк теректер бір гектардай жерді алып жатыр. Жергілікті халықтың сенімінше, ілгеріде бала көтермеген әйелдер Көктерекке барып сиынып, тілектері қабыл болған. Ал енді терегін әлдекім кессе, бір жағдайларға ұшыраған немесе көктеректің өзінен қан аққан.

Көне мифологиялық ұғымдар мен түсініктерге қатысты Қазығұрт топонимиясында тағы бір географиялық атаулар тобы «әулие ағаштармен» байланысты қойылған. «Ағаш мифологиясы» өте көне «ғаламдық ағаш» культімен байланысты. «Ғаламдық ағаш – аса

маңызды мифтік культ нысандарының бірі. Осы культтің сарқыншақтары мен белгілері барлық дерлік мифологиялық дәстүрлерде бар. Қазақ дәстүрінде де осы культтің сарқыншақтары аз емес» [9, 486 б.].

Өте көне мифологиялық танымдардан көрініс беретін аймақтық топонимдердің бір тобы үңгір атауларымен байланысты. Қазығұрт өңірінде *Жеті үңгір*, *Қос үңгір*, *Жалтыр үңгір*, *Бір ауызды*, *Үш ауызды* үңгірлер сынды спелеонимдер бар. Осы микротопонимдік атауларға және аталған нысандарға қатысты ақпараттарда мифологиялық сипаттағы танымдық деректер бар. Бір кездерде киелі орындар саналған үңгірлердің сакральді мәні уақыт өте бәсеңдей берген, сол себепті үңгірлерге қатысты кейбір мифологиялық ақпараттар ұмыт болған. Егер көне замандарда үңгірлер зиярат ететін, белгілі бір ырым-жоралғылар өткеретін киелі орындар қызметін атқарған болса, кейінгі дәуірлерде олар киелі функцияларынан айырылған. Мәселен, «Қорқыт Ата кітабындағы» «Басаттың Төбекөзді өлтірген әңгімесінің баяны» атты тарауында Қазығұрт тауының үңгірінде болған оқиға баяндалған. Қазығұрттың үстіндегі қос үңгірдің бірі – аса үлкен, екіншісі – шағындау. Бұл үңгірлер бұрынғы замандарда қасиетті саналған. Қазан төңкерісінен бұрын үңгірдің аузына әшекейлі есік орнатылған екен, олар Ұлы Отан соғысына дейін сақталған. Ал өткен ғасырдың отызыншы-елуінші жылдары бұл үңгірлерде қой қамап, үңгірлер қораға айналған.

Үңгір мифологиясы - іші қуыс, басқа кеңістікпен (сыртпен) тек бір коридор арқылы байланысатын оқшау, іс жүзінде жабық кеңістік, оның осы формасы әр мифологиялық қабаттың кеңістігінің форма-моделіне айналған» [10, 184 б. ].

Ал Қазығұрт аймақтық топонимиясында сумен байланысты мифологиялық танымдардың мейлінше қарабайырланған сарқыншақтарын кейбір гидронимдік атаулардан байқауымызға болады. Өте көне замандарда бұлақ, су атауларында имплицитті (жасырын) түрде «толыққанды» мифологиялық ұғымдар кешенді түрде болған шығар, ал талай дәуір өткен соң сол атауларда (су нысандарында) тек «қасиетті», «әулиелі», «емдік шипасы» бар деген қарабайырланған ұғымдар ғана сақталған. Мысалы, *Көктөбе бұлағы* қасиетті, емдік шипасы бар су көзі болып саналады. *Көктөбе* бұлағы төңірегінде *Ана бұлақ*, *Ата бұлақ*, *Бала бұлақ*, *Қыз бұлақ* сынды бұлақтардың орналасуында да мифологиялық астарлар бар.

Этнос танымын айғақтайтын топонимдер мен аңыздар белгілі бір стратиграфиялық танымдық қабаттарды құрайды. Қазығұрт аймағындағы топонимдердің стратиграфиялық танымдық қабаттарының бастауы арғы (прото-) қазақ мифологиясынан орын алады, демек, бұл өте көне (ежелгі) қабатта қазақтардың арғы бабаларының мифтік нанымдары, сенімдерінің қарабайырланған жұрнақтары сақталған. Осы қабатты деректейтін топонимдер және олармен (топонимдермен) аталған географиялық табиғи нысандар күні бүгінге дейін киелі, қасиетті саналады, алайда оларға қатысты ежелгі наным-сенімдердің сарқыншақтары ғана байқалады.

Халықтық топонимияда, соның бір бөлігі аймақтық жер-су атауларының жүйесінде осы және де басқа этнотанымдық топонимиялық қабаттар жүйелі түрде ғасырлар бойы сақталып, өз көріністерін берген. Қазақ тарихының соңғы дәуірлерінде этнотанымдық құндылықтар жүйесі қирай бастады – оның өзіндік тарихи-экономикалық, саяси себептері болды. Олардың бірегейлерін атап өтсек, қазақ жеріне капиталистік формация орныға бастады, бұрынғы халықтық топонимиялық жүйе бұзылды, көне танымдық топонимдер орнына орыс (отаршылдық) топонимдер орнықты, кеңес заманында саясиленген географиялық атаулар

қаптап кетті, т.б. Осы үрдістер Қазығұрт өңірінің тарихы мен топонимиясында да орын алған. Бұл мәселе, әрине, арнайы сөз етуді және зерттеуді қажет етеді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. – М.: Наука, 1990. – 245 с.
2. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, 2001. – №4. – 33-43 бб.
3. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. -Алматы: Арыс, 2006. – 368 б.
4. Мейірбеков А.К., Тілеубердиев Б.М., Мейірбеков А.К. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі антропонимдердің лингвокогнитивтік және лингвоконцептологиялық негіздері: Монография/ –Шымкент, «Алем баспаханасы» 2017ж. - 295 б.
5. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1993.– 656 с.
6. Нұрашова Г. Адам өмірі мәні мәселесінің қазақ философиясындағы көрінісі. -Алматы: Домино, 2002. – 285 б.
7. Қазығұрт. Энциклопедия. – Алматы: Тоғанай Т, 2002. – 543 б.
8. Қонарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. Зерттеу. -Алматы: Жазушы, 2004. – 288 б.
9. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. Арғы қазақ мифологиясы. –Алматы: Арыс, 2008. – 12 т., 4 кіт. – 533 б.
10. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы // Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. 1-т. – 374 б.

### **REFERENCES**

1. Kolshanskij G.V. Obektivnaja kartina mira v poznanii i jazyke. – М.: Nauka, 1990. -245 s.
2. Mankeeva Zh. Kazak tilin zertteudin kognitivtik negizderi // Tiltanym. – Almaty, 2001. -№4. -33-43 bb.
3. Tileuberdiev B.M. Kazak onomastikasynyn lingvokognitivtik aspektileri. -Almaty: Arys, 2006. – 368 b.
4. Meirbekov A.K., Tileuberdiev B.M., Meyirbekov A.K. Kazak jane agylshyn tilderindegi antroponimderdin lingvokognitivtik jane lingvokontseptologiialyk negizderi: Monografiya/ – Shymkent, «Alem baspakhanasy» 2017j. - 295 b.
5. Sepir E. Izbrannye trudy po yazykoznaniiu i kulturologii. – М.: Progress, 1993.– 656 s.
6. Nurashova G. Adam omiri mani maselesinin kazak filosofijasyndagy korinisi. – Almaty: Domino, 2002. – 285 b.
7. Kazygurt. Enciklopedija. – Almaty: Toganaj T, 2002. – 543 b.
8. Konarbaeva B. Kazaktyn nanym-senimderinin fol'klordagy korinisi. Zertteu. – Almaty: Zhazushy, 2004. – 288 b.
9. Kondyбай S. Tolyk shygarmalar zhinagy. Argy kazak mifologijasy. –Almaty: Arys, 2008. – 12 t., 4 kit. – 533 b.
10. Kondyбай S. Tolyk shygarmalar zhinagy // Kazak mifologijasyна kirispe. – Almaty: Arys, 2008. 1-t. – 374 b.



**A.N.KUCHSHANOVA**

*K.Zhubanov regional state university, Aktobe, Kazakhstan  
(E-mail: ainur.kuchshanova@mail.ru)*

### **PROFESSIONAL COMMUNICATION THROUGH TRANSLATION**

The article contains materials on the translator's skills which should on a mandatory basis incorporate bilingual proficiency, robust cross-culture communication skills, shared knowledge on topics involved in professional discourse mediated by translation. Even where the said skills are available, there still can remain numerous hindrances the translator can encounter when handling technical texts or professional information flows. Translation studies is a captivating yet a demanding profession, since it basically requires versatile personality and vast knowledge from those wishing to belong. Translator's professional success still depends basically on his mature capability which cannot be shaped overnight and requires sustained effort of scrupulous learning, diligent studying, and high motivation. Handling numerous translation cases requires much resourcefulness and expertise which take time and effort to mature. Translating any technical text, i.e. a text abundant in specialized concepts, technicalities, and wide-ranging expertise mix, will necessitate a number of preparation stages to be taken on the translator's part.

**Keywords:** expert knowledge, cross-culture communication, professional translation

**А.Н.Кушанова**

#### **Аударма және кәсіби коммуникация**

Мақалада аудармашы дағдыларының қатарына міндетті түрде кәсіби дискурспен және аудармамен байланысы бар екі тілді меңгеру, сенімді мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары, кәсіби салалар бойынша білім алмасудың болуы қажет екендігі туралы баяндалған. Бұл дағдылардың барлығы толығымен жүзеге асқан жағдайда да аудармашы техникалық мәтіндерді немесе кәсіби ақпарат лектерін өңдегенде кезігетін көптеген кедергілер пайда болуы мүмкін. Аударма ісі - қызықты, бірақ сонымен қатар көп еңбекті талап ететін мамандық, өйткені ол негізінен тұлғадан жан-жақты терең білімді талап етеді. Аудармашының кәсіби сәттілігі негізінен оның қабілетіне байланысты, ол бір сағат ішінде қалыптаса алмайды және жан-жақты оқуды, көп күш-жігерді, терең зерттеу және жоғары мотивацияны талап етеді. Көптеген аударма процесінің жағдаяттарымен жұмыс жасау үшін уақытпен, жақсы дайындықпен қатар өнертапқыштық пен тәжірибе қажет. Кез келген техникалық мәтінді аудару, яғни мамандандырылған тұжырымдамаларды, техникалық ерекшеліктерді және сараптамалық білімнің кең спектрін бейнелейтін мәтін аудармашыдан кәсіби дайындықтың бірнеше кезеңдерін талап етеді.

**Кілт сөздер:** сарапшы білімі, мәдениетаралық қарым-қатынас, кәсіби аударма.

**А.Н.Кушанова**

#### **Перевод и профессиональная коммуникация посредством перевода**

Статья содержит материалы о навыках переводчика, которые должны в обязательном порядке включать двуязычное владение, надежные навыки межкультурного общения, обмен знаниями по темам, вовлеченным в профессиональный дискурс, опосредованный переводом. Даже там, где эти навыки доступны, все еще могут оставаться многочисленные препятствия, с которыми переводчик может столкнуться при обработке технических текстов или профессиональных информационных потоков. Переводческое дело - увлекательная, но в то же

время требовательная профессия, так как она в основном требует разносторонней личности и обширных знаний. Профессиональный успех переводчика по-прежнему зависит в основном от его способности, которая не может быть сформирована в одночасье и требует постоянных усилий, скрупулезного обучения, прилежного изучения и высокой мотивации. Работа с многочисленными случаями перевода требует много изобретательности и опыта, которые требуют времени и усилий. Перевод любого технического текста, т. е. текста, изобилующего специализированными концепциями, техническими особенностями и широким спектром экспертных знаний, потребует от переводчика ряда этапов подготовки.

**Ключевые слова:** экспертные знания, межкультурная коммуникация, профессиональный перевод.

Tremendous demands are being currently made on society in terms of facilitating expert knowledge dissemination and enriching knowledge flows. It is a fact universally acknowledged that professional communication has always been associated with the need for generating, collecting, conveying, disseminating or sharing expert knowledge between and among expert communities. For these purposes, the language used by expert communities is abundant of technicalities resulting in overcomplicated interdisciplinary and multidisciplinary texts intended to enclose highly specialized knowledge.

Where heavy focus is placed on expert thinking, habits of observation and experience sharing, there is definitely an increased need for reliable translators capable of mediating professional communication and conveying expert channel advice. To a limited extent with a view of not overburdening linguistically-minded translators.

Aspects pertaining to backing up an efficient communication comprise the communicants' shared current concern, their mature professional knowledge, and sufficient background knowledge relevant for the discourse under study. In view of this, the translator's skills should on a mandatory basis incorporate bilingual proficiency, robust cross-culture communication skills, shared knowledge on topics involved in professional discourse mediated by translation. Even where the said skills are available, there still can remain numerous hindrances the translator can encounter when handling technical texts or professional information flows. Thus, prerequisites for professional a successful discourse include the translator's communication competence coupled with language proficiency and solid background knowledge, the latter being largely based on the mature worldview [1, p.76].

Cross-culture communication in the English-Russian language pair within the globalism-driven tendencies is likely to be getting more and more predictable in a righteous way by expert communicants sharing more and more common knowledge via professionally trained translators.

Professional translation is a captivating yet a demanding profession, since it basically requires versatile personality and vast knowledge from those wishing to belong. Any lack of appropriate knowledge – background or specialized – can be easily spotted by the target audience leaving much room for reproach on the part of employers and remorse on the part of the translator himself.

Translation starts at such levels of native and foreign languages proficiency and communicative competence where the source and target languages – each solidly and systematically 'packed' within the translator's mature worldview – coexist with each other on good terms, i.e. complementing and enriching each other [2, p.52].

More often than not, professional translation is a non-routine procedure. Implying an ongoing source-to-target language switch, translation is actually a product of the translator's subjective 'mental metabolism' which involves habitual cognitive mechanisms: inference-making, continuous conceptualization of events, altering vision or worldview to decode and interiorize the source text by mental and associative imagery networking. Background and expert knowledge appear crucial for the translator's processing methods and format.

By and large, translation can be said to somewhat resemble a scanning process occurring within the professional communication framework and aiming at identifying all meaning-bearing elements within the text to enable the translator to correctly convey them switching from the source language to the target language [3, p.52].

In so doing, understanding the message in the source language-text appears crucial for translation practice. What is actually translated in a message or text? Words, or their combinations, or longer stretches of texts, such as phrases and grammatical constructions? The answer is simultaneously "yes" and "no". It is the underlying knowledge verbalized in a source text that is actually conveyed via a switch from one language to another. Therefore, professional translation is a process of transferring expert knowledge from the technical text in the source language into the technical text in the target language. Clearly, understanding a source text is the result of the translator's individual and subjective effort to internalize its substance and verbalize the message conveyed in it, thus enabling the communicants' knowledge sharing.

A source-to-target language switch involves many subtle culture-driven and language-specific 'mental reformatting' exercises: extending and reducing the number of lexical items employed, alternations – often big – in a word order entailing considerable restructuring to fit the target language rules, language-level switch, i.e. grammatical to lexical or vice versa. Indeed, there are many various techniques to compensate for unavailability of certain forms in one of the communicating languages by 'spreading' the meaning over other meaning-carrying elements in the other language [4, p.27].

Translation techniques are being constantly supplemented and renewed by the most recent IT products at the cutting edge of computer technology such as e-dictionaries, translation software, etc. However, the translator's professional success still depends basically on his mature capability which cannot be shaped overnight and requires sustained effort of scrupulous learning, diligent studying, and high motivation.

The implied intricacy behind the translation work which pretends to base itself merely and exclusively on a reasonably sound proficiency in the given language pair is, in fact, determined by multiple other factors including, amongst others, forceful - not necessarily mature - intellect, a taste for a word plus a robust psychological inclination to ever-growing word processing, an irresistible drive towards and overwhelming urge for perfection. All these shape out a professional translator's profile [5, p.86].

The prerequisite for a sustainable translator career is a faculty and aptitude for abstract pattern-building, mental and associative networking, and creativity which would enable the translator's resourcefulness in tailoring ad-hoc tools in many unpredictable translation cases.

The professional translator's personal worldview and imagery are ever-expanding throughout his career into the vast cohesive and consistent networks for ensuring efficient and sustained efforts to process technical meta-and multi-subject texts currently conveyed by expert communities.

What is generally required to do translation work that falls within a specialized, or expert, field? Any text written by an expert or generated through an expert channel advice containing technical or specialized expert knowledge should be attributed to technical profession-specific texts and treated appropriately from the translation standpoint.

The appropriateness of treating a text across any professional communication field is based on accumulating text-specific knowledge. Professional texts are non-routinely comprehensible in their substance or subject matter. Currently, very few texts indeed are monosubject. There is a marked global tendency within expert communities to pool various expertise and dissimilar knowledge together. This results in texts having wide-ranging subject-matter, i.e. a multi-subject nature, or being written ‘crossroads’ of related, border-line, or completely diverse expertise [6, p.5].

The availability of nontransparent, ambiguous or not readily comprehensive stretches in technical source texts may potentially and frequently cause difficulties or failures in comprehending them. Consequently, professional translators working in the English-Russian language pair may often have their creativity challenged by the need to make a remarkable cognitive effort for quick tailoring of nonstandard, irregular, customized, or ad-hoc wording options. Such cases need to be meticulously studied on a case-specific basis to further and enhance translation tools. Also, there are translation cases not difficult to handle in terms of comprehensibility but, rather, they just won’t translate easily. Handling numerous translation cases requires much resourcefulness and expertise which take time and effort to mature [7, p.61].

Technical texts are written to encode not so much general but rather professional experiences and expertise shaped up by years and even decades of field practice. However, the translator anticipating perfectly irreproachable texts from professional communities would make a mistake. Technical source texts may, as well as nontechnical, contain various imperfections and inconsistencies: they may lack much expected cohesion, causing ambiguity.

Basically, there are two ways to approach this issue. The first is to regard technical texts as products of unreachably learned men, abundant in and overburdened with knowledge-specific technicalities and intricately encoded expertise. The second is to regard technical texts as just individual or collective products intended for expert knowledge dissemination and experience sharing. The second way seems more constructive in the way it does not underestimate the translator’s own professional knowledge and expertise needed to do his work professionally [8, p.62].

Navigating through labyrinths of technical texts is generally no easy task unless the translator is well-organized, motivated, and focused. In fact, technical texts are no easier than the rest of the lot in any field: a text may have abundant technicalities intricately worded or may just have a few that can stir you completely distort your attention. Technical terms of law are exactly the case: true expert knowledge, mental alertness, time and enthusiastic input may not prove sufficient for their successful rendering. Major obstacles in comprehending technical texts by the translator are usually his scarce background and specialized knowledge and/or immature language proficiency.

Technical texts are sophisticated documents saturated with multi-subject technical terminology and implicit modality, blending and intermingling within one text stretch. Handling such texts involves an extensive cognitive effort and inferential thinking. Failure to disambiguate difficult stretches in specialist texts may be caused merely by the novelty of a context not encountered before. This necessitates developing the translator’s capability for ad-hoc comprehension [9, p.74].

Largely, they are texts with non-routinely comprehensible wording patterns. Explicit or implicit technicalities across multiple industrial branches, including drilling, require sound background, technical, and expert knowledge. These difficulties can be further burdened by such an objective factor as source and target languages mismatch. The systemic mismatch regarding the English-Russian language pair is summed up as follows:

On the lexical side, technical texts

- are filled with technical realities, *e.g.: long-term anti-spyware tools and consumer education, associated gas improvements guidelines*, often professionalisms or professional jargonisms, such as *adware, pig* conventional wordings, and other untranslatable patterns;

- contain sophisticated linguistic usage, *e.g.: the terms and conditions hereof, and the tariffs and regulations hereinafter throughout the text hereof*, and other field-specific terminology with open-ended meaning, thus denoting ‘all and nothing’ within a technical field, *e. g.: a sufficient cleared balance plus an y unused overdraft facility, overdraft facilities withdrawal; any equipment, software or associated user documentation*; such cases generate ambiguity hindering the ease of finding identifiable linkages within the text or beyond the text and complicating inferential thinking;

- include naming units for social and economic institutions’ hierarchy and in-house departmental positions, such as *Environmental Health Science Associate Professor at Baltimore’s Johns Hopkins Bloomberg School of Public Health, etc.*, which under uncertainty of locations and institutional structures often are nothing but lacunas.

On the grammatical side, technical texts

- convey the meaning of arbitrariness, randomness, conditionality or hypothecation representing respectively an arbitrary, random, conditional or hypothetical action (event, state of affairs, status, etc.) exemplified by many cases of using *Subjunctive Mood* forms, particularly, as regards the events preceding a certain known or implied past event; the subtlety of the English modality is a remarkable mismatch to the Russian modal framework often causing inferential thinking, bridging techniques, and tailored wordings;

- are wrapped up in a sophisticated modal framework (modal verbs and modal constructions) denoting different shades of modal meaning as regards actions, events, and conditions referred to the future, such as *could never have been exposed to, is most (un)likely, it is highly probable*, or the past, such as *could have happened, must have been doing*, etc., expressed by modal verbs in combination with the Perfect Infinitive or Perfect Progressive Infinitive, thus causing lacunas as no such temporal referencing is available in the Russian grammar.

On the syntactical side, technical texts

- contain chain-linked verbs denoting the meaning of intellectual or speech activity, sensing, viewing, desiring, etc., such as *<...>is said to have been closely watching <...>, <...> were seen to have been broadly discussing <...>* requiring much language-level transformation and extensional interpretation;

- are characterized by prolonged text stretches, such as: *to oversee studies that required that research results be allowed to be published; to live by a commitment to making sure that what is produced is the best information research can provide; ... prompted to call for a vigorous investigation to revive a proposal to tighten energy trading rules*;

- include multipart closed-in constructions with partially autonomous status within the sentence, such as: *case management-client involvement, the company’s debt payment waiver, social work case management services operator, the employer-sponsored health insurance premiums, an integrated corporate purchasing database, client-centered social work case management practice*, etc., requiring noticeable language-level transformation and extensional interpretation based on

bridging techniques [10, p.48].

Given this, translating any technical text, i.e. a text abundant in specialized concepts, technicalities, and wide-ranging expertise mix, will necessitate a number of stages to be taken on the translator's part. The structural similarity of source and target texts implies that relationships of equivalence are established between correlated units in the two texts. Target language units in the target text that are used to render the meaning of the respective source language units in the source text can be said to substitute for the latter as their functional equivalents or correspondences. Since language units are often used in their accepted meanings many source language units have regular equivalents in the target language which are used in numerous target texts as substitutes to those units. The translation of technical texts shall give an exact meaning of the source text. Some deviations can be made due to the peculiarities of target language or stylistic issue. It is very important to prevent the loss of meaningful information contained in the source text.

### **REFERENCES**

1. Komissarov V.N. Slovo o perevode. Moskva: "Mezhdunarodnye otnosheniya", 1973. – 216 s.
2. Burak A.L. Perevod i mezhkulturnaya kommunikatsiya: mirivoi uriven'. Moskva, «R-Valent», 2002. – 208 s.
3. Petrova O.V. Vvedeniye v teoriyu i praktiku perevoda. Nizhnii Novgorod, «NGGU im.N.A. Dobrolyubov», 2002. – 84 s.
4. Minyar-Beloruhev R.K. Obshaya teoriya perevoda i interpretatsiya. Moskva, «Voenizdat», 1980. – 237 s.
5. Komissarov V.N., Korrallova A. Praktika perevoda s angliiskogo na ruskiy. Moskva, «Vyshaya shkola», 1990, - 128 s.
6. Imaniyazova N. Nekotorye osobennosti perevoda angliiskih dogovornyh termoniv. Moskva: R-valent, 2007, - 46 s.
7. Arnold I.V. Osnovy lingvisticheskikh issledovaniy. Moskva, 1991 – 189 s.
8. Miram G. Osnovy perevoda. Kiyev, "Nika-centr", 2002, - 248 s.
9. Pivvuyeva U.V., Dvoynina E.V. Posobiye po teorii perevoda (na angliiskom materiale). Moskva, "Vyshaya shkola", 2004 – 193 s.
10. Golikova Zh.A. Perevod s angliiskogo na ruskiy. Minsk, "Novoe izdaniye", 2008, - 287 s.

### **ЛИТЕРАТУРА**

1. Комиссаров В.Н. Слово о переводе. Москва, "Международные отношения", 1973. – 216 с.
2. Бурак А.Л. Перевод и межкультурная коммуникация. Москва, «Р-валент», 2002. – 208 с.
3. Петрова О.В. Введение в теорию и практику перевода. Нижний Новгород, «ННГУ им.Н.А.Добролюбова», 2002. – 84 с.
4. Миньяр-Белоручев Р.К. Общая теория перевода и устный перевод. Москва, «Воениздат», 1980. – 237 с.
5. Komissarov V.N., Korrallova A.L. A manual of translation from English into Russian. Moskva, «Vyshaya shkola», 1990, - 128 p.
6. Sandra Berrmann, Michael Wood Nation, language and ethics of translation. Princeton university press, 2005, - 434 p.
7. Арнольд И.В. Основы лингвистических исследований. Москва, 1991 – 189 с.
8. Мирам Г. Основы перевода. Киев, "Ника-центр", 2002, - 248 с.
9. Пиввуева У.В., Двойнина Е.В. Пособие по теории перевода (на английском материале). Москва, "Высшая школа", 2004 – 193 с.
10. Голикова Ж.А. Перевод с английского на русский. Минск, "Новое издание", 2008, - 287 с.

**А.К.СӘДІБЕКОВ, Ж.С.ЕРГУБЕКОВА, Б.У.АТИКОЛ**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: Askat.sadibekov@ayu.edu.kz)*

### **ЕЖЕЛГІ ТҮРІК РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ТАҢБАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ**

Авторлар бұл мақалада байырғы түрік жазуының қалыптасуына ежелгі түрік ру-тайпаларының таңбалары әсер еткендігін негіздеуге тырысады. Мақалада түрік рунасының қалыптасуына бағытталған өзге де ғалымдардың пікірлері сарапталған. Авторлар қазіргі таңда белгілі түріктанушылардың ғылыми еңбектеріне шолу жасайды.

Тақырып өзегі - көне түрік жазуының батыс елдерінен не болмаса өзге халықтардың жазу әліпбилерінің әсерінен қалыптасқандығы турасындағы пікірлерге қарсы тұжырым жасау. XVII-XVIII ғасырларда түркология ғылымының негізін қалаған Д.Г.Мессершмидт, Ф.И.Страленберг, В.Томсен, В.Радлов сынды ғалымдардың ежелгі түрік жазуының пайда болуы турасындағы пікірлері ой елегінен өткізеді. Өзінің ұстанған көзқарасын ғылыми дәйектеу үшін түркітану ғылымының беделді ғалымдары А.Аманжоловтың, Қ.Сартқожаұлының, Н.Базылханның, А.Қайыржановтың еңбектеріне сүйенген.

**Кілт сөздер:** Көне түрік тілі, Түрік бітік, таңбалар, ру-тайпа таңбалары, түрік руна жазуы, түркітану.

**А.К.Садібеков, Ж.С.Ергубекова, Б.У.Атикол**

### **Древнетюркская надпись, основанная на символах древнетюркских племен**

Авторы стремятся обосновать тот факт, что символы древнетюркских племен повлияли на формирование древнетюркской надписи. В статье рассматриваются мнения других ученых, направленных на формирование турецкой руны. Авторы рассматривают и анализируют научные работы знаменитых тюркологов.

Актуальностью темы являются выводы против идеи, что древнетюркская письменность формировалась под влиянием письменности западных стран или письменности других народов. В статье осмысливаются взгляды на древнетюркскую письменность таких ученых, как Д.Г.Мессершмидт, Ф.Страленберг, В.Томсен и В.Радлов, основавших тюркологические науки в XVII-XVIII веках. Чтобы научно обосновать свою позицию, авторы опирались на работы выдающихся ученых-тюркологов, таких как А.Аманжолов, К.Сартқожаұлы, Н.Базылхан, А.Каиржанов.

**Ключевые слова:** древний тюркский язык, тюркские надписи, символы, племенные символы, тюркские рунические надписи, тюркология.

**A.K.Sadibekov, Zh.S.Yergubekova, B.U.Atikol**

### **Ancient Turkic Inscription Based on Symbols of Ancient Turkic Tribes**

The author seeks to substantiate the fact that the symbols of the ancient Turkic tribes influenced the formation of ancient Turkic inscription. This article discusses the views of other scientists of this research area. The author reviews and analyzes the scientific works of famous turkologists. The topicality of this paper is the conclusions against the idea that the ancient Turkic writing was formed from Western countries or under the influence of other peoples writings. The

article interprets the views of ancient Turkic scripts of such scholars as DG Messerschmidt, F. Stralenberg, V. Thomsen and V. Radlov, who founded the Turkic sciences in the XVII-XVIII centuries. To scientifically substantiate his position, the author relied on the work of eminent Turkologists, such as A. Amanzholov, K. Sartkozhauly, N. Bazykhan, A. Kairzhanov.

**Keywords:** Ancient Turkic Language, Turkic inscriptions, symbols, tribal symbols, Turkic runic inscriptions, Turkology.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» аталатын мақаласында ежелгі түрік бабаларымыздың өркениетке қосқан үлесі тұрғысында үлкен ойларын артқа тартқан болатын. Аталған мақаласында Елбасы: «Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды» [1] деп атап көрсеткен. Ұлы даланы ат тұяғымен дүбірлеткен ежелгі түріктердің биік өркениет қалыптастырғанын жан-жақты таратып айтқан Н.Назарбаев мақаласы көпке ой салды. Президент бүгінгі түркітанушылар мен тарихшыларға үлкен тапсырмалар берді. Аталған міндеттерді орындай отырып, түрік ұрпақтарына бабаларының жүріп өткен жолдары мен өркениеті, мәдениеті турасында дұрыс әрі нақты мағлұматтар беру қажеттілігі баса көрсетілген.

Соңғы жылдары түрік өркениетінің айғағы болған байырғы түрік жазуының генезисін ертедегі түріктердің ру-тайпаларының таңбаларынан қалыптасты деген пікірлер айтылып жүр. Мұның қаншалықты тарихи шындыққа жанасымды екендігін бағамдауда ғалымдардың пікірлеріне сүйенеміз.

«Археологиялық фактілер мен жазба деректерге қарағанда далалық көшпелілер жазу қолданғаны анық. Біздің пікірімізше дәл Хүн дәуірінен түрік бітіктің ілкі идеограмма-таңбалық келбеті айқындала беки бастаған. Осы идеограммалар мен таңбалар ғана түрік бітіктің таңба-әріптерінің фонетикалық (акустикалық емес) сұлбасының сақталуына түрткі бола білді. Сондықтан да Хүн дәуірінде түрік бітіктің идеограмма-таңбалық негізі қалана бастады» [2.102]. Бұл ғалым Н.Базылханның көзқарасы. Ғалым өзінің «Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері» аталатын ғылыми еңбегінде «Түрік бітіктің тарихи-тілдік негіздері: Түрік бітіктің тарихи шығу тегін, даму барысын хронологиялық тұрғыдан екі дәуірге, ал түріктердің өзге әліпбилі (шетел графикасын қолданған) дәуірін үшінші кезеңге бөліп қарастырамыз:

I дәуір. Ататүрік бітік – б.з.д. II мыңжылдық – б.з. I-III ғасырлар.

II дәуір. Түрік бітік – б.з. IV-XI ғасырлар.

III дәуір. Түрік тілді жазулар – б.з. XI-XXI ғасырлар» [3.14].

Ғылыми еңбекте түрік бітіктің қалыптасу кезеңін ежелден бастау қажеттігі сөз болды. XX ғасырдың зерттеулер нәтижесіндегі көне түрік жазуының қалыптасу уақытын белгілеуде жіберілген ағаттықтар туралы қарастырылды. Заттық дәлелдердің ғылыми айналымға түсуі түрік бітіктің қолданысқа ену кезеңін б.з. III-IV ғасырларынан б.з.д. VI-III ғасырларға жылжытуға мүмкіндік беріп отыр.

1950-1980 ж.ж. қазақстандық археологтар көптеген қазба жұмыстарын жүргізді. Ыждаһатты еңбек нәтижесінде мол тарихи жәдігерлерді ғылыми айналымға қосты. Осылайша түркі бабалардың өркениет биігінде ғұмыр кешкендігіне айғақтар табылды.

Сондай деректердің біріне тоқталсақ. XX ғасырда көп жыл түрік бітіктің қалыптасу кезеңіне айғақ боларлық заттық деректер табылмағаны белгілі. Түркітанушы-ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы ғұн жазуына байланысты мынадай деректерді алға тартады: «1982 жылы Моңғол археологтары Бұлғын аймағындағы Бабалы (Өвгөнт) бөктеріне жерленген Хунну моласынан қыруар олжа тапты. Олардың ішінде алтынмен аптап, күміспен күптелген ат әбзелдері, сом алтыннан құйылған 39 қапсырма сияқты мүліктерге қоса, дөңгелек үстіндегі алтыннан шеніп жасаған пенгей (пенгей - медальон, қаңғай - медаль) де бар еді.



Дүние жүзі ғалымдарының зарыға күткені де осы пеңгей сияқты деректі айғақ болатын» -дей келіп, диаметрі 3,5 см болатын пеңгейдің ортасында қауметті коба сақалы, қияқ мұрты бар адамның бейнесі шекілгенін, бейненің екі жағына көне руниканың 9 әрпінен тұратын 4 сөз жазылғанын айтады. Жазудың транскрипциясында «Ой - Сеңгір», «Елші ынты» деген сөздер бар екен [4.455-456]. Жоғарыда келтірілген тарихи деректер ғұндардың өзіне тән жазуы болғандығын ғылыми тұрғыдан дәлелдей түседі.

Қазіргі таңда байырғы түрік жазуы қашалған ескерткіштер еліміздің аумағынан көптеп табылуда. Археолог ғалымдардың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде, ежелгі түрік даласының тарихи жауһарлары ғылыми айналымға қосылуда. Мұндағы жазуларды оқу, оны бүгінгі тілге аудару қажырлы еңбек пен телегей білікті қажет етеді. Ғалымдар Күлтегін жазуына дейін бабаларымыз тұтынған жазудың болғанын айтып жүр. Бүгінгі таңда байырғы түрік жазуын бабаларымыз XV ғасыр бойы қолданғандығы жөнінде мәлімдеген. «Руникалық әліппені VI ғасырдың аяқ кезінде Естеми қаған одан әрі шындай түсті. Ол халықаралық қатынастарды, атап айтқанда, Византиямен күрделі дипломатиялық келіссөздер жүргізу үшін қажет болған еді. Түркі әліппесі өзінің қарапайым әрі жеңілдігі арқасында орасан зор кеңістікте мейлінше тез шапшаңдықпен тарады. Мұның өзі оның кең көлемде меңгерілуіне мүмкіндік берді» [5.100]. Демек көне түрік жазуы халықаралық дәрежедегі жазу болған деп негіздеуге де толық мүмкіндік бар.

Ал, енді осы түрік бітіктің түркілердің төл жазуы екендігін қалай дәлелдейміз? Біздің бұлай сенімді түрде айтуымызға қандай негіз бар? Міне осы сұрақтарға жауап іздеп көрсек.

XX ғасырдың екінші жартысында түркологтардың байырғы түрік жазуының генезисі төңірегінде түрлі болжамдар болды. Әдепкідегі Жерорта теңізі руналарының негізінде құрылған деген пікірге келіспейтін ғалымдар да болды. Әртүрлі нұсқа ұсынған ғалымдардың қатарында нанымды ұсыныс білдірген ғалымдардың бір тобы, түрік бітіктің негізі түрік ру-тайпаларының таңбалары болуы мүмкін деген тұжырымы еді. Мұндай көзқарастағы ғалымдар қатарында П.М.Мелиоранский, Н.Маллицкий, А.Соколов, И.А.Батманов, А.Дж.Эмре, Ә.Марғұлан және т.б. бар еді.

Н.Базылхан ерте замандағы түркілердің жазуы қалыптасуына әсер еткен таңбалар екеніне сенім білдіре отырып, өз ойын былай жеткізеді: «Түрік бітіктің өзі таңбалар мен пикто-идеограммалық негізде пайда болды деген пікір ғылыми тұрғыдан көңілге қонады. Олай дейтініміз сол таңбалар кезінде жазу-сызудың қалыптасуына әсер еткен алғашқы элементтер еді, солар арқылы түрік бітік фоно-морфемдік әліпби дәрежесіне жетті.

Еуразия даласындағы көшпелілер мекендеген аймақтарда кездесетін, тарихи бастауы тас және қола дәуірлерінде жатқан сан мыңдаған петроглифтер, сурет, таңба, идеограммалар жазу-сызудың «алғашқы ілкі үлгілері» деуге болады. Алтайлық тектіл теориясы тұрғысынан алғанда мұндай құбылысты жалпы адамзат тіл-үн қата бастаған дәуірлердегі белгілі бір пиктограммалар, идеограммалар арқылы фонациялық, дыбыстық құрылымның белгіленуі, «тіл бітуі» деп түсінген жөн. Бұл, әрине, ұзақ уақытқа созылған үрдіс екені белгілі. Хұн, сянби, тоба, жужан, түрік мемлекетерінде түрік тілінің табиғи болмысын нақты айқындау үшін тіл тұтастығын сақтаудың орны ерекше болды. Ататүрік бітіктің ілкі таңбалары, соның негізінде орныққан әліпби құрамы түрік бітіктің қалыптасуына негіз болды» [3.21].

Ғалымның ойын ғылыми негіздеуге себеп жоқ емес. Түркі халықтарының ру-тайпаларының негізінде көне түрік жазуының қалыптасуы әбден мүмкін. Себебі бүгіндегі қазақ руларындағы және өзге түркі халықтарындағы сақталған белгі таңбалардың болуы және оның түрік бітіктегі фонеманың графикасымен сәйкес келуі біздің ойымызды нақтылай түседі (1-кесте).

Кесте 1 - Қазақ халқының ру таңбалары. (<https://kk.wikipedia.org/wiki/>)

Қазақ жүздері	Таңбалық белгілері
<u>Ұлы жүз</u> руларының таңбалары	
<u>Орта жүз</u> руларының таңбалары	
<u>Кіші жүз</u> руларының таңбалары	

П.Злобин өзінің «Тюркская письменность произошла от родовой тамги» аталатын мақаласында түрік бітіктің қалыптасуы ұзақ ғасырлардан жалғасқан таңба-белгілерден бастау алатынын жазады: «Еще в конце XIX века видный немецкий ученый А.Шифнер сделал предположение о самостоятельном происхождении древнетюркского письма на основе родовых тамговых знаков прототюркских скотоводческих племен. Позицию Шифнера поддержал выдающийся русский ученый-востоковед Н.Аристов, который, доказывая местное тамговое происхождение тюркских рун, выявил внешнее сходство с ними 29 из 38 знаков орхон-енисейского алфавита. Позднее эту точку зрения отстаивали русские ученые Н.Маллицкий и А.Соколов, а в наше время И.Батманов, заявивший о наиболее вероятном происхождении древних тюркских рун из «...местных тамг и других идеограмм» [7].

Тарихшы ғалым К.Торланбаева ежелгі түркілердің жазу-сызу мәдениетінің ертеден бастау алғанын жазады. А.Аманжоловтың көне түрік жазуының генезисі бойынша айтқан ойларына сүйене отырып, ғалымның мына пікірін келтіреді: «Палеографические и фонологические связи тюркских рунических знаков (графем) свидетельствуют о длительной эволюции тюркского рунического письма в процессе становления древнетюркской речи, завершившийся в общих чертах не позже IV-I тысячелетий до н.э. Следовательно, тюркский рунический алфавит, история и генетические связи которого получают принципиально новое освещение, может стать исключительно важным источником для исторической фонетики тюркских языков» [8.158].

А.К.Каиржанов «Генезис тюркского рунического письма (на материале тамги-знаков евразийских кочевников)» аталатын Мақаласында ежелгі түркі руникалық әліпбиінің шығу мәселелерін қарастырады. Автор руна жазуының шығуының финдік-арамейлік болжамы мен соғды теориясы атты екі көзқарасты сынайды. Аталған жұмыста екі дәуірдің қиылысында Ұлы даланы мекендеген түркі тайпаларына тән таңба және таңба тәрізді белгілер негізінде құрастырылған көне түркі руна әліпбиінің таңбалық (пиктографиялық) қалыптасуының теориясын негіздейді.

Бүгінгі күнге дейін түрік бітіктің қалыптасуы төңірегіндегі негізгі ойларды саралай келе былай дейді: «По проблеме происхождения тюркской руники существует три подхода, три гипотезы: 1) влияние финикийского (арамейского) письма; 2) в основе тюркских рун лежит согдийское письмо; 3) основой тюркских рун является эволюция тамги и тамгообразных знаков-пиктограмм» [9.12].

Автор көне түрік жазуының генезисін таңбалардан, таңбатектес белгі-пиктограммадан құралды деген пікірді негіздейді. «В древнейшую эпоху тамги были символами в культурной жизни кочевников, которые обладали особой мифологической сутью. Прежде всего, тамга отражает статус и независимость конкретного рода или племенного союза. Например, каждый из 24-х огузских родов и многочисленных кыпчакских племенных союзов имели свою собственную тамгу, которым отмечали ареал своего обитания в кормящем и вмещающем ландшафте. При помощи тамги они помечали внешнюю границу племени, рода или пределы тюркских государств» [9.15].

Таңбаларды салыстырмалы түрде зерттеген ғалым түрік бітіктегі таңбалар мен көшпенділердің таңбаларын сараптай келе, 32 таңбаның дәлме-дәл сәйкес келгенін жазады (2-кесте). Графикалық үлгісі өзгеше болған 10 таңбаның ежелгі өзге алфавиттер негізінде пайда болуы мүмкін екендігін немесе әліпбиді жасау барысында ешбір алфавитке тәуелсіз, жасақталған болуы ықтимал деген көзқарасын білдіреді.

Таңбалық (пиктографиялық (идеографиялық) теорияның толық ғылыми негізделмегендігін өкінішпен жазған автор, мұның нақтыланбауының себебін еуразиялық көшпенділер таңбаларының толыққанды жинақталмауынан деп түсіндіреді. Мұнан әрі өз ойын: «Кроме того, нельзя объяснить происхождение тюркских рун, опираясь, например, на тамги только одной Монголии и на неполное собрание тамги Алтая. Это касается некоторых квазинаучных публикаций на одной шестой части суши. Кстати, подобную назойливую бесталанную публикацию наблюдаем за последние годы в республике Казахстан. Эти авторы считают, что их труды - последнее и окончательное слово в рунологии. К сожалению, эти авторы не смогли привлечь для анализа материалы из трудов следующих ученых: С.Аманжолова, О.Акчокраклы, И.Баски, В.В.Вострова и М.С.Муканова, А.Н.Гертмана, В.С.Драчука, Э.Махмута, М.Ч.Кудаева, П.И.Кеппена, П.Небольшина, В.С.Ольховского, Э.И.Соломоника, Э.Триярского, В.И.Филоненко, С.А.Яценко и др.» [9.14] деп сабақтайды.

Түркі өркениеті мәселелерін қарастыра отырып, түркі жазуын, олардың діни наным-сенімдерін, дүниетанымдық көзқарастарын тек қана өткен тарихтың еншісі ретінде ғана қабылдап қоймай, оны халқымыздың бүгінгі тыныс-тіршілігінің рухани сұранысына бағытталған тарихи санамыздың орнығуына тікелей қызмет ететін бағытта қарастырудың маңыздылығын атап өтуіміз қажет. Осы тұрғыдан келгенде отандық зерттеушілердің алдында үлкен міндеттер тұр. Президент Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» аталатын мақаласындағы басты міндеттер мен тапсырмаларға орай өз пікірімізді білдіргім келеді.

2-Кесте. Байырғы түрік жазуының ру-тайпалардың таңбаларымен салыстырылуы (А.К.Каиржанов. Генезис тюркского рунического письма (на материале тамги-знаков евразийских кочевников)

№	Талас рунасы	Енисей рунасы	Орхон рунасы	Белгісі	Таңбалар
1	2	3	4	5	6
1.	!	!	!	s'	!
2.	⊕ ⊗ ⊘ ⊙ ⊚	⊗ ⊘ ⊙ ⊚ ⊛ ⊜	⊗ ⊙ ⊚	m, m'	○ ○ ⊗ ⊚ ⊛
3.		↓ ↑	↓	q - o, u	↓ ↑
4.	! !	! ⊗ ⊘ ⊙ !	!	ī, i (e)	!
5.	> <	> <	> ε ε	o, u	> ^
6.	≈	≈ h	♂ ♂ h	t	h ♂
7.	∫	∫ ∫ ∫ ∫ ∫	∫ ∫ ∫ ∫	b	∫ ∫
8.	χ	∫ ∫ ∫ ∫	∫ ∫ ∫ ∫	b'	∫ ∫ ∫ ∫
9.	λ	λ λ γ	λ γ	ē, ē'	γ * λ γ λ
10.	x	x + ⊗ ⊛	x +	d' (t')	x ± +
11.	ε ε	ε λ ε ε	ε	g'	ε
12.	∅ ∅	∅ ∅ ∅ ∅ ∅ ?	∅ ∅ ∅	j	∅ ∅ ∅ ∅ ∅
13.		∅ ∅ ∅ ∅ ? ∅ ∅ ∅	∅ ∅	j'	∅ ∅ ∅ ∅ ∅
14.	И И	И И И И	И И	q	И Ӣ
15.		↓ ↑	↓	q - o, u	↑ ↓
16.		▷ ◁ ▽	▷ ◁	q - i	▷ ▽ ◁
17.	э э	э э х ф	э э э	h'	э э
18.		В В В В	В В В В	k' - ō, ū	В В
19.	↓ L	↓ L M Y	↓ Y	l	Y
20.	Y	Y	Y	l'	Y
21.	∫ ∫	∫ ∫ M	∫ ∫	n	∫ ∫ ∫ ∫ ∫
22.	∫	∫ ∅ ∅ ∅ ∅	∫	ŋ, ŋ'	∅ ∫ ∅
23.	∫ ∫ M	∫ ∫ Y ∫ ∫ ∫	∫ Y	r	∫
24.	Y	Y	Y	r'	Y Y
25.	Y Y	Y Y ∫	Y Y ∫	s	Y
26.	∫ ∫	∫ ∫ ∅ ∅ ∅ ∅	∫ Y ∅	š	Y ∫ ∫ ∅
27.	И	И И И И И	И И И	t'	И
28.	∫ ∫ ∫ ∫ ∫	∫ ∫ ∫	∫ ∫	š'	∫ ∫ ∫
29.	^	Y ∫ ∅ ∅	∫ I	z, z'	Y ^
30.		M	M	lt, l't'	M M M
31.	⊙	⊙ ⊙	⊙ ⊙ ⊙ ⊙ ⊙	nt, n't'	⊙ ⊙
32.		⊗	⊗	rt	⊗ ⊗ ⊗

Біз түрік өркениетін кешенді түрде, ғылыми тұрғыдан әдістік, әдістемелік, теориялық мәселелеріне де, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени, саяси мән маңызына да қатысты аспектілері бойынша қарастыруымыз қажет. Түркілердің отырықшы мәдениеті, жазуы, тілі, әдебиеті, дәстүрлі мәдениеті, тарихы, дүниетанымы туралы мәселелердің ең алдымен тарихи негіздерін зерттеу қажет. Басқаша сөзбен айтқанда, түркілердің өркениетін әлемдік тарихи үрдістермен үйлестіре отырып, оның тұтастай жалпы адамзаттық нышандары, әлем тарихындағы орны мен рөлін айқындап алуымыз қажет. Осы күнге дейін тарих ғылымында үстем болып келген еуроцентристік көзқарастарды әшкерелей отырып, түркі өркениетінің лайықты бағасын беру күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып қала бермек. Ежелгі түріктердің өркениеті б.д.д. өркендегенін жақсы білеміз. Олардың тұрмысында қолданған бұйымдары, құрал-жабдықтары, тау аңғарларында қашап қалдырған философиялық туындылары осындай пікір қалыптастырды. Алғашқы жазу-сызуды қолданған түріктердің артында толық зерттелмеген мол мұралар бар.

Н.Константинов, В.Соенов, С.Трифанова, С.Святко ежелгі түріктердің мәдениеті мен тарихын талдаған ғылыми мақаласында ежелгі түріктердің мәдениетін зерттей келе, олардың қайтыс болған кісілердің мүрдесіне жылқы мен адамды бірге қою дәстүрі маңызды рөл атқаратынын жазады. Бұл дәстүрдің б.д.д. IX-VIII ғасырларда алғаш рет Алтайдан басталғанын тұжырымдайды. Ғалым А.А.Тишкин, Е.М.Тостчакова, С.И.Руденколардың пікірлеріне сүйене отырып түрік өркениетінің қалыптасу жайындағы ойларын баяндайды. «As we shall see below, in the study of Türkic culture, an important role is assigned to burials consisting of humans and horses. Burials with horses first appear in the Altai in the 9th–8th century BC (Tischkin, 2011: 278). The tradition of placing a horse in a grave along with its owner continued in the region until the 1930s (Tostchakova, 1978: 128–129, 141). The Early Iron Age saw the development of the famous Pazyryk Culture (5th – 3rd centuries BC). Pazyryk frozen tombs received international recognition thanks to the exceptional preservation of a variety of finds consisting of organic materials, embalmed human mummies, and the bodies of horses (Rudenko, 1953, 1960; Polosmak, 2001).»[10.4].

Жоғарыдағыдай нақтылы пікір білдіруімізге де себеп жоқ емес. XIX-XX ғасырларда Еуропа ғалымдарының асығыс, атүсті шығарған тұжырымдары бүгінгі күні өз маңызын жойып, жаңсақ екендігі анықталып отыр. Біріншіден: Тарихи деректерге тұщымды көңіл бөлінбеген. Ежелгі өркениеттің көркін үрлеген түріктердің тарихы ескерусіз қалған. Сонымен қатар сақтар мен ғұндардың еуропалық патшалықтарды жаулап алып, билік құрған уақыттарындағы мәдени экспанцияның үлес салмағы таразыланбаған. Екіншіден: Ежелгі түріктердің б.з.д. өмір сүру дағдылары, өркениеті, мәдениеті туралы деректер ескерілмеген. Ежелгі түріктердің қолөнері, олардың зергерлік бұйымдары, тұрмыста тұтынған заттары, қару-жарақтардың модельдеріне мән берілмеген. Үшіншіден: Түрік бабалардың діни сенімдері туралы көзқарасы, олардың қоршаған ортаның жаратылысы туралы пәлсәфалық түсініктері назардан тыс қалған. Ежелгі сақ, ғұндардың діни сеніміндегі тәңіршілдік, жаратуштра туралы нанымдарына мән берілмеген. Әрбір қоғамдағы сенімнің деңгейінен, олардың дүниетанымының өлшенетініне көңіл бөлінбеді. Төртіншіден: Көне түріктердің үлесіне енетін тарихи жәдігерлердің тұтынылған кезеңдеріне байланысты деректерге мойынсұнбауы. 1960-1980 жылдары табылған б.з.д. V-IV ғасырларда қолданылған әшекейлер, тұрмыстық заттар, зергерлік бұйымдардың хроникалық деректері ескерілмеген. Аталған заттардан табылған ежелгі түрік бітіктердің маңызына ден қоя отырып, оның

хронологиялық маңызын аша түсуді қажет етеді. Бесіншіден: Ежелгі түрік тайпаларының құрал-саймандарды көнеден қолдануы, тасқа қашап сурет салу дәстүріне назар аудару. Петроглифтер мен таңбалы-идеограммаларды қашап қалдырған түріктердің тасқа жазу дәстүрінің ежелден бастау алатыны қаперге ілінбеген. Алтыншыдан: Ежелден бүгінгі ұрпақтарында сабақтастығын жалғап келе жатқан түркілердің таңбалық дәстүрі мен мәдениетін ескерусіз қалдырған. Қазіргі таңда қолданыста жүрген рулар мен тайпалардың, ұлыстардың таңбалық дәстүріне көңіл аудармаған. Бүгінгі күнге дейін атадан жалғанып келе жатқан таңбалар мен түрік бітік таңбаларының графикалық ұқсастықтары назар аударарлық айғақ екеніне мән бермеген.

Мақаланы жазу барысында осы күнге дейін түркі әлемін зерттеген ғалымдардың түрік жазуының қалыптасуына бағытталған еңбектерін зерделеп, көне түрік жазуының ежелгі түріктердің төл жазуы болғандығына көзіміз жетті. Түрік бітіктің сыртқы факторлардан енген руникалық жазу екендігі жөніндегі пікірдің қате тұжырым болғанын дәлелдеуге жан-жақты іздендік.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. // <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html>
2. Базылхан Н. Түрік бітіктану саласының теориялық мәселелері: тарихи-мәдени аспектілері. Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. –Астана: Ер-Дәулет, 2004. -232 бет.
3. Базылхан Н. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 2-том. –Алматы: Дайк-Пресс, -2005 ж. -245 бет.
4. Сартқожаұлы Қ. Хунну жазуы. // Әлем.Альманах. 1. Алматы, 1991.
5. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында». Алматы: – Атамұра, 2003. 288 б.
6. Қазақ рулары. [kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ\\_рулары](http://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ_рулары)
7. Злобин П. Тюркская письменность произошла от родовой тамги // «Комсомольская Правда» 26.04.2017. <http://www.kp.kz/3252>
8. Торланбаева К.У. Тюркские рунические памятники как источник по истории Казахстана. Reports of the national academy of sciences of the republic of Kazakhstan. Volume 3, number 307 (2016), 156 – 166. ISSN 2224-5227
9. Каиржанов А. К. Генезис тюркского рунического письма (на материале тамги-знаков евразийских кочевников) / А. К. Каиржанов // Мова. - 2014. - № 22. - С. 12-24. ISSN 2307-4558.
10. N.Konstantinov, V.Soenov, S.Trifanova, S.Svyatko. History and culture of the early Türkic period: A review of archaeological monuments in the Russian Altai from the 4th–6th century AD. Archaeological Research in Asia. Available online 29 June 2018 ISSN 2352-2267 <https://doi.org/10.1016/j.ara.2018.06.002>

### **REFERENCES**

1. Nazarbaev N. Uly dalanyń jeti qyry. // <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html>
2. Bazylyhan N. Túrik bitiktanyń salasynyń teoriyalyq máseleleri: tarıhı-mádeni aspektileri. Kóne túrki jazýларының zerttelýi: búgini men bolashagy. –Astana: Er-Dáýlet, 2004. -232 bet.

3. Bazyłhan N. Qazaqstan tarihy týraly túrki derektemeleri. 2-tom. -Almaty: Daik-Press, - 2005 j. -245 bet.
4. Sartqojaulı Q. Hýnný jazýy. // Álem.Almanah. 1. Almaty, 1991.
5. Nazarbaev N.Á. «Tarih tolqynynda». Almaty: – Atamura, 2003. 288 b.
6. Qazaq rýlary. [kk.wikipedia.org/wiki/Qazaq\\_rýlary](http://kk.wikipedia.org/wiki/Qazaq_rýlary)
7. Zlobin P. Tıyrkskaia pısmennost proizoshla ot rodovoi tamgi // «Komsomolskaia Pravda» 26.04.2017. <http://www.kp.kz/3252>
8. Torlanbaeva K.Ý. Tıyrkskie rýnicheskie pamiatniki kak istochnik po istorii kazahstana. Reports of the national academy of sciences of the republic of Kazakhstan. Volume 3, number 307 (2016), 156 – 166. ISSN 2224-5227
9. Kaırjanov A. K. Genezis tıyrkskogo rýnicheskogo pisma (na materiale tamgi-znakov evrazijskih kochevnikov) / A. K. Kaırjanov // Mova. - 2014. - № 22. - S. 12-24. ISSN 2307-4558.
10. N.Konstantinov, V.Soenov, S.Trifanova, S.Svyatko. History and culture of the early Tıurkic period: A review of archaeological monuments in the Russian Altai from the 4th–6th century AD. Archaeological Research in Asia. Available online 29 June 2018 ISSN 2352-2267 <https://doi.org/10.1016/j.ara.2018.06.002>
8. Torlanbaeva K.W. Tyurkskie rwnıçeskie pamyatniki kak istočnik po istorii kazaxstana. Reports of the national academy of sciences of the republic of Kazakhstan. Volume 3, number 307 (2016), 156 – 166. ISSN 2224-5227
9. Kaırjanov A.K. Genezis tyurkskogo rwnıçeskogo pisma (na materiale tamgi-znakov evrazijskix koçevnikov) / A. K. Kaırjanov // Mova. - 2014. - № 22. - S. 12-24. ISSN 2307-4558.
10. Konstantinov N., Soenov V., Trifanova S., Svyatko S. History and culture of the early Tıurkic period: A review of archaeological monuments in the Russian Altai from the 4th–6th century AD. Archaeological Research in Asia. Available online 29 June 2018 ISSN 2352-2267 <https://doi.org/10.1016/j.ara.2018.06.002>

ӘОЖ 342.56

МҒТАР 10.07.01

**Б.И.НАҚЫПОВ<sup>1</sup>, А.А.АЛАЙДАРОВ<sup>2</sup>**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: <sup>1</sup>balgabay.nakyp@ayu.edu.kz, <sup>2</sup>akadil.alaidarov@ayu.edu.kz)*

### **ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Мақала болашақ мамандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің қалыптастырудың маңыздылығына арналған. Мақаланың мақсаты болып демократиялық мемлекеттің даму үрдісінде азаматтардың құқықтық санасының деңгейін арттыру үшін мемлекеттің негізгі күш-жігері құқықтық насихатты (қоғамдық заңдық білім беруді жандандыру) кеңейтуге және азаматтық қоғамның тиімді институттарын дамытуға бағытталуы талдап зерттелген. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық санасын, құқықтық сауаттылығы мен мәдениетін жоғарылату, заңдарды сақтамауға және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасын тәрбиелеудің маңыздылығына ерекше көңіл бөлген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізгі факторлары сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім және тәрбие болып табылатынын, сонымен қатар жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің деңгейін арттырудың зор маңызы бар екенін қорытындылаған.

**Кілт сөздер:** құқық, мәдениет, тұлға, құқықтық мәдениет, демократиялық мемлекет және оның құндылықтары, азаматтық қоғам, құқықтық білім беру, құқықтық тәрбие.

**Б.И.Накипов, А.А.Алайдаров**

### **Значение развития правосознания и правовой культуры**

Данная статья посвящена значимости развития правосознания и правовой культуры специалистов в процессе образования. В статье проанализировано, что основные усилия государства для повышения уровня правового сознания граждан в процессе развития демократического государства направлены на расширение правовой пропаганды (активизацию общественного юридического образования) и развитие эффективных институтов гражданского общества. В этом цель статьи. Так же особое внимание уделено повышению правового сознания, правовой грамотности и культуры граждан, соблюдению законодательства и воспитанию нетерпимости к коррупции. В итоге отмечено, что основными факторами формирования антикоррупционной культуры являются антикоррупционное образование и воспитание, а также большое значение имеет повышение уровня правовой культуры личности.

**Ключевые слова:** право, культура, личность, правовая культура, демократическое государство и его ценности, гражданское общество, правовое образование, правовое воспитание.

**B.I.Nakipov, A.A.Alaidarov**

### **The Value of the Development of Legal Awareness and Legal Culture**

This article is devoted to the analysis of the legal culture of civil society. The purpose of the article is to highlight the value orientations of the legal culture of the Republic of Kazakhstan in the process of developing a democratic state. The essence and structure of legal culture and its features



are considered in the article. The author pays special attention to the study of the value aspects of the legal culture of the Republic of Kazakhstan in the development of a democratic state and the formation of a civil society. The author concludes that the main factors are the formation of an anti-corruption culture of anti-corruption education and training, and great importance is increasing the level of legal culture of the individual. In addition, the main approaches to understanding legal culture have been studied. The scientific work is written on the basis of scientific research of Kazakhstan and foreign authors on the nature of law, legal culture, its values in the formation of civil society and the rule of law in the Republic of Kazakhstan. It concludes that the main principle of civil society advocates free and comprehensive development of the individual in society, and that civil society starts with the appearance of the citizen as a free member of society who is aware of its purpose, endowed with a set of rights and freedom and the duty of responsibility for their actions to the society.

**Keywords:** law, culture, identity, legal culture, a democratic state and its values, civil society, legal education, legal upbringing.

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы», деп басталатын біздің Конституциямыздағы осы сөздерде мемлекеттілігін жаңғыртып, жаңа әділетті қоғам орнатуды мұрат тұтқан сан ұрпақтың тарих сабақтастығы тоғысып жатыр. Мемлекет - аумақтың тұтастығы, азаматтардың топтасқандығы, билік институттары ғана емес, біз сонымен атар ол өз бойына алдыңғы ұрпақтың өмір тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген ізгі үмітін сіңірген Конституция деп те білеміз [1].

Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс [2].

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [3].

Жоғарыда аталған Елбасымыздың басты мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа ала отырып, мынаны атап өткіміз келеді. Еліміз көптеген өзгерістер мен толықтыруларға және жаңа заман ағымында алда жүруге барынша күш-жігерін салып жатыр. Алайда, Қазақстан заңнамалары мен кодекстеріне біршама өзгерістер енгізсе, еліміздің экономикасы мен даму үрдісі әлдеқайда алға қарай жылжыр еді. Елімізде әлі де болса, жемқорлық пен заңсыздық басым. Қазақстанның әр азаматы осы жемқорлық пен заңсыздыққа жол бермеудің амалдарын қарастырса, біздің болашағымыз бұдан да жарқын болмақ. Ол үшін азаматтардың құқықтық сана мен құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейде болуы қажет. Халық көп жүретін мекемелер мен халыққа қызмет ету орындарында ақпараттық нұсқаулықтар мен ескертулер, «Заңсыздыққа жол жоқ» тәрізді бейнелі суреттер, заң бұзылған жағдайда қолданылатын жаза түрлері: штраф, арест, бас бостандығынан айрылу т.б. ақпараттар халықтың көз алдарында жиірек болса, заң бұзушылыққа жақын тұрған азаматтардың жүректеріне патриоттық сезім ұшқыны бір сәтке де болса, орнар еді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының негізінде жаңа конституциялық құқық түзілді, оған сәйкес біздің мемлекетіміз үшін неғұрлым қолайлы президенттік басқару нысаны берік орнықты. Мемлекеттік біртұтас биліктің үш тармаққа бөлінуі жүзеге асты.

Конституциядағы қоғам мен мемлекет қызметінің түбегейлі принциптері туралы айтылғандарды ескере отырып, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты қоғамдық та, мемлекеттік те институттар қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстанның көпұлтты халқының достығын нығайту мен мемлекеттің тәуелсіздігін бекітуде қазақстандық патриотизм принципінің маңызы зор. Оны нығайту үшін мемлекеттің, қоғамдық институттардың, отбасы мен мектептің бірлескен күш-жігері қажет.

Құқықтық саясаттың құрамдас бөлігі, елдің индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз етудің, оның зияткерлік әлеуетін арттырудың маңызды шарты болып табылатын ғылыми және білім беру қызметін құқықтық реттеу болмақ.

Ғылым - білім беру қызметінің құрамдас бөлігі, өз кезегінде, құқықтық білім беру, құқықтық насихат, яғни құқықтық мәдениет мәселелері болып табылады. Осыған орай, азаматтардың құқықтық санасын, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер арасында заңгерлік сауаттылықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Халық арасында интернет-ресурстарды қоса отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқықтық насихаттың сапасын арттыру мен көлемін кеңейту, заңнаманы және құқық қолданудың өзекті проблемалары бойынша, атап айтқанда, азаматтардың күнделікті өмірінде жиі қолданылатын құқық салаларында ғылыми зерттеулерді жандандыру қажет [4].

Ел Конституциясында Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы - адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп тайға таңба басқандай жазылған. Өйткенмен, сананы тұрмыс билеп тұрған елде тасқа басылғанның кәдеге жарауы екіталай. Оның басты кінәраты - көпшілік өз құқықтарын мүлде біле бермейді. Біледі дегеннің өзінде, көкесі барлар немесе қалтасы қалындар «низамды» да қапы қалдырып кетеді. Сондықтан осы саланың олқы түсіп жүрген тұстары жеделдете жетілдіруді талап етеді.

Құқықтық сана - қоғамдық сананың бір түрі. Саяси және моральдық санамен тығыз байланысты. Мазмұны жағынан тиісті мемлекетте қолданылып отырған құқық нормалары, заңдық пен құқықтық тәртібі қылмыс және оны жазалау қоғам мүшелерінің құқықтары мен көзқарастары жатады. Қылмыстылықтың өршіп, азаматтардың әлеуметтік қорғалуының деңгейі төмендеген кезде азаматтарға олардың құқықтарын түсіндіру, олардың мүмкіндіктерін айқындаудың маңызы өте зор.

Әдетте біз заң бұзылғанда немесе жемқорлыққа қатысы бар болғанда анықтап жазаға тартамыз. Ал оның не себептен қылмысқа барғандығына, оның шығу тегіне және қоғамдағы әлеуметтік жағдайларына жете мән бермей, бір жақты қараймыз. Бәрімізге белгілі, заң ақиқаттың соңғы нүктесі, адамдар заңды орындау керек, оны талқылауға болмайды, бірақ сол заңды бұзып отырған қоғамда қаншалықты құқықтық сана, құқықтық мәдениет қалыптасқаны бүгінде өзекті мәселе болып отыр [5].

Қазақстандық қоғамдағы құқықтық мәдениет деңгейін қарастыра отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын насихаттауға бағытталған ұлттық идеяның қажеттілігін айта кету қажет. Қазіргі таңда біздің қоғамда келешектегі даму ориентірінің қалыптасу деңгейі өте нашар, ал барлық мемлекеттік саясаттың өзі осы ориентірлер негізінде құрылатынын ескерсек, бұның неге апарып соқтыратыны айқын. Жоқ болып кеткен әлеуметтік саяси құндылықтар қоғамға өзінің кері әсерін көптеп тигізуде. Осының негізінде мемлекет азаматтарды қорғау функциясын белгілі бір дәрежеде жүзеге асыра алмай отыр.

Қазір мемлекет екі параллельді әлемде қатар өмір сүріп келеді; оның бірі – фантомдық легитимділік, яғни заңның қағаз жүзінде ғана болуы, ал екіншісі - біздің қоғамның нақты жағдайы - онда заң да, құқық та қағаз жүзінде қала береді. Бұл құқықты әлеуметтік

құндылық ретінде жоққа шығарып, құқықтық нигилизмге әкеліп соғады. Бұндай жағдайдың орын алу себебі - қазақстандық экономика деңгейі және көптеген азаматтардың өмір сүру деңгейінің құлдырауы. Қоғамда ертеңгі күнге деген сенімсіздік, үмітсіздік дерті өршіп келеді. Бұның барлығы әлеуметтік теңсіздік негізінде болып отыр.

Мынаны атап өткен жөн: қазіргі қоғамның батыстық сипат алуы қалыптасқан әлеуметтік бақылау нормаларына түбегейлі қайшы келуде. Жастардың қалыптасқан әлеуметтік бақылау нормаларымен келіспейтіндігі, қазіргі қоғамдағы құқықтық мәдениет және тәрбие деңгейін құлдыратуы мүмкін, ал аз ғана уақыттан кейін бұл қылмыспен күресу деңгейінің де құлдырауына әкеліп соғатындығы рас. Сондықтан біздің еліміз секілді жас мемлекетке идеалды модель ойластырып табу керектігін атап өткім келеді. Міне, соның негізінде құқықтық мәдениетті әлеуметтік құндылық ретінде танытуға болады. Бұл орайда баспасөз ақпарат құралдарының шексіз мүмкіндіктерінің бар екендігін атап айтайық және осы шексіз мүмкіндіктерді Қазақстан Республикасының гүлденуі үшін жұмыс жасатуымыз керек.

Сондықтан, Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің дамудың басым бағыттарын жүзеге асырғанда мақсатты-бағдарламаларды қолданудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі зор.

Еліміздің өркендеп, алдыңғы қатарда көріну үшін заң қатал, әрі жүйелі болу керек. Құқық тәрбиесін, оқу мен білім алудың негізі деп түсіну, жеке тұлғаның өз ерік-қайрат, жігерімен еркіндік ниетін іске асыруы деп айтуға болады. Ол еңбек пен қоғамдық еңбектің тұтастығын, бірлігін - парасаттылық пен инабаттылықтың, білімділіктің, тұлғалықтың, ісіне талғамын, үлгілері - өмірдің, тіршіліктің, жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етеді. Ең бастысы: еңбек пен адамгершілік сапасын қалыптастырады, адамды, жастарды эстетикалық рухта тәрбиелеп, жалпы адами және адамгершілікке бейімделген құқықтық нормаларды айқындап, оларды жарқын болашаққа шақырады, материалдық игілікке жол ашады. Қалыптасқан жүйелі тәртіп ережелері – адамды жан-жақты дамыған, ғұламалыққа көтереді, баулиды, жетелейді. Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып қалыптасқан құқықтық нормалары еңбекке, адамгершілікке, ақыл-ойға, парасаттылық пен инабаттылыққа негізделген, үлкен мәдениеттіліктің қайнар бұлағына айналған. Халық тағылымы – даналықтың, ғұламалықтың, күдіреттіліктің, имандылықтың кәусар тамшысы, ағынды тасқыны, дария көлі, мұхиты.

Мемлекеттік жастар саясаты бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыруға бағытталады:

- жастардың қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңаруларға белсенді қатысуы қажет;

- жас ұрпақпен өзара іс-қимыл жасаудың отансүйгіштік сана-сезімді, азаматтық жауапкершілікті арттыру;

- белсенді қоғамдық ұстаным мен саламатты өмір салтын қалыптастыру;

- кәсіпкерлік және инновациялық әлеуетті дамытуға, жас таланттарды табуға және қолдауға бағытталған тиімді моделі әзірлеу қажет.

Жастардың тәрбие мәселесі қоғам үшін әр уақытта өзекті болып келген. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу міндетін мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды істердің бірі ретінде бүгін ұғыну қажет. Қай кезде де халқымыз өзінің болашағы – жастар тәрбиесіне көңіл бөліп отырған. Ұлт пен ұлыстың аманатын арқалаған жас өскінді тәрбиелеудің жолдары мен амалдары да сан тарау. Солардың ішінде шешуші рөл атқаратын

тәлімі мен тәрбиенің бір түрі – жастарды патриотизм үлгісінде тәрбиелеу маңызды іс саналады.

Құқықтық мәдениетті қалыптастырып дамыту еліміздің болашағын айқындаушы көрсеткіштердің бірі десек, өскелең ұрпаққа сапалы құқықтық білім мен саналы тәрбие беру ұстаздар қауымынан білімділікті, құқықтық білімдерін үнемі жетілдіруді, нормативтік-құқықтық құжаттармен үздіксіз танысып, жұмыс барысында оларды басшылыққа алуды үрдіске айналдыруды, салалық мекемелермен, отбасымен тығыз ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуды және қажырлы еңбекті қажет етеді. «Қандай тәрбие болса да, ол ұлттық тәрбие деп аталады, өйткені, ол белгілі бір ұлттың тәрбиелік тәжірибесінде қалыптасып, сол ұлттың өз тілінде жүргізіледі» [6].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасында: «Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» [7], деп ерекше мән беріп тоқталған болатын. Бұлай екпін түсіріп айтуының өзі қазіргі еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан тәуелсіздікке жетіп отырған тәуелсіз мемлекеттігіміздің тұрақтылығын сақтап, оны болашаққа аманат етуді көздейді. Міне, осы тұрғыдан келсек, мемлекеттік дәрежедегі мәселе білім беру саласында патриоттық сезімде тәрбиелей оқыту мәселесінің өзектілігі әрқашан да маңызды болып қалмақ.

Аталған мәселе бойынша мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты да аз емес, атап айтатын болсақ, «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы Жарлығында «Құқықтық саясаттың құрамдас бөлігі, елдің индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз етудің, оның зияткерлік әлеуетін арттырудың маңызды шарты болып табылатын ғылыми және білім беру қызметін құқықтық реттеу болмақ» [8], делінген.

Ұйымдастырушылық-құқықтық сипаттағы іс-шаралармен тығыз байланысты мәселелердің бірі білім мәселесі болып табылады. Қоғамға және мемлекетке адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауға бағдар ұстанған және патриоттық бағыттағы жаңа сипаттағы мамандар керек.

Қазіргі жағдайда түрлі бейіндегі мамандарды дайындаудың проблемаларын шешудегі мемлекеттің мүмкіндіктерін шоғырландыру жолымен өту орынды. Мұндай тәсіл мемлекеттік ресурстардың ысырап болмауына және мамандар даярлаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Құқықтық мәдениеттің жоғары болуы азаматтардың құқықтық бағдарлануын қамтамасыз етеді және кез келген заң бұзушылықтарға, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына төзбеуін қалыптастырады. Ол, ең алдымен, халықтың құқықтық санасының даму деңгейіне байланысты.

Бұл орайда, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 6) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын іске асыру мақсатында «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы № 343 бұйрығымен бекітілген құжаттың негізінде: Міндетті компонент болып табылатын «Құқық негіздері» пәнін университет мамандықтарының оқу жоспарларында міндетті болуы қажеттілігі бар.

Сонымен қатар, Конституцияның 33 бабында: «Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді», делінген. Азаматтың мемлекеттік қызметке орналасуға тең қолжетімдігі бойынша конституциялық құқығы: мемлекеттік қызметке міндетті конкурстық іріктеу жүргізу; заңнаманы білу бойынша тест тапсыру; кадрлық резервті құру; мемлекеттік қызметшілерді аттестаттау; мемлекеттік қызметшілерді тұрақты оқыту және ынталандыру; мемлекеттік қызметшінің имиджін құру арқылы іске асырылады [9, 269].

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілді. Заңның 26-бабына сәйкес «Б» корпусының мемлекеттік лауазымдарына алғаш рет түсетін немесе мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін оған қайтадан кіретін азаматтар мынадай іріктеу кезеңдерінен өтеді:

- 1) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тесттен өту;
- 2) уәкілетті органның қорытындысын ала отырып, жеке қасиеттерін бағалату;
- 3) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған жалпы конкурс [10].

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығымен Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттарды тестілеуді ұйымдастыру және бағдарламалары және қағидалары бекітілді.

Мәселен, «Б» корпусы мемлекеттік лауазымдарына кандидаттардың Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестілеудің бірінші бағдарламасы бойынша келесі заңдардан тестілеу тапсырады. 1) Конституция (15 сұрақ), 2) «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Заң (15 сұрақ), 3) «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Заң (15 сұрақ), 4) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заң (15 сұрақ), 5) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң (15 сұрақ), 6) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заң (15 сұрақ), 7) «Құқықтық актілер туралы» Заң (15 сұрақ), 8) «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заң (15 сұрақ), 9) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заң (15 сұрақ), 10) Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) (10 сұрақ) [11]. Яғни, мемлекеттік қызметтің кез-келген саласына (білім, экономика, қаржы, медицина, құқық қорғау органдары, шаруашылық, экологиялық және т.б.) үміткер азамат жоғарыдағы көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестілеуден тапсыруы қажет.

Осы орайда, кез келген саланың болашақ мемлекеттік қызметшілер, болашақ оқытушылардың, мектеп мұғалімдерінің, жалпы білім саласында жұмыс істейтін басқа да мамандардың, дәрігерлердің құқықтық сауаттылығын, құқықтық мәдениетінің, құқықтық санасының, біліктілігін арттыру үшін жоғарыда аталған курсты оқыту мүмкіндігін қарастыру қажет.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі «Құқық негіздері», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру негіздері» пәндерінің өтілуі құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің дамудың басым бағыттарын жүзеге асырғанда мақсатты-бағдарламаларды қолданудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі зор.

Азаматтардың құқықтық санасының деңгейін арттыру үшін мемлекеттің негізгі күш-жігері құқықтық насихатты (қоғамдық заңдық білім беруді жандандыру) кеңейтуге және азаматтық қоғамның тиімді институттарын дамытуға бағытталуы қажет. Азаматтардың құқықтық санасын, құқықтық сауаттылығы мен мәдениетін жоғарылату, заңдарды сақтамауға және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасын тәрбиелеу.

Қазақстандық қоғамның жоғары құқықтық мәдениетін қалыптастыру шеңберінде тек қана болашақ адвокаттардың, сот және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік мәдениетінің деңгейін арттыруға ғана емес, сонымен қатар, барлық болашақ мамандардың сапалы құқықтық сауаттылығының даярлығына ерекше көңіл бөлінуі қажет.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Назарбаев Н. Конституция – Қазақстанның өркені мен өрлеуінің негізі. // «Егемен Қазақстан», 2000 жылғы 30 тамыз.

2. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы. // "Егемен Қазақстан" 10.01.2018 ж., №6.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Түсініктеме. – Алматы: «Жеті жарғы», 2012, 10 бет.

4. Алайдаров А.Ә. Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі қоғамдық сананы жаңғыртуда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың стратегиясы - өңірлік экономиканың драйвері: ғылыми-практикалық конференциясының ғылыми еңбектер жинағы. - Ақтөбе: Қ Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2018. - 2 томдық. -Том 2. 189 б.

5. Тойлыбаев Б.А. Құқықтық педагогиканың қалыптасуы — сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізі. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. Астана. №3-4, 2012.

6. Тілеубергенов Е. Құқықтық идеология және құқықтық психология қалыптастырудағы сана мен мәдениеттің рөлі. Журнал "Заң" № 10 (262), 2017.

7. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. // «Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 15 желтоқсандағы № 828.

8. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы». Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы Жарлығы. // «Егемен Қазақстан» 2009 жыл, 28 тамыз.

9. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Астана, 2018.

10. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>

11. Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700014939>.

## REFERENCES

1. Nazarbaev N. Konstitútsıa – Qazaqstannyń órkeni men órleyiniń negizi /«Egemen Qazaqstan», 2000 jylgy 30 tamyz.
2. Tórtinshi ónerkáriptik revoliútsıa jagdayyndagy damýdyń jańa múmkindikleri. Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń 2018 jylgy 10 qańtardagy Joldaýy. "Egemen Qazaqstan" 10.01.2018 j., №6.
3. Qazaqstan Respýblikasynyń Konstitútsıasy. Túsiniктеme. – Almaty: «Jeti jargy», 2012, 10 bet.
4. Alaidarov A.Á. Qazaqstannyń turaqty damýyn qamtamasyz etýdegi qogamdyq sanany jańgyrtýda quqyqtyq sana men quqyqtyq mádeniетti qalyptastyrdyń mańyzdylygy. Qazaqstan Respýblikasynyń Tuńgysh Prezidenti – Elbasy N.Ә. Nazarbaevtyń strategiasy - ónirlik ekonomikanyń draiveri: gylımı-praktikalыq konferentsıasynyń gylımı eńbektter jinagy. - Aqtóbe: Q Jubanov atyndagy Aqtóbe ónirlik memlekettik ýniversiteti, 2018. - 2 tomdyq. -Tom 2. 189 b.
5. Toilybaev B.A. Quqyqtyq pedagogikanyń qalyptasýy — sybailas jemqorlyqtyń aldyn alýdyń negizi. Qazaqstannyń gylımy men ómiri. Halyqaralyq gylımı-kópshilik jýrnal. Astana. №3-4, 2012.
6. Tileýbergenov E. Quqyqtyq ideologıa jáne quqyqtyq psihologıa qalyptastyrdagy sana men mádeniетtiń róli. Jýrnal "Zań" № 10 (262), 2017.
7. «Qazaqstan-2050» Strategiasy qalyptasqan memlekettiń jańa saıası bagyty Qazaqstan Respýblikasynyń Prezidenti - elbasy N.Á. Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy, Astana q., 2012 jylgy 14 jeltoqsan. // «Egemen Qazaqstan» 2012 jylgy 15 jeltoqsandagy № 828.
8. «Qazaqstan Respýblikasynyń 2010 jyldan 2020 jylga deingi kezeńge arналған quqyqtyq saıasat tujyrymdamasy týraly». Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń 2009 jylgy 28 tamyzdagy Jarlygy. // «Egemen Qazaqstan» 2009 jyl, 28 tamyz.
9. Qazaqstan Respýblikasynyń Konstitútsıasy. Gylımı-praktikalыq túsindirme. – Astana, 2018.
10. «Qazaqstan Respýblikasynyń memlekettik qyzmeti týraly» Qazaqstan Respýblikasynyń Zańy 2015 jylgy 23 qarashadagy № 416-V QRZ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>
11. Memlekettik ákimshilik laýazymga ornalasýdyń kebir máseleleri týraly. Qazaqstan Respýblikasy Memlekettik qyzmet isteri jáne sybailas jemqorlyqqa qarsy is-qımyl agenttigi Tóragasynyń 2017 jylgy 21 aqpandagy № 40 buırygy. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700014939>.

**Sh.GİRİTLİOĞLU**

*Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Türkistan, Kazakistan  
(E-mail: Shareefa0189@yahoo.com)*

## **ÇİN HALK CUMHURİYETİ'NİN ORTA ASYA'DAKİ ÇIKARLARI VE GÜVENLİK STRATEJİLERİNE YÖNELİK GENEL DEĞERLENDİRME**

Çin Halk Cumhuriyetinin güçlenmesi modern uluslararası ilişkilerinde önemli konulardan biri olmaya devam etmektedir. Günümüz uluslararası ilişkiler sahnesinde yükselen yıldız, Çin'in güvenlik politikaları çerçevesinde genel dış politikasının araştırılması büyük önem taşımaktadır, aynı zamanda ÇHC'nin her bölgeye yönelik geliştirdiği stratejiler araştırmacıların dikkatini çekmiş durumdadır. Çin dış politikasının hızlı transformasyonu dolayısıyla belli bir bölgeye uyguladığı politikayı takip etmek hem zor hem de önemli mesele haline gelmiştir. Özellikle Çin açısından jeopolitik önem taşıyan Orta Asya bölgesine yönelik geliştirdiği stratejiler incelenmesi önem arz etmektedir. Bu çalışmada, Pekin'in bölgedeki çıkarları ve hedefleri araştırılmaktadır. Çin hükümetinin bölge devletlerine yönelik güvenlik bağlamında izleyebileceği dış politika stratejileri ile ilgili genel bir değerlendirme yapılmaktadır.

**Anahtar kelimeler:** Çin Halk Cumhuriyeti, Orta Asya, Dış Politika, Çin Komünist Partisi, Şanghay İşbirliği Örgütü, Çıkar, Strateji.

**Ш.Гиритлиоглу**

### **Қытай Халық Республикасының Орталық Азиядағы қауіпсіздік стратегиялары мен мүдделеріне қатысты жалпы талдау**

Дамушы елдер арасында ең жылдам нығайып келе жатқан Қытай Халық Республикасы, бүгінгі күнде халықаралық қатынастар саласында өте маңызды тақырыптардың бірі. Әсіресе, соңғы уақытта кейбір өңірлерге байланысты сыртқы саясатын өзгертіп отырған Қытайдың белгілі маңайға байланысты қалыптастырған сыртқы саясат стратегиялары көптеген ғалымдар тарапынан маңызды деп табылады. Орталық Азия секілді Қытайдың геосаяси қызығушылығын оятатын аймаққа байланысты сыртқы саясат және қауіпсіздік стратегиялары мен мүдделері Пекиннің жалпы стратегиясын талдауда маңызды болуы мүмкін. Осы себептерге байланысты, бұл мақалада ҚХР-ның Орталық Азиядағы сыртқы саясатына байланысты жалпы талдау жасалынуда.

**Кілт сөздер:** Қытай Халық Республикасы, Орталық Азия, сыртқы саясат, Қытай Коммунистік Партиясы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, мүдделер, стратегиялар.

**Ш.Гиритлиоглу**

### **Общий анализ стратегии безопасности и интересов Китайской Народной Республики в Центральной Азии**

Стремительно укрепляющаяся среди развитых стран Китайская Народная Республика является одной из самых важных тем изучаемых в международных отношениях. Особенно внешняя политика Китая, которая является одной из важнейших тем, изучаемых в международных отношениях. Так как стратегия Пекина по отношению к определенным регионам периодически менялась в зависимости от концепции безопасности. Особенно изучение стратегии внешней политики Китая по отношению к определенному региону,



который представляет геополитический интерес как Центральная Азия. Внешняя политика и стратегия безопасности являются важным аспектом в анализе общей внешнеполитической стратегии Пекина. По этим причинам, в данной статье проводится общий анализ внешней политики КНР в Центральной Азии

**Ключевые слова:** Китайская Народная Республика, Центральная Азия, внешняя политика, Китайская коммунистическая партия, Шанхайская организация сотрудничества, интересы, стратегии.

**Sh.Giritlioglu**

**General analysis of security strategies and interests of peoples eneral analysis of security strategies and interests of peoples republic of China in central Asia**

The strengthening of the People's Republic of China remains one of the important issues in the modern international relations. The rising China's foreign policy is one of the most important issues in contemporary international relations. At the same time, the strategies developed by PRC for each region have attracted attentions of researchers. It has become more difficult and important issue to analyze Chinese foreign policy on a particular region, because of the expeditious transformations in strategies. Particularly, it is significant to examine the strategies developed intended for Central Asian region, which has geopolitical importance for China. This paper examines the interests and objectives of Beijing in the region.

Салықтық жоспарлаудың қай түрін таңдайтынын ұйым өзі шешеді. Алайда, әр түрдің белгілі бір салдары бар екен ұмытпаған жөн. Бұл әсіресе заңсыз салықтық жоспарлауға қатысты. Салықтық жоспарлау түрін таңдауда, ең алдымен, ұйымның алдағы даму перспективасына назар аудару қажет [4].

Алайда, салықтық жоспарлаудың мүмкіндіктері тек белгілі бір салық түрі бойынша төлемді азайтудан әлде қайда кең. Салықтық жоспарлау салық төлемдерін азайтуға ғана емес, реттеуге және тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға бағытталуы тиіс. Салық төлемдерін оңтайландыру немесе төмендету стратегиялық басқару есебінің қойған мақсаттарына әрдайым сәйкес келе бермейді. Жан-жақты ойластырылған салықтық жоспарлау компания табысын арттырып қана қоймай, оның мемлекет алдындағы абыройының артуын қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде компанияның болашақтағы дамуына зор көмегін берері сөзсіз. Мысалы, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы үкіметі бизнесті мемлекеттік қолдайды түрлі бағдарламаларын жүзеге асыруда. Соның ішінде екінші деңгейлі банктер арқылы жеңілдетілген несиелендіруді атап өтуге болады. Әрине, мұндай бағдарламаға қабылдау барысында мемлекет ең алдымен ұйымның салықтық төлемдеріне басты назарын аударады [5].

Салықтық жоспарлау жеке бағытталған және атаулы сипатта болуы мүмкін және қожалық ететін субъектілердің кең спектрлі қаржылық-шаруашылық қызметінде қолданылады. Салықтық жоспарлаудың негізгі мақсаттары салық төлемдерін оңтайландыру, нақты салық бойынша немесе салықтар жиынтығы бойынша салық ысырабын азайту, кәсіпорынның айналымды қаражатының көлемін арттыру, және соған нәтиже ретінде ұйымды одан әрі дамыту, оның жұмысының тиімділігі үшін нақты мүмкіндіктерді ұлғайту болып табылады. Ұйымның салықтық міндеттемелерін төмендетудің анағұрлым тиімді тәсілдерін іздеп табу жолымен салықтық қиындықтарды жеңілдету есебінен қаржылық-шаруашылық қызметтің табыстылығын барынша ұлғайту және өндірісті одан әрі тиімді дамыту үшін қосымша мүмкіндіктерге ие болады.

Салықтық жоспарлаудың құрамдас бөліктері (кезеңдері) болып мыналар табылады:

- басты принциптерді анықтау;
- проблемаларды талдау және міндеттерді қою;
- ұйым пайдаланатын негізгі құралдарды анықтау;
- схеманы құру;
- қаржылық-шаруашылық қызметті әзірленген схемаға сәйкес жүзеге асыру.

Жалпы, салықтық жоспарлауды басқару шешімдерінің сипатына қарай ұзақ мерзімді-стратегиялық салықтық жоспарлау және ағымдағы – тактикалық салықтық жоспарлау деп бөліп қарастырамыз.

Стратегиялық салықтық жоспарлау ұзақ мерзімді перспективада ұйымның қызметін және қаржылық жағдайын жоспарлауды қамтиды. Сонымен қатар, стратегиялық басқару деңгейі салықтық жүктемені төмендету бойынша стратегиялық шешімдерді әзірлеу үдерісін қамтиды.

Стратегиялық (ұзақ мерзімді) жоспарлау барлық басқару шешімдерінің негізін қалайды.

Аталған салықтық жоспарлау келесідей элементтерден тұрады:

- Ұйымның, оның құрылымдық бөлімшелері мен басқару органдарын салық салу тұрғысынан ең тиімді жерге орналастыру;
- Ұйымның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны мен ұйымдастырушылық-шаруашылық құрылымын таңдау.

Ағымдағы немесе тактикалық салықтық жоспарлау салық төлеушіге салықтық жүктемені шектеулі уақыт кезеңінде немесе әрбір нақты бизнес жағдайында азайтуға мүмкіндік беретін әдістер жиынтығы болып табылады. Бұл деңгейде салықтық жоспарлау қаржылық басқару мен басқарудың жалпы жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Салықтық жоспарлауды бақылау функциясының көмегімен келісімшарттық стандартты схемаларға, ірі және ұзақ мерзімді шаруашылық келісімшарттарына арнайы дайындық (жоспарлау) жүргізіледі.

Тактикалық (ағымдағы) салықтық жоспарлаудың элементтері:

- Салық заңнамасындағы өзгерістерді есепке ала отырып негізгі салық түрлері бойынша жеңілдіктерді пайдалану;
- Келісімшарттардың оңтайлы нысандарын пайдалану;
- Салық салуды оңтайландыру мақсатында есеп саясатын құру [6].

Салықтық жоспарлауды жүйелі түрде қарастыру қыжет. Бұл ұйым төлейтін салық пен алымдардың өзара байланысты жүйесін және оның ұйымның қаржылық қызметіне ықпал етуін есепке алуда көрініс табады. Бір салықтан ұтып, екінші бір салықтан ұтылып қалуға болады. Сондықтан, салықтық төлемдердің мүмкін болар үйлесімдерін көп нұсқалы жан-жақты қарастыру салықтық жүктемені барынша азайтудың басты жолы болып табылады.

Бұл ұйымдағы қаржылық жағдайды оңтайландыруға, салықтар мен алымдарды барынша аз төлеп барынша көп таза пайдаға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Салықтық жоспарлауды жүзеге асыру кезінде қолданыстағы салық заңнамасына және оған тікелей немесе жанама түрде байланысты нормативтік құжаттарға сүйену қажет. Ұйымның салықтық жоспарлауы салық төлемдерін азайту бойынша үш тәсілге негізделеді:

- 1) Салықтарды төлеу барысында жеңілдіктерді пайдалану;
- 2) Есеп саясатын құру;
- 3) Салықтарды төлеу мерзімдерін қадағалау.

Салықтық жоспарлау барысында басқару есебінің мақсаттарына сәйкес келетін есеп саясатын құру маңызды шарттардың бірі болып табылады. Дұрыс әрі жан-жақты ойластырылған есеп саясатының көмегімен ұйым өзінің салық ауыртпалығын заңды оңтайландыра алады. Алайда, қандай да бір есеп әдісін таңдамас бұрын, ұйым өз таңдауын салық көлемін есептеу арқылы негіздеп, таңдалған әдістің дұрыстығына көз жеткізуі қажет.

Ұйымның есеп саясаты шегіндегі салықтық оңтайландырудың негізгі бағыттары келесілер:

- Негізгі құралдар мен олардың тозуының есебі.
- МЕА мен олардың тозуының есебі.
- Шикізаттар мен материалдарды атып алу есебі.
- Тауарлы-материалдық құралдарды өндіріске босату есебі.
- Негізгі құралдарды жөндеу бойынша шығындар есебі.
- Жалпышаруашылық шығындарының есебі.
- Аяқталмаған өндіріс есебі.
- Дайын өнім есебі.
- Сатуға арнап жіберілген өнім есебі.
- Бағам айырмаларының есепте көрсету.
- Бағалау резервтерінің пайда болулары [7].

Жалпы, ұйымның есеп саясатын құрудың салықтық аспектілерінің мәні: ұйымның шаруашылық операциялары өзгеріссіз қала отырып, заңнамада рұқсат етілген есеп жүргізу нұсқаларының бірі өзге әдіске қарағанда салықтарды есептеуде артықшылыққа ие болуы мүмкін. Мысалы, жалпы әкімшілік шығындарды аяқталмаған өндірістің өзіндік құнына қосуға қарағанда тікелей сатылған өнімнің өзіндік құнына қосу ұйым үшін тиімдірек, себебі екінші жағдайда ұйым шығындары бірінші жағдайға қарағанда ерте «көрсетіледі»

Есеп саясаты салықтық жоспарлаудың құралы ретінде ұйымның ағымдағы және болашақ шаруашылық қызметінің ерекшеліктерін жан-жақты әрі тереңінен есепке алуын талап етеді. Ұйымның басқару есебі мақсаттары үшін есеп саясатында көрсетілген түрлі элементтер салық төлемдерін заңнамаға сәйкес төмендетудің мүмкін болар нұсқаларын белгілейді (1-кесте) [3].

**Кесте 1 – салық төлемдерін басқару мақсатында есеп саясатында көрсетілген элементтер**

№	Есеп саясатында көрсетілген элемент	Заңнамада рұқсат етілген тиімді нұсқа	Сипаттама
1	2	3	4
1	Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдістері	Шығындарды толық есепке алу әдісі	Бұл ең тиімді әдіс, себебі шығындарды толық есепке алу әдісін пайдалану барысында барлық өндіріске нақты жұмсалған тікелей және жанама шығындар өнімнің өзіндік құнына қосылады

**Кесте 1-дің жалғасы**

<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
2	Өндірістік негізгі құралдарды жөндеу есебін жүргізу және қаржыландыру тәртібі	Жөндеу бойынша шығындар ағымдағы есепті кезеңнің өзіндік құнына қосылады	Аталған нұсқаны тандау өзіндік құнның артуының есебінен салық базасының төмендеуіне алып келеді.
3	Капиталды салым шығындарын ағымдағы есепті кезең шығындары құрамына кіргізу	Негізгі құралдың бастапқы құнының 10%-нан аспайтын көлемдегі салымдар (сыйға алынған негізгі құралдардан басқа)	Бұл нұсқа табыс салығы бойынша салық базасын анықтау барысында есепке алынатын шығындар құрамын арттыруға мүмкіндік береді
4	Шығындарды бөлу	Тікелей және жанама	Шығындардың басым бөлігін жанам шығындар қатарына жатқызу оларды есепті кезеңде есептен шығаруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде табыс салығы базасын азайтады. Ағымдағы кезеңде өзге (тікелей) шығындардың сатылған өнімге қатысты бөлігі ғана есептен шығарылады.
5	Кірістер мен шығыстарды тану әдісі	Есептеу әдісі	Есепке алу әдісі көпшілік ұйымдармен пайдаланылады.
6	Резерстерді қалыптастыру	1. Күмәнді қарыздар бойынша; 2. ТМҚ құнсыздануына; қаржылық салымдардың құнсыздануына; 3. Жұмсшылардың кезекті демалыстары, жылдық сыйақыларын төлеуге және т.б.	Компания Салық кодексінде қарастырылған резерв түрлерін құруға құқылы. Резервтерді қалыптастыру тәртібі оларды ағымдағы кезеңнің шығындарына қосуды қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда есептеу әдісін қолдана отырып, фирма салық кезеңінде өз шығындарын біркелкі бөлу мүмкіндігіне ие болады, бұл өз кезегінде табыс салығы бойынша аванстық төлемдерден үнемдеуге мүмкіндік береді.
7	Шығындарды тану тәртібі	Табыс алуға қатысы бар түзетулерді ескере отырып шығындарды бөліп тарату	Салық есебінде сатылған өнімнің өзіндік құнын құрайтын шығындар сатудан түскен түсімді таныған кезде ғана салуқ салу объектісін құрайды. Бұл дегеніміз, мұндай шығындарды тану күні табыс алу күні болып табылады.

Салықтарды төлеу мерзімдерін қадағалау орын алуы мүмкін айыппұлдар мен өсімақыларды болдырмай алдын алуға мүмкіндік береді.

Е.В.Акилова өзінің салықтық жоспарлауға қатысты еңбегінде салықтық жоспарлауды өзгеше тұрғыдан қарастырады. Оның ойынша барлық салықтарды шартты түрде үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. «Өзіндік құнның құрамынағы» салықтар (мысалы, әлеуметтік салық, т.б.). Мұндай салықтардың көлемін азайту өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне алып келеді, ал, ол өз кезегінде ұйымның табысының артуына және сәйкесінше табыс салығы бойынша бюджетке

төленетін салық сомасын арттырады. Нәтижесінде мұндай салықтар көлемін азайтудан болатын жағымды әсер шамалы болмақ.

2. «Өзіндік құнының сыртындағы» салықтар (мысалы, қосылған құн салығы). Бұндай салықтар тобы үшін бюджетке төленуі тиіс айырмашылық көлемі төмендетуге қол жеткізу маңызды. Еске сала кетсек, Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 8 бөлімінде көрсетілген қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібіне сәйкес бюджетке төленуге жататын қосылған құн салығы сомасы есептелген салық сомасы мен шегерілген салық сомасының айырмасы ретінде анықталады. Осыған орай бұндай салықтар тобы үшін оңтайландырудың бірден бір тәсілі шаруашылық субъектісі жұмыс жасайтын контрагенттерді таңдау болып табылады.

3. «Өзіндік құнның үстіндегі» салықтар (мысалы, табыс салығы). Салықтардың бұл санаты үшін салық төлемдерін азайту үшін салық төлеуші салық салу базасын төмендетуге немесе салық қойылымын төмендетуге ұмтылуы тиіс. Бір қызығы, табыс салығы бойынша салық салу базасын төмендетуге қол жеткізу үшін «өзіндік құнның құрамындағы» салықтар көлемін арттыра алады [8].

Салықтық жоспарлау басқару есебін жүргізудің құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен бірге, табыс салығы көлемін салықтық жоспарлауға арналған деректерді салық есебінен алуға болады. Бұл нақты салық салынатын кірістер мен шығыстар туралы ақпарат және оларды түзету ережелері. Салықты жоспарлау мақсаттары үшін қажетті деректердің көбі бухгалтерлік есепте қалыптастырылады, ал кейбір деректер басқару есебінде арнайы жасалады.

Басқару есебін ұйымға еңгізу және бюджеттеуді қолдану барысында салық есебінен салықтық жоспарлауға көшу аса маңызды. Бюджеттеу – бұл ұйымның өндірістік, сатылым, қаржылық және инвестициялық қызметін сипаттайтын жоспарларын (бюджеттерін) қалыптастыру, орындалуын бақылау және талдау үрдісі. Бюджет ретінде ұйым қызметін қаржылық қамтамасыз етуге арналған ақша қаражаттарының пайда болу және жұмсалуды анықталады.

Салық және басқару есебінің өзара байланысы салық бюджетін жоспарлау, бақылау және талдау барысында барынша толық айқындалады. Ұйымның қаржылық ресурстарының шектеулілігі және оларды тиімді пайдалану талабы салық бюджетін жоспарлау қажеттілігін тудырады.

Салықтық бюджет бюджеттер жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Салықтық бюджет ұйымның болжамды Пайда және зиян туралы есептілік, Бухгалтерлік баланс және Ақша қаражаттарының қозғалысы бюджетінен тұратын қаржылық бюджетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Салықтық бюджет көрсеткіштері – бюджетке төленуі тиіс салықтар мен алымдардың жоспарлы сомасы, Өндірістік бюджетте және болжамды Пайда және зиян туралы есептілікте, сондай-ақ болжамды Бухгалтерлік баланс баптарында көрсетіледі. Төлем мерзімдері бойынша есептелінген салық сомалары Ақша қаражаттары қозғалысы бюджетінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Салықтық бюджеттің құрылымы көптеген факторларға тәуелді, мысалы: ұйымның көлемі (шағын, орта немесе ірі), ұйым қызметінің түрі, салық салу режимі, ұйым меншігіндегі мүлік, ұйымның қызмет ету орны (арнайы экономикалық аймақ, моноқала және т.б.).

Ірі компанияларда әдетте әр салық түрі бойынша жеткілікті толық бюджет жасайды. Бұл, ең алдымен, үлкен көлемді ақпараттардың болуымен байланысты. Шағын және орта компанияларды ұйымның бюджетке төлейтін барлық салық түрлерін қамтитын бірыңғай салық бюджеті жасалады.



Салық бюджетін жоспарлау үшін салық салу мақсаты үшін маңызды болып табылатын жоспарлы және нақты сатылымдар, сатып алулар және капиталды салымдар көлемі туралы және т.б. есеп мәліметтері қажет.

Салықтық бюджет қабылданған ұйымның салық, амортизациялық саясаты, бухгалтерлік есеп мәліметтері және салық салу базасын есептеу негізінде ұйым басшылығы белгілеген мерзімдерде айлық, тоқсандық немесе жылдық болып жасалынады. Салықтық бюджетті жасауға жауапты қызметкер де ұйым басшылығымен бекітіледі. Әдетте ірі компанияларда арнайы салықтық жоспарлау бөлімі құрылады, ал орта және кіші ұйымдарда қаржылық немесе бухгалтерлік есеп бөлімінің басшысы немесе қызметкері тағайындалады.

Жалпы салықтық режимдегі резидент орта кәсіпорын үшін бюджет мысалын ұсынсақ (2-кесте).

**Кесте 2 – орта және кіші ұйым үшін салық бюджеті мысалы**

№	Көрсеткіш	Салық базасы	Салық ставкасы (ағымдағы заңнамаға сәйкес)	Төленуі тиіс салық сомасы, теңге			Айпұлдар, өсімпұлдар	Ауытқу себептері
				Жоспар	Нақты	Ауытқу		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Жалпы табыс	x	x					
2	Мүліктің орташа жылдық құны	x	x					
3	Еңбек ақы төлеу қоры (ЕАҚ)	x	x					
4	Мүлік салығы	Салық салу объектілеріне жататын мүліктің орташа жылдық құны	1,5%					
5	Табыс салығы	Салық салынуға жататын жалпы табыс	20%					
6	Көлік салығы	Қозғалтқыш күші	Еселенген АЕК					
7	Жер салығы	Жер телімінің кадастрлық құны	Салық органы есептеулері					

**Кесте 2-нің жалғасы**

<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>
8	<b>ҚҚС:</b>							
9	Есептелінген	Сатылым көлемі (ҚҚС-пен)	12%					
10	Шегерілуге жататын	Сатып алу көлемі (ҚҚС-пен)	12%					
11	Төленуі тиіс	Сатылым көлемі (ҚҚС-пен)	12%					
12	<b>ЕАҚ төлемдер:</b>							
13	Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына төлем	ЕАҚ мөлшері	3,5%					
14	Әлеуметтік салық	ЕАҚ мөлшері	6%					
15	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлем	ЕАҚ мөлшері	1,5%					
16	<b>Барлық салық төлемдері, теңге</b>							
17	<b>Салық ауыртпалығы, % (16ж/1ж)</b>							

Салықтық бюджетті жоспарлау салық салу объектілерін талдаудан басталады. Бұл талдау заң бойынша белгіленген және төленетін салықтар, төлемдер мен алымдарды толық егжей-тегжейлі түгендеу сипатына ие.

Талдау барысында келеідей мәселелер өз шешімін табуы тиіс:

-ұйымның әр белгіленген салық түрі бойынша салық төлеушілер қатарына жату не жатпауы;

-салық салынуға жататын объектілердің бары не жоғы, бар болса олардың сипаты қандай екені. Салық салу объектілерінің әр салық түрі бойынша заңда белгіленген сипаты мен нақты ұйым қызметіндегі сипатының толық сәйкестігі;

-шегерулердің бар не жоғы және олардың көлемі;

-ұйым мүлiгi немесе жүргiзген шаруашылық операциялары нақты салық түрі бойынша салық салуға жатуы не жатпауы;

-салық төлеу бойынша жеңілдіктердің бар не жоғы, жеңілдіктерді пайдалану шарттары, жеңілдіктерді пайдалануды қамтамасыз етуге қажетті іс-шаралар және т.б.

Заңды дұрыс не бұрыс түсіну салдарынан пайда болатын тәуекелдерді бағалау және салық салынатын объектілер, салық салуға жатпайтын операциялар мен жеңілдіктерге қатысты негізделген дұрыс шешім қабылдау үшін талдауды аудиторлар мен заңгерлердің қатысуымен

жүргізген дұрыс.

Салықтық бюджетті жоспарлау белгіленген жауапкершілік орталықтары бойынша негізгі (операциондық) бюджеттерді құрумен байланысты. Салықтық бюджетті жоспарлау үшін келесідей операционды бюджеттер бойынша мәліметтер қажет:

- Сатылым бюджеті;
- Матералдар бойынша сатып алулар бюджеті;
- Материалдарды шығындау (босату) бюджеті;
- Жұмыстар мен қызметтерді сатып алулар бюджеті;
- Еңбек ақы төлеу шығындары бюджеті;
- Әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылар бюджеті;
- Инвестициялар бюджеті [9].

Салықтық бюджетті жоспарлау әр салық түрі бойынша жеке жүргізіледі. Салық көлемін есептеу заңнамада белгіленген салық салынатын операциялар мен салық салу объектілері бойынша жүзеге асырылады. Мысалы, қосылған құн салығы (ары қарай – ҚҚС) бойынша салық көлемін есептеу және жоспарлау тәртібін қарастырайық.

ҚҚС сатылымдар түрлі ставкалар бойынша ҚҚС салынатын және салық салудан босатылған қызметтер түрі бойынша көрсетілетін сатылымдар бюджеті, сатып алулар бюджеті, өндіріске материалдарды босату сметасы және инвестициялар бюджеті негізінде жоспарланады.

Салық сомасын есептеу сатылымдар бюджетіне сәйкес салық салу базалары мен салық қойылымдары негізінде жүргізіледі. Шегерілуі тиіс ҚҚС сомасы сатып алудар бюджеті, инвестициялар бюджеті және материалдарды өндіріске босату сметасы бойынша есептелінеді.

Барлық салық салу объектілерін алдын ала жоспарлау мүмкін емес. Сол себепті ҚҚС салынатын нақты операциялар көлемі жоспардан ауытқиды.

Салық салынатын және салық салуға жатайтын операциялар есебі салық салу мақсатында қабылданған есеп саясатына тәуелді болады. Егер есеп саясатында салық салу базасын анықтау сәті өнімді арту және құжаттарды толтыру уақытына сәйкес деп белгіленсе, онда салық салу базасы мен сатылым бюджетіндегі сату көлемі бірдей болады. Ал, егер есеп саясатында салық салу базасын анықтау сәті сатылған өнім үшін ақша қаражаттарының түсі уақытына сәйкес деп белгіленсе, онда салық салу базасы мен сатылым бюджеті арасындағы айырма дебиторлық қарыз өзгерісі көлеміне тең болады [10].

Сатылған өнім үшін ақша қаражаттарының түсімін есептеуді екі әдіспен жүзеге асыруға болады:

Бірінші әдіс – барынша жеңіл. Операция түрлері бойынша сату көлемі төлем келіп түспеген операциялардың жоспарлы кіріс сальдосына артып, шығыс сальдосына кеміп отырады. Осыдан алынған нәтиже төлем коэффициентіне көбейіледі. Төлем коэффициентінің мәні дебиторлық қарыздар төлемдерінің құрылым мен динамикасын зерттеу негізінде белгінеді.

Жеке шаруашылық операциялары бойынша сату көлемін есептеудің екінші әдісінің мәні - бизнес-жоспарда белгіленген өтімділік және қаржылық тұрақтылық параметрлері бойынша дебиторлық берешек сомасын, сонымен қатар, дебиторлық берешектің айналым коэффициентін және / немесе жоспарланған кезеңнің басында және аяғындағы күндер бойынша айналымды анықтау.

Салық салу базасын ақша қаражаттарының түсіміне қарай деп белгіленген есеп саясаты барысында ҚҚС-ын неғұрлым дәл есептеу үшін ҚҚС-ын аванстық төлемдер бойынша есептеген жөн. ҚҚС-ын аванстар бойынша есептеу ақша қаражаттары түсімінің болжамы, соның ішінде Ақша қаражаттарының қозғалысы бюджетінде көрсетілген аванстар негізінде жүргізіледі. Болжамды қаржы бөлімі қызметкерлері маркетинг бөлімі қызметкерлерімен

біріге отырып жасайды.

Салық бюджетінің орындалуын объективті бақылауды жүзеге асыру үшін жоспардың орындалуы туралы сенімді әрі салыстырмалы ақпарат қалыптастыру қажет, сондай-ақ, көрсеткіштердің нақты мөлшерінің жоспарлы мөлшерден ауытқуы, жоспарды орындаудағы ауытқулардың орын алу себептерін анықтау қажет.

Салық бюджетін талдау жоспарланған және іс жүзінде есептелген салықтар мен орын алған ауытқулардың жалпы сомаларын бағалаудан басталуы тиіс. Талдаудың келесі сатысында нақты және жоспарлы көрсеткіштердің ауытқуына және есепті кезеңдегі нақты көрсеткіштердің өткен жылдағы мөлшерден ауытқуына әсер еткен көрсеткіштер есептелінеді. Салықтық бюджеттің орындалуы туралы алынған мәліметтер ары қарай Пайда және зиян туралы есептіліктің нақты орындалуын талдау үшін қаржы бөліміне жіберіледі. Жүргізілген бақылау және талдау нәтижелері негізінде қажет болған жағдайда жоспарларға түзетулер енгізу нұсқалары құрастырылады.

Салықтық жоспарлауды жасау арқылы ұйым болашақта жүзеге асыруы мүмкін әрекеттер нұсқаларын таңдау мүмкіндігіне ие болады. Шығындарды, табыстарды және қаржыны басқарудың бюджеттік әдісі жоспарлау, бақылау және реттеу құралы ретінде пайдаланылады. Салықтық жоспарлау мен басқару есебінің байланысы ұйым қызметінің тиімділігіне әсер етеді. Сонымен қатар, салықтық жоспарлау ақша ағымдарын оңтайландыруға, шығындар мен табыстарды басқаруға, өтімділік және қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жоспары бар тұлға ғана өзінің қайда баратынын біледі. Салықтық жоспарлау стратегиялық жоспарлаудың, қаржылық басқару мен бақылаудың маңызды элементіне айналуы тиіс.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Мельник Д. Налоговый менеджмент -- М.: Финансы и статистика, 2009.
2. Вылкова Е.С. Налоговое планирование: теория и практика: учебник для вузов, серия: Бакалавр. Углубленный курс. 2-е изд. переработанное и дополненное – М.: Юрайт, 2014 - 660 с.
3. Николашина А.В., Взаимосвязь налогового планирования и управленческого учета, Научная электронная библиотека [www.elibrary.ru](http://www.elibrary.ru), 2016 – 8 с.
4. Агеева О.А., Учетная политика предприятия как элемент налогового планирования // Налоговое планирование, № 3 2008, с. 5.
5. Alex Raskolnikov, Journal article, Relational Tax Planning under Risk-Based Rules // University of Pennsylvania Law Review, Vol. 156, No. 5 (May, 2008), pp. 1181-1262, <https://www.jstor.org/stable/40041405>
6. Найденев Е. Практическая технология гашения налоговой задолженности // Деловой визит № 11 2008, с. 28.
7. Алауханов, Е.О., Налоговые преступления: Учебное пособие / Е.О. Алауханов, К.Т. Ахмедин.- Алматы: Юридическая литература, 2008.- 172с.
8. Акилова Е.В., Минимизация налоговых платежей и налоговое планирование // Налоги, 2007 - 3 с.
9. Черник Д.Г., Морозов В.П., Лобанов А.В. Технология налогового контроля // Налоговый вестник, № 5, 6 2008.
10. Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексі, 25.12.2017, №120-VI, <http://kgd.gov.kz/ru/content/nalogovyy-kodeks-rk>

**REFERENCES**

1. Mel'nik D. Nalogovyy menedzhment - M.: Finansy i statistika, 2009
2. Vylkova Ye.S. Nalogovoye planirovaniye: teoriya i praktika: uchebnyk dlya vuzov, seriya: Bakalavr. Uglublennyy kurs. 2-ye izd. pererabotannoye i dopolnennoye – M.: Yurayt, 2014.- 660 s.
3. Nikolashina A.V., Vzaimosvyaz' nalogovogo planirovaniya i upravlencheskogo ucheta, Nauchnaya elektronnyaya biblioteka [www.elibrary.ru](http://www.elibrary.ru), 2016 - 8s.
4. Ageyeva O.A., Uchetnaya politika predpriyatiya kak element nalogovogo planirovaniya// Nalogovoye planirovaniye, № 3 2008, s. 5.
5. Alex Raskolnikov, Journal article, Relational Tax Planning under Risk-Based Rules // University of Pennsylvania Law Review, Vol. 156, No. 5 (May, 2008), pp. 1181-1262, <https://www.jstor.org/stable/40041405>
6. Naydenov Ye. Prakticheskaya tekhnologiya gasheniya nalogovoy zadolzhennosti// Delovoy vizit № 11 2008, s. 28.
7. Alaukhanov, Ye.O., Nalogovyye prestupleniya: Uchebnoye posobiye / Ye.O. Alaukhanov, K.T. Akhmedin.- Almaty: Yuridicheskaya literatura, 2008.- 172s.
8. Akilova Ye.V., Minimizatsiya nalogovykh platezhey i nalogovoye planirovaniye // Nalogi, 2007 - 3s.
9. Chernik D.G., Morozov V.P., Lobanov A.V. Tekhnologiya nalogovogo kontrolya// Nalogovyy vestnik, № 5, 6 2008.
10. Qazaqstan Respyblikasınıñ "Salıq jäne biydjetke tölenetin basqa da mindetti tölemder tyrali" kodeksi, 25.12.2017, №120-VI, <http://kgd.gov.kz/ru/content/nalogovyy-kodeks-rk>

ӘОЖ 618.92

МҒТАР 76.29.47

**А.М.ЖОЛДЫБАЕВА**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: anar\_zholdybaeva@mail.ru)*

### **«БАЛАЛАР АУРУЛАРЫ» ПӘНІНЕН ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРДА ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ**

Оқытудың қазіргі технологиялары еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгіліктендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты.

Бір технологияның өзі әр түрлі атқарушылардың шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін. Сондықтан, әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізгеннен гөрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерді және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізуі тиімді.

Күнделікті жағдайда, кәдімгі өмірде адам көптеген мәселелермен айналысу керек, әрекеттерінің оңтайлы бағытын таңдап, жауапты шешім қабылдауы керек. Оған мәселені ойлау, жоспарлау әрекеттері (шешілетін мәселелердің тізбегі), нәтижелерді көрсету және талдау көмектеседі. Мұның бәрі әртүрлі мәселелерді шешуге көмектесетін дизайн, қай жерде пайда болғанына қарамастан, ол қателіктерден аулақ болуға, мәселені оңтайлы шешуге арналған тәсілді таңдауға мүмкіндікті жобалау технологиясын береді.

**Кілт сөздер:** инновация, оқыту технологиялары, шағын топтар, жобалау технология.

**А.М.Жолдыбаева**

### **Типы инновационных технологий, применяемые на практических занятиях по предмету «Детские болезни»**

Современные технологии обучения, после приобретения страной суверенитета и происходящих процессов демократизации и гуманизации во всех сферах жизни, в том числе и в образовании – позволяют выйти школе из кризиса.

Одна и та же технология может быть выполнена по-разному в зависимости от мастерства разных исполнителей. Вот почему каждый учитель для повышения эффективности образования может использовать при проведении занятий новые технологии обучения, новые методы обучения и нетрадиционные уроки, а не проводить обычные уроки.

В повседневной жизни обычные люди должны заниматься многими вопросами, выбирать оптимальный ход своих действий и принимать ответственные решения. Размышление над этим и планирование действий (перечень решаемых вопросов) помогают проанализировать и показать результаты. Все это дает технологию проектирования, которая поможет решить различные проблемы, независимо от того, где они появляются, разработать способ избежать ошибок и оптимизировать проблему.

**Ключевые слова:** инновация, технологии обучения, малые группы, проектная технология.

**A.M. Zholdybaeva**  
**Types of Innovative Technologies Used in Practical Classes**  
**on the "Child Diseases" Subject**

The modern technology of education has led to a powerful breakthrough in the democratization and humanization of our country, which has been the sovereignty and democratization of the whole world, including education.

One technology can be carried out differently depending on the skill of different actors. That is why every teacher is more effective in providing quality education with new teaching technologies, new teaching methods and non-traditional lessons, rather than having a regular lesson.

In everyday life, ordinary people should deal with many issues, choose the optimal course of their actions and make responsible decisions. Thinking, planning actions (a chain of issues to be solved) will help you to reflect and analyze the results. All of this gives a design technology to help you solve various problems, regardless of where it appears, to design a way to avoid mistakes and to optimize the problem.

**Keywords:** innovation, learning technologies, small groups, design technology.

**Өзектілігі.** Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйеніп, оқушының бойында шығармашылық ойлауды, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай жасау нәтижесінде оның өз мүмкіндіктерін қолдана отырып, саналы тұлға құзырлығын қалыптастырады. Сондықтан, әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізгеннен көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерді және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді [2, 10].

**Зерттеу мақсаты:** Инновация – педагогикалық жүйедегі жаңалық, оқу-тәрбие үрдісін жандандыру, нәтижесін жақсарту деген ұғымды білдіреді. Кеңестік дәуірде жеке пәндерді оқыту үрдісінде өз заманында оқытудың жаңаша бір әдістемелік жүйесін қалыптастырып, оқытудың жаңа технологиясын мектеп өміріне белсенді түрде ендіру керек. Инновация (жаңалық жарату) – қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, көнені өңдеу, бар нәрсені де жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені табу, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту, сөйтіп адамға және адамзатқа бақыт сыйлау. Оқытудағы инновациямен оқушыны оқыту – бұл белсенді үрдіс, оның ішіне білім, дағды және қарым-қатынас кіреді. Оқытушы оқушыны қызықтырып, мотивациялап отыру керек [7, 8, 9].

**Материалдары және әдістері:** Оқыту әдістері - мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу тәсілдері, олар білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған. Жалпы, мұғалім мен студенттер арасында өзара әрекеттесудің үш түрі бар:

1. Пассивті - онда мұғалім сабақ курсының басты актері және мененджері болып табылады және студенттер пассивті тыңдаушылар ретінде әрекет етеді.
2. Белсенді - егер студенттер белсенді қатысса, студенттер мен мұғалім тең негізде.
3. Интерактивті - оқушылар тек мұғаліммен ғана емес, сондай-ақ бір-бірімен өзара әрекеттеседі, студенттердің оқу процесінде белсенділігі басым.

Интерактивті оқыту әдістемесі медициналық жоғары оқу орындарында студенттерді оқытуды жетілдірудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта қолданыста жүрген 25-ке жуық оқыту технологиялары, 40-қа жуық сабақ түрлері бар [1, 3, 6, 8]. Соның ішінде тәжірибелік сабақтарда жиі қолданылады:

- жобалау технологиясы;

- саралап оқыту технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту технологиясы;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы;
- деңгейлеп оқыту технологиясы;
- сатылай кешенді талдау технологиясы;
- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы.

**Қалыпты оқыту сызбасы:**



Қазіргі уақытта «интерактивті оқыту» түсінігі педагогикалық ғылымда қазіргі заманғы педагогикалық ғылымда қалыптасады және түсіндіріледі: «оқушыны оқу ортасының өзара қарым-қатынасына негізделген оқыту, игерілген тәжірибе ретінде қызмет ететін білім ортасы»; «Адам қатынастары мен өзара қарым-қатынас психологиясына негізделген оқыту»; «Үйрену, бірлескен іс-әрекетте диалог, полилог арқылы білім алған бірлескен білім үрдісі ретінде түсініледі». Интерактивті оқыту білім беру үрдісінің әдеттегі логикасынан мыналар арқылы ерекшеленеді: теориядан практикаға емес, жаңа тәжірибені қалыптастырудан бастап теориялық түсініктікке қолдану арқылы. Сондықтан инновациялық оқыту тәжірибесінде біз теориядан емес, тәжірибелік дағдылардан бастауымызға болады [5,10]. Оны іске асыру үшін келесі ережелерді сақтаған дұрыс:

1. Шынайы өмірге жақындатылған жағдай ұйымдастыру:

- Жұмыс жоспарларын ЕСМ басшыларымен талқылау;
- ЕСМ-дегі медицина қызметкерлерімен дәрігерлік дағдылардың алгоритмін бірігіп жасау;

- “Денсаулық” бағдарламасын оқу процесіне енгізу;

- Симуляциялық орталықтарда даярлану.

2. Денсаулық сақтау жүйесіндегі мәселелерді басты мақсат етіп қою:

- Студенттердің өздері тәжірибе мәселелерін анықтау арқылы;
- Анкеталар алу және кері байланысты орнату (ЕСМ басшыларымен);



- Дуальды оқыту (ЕСМ басшыларының болашақ мамандардың дайындығына қызығушылығы) жүйесін қолдану;

- Проблемалық оқыту әдісін қолдана отырып.

3. Шағын топтарда оқыту:

- Топтық жобалар жасау;

- Оқушылардың бір-бірін бақылауы;

- Проблемалық оқыту технологиясын қолдану.

**Зерттеу нәтижелері мен талқылауы.** Проблемалық оқыту технологиясын іске асыру үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады: іскерлік ойындар, тренингтер, оқиғалық есептер, пікір сайыстар, дөңгелек үстелдер, пысықтау, кіші топтар әдісі, бақылау, байқау әдісі, әңгімелесу, іздену жұмысы, миға шабуыл, кейс-әдісі, жоба жасау әдісі, т.б.

Ойындарды ұйымдастыру үшін келесі қадамдарды орындау қажет:

I қадам: жағдаятты жасау;

II қадам: сұрақтарды белгілеу – мысалы: жақсы сипаттары, не мазалайды, қандай жағы ұнады..., бұл сұрақтар қарсылас топтарға қойылады;

III қадам: актерлерді тағайындау.

Ойынды аяқтаған соң, талқылау. Мысалы: “Қант диабеті” тақырыбы бойынша:

I жағдай: Біреуі – науқас, екіншісі – мейірбике – гипергликемиялық комада көмек көрсету.

II жағдай: Біреуі – науқас, екіншісі – мейірбике – гипогликемиялық комада көмек көрсету.

III жағдай: Біреуі – науқас, екіншісі – мейірбике, үшіншісі – лаборант: науқастан анализ алу тәсілін көрсетеді.

Болашақ маман кәсіби шығармашылық деңгейіне өз ісіне жауапты қарауы, өзін-өзі жетілдіруі, кәсіби шыңдау арқылы қол жеткізеді. Кейінгі кездері оқушылардың коммуникативтік қабілетін дамыту мақсатында берілген тақырыптар бойынша жобалау әдісін қолдану тиімділігі байқалып отыр [4,8].

Жобаны жасау үшін:

I. Мәселені және одан туындайтын мақсаттар мен міндеттерді анықтау керек: (жобаның аты, жоба мақсаты, жұмысты орындау үшін қандай пәндер таңданылады, жобаны жасауға қандай ұйымдарды қатыстыру қажет)

II. Жоспар құру: ақпарат көздерін анықтау, топ мүшелері арасында міндеттерін бөлу (топ басшысы, уақытты сақтаушы, хатшы), мерзімін анықтау.


III. Зерттеу жұмыстары: ақпараттарды жинау, аралық тапсырмаларды шешу.

IV. Нәтижелер және қорытындылар: презентация жасау.

V. Рефлексия: жобаны қорытындылау, бағалау.

Мысалы: **«Балалардағы жұқпалы аурулардың алдын-алу» атты жобалық тапсырма**

Мақсаты: оқушыларды белгілі бір тақырып бойынша өзіндік ізденушілік қабілетін дамыту, сол тақырыпты қорғай алу, өз білімін ортаға салып, пікір таластыруға дағдыландыру.



Оқыту процесінде ойлау қабілетін арттыру үшін миға шабуыл технологиясын, проблемалық сұрақтар, сабақта дербес жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін қолдануға болады.

Мысалы: “Балалар аурулары” сабағында “табиғи тамақтандыру” және “жасанды тамақтандыру” командаларына бөліп, сабақ үстінде “Баланы тамақтандыру үздігі” атты конкурсы ұйымдастырылған еді. Конкурс келесі сатылардан тұрды:

I сатысында – «Миға шабуыл» эстафетасы.

II сатысында – тәжірибелік жұмыс жасау: қосымша тамақтарды, сүт қоспаларын дайындау.

III сатысында – “Қалай тамақтану тиімді?”, “Баланы дұрыс тамақтандырмаса қандай аурулар пайда болуы мүмкін?” атты эссе жасау.

IV сатысында – клиникалық есептерді шешу арқылы баланың физикалық дамуын бағалау болашақ дәрігерлерге үйретілді.

Бұл сабақ өте қызықты ғана емес, сонымен қатар өте пайдалы, студенттерге жаңа материалды терең меңгеруге мүмкіндік берді. Тәжірибелік білімін нығайтуға симуляциялық оқытуды қолдану - бүгінгі күнде ең маңызды оқытудың кезеңі. Симуляцияны шынайы жағдайларда жұмыс жасауға үйрету үшін (дағдыларды жасап үйренуге емес) қолданылады. Ол 3 кезеңнен тұрады:

- Симуляцияны студенттің деңгейіне қарап дайындау;
- Симуляцияны орындау;

- Рефлексия (талқылау).

**Қорытынды.** Тұжырымдаманың өзгеруі тұтастай білім беру жүйесіндегі жергілікті өзгерістің көшкіні тәрізді процесін тудырады және оның әрқайсысындағы байланыстар жеке-жеке. Әрбір мұғалім оқытудың жаңа технологияларын және инновациялық оқыту әдістерін қолдану арқылы біздің білімімізді жақсартуға үлес қосуы мүмкін. Еңбексіз, ізденіссіз тәжірибенің немесе әдістеменің пайдасы жоқ.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1.Ступина С.Б. Технологии интерактивного обучения в высшей школе: учебно-методическое пособие. [Текст] /С.Б. Ступина. - Саратов: Издательский центр «Наука», 2009. -52 с.

2.Соловова Н.В. Система методической работы в вузе: повышение методической культуры преподавателя [Текст] / Н.В. Соловова // Вестн. Самар. гос. ун-та. Гуманит. серия. - 2007. -№ 5/1. - С.166-173.

3.Артюхина А.И. Интерактивные методы обучения в медицинском вузе [Текст]: учеб. пособие для вузов /А.И. Артюхина, В.И. Чумаков. – Волгоград: изд-во ВолГМУ, 2011. – 31с.

4.Пахомова Н.Ю. Проектное обучение - что это? // Методист, №1, 2004. – с. 42.

5.Спирина М.Л. Использование технологии интерактивного обучения в подготовке бакалавров психолого-педагогического образования // Историческая и социально-образовательная мысль. 2014 - №4(26), С. 151-155.

6.Макарова Е.Л. Использование интерактивных форм обучения для повышения эффективности образовательного процесса // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.smtueco.ru/en/items/interactive-forms-oflearning>.

7.Реутова Е.А. Применение активных и интерактивных методов обучения в образовательном процессе вуза: Методические рекомендации. – Новосибирск: Изд-во НГАУ, 2012. -58 с.

8.Кашлев С.С. Интерактивные методы обучения: учебно-методическое пособие. – Минск: Тетрасистемс, 2011. – 224 с.

9.Козырев В.А., Радионова Н.Ф., Тряпицына А.П. Компетентностный подход в педагогическом образовании: Коллективная монография / Под ред. проф. В.А.Козырева, Н.Ф. Радионовой, А.П.Тряпицыной. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2012. – 392 с.

10.Двуличанская Н.Н. Интерактивные методы обучения как средство формирования ключевых компетенций // [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://technomag.edu.ru/doc/172651.html>.

### **REFERENCES**

1.Stupina S.B. Tekhnologii interaktivnogo obucheniya v vysshej shkole: uchebno-metodicheskoe posobie. [Tekst] /S.B. Stupina. - Saratov: Izdatel'skij centr «Nauka», 2009. -52 s.

2.Solovova N.V. Sistema metodicheskoy raboty v vuze: povyshenie metodicheskoy kul'tury prepodavatelya [Tekst] / N.V. Solovova // Vestn. Samar. gos. un-ta. Gumanit. seriya. - 2007. -№ 5/1. - S.166-173.

3.Artyuhina A.I. Interaktivnye metody obucheniya v medicinskom vuze [Tekst]: ucheb. posobie dlya vuzov /A.I. Artyuhina, V.I. CHumakov. – Volgograd: izd-vo VolGMU, 2011. – 31s.

4.Pahomova N.YU. Proektnoe obuchenie - chto ehto? // Metodist, №1, 2004. – s. 42.

5.Spirina M.L. Ispol'zovanie tekhnologii interaktivnogo obucheniya v podgotovke bakalavrov psihologo-pedagogicheskogo obrazovaniya // Istoricheskaya i social'no-obrazovatel'naya mysl'. 2014 - №4(26), S. 151-155.

6.Makarova E.L. Ispol'zovanie interaktivnyh form obucheniya dlya povysheniya ehffektivnosti obrazovatel'nogo processa // [EHlektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <http://www.smtueco.ru/en/items/interactive-forms-oflearning>.

7.Reutova E.A. Primenenie aktivnyh i interaktivnyh metodov obucheniya v obrazovatel'nom processe vuza: Metodicheskie rekomendacii. – Novosibirsk: Izd-vo NGAU, 2012. -58 s.

8.Kashlev S.S. Interaktivnye metody obucheniya: uchebno-metodicheskoe posobie. – Minsk: Tetrasistems, 2011. – 224 s.

9.Kozyrev V.A., Radionova N.F., Tryapicyna A.P. Kompetentnostnyj podhod v pedagogicheskom obrazovanii: Kollektivnaya monografiya / Pod red. prof. V.A.Kozyreva, N.F. Radionovoj, A.P.Tryapicynoj. – SPb.: Izd-vo RGPU im. A.I. Gercena, 2012. – 392 s.

10.Dvulichanskaya N.N. Interaktivnye metody obucheniya kak sredstvo formirovaniya klyuchevyh kompetencij // [EHlektronnyj resurs]. Rezhim dostupa: <http://technomag.edu.ru/doc/172651.html>.

ӘОЖ 541.13

МҒТАР 31.15.33

**А.Б.БАЕШОВ<sup>1</sup>, Г.Қ.АЙБОЛОВА<sup>2</sup>, Э.Ж.ТУЛЕШОВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Д.В.Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты,  
Алматы, Қазақстан (E-mail: bayeshov@mail.ru)*

<sup>2</sup>*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: gulnar.aibolova@ayu.edu.kz)*

### **ӨНДІРІС ҚАЛДЫҒЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН АЗОТ (II) ОКСИДІ ГАЗЫН ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ЭЛЕКТРОХИМИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ**

Жұмыста түйіршікті электродтарды қолдана отырып, азот (II) оксиді газының калий гидроксиді ерітіндісінде электрохимиялық тотығу процесі зерттелді. Азот (II) оксидінің тотығу дәрежесі мен тотығуының ток бойынша шығымына түйіршікті электродтардағы – ток тығыздығының, электролит концентрациясының, түйіршікті электрод қабаты қалыңдығы мен газ көлемінің әсерлері қарастырылды.

Зерттеу жұмыстары гальваностатикалық жағдайда, көлемі 100 мл термостатталған электролизерде жүргізілді. Азот (II) оксиді газы, электролизердің анод кеңістігінің төменгі жағынан белгілі бір жылдамдықпен беріліп отырды. Негізгі эксперименттерде электролизерге жіберілетін газ көлемі – 300 мл. Газ ағынының жылдамдығы үш жолды кран көмегімен реттеліп, электролиз барлық жағдайда 0,5 сағат бойы жүргізілді.

**Кілт сөздер:** азот (II) оксиді, түйіршікті электрод, электролиз, ток тығыздығы, ток бойынша шығым, тотығу дәрежесі.

**А.Б.Баешов, Г.К.Айболова, Э.Ж.Тулешова**

#### **Электрохимические способы обеззараживания промышленного отхода газа оксид азота (II)**

В работе изучено электрохимическое окисление оксида азота (II) в растворе гидроксида калия с применением кусковых электродов. Рассмотрено влияние плотности тока кускового электрода, концентрации электролита, толщины слоя кускового электрода и объема газа на выход по току окисления и степень окисления оксида азота (II).

Исследование проводилось в гальваностатических условиях в термостатированном электролизе объемом 100 мл. Газ оксида азота подавался с определенной скоростью на дно анодного пространства электролизера. В основных экспериментах объем газа, направляемого на электролизер, составляет 300 мл. Скорость потока газа регулировали трехходовым краном, а электролиз проводили в течение 0,5 часа.

**Ключевые слова:** оксид азота (II), кусковой электрод, электролиз, плотность тока, выход по току, степень окисления.

**A.B.Bayeshov, G.K.Aibolova, E.Zh.Tuleshova**

#### **Electrochemical methods for decontamination of industrial waste of the gas nitrogen oxide (II)**

**Abstract:** The paper shows the electrochemical oxidation of nitric oxide (II) in a solution of potassium hydroxide using lump electrodes. The influence of the current density of the lump electrode, the electrolyte concentration, the thickness of the lump electrode and the gas volume on the oxidation current and the degree of oxidation of nitric oxide (II) is considered.

The study was conducted in galvanostatic condition in a thermostated electrolysis with a volume of 100 ml. Nitric oxide gas was supplied at a certain rate to the bottom of the anode space

of the electrolyzer. In the main experiments, the volume of gas sent to the electrolyzer is 300 ml. The gate was regulated by a three-way valve, and electrolysis was carried out for 0.5 hours.

**Keywords:** oxide of nitrogen (II), lump electrode, electrolysis, closeness of current, current output, degree of oxidization.

Азот (II) оксидтері – атмосфераны ластайтын негізгі қосылыстардың бірі. Олар әр түрлі қазбалы отын түрлері жанғанда пайда болып, атмосфераға енеді. Атмосфераның мұндай ластануына – жылу электр станциялары, химия, металлургия, мұнайды қайта өңдеу зауыттары және әртүрлі өндіріс орындарының түтін газдары, ал кейінгі кезде автомобиль транспортының шығаратын газдары жағдай жасап отыр [1-5].

Құрамында азот (II) оксиді бар өндіріс қалдықтарынан маңызды азот қосылыстарын алудың және электрохимиялық тәсілмен тотықтырып залалсыздандыру, қазіргі кездегі үлкен практикалық маңызы бар өзекті мәселелердің бірі.

Газ күйіндегі майда көпіршіктердің, ұнтақ заттар сияқты, электрод реакцияларына қатысу мүмкіншіліктерін анықтау, электрохимиктердің айтарлықтай қызығушылығын туғызып отыр.

Әдеби деректерге жасалған шолу нәтижелері, азот (II) оксидінің электрохимиялық тотығу процестерінің өте аз зерттелгенін көрсетті.

Кейінгі кездерде, электрохимиялық процестерді іске асыруда жалпақ электродтардың орнына, реакцияласу ауданы дамыған, электрод поассивациясын мүмкіндігінше болдырмайтын, процестің жоғары жылдамдықпен жүруін қамтамасыз ететін – түйіршікті, ұнтақты, суспензиялы электродтарды қолдану қажеттігі туындап жүр [6-8]. Осы электродтарды газ көпіршіктерін тотықтыру мақсатында да қолдануға болатындығы әбден мүмкін деп қарастырылды. Біздің жұмысымызда, сілтілі ортада азот (II) оксидін тотықтыру арқылы залалсыздандыру үшін, ұсақ түйіршікті темір электродтары қолданылды (диаметрі 1,5 мм, ұзындығы 3,0 мм). Бұл электродтар, меншікті беттік ауданының жоғары болуымен ерекшеленеді.


Азот (II) оксидін алуға және оны тотықтыруға арналған лабораториялық қондырғының схемалары 1, 2-суреттерде керсетілген.

Зерттеу жұмыстары гальваностатикалық жағдайда, көлемі 100 мл термостатталған электролизерде жүргізілді. Азот (II) оксиді газы, электролизердің анод кеңістігінің төменгі жағынан белгілі бір жылдамдықпен беріліп отырды. Негізгі эксперименттерде электролизерге жіберілетін газ көлемі – 300 мл. Газ ағынының жылдамдығы үш жолды кран көмегімен реттеліп, электролиз барлық жағдайда 0,5 сағат бойы жүргізілді.


Азот (II) оксидінің тотығу дәрежесі мен тотығуының ток бойынша шығымына түйіршікті электродтардағы – ток тығыздығының, электролит концентрациясының, түйіршікті электрод қабаты қалыңдығы мен газ көлемінің әсерлері зерттелді.

Электролизден кейін, ерітіндіде түзілген нитрат-иондарының мөлшеріне анализ жасалды [9,10].

Электродта азот (II) оксидінің тотығуы жүреді:





Азот (II) оксиді анодта бөлініп жатқан атомарлы оттегімен де тотыға алады:




Түзілген  $\text{NO}_2$  газы сілтіде еріп нитрат- және нитрит-иондарын түзеді:



$\text{NO}_2$ -ні сілтіде еріткенде оттегінің артық стехиометриялық мөлшері болған кезде, тек нитрат-иондары түзіледі:




1-сурет. Азот (II) оксиді газын алуға арналған қондырғы схемасы: 1-металл темір (Fe) салынған реактор; 2-азот қышқылы құйылған бөлгіш воронка; 3-магнитті араластырғыш, 4-өлшегіш бюретка, 5-жүйеге қысым беріп тұратын ыдыс; 6-үш жолды кран; 7-қысқыш.



2-сурет. Азот (II) оксиді газын тотықтыруға арналған электролиз қондырғысының схемасы: 1-электролизер корпусы; 2-катод (темір пластинкасы); 3-анод (түйіршікті темір электродтары); 4-ток бергіш электрод; 5-өлшегіш бюретка; 6-жүйеге қысым беріп тұратын ыдыс; 7-газ ағынының жылдамдығын реттегіш үш жолды кран; 8-барботер (азот (II) оксиді газының көпіршіктерін біркелкі жіберу үшін); 9- $\text{FeSO}_4$  ерітіндісі бар, сіңіргіш қолба; 10-ток көзі; 11-амперметр.


Азот (II) оксидінің тотығу процесіне ток тығыздығының әсері 25-400 А/м<sup>2</sup> интервалында қарастырылды. Ток тығыздығының өсуімен азот (II) оксидінің тотығу дәрежесі мен тотығуының ток бойынша шығымы төмендейді (3-сурет). Шамасы, ток тығыздығы жоғарылаған сайын, анодта азот (II) оксидінің тотығу процесімен қатар, оттегінің бөліну үлесі артып, NO газымен әрекеттесіп үлгермей, реакция зонасынан шығып кетеді.



[KOH] = 3 M,  $\tau = 0,5$  сағ,  $\delta = 2$  см, V(NO) = 300 мл.

3-сурет. Азот (II) оксидінің тотығуының ток бойынша шығымына (1) және тотығу дәрежесіне (2) ток тығыздығының әсері.

Калий гидроксидінің концентрациясын 0,1-5,0 M интервалында өсіргенімізде, азот (II) оксидінің тотығу дәрежесінің мәні 95,0 %-дан асып бірқалыпты өзгеріссіз қалады, ал тотығуының ток бойынша шығымы мардымды жоғарылағаны байқалады (4-сурет). Азот (II) оксиді газ көпіршіктері анод бетімен соқтығысқан кезде немесе электрод бетінде бөлініп жатқан оттегімен әрекеттесу арқылы тотығуы мүмкін. Калий гидроксидінің концентрациясы өскен сайын оттегі газының майда газ көпіршіктері түзіліп, олардың реакцияға қатысу мүмкіншіліктерін арттыратын азот (II) оксиді газының тотығуының ток бойынша шығымын жоғарылатады деп жорамалдауға болады.




$i = 100$  А/м<sup>2</sup>,  $\tau = 0,5$  сағ,  $\delta = 2$  см, V(NO) = 300 мл.

4-сурет. Азот (II) оксидінің тотығуының ток бойынша шығымына (1) және тотығу дәрежесіне (2) калий гидроксиді ерітіндісінің концентрацияларының әсері




Біз қолданған түйіршікті электродтардың барлық көлемінде зарядталған бөлшектер болады деп ойлаймыз, осыған орай, осы электродтардың биіктігі де тотығу процесіне үлкен әсерін тигізуі мүмкін деп есептедік. Сондықтан, азот (II) оксидінің тотығу дәрежесі мен тотығуының ток бойынша шығымына түйіршікті темір электрод қабаты қалыңдығының әсері 0,5-4,0 см-ге дейінгі биіктіктерде қарастырылды (5-сурет). Түйіршікті электрод қабаты қалыңдығы 0,5 см-ге дейін қалыңдағанда азот (II) оксидінің тотығу дәрежесінің мәні күрт артып 97,6%-ға жетеді, ал ток бойынша шығымы электрод қабаты 2 см-ге дейін артып 66,6 %-ға жетті. Одан жоғары электрод қалыңдықтарда азот (II) оксиді газының тотығуының ток бойынша шығымның төмендеуі байқалады.

Ал, түйіршікті электрод қабаты қалыңдығын жоғарылатқан сайын, бөлшектердің бір-бірімен контактісі әлсіреп, электрод поляризациясының мәніне әсері тиеді де, электродтың бүкіл көлемінде активті және активті емес зоналар пайда бола бастайды.



$$i = 100 \text{ A/m}^2, [\text{KOH}] = 3 \text{ M}, \tau = 0,5 \text{ сaғ}, V(\text{NO}) = 300 \text{ мл.}$$

5-сурет. Азот (II) оксидінің тотығуының ток бойынша шығымына (1) және тотығу дәрежесіне (2) түйіршікті темір электроды қабаты қалыңдығының әсері



$$i = 100 \text{ A/m}^2, [\text{KOH}] = 3 \text{ M}, \tau = 0,5 \text{ сaғ}, \delta = 2 \text{ см.}$$

6-сурет. Азот (II) оксидінің тотығуының ток бойынша шығымына (1) және тотығу дәрежесіне (2) электролизден өткен газ көлемінің әсері.

Зерттеулерімізде сонымен бірге, азот (II) оксидінің анодты тотығыуына электролизерден өткен газ көлемінің әсері қарастырылды. 6-суреттен көрініп тұрғандай, газ көлемінің шектен көп ұлғаюы, тотығу дәрежесінің төмендеуіне алып келеді. Біздің пайымдауымыз бойынша, жылдам өтіп жатқан газ, жарты сағат ішінде толық тотығып үлгере алмауынан, азот (II) оксидінің тотығу дәрежесінің төмендеуі байқалады. Ал, электролизден өтетін газ көлемін жоғарылатқан сайын, оның тотығыуының ток бойынша шығымының артуын байқаймыз. Себебі, әрекеттесуші массалар заңына сәйкес, реакцияласушы зат көлемі неғұрлым көп болса, соғұрлым химиялық реакцияның жылдам жүретіні белгілі. Біздің жағдайымызда, осы заңдылық орын алады.

Осы процестің тиімді жағдайын қалыптастырғанда ( $i=100 \text{ A/m}^2$ ,  $[\text{KOH}]=3,0-5,0 \text{ M}$ ,  $\delta=2\text{cm}$ ,  $V=300 \text{ мл}$ ) азот (II) оксидінің тотығу дәрежесі 97,6 %, тотығыуының ток бойынша шығымы 66,6 - 85,2 %-ға жетті.

Сонымен, бұл жұмыста азот (II) оксидінің калий гидроксиді ерітіндісінде электрохимиялық жолмен түйіршікті темір (Fe) электродтарында тотығуы қарастырылды. Құрамында азот (II) оксиді бар газ қалдықтарды электрохимиялық әдіспен залалсыздандыруда, түйіршікті электродтарды қолданудың ерекшеліктері көрсетілді. Электролизді түйіршікті электродтармен жүргізу анағұрлым тиімді екендігі анықталды.

#### **ЛИТЕРАТУРА**

1. Баешов А. Экология және таза су проблемалары. – Алматы: Дәнекер, 2003. -210б.
